

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ**

**«БҰҚАР ЖЫРАУ ЖЫРЛАРЫ – ҰРПАҚҚА ТАҒЫЛЫМ»
Қалалық ғылыми-педагогикалық конференциясының
жинағы**

Астана, 2025 ж.

УДК 821.512.122.0
ББК83.3 (5Қаз)
Б88

«Бұқар жырау жырлары – ұрпаққа тағылым» қалалық ғылыми-педагогикалық конференциясы материалдары.
Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2025 ж.194 б.

ISBN 978-601-08-4979-2

Жинақ «Бұқар жырау жырлары – ұрпаққа тағылым» қалалық ғылыми-педагогикалық конференциясы материалдарын қамтиды. Жинаққа қазақтың ұлы жырауы, абыз Бұқар Қалқаманұлы шығармаларының тәрбиелік мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарыту негізіндегі мақалалар енгізілді. Жинақ білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлеріне арналған.

Редакция алқасы:

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы

Мүшелері:

З.К.Каракеева - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскері;

К.И.Баяхметбаева - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскері;

Е.Н.Рыхсиев – Астана қаласының №97 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;

Ж.Т.Итыгулова – Астана қаласының Ғ.Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясының музыка пәні мұғалімі;

Е.Е.Алиев – Астана қаласының Б.Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама 24.12.2024 ж. №4

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

ISBN 978-601-08-4979-2

© «Әдістемелік орталығы» МКҚК. 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ әдебиетінің және мәдениетінің тарихында өзіндік ұмытылмас кезеңдер, сол кезеңдердің ұмытылмас тарландары болатынын тарихымыз дәлелдеп берді. Бір кезең зергерлік бұйымдарымен, бір кезең тасқа жазылған тарихымен есте қалса ХУ-ХУІІІ ғасыр жыраулар дәуірімен, қазақ хандығын құру, қалып- тастыру, бекіту және қазақ деген қайсар елдің ұрпағын өз толғауларымен тәрбиелеудегі жыраулардың ұлы істерімен есте қалды.

Жыраулар мұрасында сол дәуірдегі талай тайпалар, рулар, қазақ халқы басынан өткерген тарих іздері сайрап жатыр. Әр дәуірдің ірі, іргелі оқиғалары, көрнекті адамдары тарихи тұрғыда нақты, дәлдікпен көріне қоймаса да, жыраулар мен ақындардың өз басы жағдайлары, жыр жолдарында кездесетін адамдармен қарым-қатынасы, олардың сыртқы және ішкі бейнесінің кейбір көріністері, сол замандағы бірқатар оқиғалар байланысты деректер анық байқалады. Қазақ әдебиеті тарихында жыраулық өнер қақында, жырау термині қақында теориялық ұғымдар әр түрлі түсіндіріліп келгенімен барлық зерттеушілер жырау шығармашылық тұлға екенін баса айтады.

Жыраулар поэзиясы – Қазақ хандығы атты дәуірдің құнды да, басқа халықтарда кездесе бермейтін суырып салма өнердің озық әдеби мұрасы ғана емес бүгінгі ұрпаққа білім, тәлім-тәрбие берудің көзі де болып есептеледі.

Жыраулар поэзиясының құндылығы неде? М.Әуезов: "Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің, ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан.

Жыраулар заман сыншысы сөйлесе, шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды: сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет есебінде айтылады,"– деген академик М. Әуезов пікірі бұл ойымызды бекіте түседі.

Көрнекті ғалым-жазушы М.Мағауиннің: «Қазақ халқының жалпы түркілік ортақ этнос құрамынан бөлініп, дербес Орда құрған хандық заманы төрт ғасырға жуық ұзақ дәуірге созылды. XV–XVIII ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды. Жыраулар мұрасы өзіндік түр тауып, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Алаштың жайсаң жанын, өр рухын бедерлей таңбалап, келер ұрпақ үшін ешқашан ескіrmес үлгілер тудырды. Көркемдік танымның асқар биігіне көтеріліп, әлемдік өредегі ұлы шығармалар қалдырды», – дейді. Яғни, жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнерінің әлемдік классика- лық поэзиялар шоғырына қосылатын біздің ұлттық рухани қазынамыз.

Қазақ әдебиетіндегі жыраулар өмірнамасының пайда болу, туу себептері, оның толығы, даму, кемелдену кезеңдері; жекелеген жыраулардың

өмірбаян деректерін жүйелеп, шығармашылық мұрасының сақталу, басылым, зерттелу жайы жөнінен, жырау поэзиясының көркемдік өзгешіліктері ұзақ жыл бойы қазақ әдебиетінің бар мұрасын жиып, бағалап, саралап, бастырудың тұтас шаруасының аясында қамтылып келген іс. Бірақ бұл процесс бар шығармашылық тұлғаларға қатысты бірдей жүргізілді деп айту қиын. Оған қоғамдық, саяси жағдайлар, шығармашылық тұлғалардың діни көзқарасы, маңайында оның дәстүрін жалғастырушы талантты шәкірттердің, көзі ашық жинап, зерттеушілердің болуына да байланысты

Жыраулардың атқарған қызметін ғалымдар бірнеше салаға таратып қарастырады. Бірінші қызметі – сәуегейлігі, көріпкелдігі, болашақты болжауы. Негізінен, жаугершілік уақыттарда туып, тарих көшіне ілескен жыраулық өнер “тұлпар мініп ту байлап, жауға шаптым айғайлап” дейтін замандардың атыс-шабыс дерегі емес, өткір, өр, сұлу өлең, бабаларымыздың арманы мен асқар ойы жатқан сиқырлы жыр дүниесі арқылы бізге жетіп отыр. Кейінгі кездері жыраулар поэзиясы әдебиеттану ғылымымызда, әдебиет тарихында көркемдік негіздері жөнінен де, әлеуметтік, тарихи мәні жөнінен де жан-жақты қарастырылып, жүйеге түскен сөз өнері.

Бүгінгі күні жыраулар поэзиясы ежелгі түркі әдебиетіне тән жалпы өсиет шеңберінен шығып, қоғамдық, әлеуметтік ой-пікірлерді білдіретін, тұтас елдің болмысын көрсететін қоғамның ой ағымына айналды. Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, өмір, көбінесе, заман –дәуір, өткен мен болашақ, адамгершілік, жақсылық, жамандық жайлы ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған. Бұл тақырыптағы толғау сөздерінде сезімге ұратын лирика болмайды, көбінесе, меңзеу, мақал - мәтелдер ретінде келетін тақпақтар, термелер болып отырады.

Қазақ жырауларының сан ғасырлық шығармашылығын негізінен үш кезеңге бөліп қарастырған жөн сияқты. Бірінші топқа жыраулық дәстүрдің негізін қалаған алғашқы өкілдері: Қорқыт, Аталық (Кетбұға), Сыпыра жыраулар жатады. Бұл дәуір XI-XIV ғасырларды қамтиды. Жыраулықтың қалыптасу кезеңін белгілейтін екінші топқа Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет шығармалары кіреді. Мұның кезеңі XV-XVI ғасырлар. Үшінші топты жыраулықтың әбден толықсып, кемелденген кезеңіндегі өкілдері: Үмбетей, Жиенбет, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұқар, Қабан жыраулар құрайды. Бұған XVII –XVIII ғасырлар жатады. Осы бір ұлы үрдісті түйіндеген Бұқар Қалқаманұлы туралы айтылар сөз, жазылар еңбек аз болмағаны анық.

Бұқар жырау – әдебиетімізді жаңа тарихи кезеңде, хандық дәуір ыдырай бастаған, ел басына қиын қатер төнген, жыраулық дәстүрдің саябыр таба бастаған – XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында әдебиетті дәстүрлі ой-толғанысымен, көркемдік сөз өрнегімен әрі қарай дамытқан тұлғалар. Бұлардың жыр-толғаулары – сол тарихи дәуірдің көркемдік көрінісі екені сөзсіз. Өз жанынан суырып толғау айтатын, эпостық мұралардың алғашқы желісін тудырған жыраулар XV ғасырда ғана туа салған жоқ. Жырау тұлғасының тарихы тереңде. Сәуегейлік, батагөйшілдік, түс көру, ырым айту, табиғат құбылыстарына т.б. жайларға

қарай болжам жасау, абыздың бір міндеттерін атқару – көне дәуір жырауларына тән қасиет жырауларға тән болғанын жыраулар шығармашылығын зерттеген ғалымдардың барлығы дерлік жазып келеді. Иә, жыраулық мектептің түп негізі абыздардан басталады. Ел ертеңі жайлы болжам жасап, данышпандығымен дараланып жүрген жыраулар хан сарайында отырып, алдағы болар қауіп-қатерді болжап отырды. Хандардың түсін жорып, халық арасындағы қарым-қатынастардың қалай бағыт алатынын болжап, оны жыр жолдарымен жеткізіп, абыздық дәстүрді әдебиетпен байланыстыра дамытты.

Орта ғасырлардағы қазақ суырып салып ауызша жыр шығару поэзиясында жыраулар жетекші рөл атқарды. Олардың шығармалары дидактикалық сипаттағы философиялық толғаулар түрінде келді. Жырау толғауларында өзінің замана жайындағы түйгендерін, мораль, этика хақындағы ойларын баяндайды, елеулі қоғамдық әлуметтік мәселелер көтереді. Жырау жаугершілік заманда жорықтарға қатысып, кейде батыр қолбасы бола жүріп, ел қорғау, азаматтық тақырыптарға арналған жырлар туғызған. Жыраулар қолданған көркемдік тәсілдер оның поэзиясының ішкі мазмұнына орайлас. Көне дәуір жырауларына сәуегейлік, батагөйшілдік, ырым айту, табиғат құбылыстарына т.б жайларға қарай болжамдар жасау тән қасиет. Жырау толғаулары адам көңілін дөп басар әсерлілігімен, мірдің оғындай өткірлілігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған мықтылығымен, қиыннан қиыстырған көркемдігі және қуатты серпінділігімен ерекшеленеді.

Өмір бел-белестерінің сатыларын саналап баға беру, тіршілікте адам басына түсер ауыр істерді сипаттау әдісі Бұқар, жырау поэзиясында молынан кездеседі. Осы себептер болуы керек кейінгі кездері Республикамыздың Білім беру ұйымдары жыраулар поэзиясының білім беру мен патриоттық тәрбие берудегі орнын жоғары бағалап мектептер, колледждер, жоғарғы оқу орындарында жыраулар шығармашылығына арналған түрлі жиындар өткізе бастады.

Осындай бір жоғары дәрежеде өткен жиынның бірі Астана қаласының әкімдігіне қарасты «Әдістемелік орталықтың» басшылығымен № 106 орта мектептің өткізген «Бұқар жырау жырлары – ұрпаққа тағылым» атты ғылыми-педагогикалық конференциясы. Конференцияға Республиканың тәжірибелі ұстаздарының, белгілі ғалымдардың, магистрлердің қатысуы және тек әдебиетшілер емес тарих пәні мұғалімдерінің қатысуы да оның салмағын артырып тұр. Конференцияны Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығының мерзімді баспа басылымының әдіскері, редактор Ерғазы Манапұлы алғы сөзімен ашып берді, әрі қарай сөз конференцияға қатысушыларға тиді. Бұқар жырау мұрасы, оның бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тигізер әсерінің мол екенін конференцияда Н.Гумилев атындағы ЕҰУ -нен, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Болат Қорғанбектің, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай университетінен, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсадық Алмасбектің, Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-нен, профессор, Халықаралық Ш. Айтматов Академиясының

Академигі, ҚР білім беру үздігі Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі Бұлдыбай Анарбайдың, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінен, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Жумагулов Айтбайдың және Қарағанды облысы, Бұқар жырау аудандық тарихи-өлкетану музейі қызметкері Перизат Кәріғұлқызының, Қарағанды облысы, С. Торайғыров атындағы қазақ тірек мектебінің мұғалімі Қалиасқар Шыныбектегінің қатысуы конференцияның ауқымының кеңдігін көрсетті.

Сондай-ақ, Астана қаласының қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, шешендік өнер, орыс тілі мен әдебиеті, бастауыш сынып, музыка саласының мұғалімдері де өз баяндамаларын ұсынуы және ол баяндамаларда оқу-тәрбие мәселесіне байланысты мәселелердің көтерілуі және оны Бұқар жырау шығармашылығымен байланысты талдау жиналған жұртшылық көңілінен шықты. Конференция жұмысының тиімді, жинақы, сапалы өтуіне модераторлар: Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Шабыт» халықаралық шығармашылық фестивалінің жүлдегері, ҚР Көркемөнер академиясының корреспондент мүшесі Т.Қабылшаның, «Еңбек ардагері» медалінің иегері, ұстаз, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК «Талдау және мониторинг» бөлімінің әдіскері-И.К.Баяхметбаеваның, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, музыка пәні әдіскері З.К.Каракееваның, Б.Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицей, тарих пәні мұғалімі Е.Е.Алиевтың, №97 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Е.Н.Рыхсиевтің зор еңбек сіңіргенін айта кеткен жөн. Бұқар жырау поэзиясында шешендік сынның кездесуі заңды құбылыс. Жыраулар мен ақындар ел өмірінің елеулі мәселелері туралы шешімді сөз айтар аузы дуалы абызы, беделді биі болса, оның ағыла, тебірене толғауында бұлдыртпай шегелей айтатын, шешендік шешімдердің болғандығы да конференцияда кеңінен сөз болды.

Халықтың сан ғасыр бойындарғы өмір тәжірибесінің түйіні іспетті мақал - мәтелдер үлгісімен ақын, жыраулар өз шығармаларында ақыл, нақылдың небір алуанын туғыза білді. Асанның «Еділ бол да, Жайық бол», «Есті көрсең кем деме», «Атадан алтау тудым деп», Ақтамбердінің, «Атты міңсең зорды мін», Бұқардың «Жар басына қоңбаңыз», «Ай, Абылай, Абылай» толғаулары тура нұсқап айтылған өсиет ақыл сөз үлгілері. Ал дәл нұсқап отырмай-ақ өмірде болған істер нәтижесін үлгі, ғибрат етіп жай ғана меңзеп айтатын нақыл түрлері БұқарҚабан жырау толғауларында да аса мол екеніне баяндамаларды тыңдап отырып көз жеткіздік. Сондай-ақ Бұқар жырау өз шығармаларында ақыл, нақыл толғауларға фило- софиялық – дидактикалық сипат бергендігі де назардан тыс қалмады. Жырау мұрасындағы көптеген толғаулар дидактикалық сарынға құрылғаны бұған дәлел екенін баяндама жасаушылар нақты дәлелдермен баяндай білді.

Абайға дейінгі әдебиет тарихында дидактикалық сарынның басымдығын кезінде академик Қ.Жұмалиев орынды байқап, оларды негізінде дидактикалық поэзия деп атасақ та артық болмайды, – деген еді. Осы дидактикалық поэзияның алғашқы белді тұлғаларының бірі Бұқар жырау да

болғаны да баяндамаларда айтылып өтілді. Бұқар жырау поэзиясы туралы Мағжан Жұмабаев "Батыр Баян" поэмасында былайша толғайды:

Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда

Толқынды тұңғыық боп төгілді жыр.

Жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз. және халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлаумен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін, ойсанасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы. Профессор, ф.ғ.д. Ә.Тәжібаев: «Жырау – сөз жоқ, ақын. Ақын болмай, жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жалынды жырлары үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сыйқын бұзбай көрікті күйінде жетіп отырады. Ал, жыраулық – ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі саласы», – деп жыраулық дәстүрді әдебиетте орны бөлек жеке сала ретінде айтқан еді. Осы мәселе де конференцияда оймен жалғастырылды

Баяндамашылар толғау жанры ақпа-төкпе жырауларға төгіп қолма-қол айтуға, табан астынан жедел жыр шығаруға лайық жанр екенін Бұқар жырау толғауларын талдай отырып ортаға салды. Жыраулар, ақындар толғау мен қара өленді қатар пайдалана білді. Жыраулар мен ақындардың саяси-әлеуметтік, философиялық-дидактикалық, лирикалық толғаныстарының хан мен батырды асқақ жыр күйінде өр пафоспен мадақтап, не кектене мінеп айтқан тебіреністерінің көбі толғау түрінде көрінеді. Демек, толғауда ақын, жыраудың қуанып, шаттанған, не кектеніп ызаланған жан тебірінісі де, сол дәуірдегі әлеуметтік ірі оқиғаларға айтқан парасатты пайымдаулары, дүние, өмір, адам, табиғат, заман сырын таразыға салып тебіренген философиялық- дидактикалық пікірі де бой көресетеді. Бұл Бұқар шығармашылығының басты нысанасы. Толғауларда тебіреніс сезім де, терең ой да, ұшқыр қиял да, өр пафос та өріле келеді. ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы жыраулар мен ақындар толғауларындағы осы сипаттар ХІХ ғасырдағы суырып салма халық поэзиясы өкілдеріне де тән екені музыка мамандарының баяндамаларында қозғалды. Жыраулық поэзияның ішкі астар-қабаттарындағы қайнар көздерін ашуға, қисапсыз көркемдік құбылыстарды айқындауға, сөздің көркемдік, эстетикалық қасиеттерін тануға Бұқар жырау мұралары мол дерек, нақты мүмкіндік беретіні өнер мамандары назарын ілігіпті. М.Мағауин ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда, яғни қазақ ордасы заманында жасаған жыраулардың мүлде дерлік ұмытылған, көбіне көмескі тартқан, қазақ әдебиеттану ғылымынан мүлде аластатылған, тыйым салынған мұрасын жинақтау, қайта тірілту және бар ажарымен айғақтап, жан-жақты зерттеуге түсіру оңай болмағанын айтқан еді. Ғалым пікірін басшылыққа ала отырып Бұқар жыраудың жыраулық поэзияның шыңы болғанын да баяндамашылар көңілдерінен тыс қалдырмады.

Астана қаласында өткен бұл конференция ХVІІ- ХVІІІ - ғасырдағы қазақ әдебиетінің суырып салма дәстүрінің ең көрнекті өкілі – Бұқар жырауға

(1668-1781), өз тұсындағы Абылай ханының бас кеңесшісі болған тұлғаға арналуы құптарлық және жалғасын табуға тиіс жиын екені конференция тұжырымында айтылып, бір ауыздан қолдау тапты.

Бұқар жырау ісімен де, жырымен де Абылай хан саясатын мейлінше қолдайды, басқаларды осыған үгіттейді. Хандықтың нығаюы, хан үкіметінің берік болуы жолында күреседі. Өз шығармаларында Абылайды сырт жауларға қарсы күресте айрықша қайрат көрсеткен қайтпас батыр, ел қамын жеген көреген көсем ретінде бейнелейді. Алайда, ханға орынсыз бас ұрудан ада жырау қажетті жерінде ащы шындықты айтудан тайынбайды, оны сынау, шенеуге дейін барады. Сонымен қатар өз шығармаларында орыспен жауласпау, онымен тату көршілік сақтау керегін насихаттайды. Бұқар орыс патшасының басқыншылық мұратын да нақты пайымдаған жыраулардың бірі бола білді. Бұқар шығармаларынан жыраудың өзі өмір сүрген қилы заман келбеті айқын танылғандығы көптеген баяндамаларда жақсы, нақты ойлармен айтылды. Хан – сұлтандардың, ірі феодалдардың әр жүзде, тіпті, кейде жекелеген руларда өз билігін жүргізбек болған, ұлттық мүддеге қайшы, бақ-құшар саясаты, руаралық тартыстың күшеюі, заманның өзгеруіне байланысты адамдардың санасындағы құбылыстар – міне, осының бәрі де белгілі мөлшерде жырау өнернамасынан көрініс тапты. Бұқар көне патриархалдық қатынастар бұзыла бастағанын көреді, осының бәрі болашақта жүзеге асар түбегейлі өзгерістердің басы ғана екенін түсінеді. Алайда жырау мұндай құбылыстардың көбін ұнатпайды, оған сенімсіздікпен қарайды. Тіпті, туған халқының болашағына күманданып, пессимизмге берілетін тұстары да бар. Бұқар жырау шығармалары ғақлия толғаныстар, нақыл афоризмдер түрінде келеді. Оның туындыларының өлең өлшемі өте күрделі. Жырау - қазақтың хандық дәуір қоғамында халықтың рухани көсемі болып, толғаулары арқылы қоғамдық пікір қалыптастырып, ұлт пен ұлысты біріктірген қайраткер. Кейінгі кездері жырау батыр емес, би емес, ел билеушісі емес ол тек өнер иесі, жырауларға қойылған ескерткіштерге тек жырау деп жазу керек деген пікірлерді көргенде әлі де жыраудың ұлы тұлғасын халыққа жеріне жеткізіп түсіндіре алмай келеміз бе деген ой жыраулар туралы тағы-тағы айта түсу керек пе дегенге жетелейді.

Жыраулар – жаугершілік заманда жорықтарға қатысып, ел қорғау, дұшпаннан жерді сақтау жолында қолына қару ұстап ұлы жорықтардың ортасында жүрген тұлға. Ал олардың елдік пен азаматтық тақырыптарға арналған өлең-жырлары адам көңілін аулар әсерлілігімен, мірдің оғындай өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, қиыннан қиыстырған көркемдігі және қуатты серпінділігімен ерекшеленген.

Бұлдыбай Анарбай Сағиұлы
Алматы қаласы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің
профессоры, Халықаралық Ш. Айтматов Академиясының Академигі,
ҚР білім беру үздігі, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі

ШЫНЫБЕКТЕГІ ҚАЛИАСҚАР МЫҚТЫБАЙҰЛЫ

Қарағанды облысы, Ботақара кенті, С.Торайғыров атындағы
тірек мектебінің тарих пәні мұғалімі, облыстық «Бұқар жырау
оқуларының» ұйымдастырушысы, Бұқар жыраудың ұрпағы

БҰҚАР ЖЫРЫ - ИМАН ЖОЛЫ

Жақсының аты өлмейді

Бұқар жырау Қалқаманұлы қазақ жыраулық әдебиетінде, тарихында ең соқталы тұлғалардың бірі. Осынау жырау бабамыздың өмірін, шығармашылығын кеңес үкіметі кезінде де зерттеп, нақтылап кетті десек, артық болар, олай емес десек қиянат болар.

Жырау жырлары – ең алғаш «Таң» журналына 1925 жылы басылыпты. 1931 жылы біртуар ақын С.Сейфуллиннің «Әдебиет хрестоматиясы» (1931 ж.) С.Мұқанов (1950 ж.) «XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (1926 ж.) «Үш ғасыр жырлайды» (1965 ж.) «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967 ж.) «Алдаспан» (1971 ж.) «XV – XVIII ғасырлар дағы қазақ поэзиясы» (1982 ж.) «Бес ғасыр жырлайды» (1984 – 89 ж.) «Заман-ай» (1991 ж.) «Жеті ғасыр жырлайды» (2004 ж.) «Екі мыңжылдық дала жыры» (2000 ж.) «Бұқар жырау шығармалары» (1992 ж.) Осындай жыр жинақтарына және өзінің жеке жинағына шығармалары тізбеленіп, басылғаны болмаса, Бұқар жырау жөнінде ауыз толтырып айтар толайым ғылыми еңбек жоқтың қасы десе де болады.

Бұқар жырау байтақ шығыстың ойшыл ғұламаларының бірі. Амал нешік, біз бабамыздың осы ойшылдығы туралы ешқандай арнайы зерттеу жұмысын жүргізген емеспіз. Бұқар шығармаларын оқи қалсаңыз әлем сипаты, дүниетану, адам тіршілігі, салт-сана, мораль, этика, философиялық топшылау, болашақты болжау, замана сыры алдыңызда телегей теңіздей төгіледі. Жыраудың «Он бір тілек», «Ей, айташы, Алланы айт», «Алла деген ар болмас», «Хақтың үйі мешіт-ті», «Көкте бұлт сөгілсе», «Айтар болсаң, Алланы айт», «Абылай ханның қасында», «Шүршіт келем деген сөз барды», «Күпшек санды күреңді», «Көк көгершін, көгершін» т.б. көптеген толғауларында дін жөнінде, исламның басты кітабы «Құран-Кәрімді» толық меңгерген жан екенін аңғару қисынға қақпайды.

Бұқар баба қазақ хандығының билік пирамидасында аса бір ерекше миссия атқарды. Бұқар данамын деп таспады, тығырыққа тірелгенде абыржып саспады. Осылай дана жырау барша қауымның бағы болады, түнекте жол сілтер шамы болды. Ол халық бабасына, халық данасына айналды. Абылай хан мен Бұқар жырау барша билікте қатысқан. Қауым, ұлт тұтастығының біріккен мемлекеттің идеологиялық ұйытқысы Бұқар жырау ұлт санасының қайнар бұлағының бастауы бола білді. Дала демократиясы көшпенділер өркениетінде басқадан өзгеше осылай сипат алды. Әр ақынның, өнер адамының артына қалдырған мол мұрасы оның өмірінің бір бөлшегі.

Артта қалған ұрпақ сол ғұламаны рухани өмірі арқылы біледі, жырлары арқылы түйсініп, сүйсінеді. Бүгінгі міндет - қазақ тарихында осындай ерен орны бар Бұқар жырау сынды өнер тарланының әлі де түбегейлі зерттеуге тиісті ғұмыры мен шығармашылығын ғылыми айналымға енгізу, көпшілік қауымға түрткі болу.

Сондай-ақ, қай ғасырға болсын лайықты, тәрбиелік мәні зор дін мәселесі ұлттың болашағы екені айқын. Ұлт болашағына негізгі дің болар дін тақырыбы Бұқар жырау шығармашылығында ауқымды орын алған.

Сондықтан біз бүгінгі күннің өзекті мәселесі - ұрпақ тәрбиесіне тән мұсылмандық тәлім берер діни өлеңдерді Бұқар шыңының нақты өзегі деп қарадық. «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың төзімі, Аплатонның ақылы керек» - (Мәшһүр Жүсіп.11том 65-бет) деген ең алғашқы Бұқар жырау автобиографы, ақын, философ, дін қайраткері, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Мен кішкене зерттеу еңбегіме негіз болған бұрынғы ғалым, қаламгерлер еңбектерін де сараладым. Ең алдымен Бұқар өлеңдеріне мойын бұрған Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсарин (т. 1, 1878, Орынбор, с 2-3). Сондай-ақ М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан сынды ғалымдардың ғылыми еңбектерін де негіз еттім.

Г.Н.Потаниннің қазақ фольклорының жинағында жырау толғаулары енгізілсе, М.Мағауин, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Дербісәлі, Қ.Мұхаметханов, Ш.Сәтбаева, Х.Әдібаев, М.Жармұқанбетов, А.Сейдімбек, Ж.Омари, С.Жақсыбаев, Р.Бердібаев, М.Қозыбаев еңбектерінде Бұқар жырау хақында сөз болған, шығармаларына шолу жасалынған. Соншама ғылыми түбір мол бола тұра Бұқар жыраудың тек әдебиет саласына ғана емес, тарихты, дінді, философияны, тіл ғылымын қамтитынын еске алып, тақырыбымыздан тартыншақтасақ та, діни көзқарасына, азанына тоқталдық. Алған тақырыптың өзектілігі өз жеріміз бен еліміздің айбынын асқақтатар Бұқар жырау сынды тұлғаға деген құрметім, ізетім деп білемін. Оның үстіне біз ұлы жыраудың ұрпағымыз, жоқтаушысымыз, асқақтатар көк туымыз. Жыраудың өшпес жырлары сан ғасыр өтсе де Алты Алаштың айбыны. Оның есімін ардақтап, мәңгілік мекен еткен жеріне ескерткіш-мазар тұрғызуда ерен еңбек еткен жерлесіміз Шопанай Әмірханұлы Әмірхановты тілге тиек ету тағы бір парызым. Ол кісі сонау сексенінші жылдардан Бұқар жырау есімін көтеріп, жоғарғы жаққа, лауазымды адамдарға ғылыми-зерттеушілерге хат жазып қозғау салғанын сол газет беттеріне жазған мақалаларынан жақсы байқадық. Бұл кісінің есімі де ескерусіз қалмай, Бұқар жырау ауданы болып құрылған өңірімізде ілтипатпен аталуда, өзі тұрған елді мекенде Бұқар жырау атымен көше есімін иеленді. Бұқар жыраудың «ел басына күн туған» - замандағы ерен еңбегі, ел арасындағы тұлғалы орны жөнінде Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында тағы айтылған.

Шәкіртім Сүйіндікте Бұқар жыршы,
Ол Бұқар өзі ақын, өзі сыншы.
Ол дағы қарап жатпас, аттап салар,
Сөзіне оның, халқым, құлақ түрші.

Бұқаржан биылғы жыл отыз жаста,
Атағы ақын болып шықты Алашқа.
Қарағым, қатты налып жүрген шығар,
Түскен соң ауыр бейнет қайтсін басқа.

Арнау жырда айтылғандай Бұқар ақын жас кезінде-ақ тұлғалы ақын екенін көреміз. Сондай-ақ елге танымал, халқының қамын жеген, тәрбиесіне, ұлттық тұтастыққа көңіл бөлгені айдай анық.

Оның жырларының басым бөлігі ауызбірлікке, ұлттық тұтастыққа, діни көзқарас – ислам танымына арналғанына тоқталамын.

Бәрінен бүгін бір жарым миллиард халық мойынсынып отырған ислам дінін уағыздау ең кезек күттірмес мәселе. Жас ұрпақ өз дінін тәрбиенің негізгі құралы деп ұғуы қажет. Осы мақсатпен мен Бұқар жыраудың діни өлеңдеріне көңіл бөлдім.

Бұқар жырау ғұмыры

Ұрпақ тәрбиесі - болашақтың нұсқасы. Негізінен кез келген ақын мұны көбіне өз атынан айтады. Ал Бұқар жырау көбіне мұны Алланың атымен, Құраннан алған іліммен тоқайластыра жырлайды.

Бүгінде еліміздің өткенін жаңа талапқа сай қайта қарап, халқымыздың тарихына үңілсек, көз алдымызға сонау алыстан күмбірлеп сөйлеп тұрған бабамыздың бейнесі келеді. Жалпы біздің қазақ қауымында ұлы жырауды өз заманынан бастап бүгінгі күнге дейін зор құрмет тұтады. Әдеби мұрасын, кейінгіге өсиет етіп кеткен естелік сөздерін мектептегі оқушылардан бастап студент жастар мен үлкендерге дейін тамсана айтып жүргендерін бүгін де естіп жүрміз.

Халық есінде сақталған Бұқар жырлары ұмтылмай атадан балаға беріліп, саналы ой өрнегін құрағаны, әр ошақтың мазмұнды тіршілігінің ережесі болғаны оған арналған ел ілтипатының белгісі деп білеміз. Сол өткен «Ақ табан шұбырынды» заманы жайында жазатын жазушы, ақын, тарихшы Бұқар мұрасына соқпай, соған жүгінбей өте алмайды. Өйткені, олар Бұқар жырларындағы тарихи тұздықты деректерді өз шығармаларына, ғылыми зерттеулеріне өзек етеді. Себебі әулие жырау сол замандарда халық басынан кешірген зұлмат заманның әрбір кезеңін, әрбір тарихи қайраткерін, олардың жеке дара мінездерін, ерекшеліктерін, қабілетін мұқият түрде сипаттап, кейінгі ұрпаққа мұра етіп жырмен жеткізген еді.

Егер әулие жырау сол кездегі саяси әлеуметтік жағдайды, ата-бабаларымыздың ерлік әрекеттерін, жер-су аттарын атап, өсиет етіп айтып кетпесе болған оқиғалар, белгілі қоғам қайраткерлерінің іс-әрекеттері мезгілімен көмескіленіп атаусыз қала беруі ықтимал еді. Сондықтан да Бұқар жырлары қоғам өмірінің айнасы, халықтың басынан кешкен өмірінің бірден-бір тарихи көзі болып есептеледі.

Енді осы Бұқар жырау кім, қай жерде туып өскен, өскен өмір ортасы, балалық шағы қандай болған, қай жерде қайтыс болған. Бұл жөнінде әр түрлі пікірлер баспа бетін көріп келеді, айтылып жатқан сөздер де әр түрлі болғандығынан, менің әр тарапқа тартқан дәйектерді бір арнаға тоғыстыру

ісіме Алла жар болғай деп шештім. Бұқар жыраудың айтқан өсиеті бойынша ол өлгеннен кейін сүйегін Арқа жұртшылығы үлкен қошеметпен оның өзі қалаған жеріне қойған екен. Ұрпақтары құрмет тұтып, қастерлеп келген бұл зират дәлірек айтқанда қазіргі Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы аумағында орналасқан. Шалқар аталатын таулы, орманды, гүлді, шөбі мол, аса көрікті бұл мекен қазіргі Баянауылдың Мұрынтал шекарасынан тоғыз шақырымдық жерде. Ертеде бұл өңір Баянауыл әкімшілігіне қараған.

Бұқар жыраудың қабірін кейінгі ұрпақтары ұмытпай басына әр кезде белгі қойып отырған. Соның бірі Әтшәр Зейнешев деген кісі ертеректе бабасының қабірінің басына оның туған және қайтыс болған жырлардың (1698-1793) көрсетіп тастан белгі қойса, бертін келе Алматының тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері Нағи Ахметов деген кісі тотықпайтын ақ темірге 1693-1787 жыл деп ізгі ниетпен белгі соғып кетіпті.

Бұқар жыраудың әкесі Қалқаман заманында қолбасшы, Тәуке ханның айтулы батырларының бірі болған. Өзінің абыройын елді қорғаумен емес, балаларын оқытып, сауатты қылумен арттырған. Оған дәлел Бұқар жырауды Бұқарадағы «Көгілташ» медресесінде оқытуы (Ж.Омари «Бұқар жырау 12 тарих». Қарағанды 1994 жыл). Мұнда ол діни сауатты болуымен қатар, өзінің жырларында діни тақырыпты қозғады. Бұған дейін там-тұмдап қана қозғалған жыраулар әдебиеті – дін исламды кеңірек қозғап, сауатты мұсылмандықты жырларынан немесе әдебиеттен тапты. Өйткені әдебиет – жыраулар жыры халық рухының айнасы еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шыныбектегі Қ.Ботақара –Ием Бұқар жырау –кием: өлендер, әндер, күйлер, мақалалар мен новеллар. – Қарағанды:Баспа, 2008. – 197 Бұхар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. Алматы, 1992 ж.
2. Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты. (Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалды.- Ботақара, 3 желтоқсан,2009 ж.) – Қарағанды: «Болашақ-Баспа»РББ, 2009.-442 б.
3. Бұқар жырау тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер жинағы. – Қарағанды, 2015.-464 бет.
4. Джаксыбаев С.И.Записки краеведа.–Павлодар: ЭКО, 200

ИСКАКОВА ПЕРИЗАТ КӘРІҒҰЛҚЫЗЫ
Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы
Ботақара кенті, Бұқар жырау аудандық
тарихи-өлкетану музейінің қызметкері

«БҰҚАР ЖЫРАУ – БҰҚАРА ЖҮРЕГІНДЕ»

Мен негізі сөзімді бастамай тұрып түсіндіріп өтейін. Мен Бұқар жырау ауданындағы тарихи-өлкетану музейінен келіп отырмын. Бұқар жырау бабамыздың атында болғанымен, біздің музей ауданымыздың өлкетану саласы бойынша жұмыс істейді.

Бұқар бабамыз басынан қазақтың тоғыз ханының билігін өткеріп, «Көмекей әулие» атанған ұлы жыраудың ұлағатын насихаттауға қандай тұлға болсын мүдделі және солай болуы тиіс.

-Біріншіден, Бұқар бабамыздың кім болғанын немесе тарихтағы орнын айтып қана қоймай, жаңа көзқарас қалыптастыратын уақыт келді деп ойлаймын. Мұндай мүмкіндіктерді мүлт жібермеу керекпіз.

-Екіншіден, Бұқар бейнесі жеке тұлғаның ғана емес, қазақ халқының, қала берді, қазақ тарихының бейнесі. Себебі, жырау – тарих қойнауынан жеткен алтын қазына. Бұл-Бұқарды ғана тану емес, сонымен бірге, бүкіл қазақ руханиятын таныту дегенді білдіреді.

Үш жарым ғасыр өтті, Бұқар мұрасы әліде өміршең. Бұдан былай да маңызы арта береді. Өйткені, жырау өсиеті – адамзат ақыл-ойының тума бастауындай, адамдық пен ел болудың алғы шарты, озық үлгісі. ХҮІІІ ғасырда жасаған ақындардың ішінде жыры көп сақталғаны - Бұқар жырау Қалқаманұлы. Бұқар бабамыз туралы ең бірінші қалам тартқан Ш.Уәлиханов, Потаниндер болды. Оның жырларының сақталуына тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам Мәшһүр Жүсіп Көпеев екені бүгінде баршаға аян. Мәшекең атамыз тоғыз жыл білім жолында Орта Азия қалаларында оқып, еліне қайтып келгеннен кейін тапқан тақырыбы, тарихи шығармашылық адамы – осы Бұқар жырау болған. Оған дәлел, ол кісінің 1905 жылы өзінің байырғы мекені Ақбеттаудан көшіп, Ақкелін-Далбаға барып, үш жыл бойы Бұқардың өмірі мен ел аузында сақталған сөздерін, жырауға қатысты тарихи оқиғаларды өзінің «Қара месіне» жинап, бір жүйеге келтірген соң, «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек» деп қалдырған сөзі дәлел, 1927 жылы Бұқар бабамыз түсінде аян беріп, баба зиратын алғаш анықтап, басына қызыл таспен белгі қойып, көрсетіп кеткені ұлы іс емей немене. Содан бері, міне, ғасырға жуық уақыт өтті, ұлылар өмірден кетті, бірақ жасап кеткен ізгі ісінің куәгері – қызыл тасы бүгінде сол тарихтан сыр шертіп, Далба тауының баурайындағы мұражайда тұрған құнды жәдігер. 1927 жылы Мәшекеңнің Далба тауы баурайындағы зират басына түнеп, түні бойы құран шығарғаны, ертеңгісінде таудан кісі бойындай қызыл тас алғызып, қайыңнан қазық істеп сайғақ етіп қойып: «Ал Бұқар, енді тыныш жат, менің істегенім осы» деп, сол

жерде пішен шауып жүрген 6-7 кісіге көрсетіп «Мен Мәшһүр Жүсіппін. Бұқар жыраудың басына дұға қылып, белгі орнатуға әдейілеп келдім. Тірі жүргендерің қабырды көрсетіп жүріңдер. Бұл Бұқар жырау іздеусіз қалмайды, күндердің күнінде ізделінеді, сол уақытта айтындар, мына қызыл тас куә болады, жоғалмайды» дегені, оның ішінде болған Сарымолла және Бақтияр Мақатов деген туыс адамдар кейін 1952 жылы Шопекеңе көрсеткені туралы жазылған.

Осы аманатты арқалаған азамат Шопекең (Шопанай Әмірханұлы) - қызыл тастың елеусіз зат боп қалмауын, жоғалмауын ойлап, кесене тұрғызылғанға дейін өзі жұмыс істеген конторда сақтап келген, баба есімін жаңғыртып, халықты құлақтандыру мақсатында газет беттері мен жоғарғы жақтарға үнемі мақалалар мен хаттар жазу, мавзолей құрылысына қаражат жинауды ұйымдастыру сынды жауапкершілігі зор жұмыстарға 5 жыл уақытын сарп етіп, маңдай терін төккен халықтың ұлы. Ауданға баба есімі берілсе деген арманын өзі көрмесе де, бүгінгі ұрпақтары көріп отыр.

Ал, Бұқар жырау жерленен Далба тауының етегегінде халқымыз әулие атанған ұлы абыздың кесенесі салынып, ол 1993 жылы жыраудың 325 жылдық мерейтойы қарсаңында 21 тамыз күні салтанатты түрде ашылды. Табаны үш таған болып келетін, биіктігі 12 метрге жететін бұл ғимарат қазақтың ұлттық бас киіміне ұқсас келеді де, кезінде ұлы бабамыз аңсап еткен үш жүздің, бүкіл елдің бірлігін бейнелейді. Бұрыңғы Ульянов мамандандырылған бірлестігі мен Озерное селосына Бұқар жырау есімі берілді. Кейін, 1997 жылы Ульянов және Тельман аудандары біріктірілгенде, аудан ұлы абыздың аты мен аталды. Сонау 1900 жылдан бастап Қазақ жерінде орыстану саясатына ұшыраған аудандардың бірі осы Ульяновка аудандарының бірі болатын, 1993 жылы Баба кесенесін ауданымыздың тұрғыны және соғыс ардагері халықтан қаражат жинап «Үш тағанды етіп» үш жүздің басын біріктірген бабамыздың кесенесін көтерді. 1997 жылы Ульянов ауданы Бұқар жырау ауданы болып өзгертілгенде халықтың еңсесі көтеріліп, бір марқайып қалды халқымыз. Қарағандыдағы сәулетті көшелердің біріне Бұқар жырау даңғылы атауы берілді.

Сонымен қатар 2014 жылы кемеңгер ойшылы, мемлекет әрі саясат қайраткері Бұқар жырау Қалқаманұлының 350 жылдық мереке қарсаңында Қарағанды –Қарқаралы тас жолы бойында Жыланды тауының етегінде Бұқар жырау ауданы тұрғындары және қазақ даласы үшін Бұқар бабамыздың ескерткіші бой көтерді. Бұл сәулетті туынды арқылы біз еркіндікке ұмтылу идеясын, Бұқар жыраудың хандарға ақылшы, халқына басшы болған өр рухты өжет тұлға екенін көрсетіп тұрғандай. Бұқар жырау ескерткішінің авторы – ҚР Суретшілер одағының мүшесі, мәдениет қайраткері, мүсінші Бейбіт Мұстафин. Ескерткіш мемлекеттік комиссия ұсынысына сәйкес, бетоннан жасалып, қола түстес бояумен боялған. Мүсіндік композиция барлық техникалық талаптарға сай. Биіктігі 8 м. 40 см., тұғыры – 4 м. 20 см., ал салмағы 16 тонна. Сондай-ақ осыдан он жыл бұрын 2014 жылы аудандық «Руханият» қосымша білім беру орталығында жыраулар дәстүрін

жалғастыру мақсатында «Жыршы-жыраулар» сыныбы ашылған болатын. Сол жыршы жыраулар сыныбында қазіргі уақытта елге аттары әйгілі, айтыскер ақындарымыз, сонымен қатар жерлестеріміз Жұмағұлов Айтпай Ботпайұлы, Дидар Қамиев, Тілеген Әділов шәкірттер тәрбиелеп келеді. Және де 2005 жылдан бастап ауданымыздың тұрғыны, ұстаз Қалиасқар Шыныбектегі Бұқар бабамыздың жырларын дәріптеу мақсатында мектеп қабырғысынан бастап оқушыларға «Бұқарекең жырлайды» атты жыраудың өлеңдерін жаттатып мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылып келеді. Кейін мәдениет қайраткері, ауданымыздың құрметті азаматы Сәуле Ғұбайдоллақызы аудандық деңгейге көтеріп, барлық ауыл-ауылдан қатысамын деушілердің бәрін қамтып тек қазақ балаларының ішінде ғана емес, басқа ұлт өкілдерінің оқушыларының қатысуларына да жағдай жасап, жыраудың өлеңдерін насихаттау жұмыстары қарқынды жүруде деп айтсам артық айтқаным емес. Кейінгі 2-3 жыл шамасында Айтпай Ботпайұлының бастауымен осы «Бұқарекең жырлайды» мәнерелеп оқу сайысы облыстық деңгейде өткізіліп келеді. Келесі жылы келелі істің өткізіліп келе жатқанына 20 жыл толмақ.

Бүгінгі күні кентімізде 2003 жылдан бастап аудандық музей жұмыс істеп келеді. Музей есімі де Бұқар бабамыздың есімі мен аталады, сонымен қатар музейде Бұқар бабаға арналған тұрақты көрме жұмыс істеп келеді, және де Бұқар бабамыз туралы мектеп оқушыларына арнайы «Ұлы Даланың Ұлы перзенттері» атты тарихи сағаттар және экскурсиялар жүргізіліп келеді. Қорыта келгенде Бұқар бабамыз қанша ғасыр өтседе, елдің есінде мәңгі сақталмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Насырқызы «Тарихи тұлғаларды мұражай еске алды», Сарыарқа аудандық газеті, мақала 17.01.2004 ж.
2. Шыныбектегі Қ. Ботақара –ием, Бұқар жырау –кием: өлеңдер, әндер, күйлер, мақалалар мен новеллар. – Қарағанды:Баспа, 2008. – 197
Бұхар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. Алматы, 1992 ж.

НУРЫШОВА ФАРИДА СУЛЕЙМЕНОВНА

Астана қаласы, К.Ақышев атындағы
№ 69 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ АБЫЛАЙ ХАНҒА АРНАЛҒАН ТОЛҒАУЛАРЫ

Халық деген жалпы ұғым, оның рухани мұрасын біртұтас құбылыс ретінде зерттесе ғана үлкен шындықты тануға болады. Ұлттық тарихымыздың ең ірі тұлғасы, Абылайдың тікелей ақылшысы Бұқар жырау творчествосы тым күрделі, кесек бітімді. Өзінің ұлағатты мазмұнымен, күдіретті сөз өнері өз киесімен халық жадында.

Бұқар жырау Қалқаманұлының негізгі шығармашылығына тоқтағанда талдауымызды оның Абылай ханға арнаған белгілі толғауларынан бастаймыз. Өйткені, ақынның қазір бізге мәлім 30 шақты өлең-жырлары болса, солардың ішінен жарымына жуығының қалайда Абылай ханға не тікелей, не жанама қатысы бар.

«Абылай ханның қасында», «Ал тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай» деп аталатын осы үш толғауы Мәшһүр Жүсіп Көпеев біріне-бірін жалғастыра беріп, ара-арасына түсіндірме сөздер жазу арқылы байланыстырып отырған. Бұл толғаулардың қайсысында болсын Абылай хан тыңдаушысы ролінде ескеру жасап, ақыл айтушы-Бұқар жырау.

Бірінші сөзін қарт жырау кеңінен толғап, өзінің соғыс атаулыға қарсы екендігінен бастайды да, сонан соң негізгі ойларын санап өтеді. Түйіп келгенде бір ақылы:

Сырдарияның суынан
Көлденең кесіп өтесің,
Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделібайсын жетіңіз-

Бұл ескіден келе жатқан сарын. Бір жағы ел қамын жеу, оған жайлы қоныс іздеу болып көрінсе, қалайда қалың қазақты жеке қондырып, өз алдына шаңырақ көтеру арманы да жоқ емес. Бұл жерде ақын қазақ даласының көптеген жерлерін патша үкіметі қамал, бекіністер салғызып, меңгере бастағанын жасырмайды. Сондағы Бұқардың сарқып айтары: «Кәпір жерінді түгелдей алуға қалды, төңірегің толық қоршалып бітті, бұрыларға шамаң жоқ, ендігі халің мүшкіл» алуандас ащы сөздер бола тұрса да, ақыр аяғында оның Абылай елінді бастап Жиделібайсынға көш деген жалпылама ақыл беруден басқа ұсынарлық ештемесі жоқ. Алайда «Халқының болашағын ойлап, қамын жейтін сен ғана, ендеше бар салмақ сенің арқаңда, бар міндет сенің мойыңда» дегендей үміт артып Абылайға арнаған ұзақ толғауларын арнайды.

Бұқар жырау бұл сөзінде жалпы жағдайға тоқтап, шолу жасайды да, өз тілегін долбарлап айтып, оның шет жағасын ғана көрсеткенде бір есептен. Абылай хан мен оның төңірегін барлағандай ыңғай білдіреді. Қай

толғауларын алсақ та, Бұқар жырау өзі көтермелеп, кейде ашық мадақтап отырған Абылай жөніндегі ойларын түгелінен ақтарып салмайды. Қайта тартынып әдетте өзінің одан басымырақ екендігін жасырмай реті келген шақта ханды сынға да алады. Тегі қарт ақын көп жағдайда Абылай ханға тәуелді болған көрінеді. Кесіп айту қиын, қалайда қарт жырау мен атақты ханның атақты өзара қарым-қатынасы бір-біріне көзқарасы сан қилы болғаны анық.

Сол себепті де «Ал тілімді алмасаң» деп басталатын екінші толғауында Бұқар жырау Абылайға ескерту жасап, «он сан алашты билегені» үшін асып-таспауын өтінеді де, оның кім екенін жақсы білетіндігін жасырмайды.

Халық аузында Абылайды жас күнінде жас күнінен жетім қалдырып, талай сыннан өткізгенін кейін ұлы жүз үйсін Төле бидің түйесін бақтырудың өзіндік мәні бар. Өйткені, бұқара көпшілік қазіргі Абылай бір кезде өз ортамыздан шыққан, оның бізге жаттығы жоқ деп іш тартқандай болса, Бұқар жырау бұл жайды сол Абылайға мін санап, сенің арғы түбінде төрелік жоқ, әншейін жүрген біреу едің, бұл күнде бағың жанып қалың қазақты билегеніңе шалқиясың деп шенейді.

Солай бола тұрса да Абылайдың жас шағын неге көбірек еске түсіріп отыр, сондағы жыраудың айтпағы не? деген орынды сұрақ туады. Бұған біз сөз етіп отырған толғаудың ең соңғы жолдарында ашық жауап берілген:

Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай
Көтерермін, көнермін.
Көтеріп қазға салармын.

Абылай сияқты қаһарлы ханға екінің бірі қарсы келіп сөз айта алмайтыны, оған ақыл ұсыну керек десеңіз оның мінін көрсету, реті келгенде күш білдіру тек Бұқар жырау сынды көпті көрген дана қарияның қолынан келетіні түсінікті. Әйтсе де, қарт ақын тоқсаннан асқан жасын немесе аппақ шашын бұлдап отырған жоқ. Өйткені оның өктем сөйлеуіне негізгі тірегі бар. Бұқар жырау қазақ халқының басы бірігіп, іргелі ел болғанын, тыныш өмір сүріп, кемеліне келгенін көксейді. Кейде Абылайға қарсы ашына сөйлеуінің де түп себебі осыдан. Сондықтан хан мен жыраудың арасындағы қарым-қатынасты түсінбек болсақ, осы жағдайды жадымызда сақтаған абзал.

Бұқар тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған қатерлі заманды қазақ елінің басын құрап, қалмақ басқыншыларына қарсы күресті ұйымдастыра білген Абылай ханды халық тәуелсіздігі қорғап қалған көсемі, даңқты қолбасшысы ретінде сипаттайды.

Бұл қалың жұртшылықтың жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күреске шығып, елдікті сақтап қалуға бел байлаған кезі еді. Абылай хан дәл осындай ауыр кезең, қиын сәтте бөлек-бөлек шашырап жатқан үш жүздің басын біріктіріп, жазуға үзілді-кесілді тойтарыс бере алатындай бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құруға талаптанады. Сол себепті Бұқар өз жырларында Абылайдың сол бұтағы орасан зор еңбегін жоғары бағалай отырып, халық арманын ақтаған батыр-қолбасшының мақтан тұтарлық

әдеби бейнесін жасауға зер салды. Айталық, Абылай хан науқастанған тұста айтқан мына бір бес жолдан тұратын жырға ол Абылайдың сол кездегі бүкіл жұрт ұмытпастай тарихи еңбегін сыйғызып, нақты бейнелей алған дер едік.

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен жаның-ай!

Бұқар жырау Абылай ханның барлық іс-әрекет, ішкі-тысқы саясатын түгелдей қоштап, мақұлдап, бас изей бермеген. Хан үлкен елдік мәні бар ірі саяси мәселелер төңірегіндегі айтылған келелі кеңес, толғанды ақылға көнбеген кезде, ол Абылайдың бүгінгі өмірімен кешегі қиыншылықты бастан кешкен азапты күндерін әдейі шендестіре, қарама-қарсы қойып толғайды.

Орыс патшалығымен соғыспақшы болған Абылайға және оны жақтаушыларға Бұқар жырау қарсы болды. Соғыс ел тыныштығын бұзатын әрекет, хан мен оның шашбауын көтерушілердің тасқындығынан туған желіктің нәтижесі деп біледі де, ханның да, батырдың да жер- жебіріне жетеді.

Ай, Абылай, Абылай!
Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұлы едің...,
Сен қай жерде жүріп жетілдің?
Үйсін Төле бидің
Түйесін баққан құл едің - дейді.

Ел аузында Бұқардың сөзінен кейін Абылай жорыққа аттанбай, қолын тартқан деседі. Бұқардың орыспен соғысуы қарсы болушылығы өз кезінде алыстағыны болжампаз адам болғандығын көрсетеді. Бұқар атқан: «Орыспенен соғыспай» тату тұру сол кездің өзінде –ақ қазақ елі үшін зор пайдасының бір көрінісі осы тәрізді болатын.

Ел берекесінің ұйытқысы татулық-бірлікте, бейбіт өмірде деп санаған қарт жырау ханға «Өлетұғын тай үшін, қалатұғын сай үшін» ерегіс-жанжалдың, қажетсіз қантөгістің орынсыз екенінде батыл ескертіп отырады. Абылай бірде ашу шақырып, көрші отырған орыс мемлекетімен соғысамын деп қаһар төккенде Бұқар бұған үзілді-кесілді қарсы шығып, ел тағдыры үшін бұның үлкен қателік екенін айтады.

Бұқар Абылай бейнесіне әр қырынан келіп, оның шындыққа сай тұлғасын өрнектемек болады. Бұл бағытта туған жырлардың бәрі дерлік Абылай ханның сол бір жауапты кезеңдегі әр алуан саяси қызметімен саналы өмірін оның жас мерзіміне қарай кезең –кезеңге бөліп, ой таразысымен екшеп саралау, жинақтап қорыту үлгісінде келеді. Мұның бәрі бір ғана талап-ертеңгі ел болашағы, тәуелсіз, бақытты өмірді орнату мақсатымен терең ұштасып жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. «Қазақ әдебиетінің тарихы» А.1948 ж
2. Дүйсенбаев Ы. «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» А 1967 ж.
3. Дәуітов С. «Абылай хан» А.1993 ж.
4. Дүйсенбаев Ы. «Ғасырлар сыры» А.1970 ж.
5. Жармұхамедұлы «Бұқар жырау» шығармалары А. 1992 ж.

ҚЫЛЫШБАЕВА КҮЛЗИПА ӘУЕСҚЫЗЫ

Астана қаласы, №5 гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
«Ы. Алтынсарин», «Қазақстан Республикасы
Білім беру ісінің Құрметті қызметкері»
төс белгілерінің иегері

БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК КЕҢІСТІГІ

*«Жырау туындылары көңіл пернесін дөп басар әсерлілігімен, көздегенін
орынтұсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу
сазды көркемдігімен, асау серпімді қуатымен ерекшеленеді»
М.Мағауин.*

Бүгінгі қоғам бізден әр тұлғаның өз пікірін, өз көзқарасын орынды айтып, өз мақсат мүддесі тұрғысынан терең жеткізіп, қойылған сұрақ, ой таластарға жауап бере білуді қажет етеді. Сөз шеберлігі – шешен сөйлеу, әдеби-көркем тілде сөйлеу, сондай-ақ түрлі тілдік амал-тәсілдерді мағыналық, формалық, стильдік сипаттарына сай ұтымды талғап таңдай білу. Келешек ұрпақтың сөздік қорын молайтып, бұрынғы бабаларымыз сияқты әдеби тілде көркем сөйлеуіне бақты ықпалымыз – шешендік өнер мен жыраулық поэзияның қыр-сырын оқытып, жас буынға игерте білуіміз қажет.

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығының сөз өнеріне, ондағы тақырыптың әралуан болуы мен жанр түріне, сөз қолданыстағы көркемдік құндылықтарына терең ой бөліп, мағынасын күнделікті өмірде ұтымды пайдалана білсек, қазыналы тіліміздің қанатын кеңге жаятыны ол өз алдына бір дүние де, сол көркем сөз өнерін меңгерген әрбір тұлғаның шешен де тапқыр сөз қасиетін, киесін білуі – ұлт руханиятының қазыналы биігінен, өрісті өрнектерінен нәр алудың маңызы зор.

Кез-келген ақын-жыраулардың көркемдік ойы, сөз өнеріндегі мол мұрасы қазақ сөз өнерінің құнарлы саласын, халық ауыз әдебиетінің тұнық, бай үлгілерін өз шығармашылығында терең ой сезімімен тербеген.

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығының жанрлық және көркемдік кеңістігіне тоқтала кетсек, жанрлық жағынан поэзиясы үш түрде (**толғау, арнау, мадақтау**) жасалған. Ең жиі қолданылатыны – толғау. Бұқар жырау толғауларын ішкі мазмұнына қарай арнау толғау, болжау толғау, насихат толғау деп 3 топқа бөлуге болады.

Арнау толғауға «Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ай, Абылай сен он бір жасыңда», «Ал айтамын, айтамын», «Керей, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік» өлеңдері жатады.

Болжау толғауларына: «Ханға жауап айтпасам», «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында».

Насихат толғауларына: «Айналасын жер тұтқан», «Жар басына қонбаңыз», «Асқар таудың өлгені».

Бұқар жырау толғауларының көркемдігіне талдау жасау барысында, толғау жанрының өзіне дейінгі көркемдік өрнектерін бойына сіңіріп, өзіндік ерекше қолтаңбасын жасағанын өлеңдерін талдау арқылы көз жеткіземіз. Бұлар толғауларына ғана тән ой тереңдігі мен көркем түйіндер, қиыннан қиыстырылған салыстырулар арқылы жырларында артық буын, басы артық қайталау сөздер жоқ.

Толғауларында көрініс тапқан жұмбақ үлгісінде келетін орағыта астарлау, пернелеу тәсілдері Бұқарда өз көрінісін тапқан. Бұқар толғауларында «Құрсағы құшақ байлардан дәулет таймас деменіз, өйткені дүние өтпелі, соны да ескер» деген ақылды айту үшін:

«Айналасын жер тұтқан,

Айды батпас деменіз,

Айнала ішсе таусылып,

Көл суалмас деменіз», - сияқты шендестірулер өте орынды, әсерлі суреттелген.

Бұқар жыраудың өмір белестері жайлы толғаулары, көбінесе психологиялық, синтаксистік параллелизмге құрылған. Бұқар толғауларындағы әдеби бейне жасаудың қалыпты түрі егіз ұғымды салыстыруға құрылып отырады. Мұның үш түрі бар десек, **біріншісі**, айтар ойға іштей астасып, соның тікелей көрінісі, нәтижесі ретінде құрылатын сипаттамалар болса («Жар басына қонбаңыз, Дауыл болса үй кетер, Жатқа тізгін бермеңіз, Жаламенен бас кетер» т.б.), **екіншісі**, ой-пікірдің қарама-қарсы құбылыстармен келген шарттылығын айғақтайды. Мұнда авторлық мақсат сол құбылыстың ешбір дәлелдеуді керек етпейтін қисын ұтымдылығымен дараланып отырады.

Асқар таудың өлгені –

Басын мұнар шалғаны.

Көктегі бұлттың өлгені –

Аса алмай таудан қалғаны.

Ай мен күннің өлгені –
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені –
Қар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді:
Жақсының аты өлмейді,
Өлімнің хаты өлмейді.

Шендестіре салыстырулардың үшінші бір түрі жаратылыстағы ұқсастықты адам өмірімен ұштастырып, екеуінің сапалық белгілерін оқшаулап, даралай айтып жырлау болып келеді. Мысалы, жырау ақсұңқар құстың баласы ұяда алтау өскенмен, соның біреуінің-ақ жемді ұзақтан ілетін алғыр болып туатынын меңзеп айту арқылы:

«Ақсұңқар құстың баласы,
Ұяда алтау болмас па?
Алғырының белгісі
Ұзақтан жемді ілмес пе?
Айырып жемін бермес пе?
Алғырынан айырылса,
Қанаты түптеп қайырылса
Құс жаманы жапалақ,

Оған да қор болмас па?»-деп, адамдар арасындағы игі жақсылардың өлмес істерін сол сұңқар бейнесімен астастыра сипаттайды. Бұхардың теңеулері де өмірден, айналадан алынған образдар. Мысалы, адамның жас ерекшелігі туралы толғауларында мынадай теңеулер кездеседі: Әрбір он жылдық адам өмірінің бірін, ағып жатқан бұлаққа, екіншісін, ерттеп қойған құр атқа, үшіншісін, жарға ойнаған лаққа теңейді. Сол сияқты аттың сынын бергенде, «ат орнындай тұяқтым», «саптаяқтай еріндім» деген теңеулер бар.

Сонымен қатар, Бұхар жырларында метафораның түрлерін де жиі кездестіреміз.

1. Жіктік жалғаулары арқылы жасалған түрі:

«Сен бұзау терісі шөнжіксің,
Мен өгіз терісі талыспын.
Мен арғын деген арыспын,
Аузы кере қарыспын.
Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын.»

2. Бұхарда метафораның көлденең бір нәрсені екінші бір нәрсеге балау арқылы жасалатын түрі:

«Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен,
Қарғиын десең, екі жағы ор екен,
Түсіп кетсең түбіне
Түбі жоқ терең көл екен,

Ел қонбайтын шөл екен.», - деп, бұл жерде бір ғана тоқсан бесті «терең орға», «қорға», «торға», «найза бойы жарға», «түбі жоқ көлге», «ел қонбас шөлге» балап отыр.

Бұхар қолданған тұрақты есім сөз эпитеттер: үшкілсіз көйлек, сегіз қиыр шартарап, еңсесі биік кең сарай, қу таяқты кедей, ақ сұңқар құс, толғамалы қамшы, он сан алаш, тең құрбы, алтын тұғыр т.б.

Өткен шақ есімше -ған,-ген, -қан,-кен жұрнақтары арқылы келген эпитетті тіркестер: ардақтаған сұлуың, желкілдеген ту, жер қайысқан қол, омыртқасы үзілген, тар құрсағын кеңіткен, тас емшегін жібіткен т.б.

«Тар құрсағын кеңіткен.

Тас емшегін жібіткен

Анаң бір аңырап қалмасқа» дегендегі алдыңғы екі жолдағы есімшелі эпитеттер болса, екінші жағынан, сурет – ананың портреті, үшіншіден, өлең жасап тұрған негізгі ой ана образы.

Көркемдеуіш құралдардың бірі – кейбір мағыналық топтағы сөздердің тек қана эпитеттермен жұмсалатындығы. Мысалы, **орда сөзі:** қалайылаған қасты орда, бағаналы орда, байсар орда, ақ ала орда, еңсесі биік боз орда; **жұрт, алаш сөздері:** ауыр жұрт, он сан алаш тіркестерінде келеді. Бұл жердегі ауыр сөзі – «көп», «алаш» - «халық» деген мағынаны білдіреді.

Табиғат атауларын білдіретін жон, тақыр, дала, тау, көл, су сияқты сөздер де өзінің негізгі мағынасынан гөрі образды эпитеттермен қолданылады. Мысалы, қу тақыр, құба жон, асқар тау, қара жер тіркестері.

Бұхар жырау толғауларындағы қайталауларды үш түрге жіктеуге болады.

1. **Жеке бір сөзді әр жол сайын қайталау.** Мысалы: «Ай не болар күннен соң» өлеңінде:

« ...Төрде отырған қарт бабаң,
Төресін жаңылар малдан соң,
Төркіндеген бикешің,
Тіркеусіз о да қайтар малдан соң
...Төсі аршынды сұлуың,
Сілкіп төсек салмас малдан соң,
Байдың ұлы көрпелдес,
Шұбалаңқы тартады,
Айдап жүрген малдан соң».

2. **Бастан-аяқ ұйқас үшін алынған риторикалық сұрау ретінде келеді.** Мысалы, «Көкте бұлт сөгілсе,

Көктеп болмас, не пайда?
Көкіректен жан шықса
Қайтып келмес, не пайда?»

3. **Табиғи салыстыруларды үнемі шендестіріп қарама-қарсы қою арқылы жұмсалады.** Мысалы, «Асқар таудың өлгені-

Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені-

Аса алмай таудан қалғаны.

Ай мен күннің өлгені-

Еңкейіп барып батқаны.

Айдын шалқар көлдің өлгені-

Мұз болып тастай қатқаны» Осындай шендестіру дидактикалық мазмұн арқылы өмірді пәлсапалық тұрғыда тану, бағалау арқылы соны адам санасына сіңіріп тәрбиелеу мақсатына құрылады. Сондай-ақ Бұхар жырау адамдар арасындағы қарым-қатынас жайларын жалпы өмірді үнемі жаңғырып, жаңару, түрлене құлпырып, өзгеру барсында ашып бағалауға мән береді. Мысалы, «құрсағы құшақ байлар» мен «қу таяқ кедейдің» тағдыры туралы түйген ойлары да тұрақсыз ауыспалы құбылыс ретінде түсіндіреді. Мысалы, «Айналасын жер тұтқан,

Айды батпас деменіз.

Айнала ішсе азайып,

Көл су алмас деменіз.

Құрсағы құшақ байлардан,

Дәлет таймас деменіз.

Жарлы байға тең келіп,

Жайлауға жарыса көшпес деменіз».

Толғау – әртүрлі тақырыптардығы, философиялық ойға, көркемдік-эстетикалық құндылықтарға арналған лирикалық шығарма. Атап айтар болсақ, өмір жайлы толғаулары («Өлмегенде не өлмейді?», «Жиырма деген жасыңыз», «Ей, Абылай, Абылай»), ел бірлігі туралы толғаулары («Бірінші тілек тілеңіз», «Керей, қайда барасың?») Оның өлеңдік үйлесімі, ұйқасы, шумағы біркелкі болып келе бермейді. Сондықтан да толғауларында тұрақты буын мен бунақ, ұйқас аз кездеседі де, көбінесе ырғақ басты ерекшелік атқарады. Себебіне тоқталсақ, толғау көпшіліктің алдында әртүрлі жағдайға байланысты жедел, тез шығарылып айтылады. Айтылу мақсаты мен тақырыбына байланысты шумақ бірде көлемді болса, бірде шағын, ал ұйқасы (шұбыртпалы ұйқас, аралас ұйқас, егіз ұйқас), сондай-ақ буын саны да жеті, сегіз, он бір кейде он бес болып келеді. Айшықтау мақсатында ассонанс пен аллитерацияның жиі қолданылуы – толғау үшін табиғи және бұл жағдай басқа өлең мен жыр түрлерінен ерекшелендіріп тұрады. «Айналасын жер тұтқан» өлеңінде ассонанс пен аллитерацияның қайталанып келуі дыбыстық үйлесімге айналып, өлеңге аса талғампаздық, ұсталық танытқанын көреміз.

Мысалы: «... Жарлыны жарлы деменіз,

Жарлы байға тең келіп,

Жайлауға жарыса көшпес деменіз,

Жалғызды жалғыз деменіз,

Жалғыз көпке теңеліп,

Бір жапанда соғысып,

Кегін алмас деменіз...» осы шумақта «ж» дауыссыз дыбысының бес рет қайталануы немесе «Қызыққа тоймас адамзат» өлеңінде:

«...Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанға жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,

Қызыққа тоймас адамзат», - деп, бұл жерде де «а» дауысты дыбысының 3 рет қайталануы арқылы үйлесімді үндестікті нақышына келтіре айтады.

Бұқар жыраудың шығармашылығында адамның өмір кезеңдері, әрбір жастың белгі ерешеліктері, ол қасиеттердің қоғамға, ортаға үлес, салмақтарын тілдің көркемдік ерекшеліктері арқылы әсерлі суреттеледі. Бұл сөзімізге Бұқар жыраудың «Жиырма деген жасыңыз» өлеңінде:

«Жиырма деген жасыңыз,
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз,
Жарға ойнаған лақтай,
Қырық деген жасыңыз,
Ерттеулі тұрған құр аттай.
Сексен деген жасыңыз
Қараңғы тұман түн екен.
Тоқсан деген жасыңда,
Ажалдан басқа жоқ екен.»-дейді.

Сонымен қатар Бұқар жыраудың поэзиясында нақыл, афоризмдері мен өрнекті өлең жолдары халықтың арасында кеңінен таралып, мақал-мәтелдерге айналғанын күнделікті өмірде кездестіріп жүргеніміз анық. Мысалы, «Асқар таудың өлгені», «Ежелгі дос жау болмас» өлеңдеріндегі: «... Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді», «...Ежелгі дұшпан ел болмас», «...Ежелгі дос жау болмас», - деген толғаулы сөздеріі күні бүгінге дейін халқымыздың арасына кеңінен тарап, оның мақал-мәтелге айналғаны өмір шындығын білдірсе, екінші жағынан Бұқар жыраудың саф алтыннан сөз өрнегін құя білгенін көреміз.

Сонымен қорытындылай келе, тақырыптың өз атауы айтып тұрғандай, Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығының жанрлық және көркемдік кеңістігі қай уақытта болса да өзіндік сөз өрнегін ешқашан жоғалтпайтын, керісінше ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қала беретін шешендік өнердің тұнығы мен асыл арқауы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мағауин М. Алдаспан. Көне заман поэзиясының антологиясы, ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар. – Алматы : Атамұра, 2006. – 312 бет.
2. Сүйінішәлиев Х. ХІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989 ж. – 224 бет.
3. Тұрысбек Р. Ұлт мұраты және руханият. Зерттеу мен зерделеу. – Алматы : Арай, 2008. – 632 бет.

4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық, Алматы: Аруна, 2005 ж.

АМАНКЕЛДІ ГҮЛБАРШЫН НҮРЛАНҚЫЗЫ

Астана қаласы

№ 97 мектеп – гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЗАМАН БЕЙНЕСІ: ЖАҢАШЫЛДЫҚ СИПАТЫ, ӨЗЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ ӘДЕБИ-ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қазақ әдебиеті тарихында XVIII ғасырда өмір сүрген аса көрнекті өкілдердің бірі – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Ол Абылай хан тұсында өмір сүріп, сол дәуірдегі қоғамдық, саяси және рухани ахуалды поэзия тіліне көшірген қабырғалы сөз зергері. Жырау шығармаларында заман бейнесі халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік құрылымын, саяси тартыстарды, елдік мүдделерді көркем тілмен бейнелеу арқылы сомдалады. Жоңғар шапқыншылығы, ішкі рулық қақтығыстар, мемлекеттілікті нығайтуға деген талпыныстар – осының барлығы дәуірдің тарихи-әлеуметтік келбетін айқындайды. Бұқар жырау туындылары тек көркем мұра ғана емес, өз заманын көркем бейнемен хатқа түсірген тарихи дереккөз ретінде де құнды. Жыраудың өлеңдеріне назар аударсақ, заманның аумалы-төкпелі сипаты, тарихи оқиғалардың әсері айқын сезіледі. Мәселен, Абылай ханға арнауында жырау оны бала күнінен бастап хандық дәрежеге жеткенге дейінгі өзгерістермен байланыстыра жырлайды:

*«Ай, Абылай, Абылай,
Сені мен көргенде
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан құл едің...»*

Бұл жолдар Абылайдың саяси билікке жету тарихын еске салып, заманның өзгерісін, тұлғаның қалыптасуын поэтикалық тілде бейнелейді.

Бүгінгі күні жырау шығармашылығындағы заман бейнесін қайта зерделеудің өзектілігі зор. Жаһандану жағдайында тарихи жадымызды жаңаша түсініп, ұлттық бірегейлікті нығайту міндеті тұр. Бұқар жырау поэзиясы сол заманның саяси бағыты, идеологиясы мен құндылықтарын ұрпақ санасына жеткізетін рухани арна ретінде ерекше мәнге ие. Оның заман бейнесі арқылы біз өткен кезеңдердің қоғамдық ой-санасын, әлеуметтік құрылымын, мемлекеттілік идеяларын танып-білуге мүмкіндік аламыз.

Заман бейнесінің тарихи-көркемдік мәні

Бұқар жыраудың шығармашылық кезеңі — қазақ халқының тарихында сындарлы шақ. Жоңғар шапқыншылығынан қажыған ел, ішкі рулық алауыздықтың күшеюі, сыртқы саяси қысым және Абылай ханның билігі тұсында мемлекетті нығайту әрекеттері заман бейнесін күрделі әрі көпқабатты етеді. Жырау осы ахуалды поэтикалық тұрғыдан қорытып, тарихи шындықты көркемдік әлемге айналдырады. Ел бірлігі мен әділ биліктің маңызын ескерте отырып, ол бұқараны адалдыққа, ынтымаққа үндейді.

Мысалы, халқының бірлігі, ел тұтастығы тұрғысынан жырау:

*«Қара арғымақ мінбеңіз,
Қарындастан бөлінбеңіз,
Әзіз құдай жар болса,
Әлі де алыс жүрмеңіз.
Ақылдан кенде болмассыз,
Жақсыдан кемде болмассыз.»*

Бұл үзіндіден заманның қиындығына қарамастан, рухани құндылықтарды сақтау, ағайынға сүйену, ел бірлігін құнттау идеялары аңғарылады.

Зерттеудің өзектілігі мен жаңашылдығы

Қазіргі әдебиеттану мен мәдениеттануда Бұқар жыраудың шығармаларын жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Жырау туындылары бір жағынан ұлттық әдебиеттің классикалық үлгісі болса, екінші жағынан тарихи сананы қалыптастырушы рухани қайнар. Бұқар жырау заман бейнесін бейнелеу арқылы сол дәуірдегі қоғамдық-психологиялық ахуалды, ел бірлігі мен мемлекеттіліктің сақталуына қатысты мәселелерді терең көрсетеді. Оның шығармаларын тарихи, мәдени-әлеуметтік контексте талдау — бүгінгі ғылым үшін жаңашыл бағыт.

Жыраудың тағы бір өлеңінен үзінді келтірсек, онда заманның өтпелілігін, адам өмірінің сындарлы тұстарын, уақыттың ауыр сынын көреміз:

*«Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректтей болыңыз,
Судан ұшып жолыңыз,
Судан ұшып жолыңыз,
Судан қайтып қонуңыз.»*

Мұнда метафоралық образдар арқылы заманның ауыспалы сипаты, адамның жағдайға икемделуі, байыпты шешім қабылдау қажеттігі бейнеленеді.

Заман бейнесінің негізгі компоненттері

Бұқар жырау шығармаларында заман бейнесін қалыптастыратын екі негізгі компонент бар:

1. Тарихи оқиғалардың поэтикалық бейнесі:

Жырау өз дәуірінің басты тарихи оқиғаларын поэзия тілі арқылы жеткізеді. Жоңғарларға қарсы күрес, Абылай ханның ішкі-сыртқы саясаты, руаралық қатынастар өлеңдерде символдық және нақты образдар арқылы беріліп, заман бейнесін толықтырады.

Мысалы, халық батырларын жырлағанда:

*«Бөгенбайдай батырдың
Болғаны қайда көрім-ді?
Би Темірдей билердің,
Сөзі қайда көрім-ді?»*

Бұл жолдар батырлық дәуірдің өтіп бара жатқанын, тарихи тұлғалардың орны бөлек екенін аңғартады.

2.Рухани-этикалық құндылықтар жүйесі:

Жырау заман бейнесін тек тарихи оқиғалармен ғана емес, адамгершілік ұстанымдармен, бірлік пен әділеттілік идеяларымен ұштастырады. Ел басқару ісіндегі әділдік, халық пен билеуші арасындағы татулық – заман бейнесін нығайтатын құндылықтар. Жырау өсиет сөздерінде де ұрпаққа үлгі боларлық идеяларын сабақтастырады:

*«Ежелден ел тілегі – ер тілегі,
Адалдық, әділдікпен көркі елегі,
Ынтымаққа ұйысса жұрттың бәрі,
Кемімес бірлікпенен елдің дәурені.»*

Қорыта келгенде, Бұқар жырау шығармаларындағы заман бейнесі – бір дәуірдің саяси, әлеуметтік және рухани келбетін айқындайтын күрделі кұбылыс. Жырау поэзиясында елдік мұраттар, тарихи оқиғалар, рухани құндылықтар мен табиғат суреттері біртұтас жүйеде беріліп, заман бейнесінің көпқырлылығын танытады. Оның өлеңдерінен алынған мысалдар жыраудың сол заманның жүгін өнер тілімен жеткізудегі шеберлігін дәлелдейді. Заман бейнесін жаңаша талдау ұлттық тарихи сананы, рухани құндылықтарды қайта бағалауға, бүгінгі қоғамның да өзекті мәселелерін шешуде рухани дем алуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиет:

3. Бұқар жырау шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1992.
4. Қыраубаева А. Бұқар жырау және әдеби дәстүр. – Алматы: Ғылым, 2001.
5. Мағауин М. Қазақтың хандық дәуірдегі әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1995.
6. Елеукенов Ш. Сөз мәдениеті және әдебиеттану мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
7. Сейітжанов З. Бұқар жырау поэзиясының көркемдік жүйесі. – Астана: Фолиант, 2010.

ЖАҢАБЕК ДАНА ӘКІМЖАНҚЫЗЫ

Астана қаласы

Ж.Аймауытов атындағы

№24 орта мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ

Тарихы тереңде жатқан қазақ елін басқарған сұлтандар, хандар жайында жазылған туындылардың әдебиетте алар орны ерекше. Соның бірі XVIII ғасырда үш жүздің басын қосып, аласапыран дәуірде халық тағдырына алаңдаған, ел тілегін, елдігін ту көтеріп бір арнаға жиған Абылай хан бейнесін суреттеген көркем туындылар. Сол көркем туындылардың бірегейін дүниеге әкелген Бұқар жырау Қалқаманұлы. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша 9-сыныптың 1-тоқсанында Бұқар жыраудың «Әй, Абылай, Абылай» толғауы берілген.

Көне түркі әдебиетіндегі Қорқыт ата кітабында ел басқарған әкімдер тағылымына ерекше мән берілген. Мәселен, Оғыз хан бейнесін берерде «Тәкаппарлықты тәңір сүймес» деген сөзден хан тағылымына ерекше мән бергенін байқаймыз. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанында хандар мен әкімдермен қалай қатынасу туралы айтылады. Ел басқарған әкімдердің тұлғасын қарайтын қасиеттері мадақталады.

Ақыл керек жаһанды ұстап тұруға,

Жүрек керек елге билік құруға.

Ел басқару бектің ісі қашаннан,

Заң тәртіптің күшімен ол жасалған,-деген екен.

Бұқар жырау да Абылай хан бейнесін суреттеген:

Хан Абылай атандың

Дүниеден шықпай мініңіз.

Алтын тақтың үстінде

Үш жүздің басын құрдыңыз.

Үш жүздің басын құрап, жетім мен жесірін жылатпаған Абылайды мезгілінде мақтап, ерлігін үлгі қылса, енді бірде Бөгенбайдан асқан батыр ма едің? Қабанбайдан бұрын жауға найза сілтеп пе едің? -деген оқты сөздері арқылы күштің алдымен ханда емес, халықта екенін айтып, халық батырларымен санасуын ескертіп, ханға дұрыс бағыт сілтейді. Айтар сөзін «Әй, Абылай, Абылай» деп бастап, айтарын бүкпей, өктем сөйлейді.

Бұқардың Абылай хан толғауларында ең алдымен оның жауға қарсы күрестегі ерлік істерін дәріптейді. Абылай хан бейнесін қазақ әдебиетінде алғашқы танытқан Бұқар жырау. Ол Абылайдың қамқоршы тілекшісі ғана емес, қатал сыншысы да бола білген. Бұқардың «Қазақтың ханы Абылай», «Абылай ханның қасында», «Ал тілімді алмасаң», «Ханға

жауап айтпасам», «Басына біткен күніңіз» толғауларында ханның ұстаған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен бірлігі сипатталған.

Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған толғауларын оқытуда өз іс - тәжірибемде мынандай әдістерді қолдандым:

➤ «Алтын қор» әдісі- әңгімеде кездесетін көне сөздерді түсіндірме сөздіктен мағыналарын ашу. Оқушылардың сөздік қорын молайтады;

➤ «Кілтті сілтемелер» әдісі- жаңа ақпараттарды Абылайға арналған толғаулар мен арнаулар бойынша мақалалар, веб-беттер, ақпараттық контенттермен арнайы берілген сілтемелермен жұмыс жасайды. Абылай бейнесін ашатын Бұқар жырау толғауларындағы көне ұғымдарға тоқталып кетсек,

Ашуланба, Абылай

Ашуланба, Абылай

Көтерермін көрермін

Көтеріп қазға салармын,-деген шумақта «қаз» сөзіне тоқталамыз. Қазақ саяси ой-пікірінің этникалық санасы мен елдік қасиеттерінің қалыптасуында өлшеусіз еңбек атқарған Бұқар жырау бұл толғауды Абылай ханды қатерлі бір шаруадан тоқтатқысы келгенде айтқаны толғау контексінен анық сезіледі. «Қаз» дегеніміз бүкіл елдің маңдай алды азаматтары жиналатын кеңес, жалпы халықтық жиын. «Қаз» - нағыз халықтық, демократиялық институт, ол ел басшыларын халық тілегімен санасуға мәжбүр қылатын, ел азаматтары сынға түсетін қасиетті жиын.

Арсы менен Күрсіге,

Дәу таласты үніңіз

Бұқар жыраудың Абылайға айтқан мадақ сөздерінің бірі. Арсы мен Күрсі деген не? Осы сөздердің мағынасын анықтау үшін қазақтың ежелгі космогониялық ұғымдарына саяхат жасау керек. Сол ұғымдардың бірі – жеті қат көк, жеті қат жер. Жеті қат көктің ең жоғарғы қаттары Арсы мен Күрсі. Бұқар Абылайға айтқан сөзің, жарлығың жеті қат көктің ең арғы қабаттарына да жетіп тұр. Осылай мақтап-мақтап алады да, «өкпеңменен қабынба», «өтіңменен жарылма» деп ұрсып алады. Адам баласының о дүниелік өмірі осы қаттарда өтеді деген де түсінік бар.

Қарсы менен Құзарда

Жалаң аяқ жар кешіп,

Бөз тоқыған сарт едің!

Бұқар жыраудың Абылайға айтылған шумағында аталатын Қарсы менен Құзар туралы не білеміз? Бұл таулар Жиделі Байсын аталатын, біздің аталарымыздың тамаша қыстау жерлері болған шүйгін де, берекелі қоныс. Қазіргі уақытта Қарсы (Карши) мен Құзар (Гиссар) таулары Өзбекстан мен Тәжікістанның шекаралық аймақтарында жатыр. Бұқар жырау «бөз тоқыған сарт» деп Орталық Азияның ежелгі отырықшы, саудагер тұрғындарын айтады.

Толғауларды оқытуда сабақта қолданатын әдістердің бірі комикс арқылы оқыту. Комикс арқылы оқыту оқушылардың қызығушылығын арттырады. «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бағалау және салыстырмалы анализ дағдыларды қалыптастыратын бөлімшеде Б/С 9.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстыру оқу мақсатын жүзеге асыру көзделгенде Тәтіқара ақынның, Үмбетей жыраудың шығармаларымен салыстыру өз тиімділігін көрсетті.



Бұқар жырау	Тәтіқара ақын	Үмбетей жырау
Ей,Абылай,Абылай Өкпеңменен қабынба, Өтіңменен жарылма, Орыспенен соғысып, Басына мұнша көтерген Жұртыңа жаулық сағынба. Күнінде мендей жырлайтын, Тоқсан үште қария Енді саған табылмас!	Кебеже қарын, кең кұрсақ, Артық туған Абылай, Көтере көр бұл істі. Көп қытайдың жылқысы Тұрымтайдай құнысты.	Жау қашты деп айқайлап, Абылайлап шапқанда, Сол ерліктен хан болдың Әлем асқан жан болдың.

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен жаның-ай!

Осы бес жолдан тұратын өлеңде бес ғасыр тарихы, заман зары байқалады. Бұқардың бұл жоқтауы сол дәуірдегі бақ пен құтты жоқтауы сияқты. Бұқардың Абылайға арнаған толғаулары мен арнауларының саны 11 екен. Бейжін архивінен М.Оразбайұлы тапқан толғауларды 1990 ж. «Ана тілі» газетінде А.Сейдімбек жариялаған. Абылай бейнесін Бұқар бейнелі өрілімдер, шешендік толғауда толғаныстарын монолог стилімен береді. Шешендік ойлармен Абылай бейнесіне ұлттық сипат береді. Сондықтан Бұқар толғауларында ұлттық характер басым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ай, заман-ай, заман-ай. Алматы, 1992 ж.
2. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1985 ж.
3. Бұхар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. Алматы, 1992 ж.
4. Бұхар жырау. Ай, Абылай, Абылай! Алматы: Жалын, 1993 ж.
5. Дала даналары,. Алматы: Қазақсиан даму институты. 2001
6. Х.Сүйіншәлиев. 18-19 ғ. Қазақ әдебиеті, Алматы:Мектеп,1989 ж.

БЕРДАЛИЕВА АЙГУЛЬ ДУИСЕНОВНА

Астана қаласы

Ғ.Орманов атындағы

№7 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Бұқар жырау және ұлттық идея

XVIII ғасырдағы төл әдебиетіміздің рухани қазығына айналған Бұқар толғаулары – қазақ хандығының өркендеуін, даму кезеңдерін сатылай көрсетті. Еліміздің тарихында өзінің терең ойлары, даналығы мен рухани мұрасы арқылы өшпес із қалдырған тұлғалардың бірі – Бұқар жырау. Бұқар Қалқаманұлы толғауларының барлығы ізгілік атты құндылықпен сабақтасады. Қарашаның мұңы мен мұқтажын хан мен бектерге бүкпесіз жеткізе білуімен халық жадында мәңгілік қалды. Жырау толғауларында елдің ұлы мақсатқа жетуі үшін қандай жолмен жүру қажеттігі жөнінде кеңестер мен өсиеттер көптеп кездеседі.

Ұлттық идеяны жүзеге асыратын жыраулар қазақтың әр аймағынан табылды. **«Қазақтың қаны бір, жаны бір, ұрпағы бір»** деген пікір арқылы Бұқар жырау халықтың болашағы оның бірлігінде, бір мақсатқа ұмтылуында екенін түсіндіреді. Жеке басының қамы үшін емес, елдің болашағын жан тәнімен ойлайтын жырау өмірдің өтпелі екендігін де, ел үшін жұмсалмаған байлықтың баянсыздығы мен байлаусыздығын ескеру керектігін және дініңе, діліңе, тіліңе берік болу керектігін де айтып кетті. Заманында жырау айтпаған, жырламаған тақырып жоқтың қасы. Бұқар жыраудың пайымдауынша, ұлттық бірлік – бұл тек этникалық тұтастық емес, рухани және мәдени тұтастық.

Бұқар жыраудың шығармашылығында қазақтың тәуелсіздігі мен еркіндігі басты тақырыптардың бірі болып табылады. Оның өлеңдері көбінесе халықтың болашағы мен еркіндігін қорғауға, өз жерін жаулардан сақтауға бағытталды. Жоңғар шапқыншылығы мен өзге сыртқы күштермен күрестің қиын кезеңдерінде жырау халықты тәуелсіздікті сақтау жолында күресуге шақырды.

«Батырларымыздың ерлігі,

Ерліктің ұраны болар,

Ұрпағымыздың бағы болар», [1] деген жолдарында ол батырлық пен ерлікті тек тарих ретінде ғана емес, ұлттың болашақтағы рухани күшінің қайнар көзі ретінде көрсетті. Бұқар жырау қазақ халқының еркіндік үшін күресін ұлттық рухтың символы ретінде бейнелейді.

Бұқар жырау шығармашылығының тағы бір маңызды ерекшелігі — оның әділдікке, шындыққа, дұрыс шешімдер қабылдауға деген ұмтылысы. Ұлттық рухты сақтау үшін қоғамдағы әділетсіздіктерді, адамгершілікке жат әрекеттерді сынап, оларды түзетуге бағытталған ойлар айтқан. Ол қазақ билеушілеріне елді әділ басқаруды, халықтың мұң-мұқтажын ескеруді, барлық шешімдерінде әділеттілік пен ақиқатты ұстануды ұсынды [2].

Бұқар жыраудың шығармаларында көбінесе әділдік пен шындықтың елдің рухани негізі ретінде тұруы керектігі, қоғамның тыныштығын қамтамасыз ету үшін осы құндылықтардың сақталуы маңызды екені баса айтылды. Оның шығармалары әлеуметтік әділеттілік пен моральдық тәртіпті сақтаудың ұлттық идеологияның бөлінбес бөлігі екенін айқындайды. Ақын бірауызды, ынтымағы күшті елді осылай армандап, сондай елдің ғана болашағы мол олатындығына сенім білдіреді. **«Ағайын тату болса, жат жанынан түңілер»** деген халық мәтелін қоштай сөйлеп, ол тату-тәтті өмірді аңсайды.

Жыраудың терең философиялық көзқарастары халқына болашақта да жол көрсететін моральдық бағыт болып табылады. Оның шығармаларында ұлттық рух, ұлттың рухани байлығы мен мәдениеті туралы терең ойлар мен өсиеттер бар [3]. Ол өз шығармаларында қазақ халқының жеке басына, қоғамның тұрақтылығына, ұлттың болашағына үлкен жауапкершілікпен қарауды ұсынды. Бұқар жыраудың адамды игілікке баулитын тәрбиелік мәні зор нақылдары бүгінгі күнде де өз құндылығын жоғалтпаған. Олар халық жадында берік сақталып, осы күнде де кеңінен қолданылып жүр. Мысалы:

Ел бастау қиын емес,

Қонатын жерден көл табылады.

Қол бастау қиын емес,

Шабатын жерден ел табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиын жоқ - деген жыр жолдарын бүгінде жиі естиміз.

«Бірінші тілек тілеңіз,

Бір аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз

Ер шұғыл насық залымның,

Тіліне еріп азбасқа» , - деп қазақ даласында бейбіт өмір болуын, Бұқардың айтуынша, халық пен ел билеген хандардың келісімі мен ел бірлігін сақтауға ақыл-кеңес береді [4]. Ақын халықтың тыныштығының қымбат екендігін, көрші елдермен достық қарым-қатынаста болуды, ханды хандықтың және халықтың мүддесіне қайшы келетін жағымсыз іс-

әрекеттерден сақтандырады. Ел бірлігін сақтауға, көрші елдермен қарым-қатынас жасаудағы рөліне оң бағасын береді. Ру арасындағы тартыс жағдайында Бұқар жырау адамдарды біріктіруге, ынтымақтастыққа шақырудан шаршамайды, бұрынғы өшпенділікті ұмытып, адамдар өзара достасудың қажеттігін айтады. Жыраудың көптеген афоризмдері мен өрнекті өлең жолдары халықтың арасында кеңінен тарағаны белгілі, олар мақал-мәтелдерге айналғанын аңғару қиын емес. «Жақсының аты өлмейді Ғалымның хаты өлмейді, - деген аталы нақыл- афоризмге айналған сөздерінің күні бүгінге дейін халқымыздың арасында кеңінен таралғандығы, оның мақал-мәтелдерге айналғандығын білеміз. Оның нақыл сөздері мен шешендік өнерін ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолдануға болады.

Түйіндей келе, оның ұлттық идеясы мен рухани мұрасы бүгінгі күнде де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Оның шығармалары мен ойлары қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуына, оның мәдениеті мен дәстүрлерінің сақталуына үлкен ықпал етті. Бұқар жырау өз кезеңінің ұлы ойшылы әрі ұлттық болмысты сақтауға ұмтылған қайраткер ретінде тарихта мәңгі қалды.

Бұқар жырау ұлттық идеяны дамытып, қазақ халқының рухани бірлігін күшейту үшін өз шығармашылығын арнаған ұлы тұлға болды. Оның мұрасы ұлттың бірегейлігін, еркіндігі мен болашағын сақтауға деген ұмтылысын білдіреді. Бұқар жыраудың шығармалары бүгінгі күнде де қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуына, рухани жаңғыруына және мәдени мұрасының сақталуына үлкен әсер етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Дала даналары,. Алматы: Қазақстан даму институты. 2001-640б
2. Қ. Өмірәлиев. 18-19 ғ. Қазақ поэзиясының тілі
3. М.Жармұхамедов. Көненің көзі. Алматы, Санат, 96
4. М.Мағауин. Қобыз сарыны, Алматы: Жазушы, 68

АЙТЖАНОВА САУЛЕ АШИМХАНОВНА

Астана қаласы
№106 орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-шебер, Ы. Алтынсарин
төсбелгісінің иегері

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Андатпа: Мақалада Бұхар жыраудың поэзиясы бүтін бір халықтың жан-дүние, таным-талғам иірімдеріне жалғасып жатқан құбылыс. Шығармаларының басым көпшілігін қамтитын насихат толғауларында адамды игілікке тәрбиелеу, бауырмалдылық, адалдық, әділдік мәселелері сөз

болады. Басты тақырыбы қазақ жерінің сақталуы мен халықтың ішкі еркіндігі, оның шығармалары- тұтас халықтың сезім-күйі, ой-өрісі, тарихы мен тағдыры. Жырау толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің де буы, асқақ қаһармандық рухтың да лебі білінеді.

Тірек сөздер: ,тарих, тағдыр, рух, адалдық, халық, тәрбиелеу

Аннотация: В статье отмечается, что поэзия Бухар жырау-это явление, продолжающееся во всем мире, в знаниях и вкусах целого народа. В пропагандистских размышлениях, охватывающих большинство его произведений, будут затронуты вопросы воспитания человека во благо, братства, честности, справедливости. Главная тема-сохранение казахской земли и внутренняя свобода народа, его произведения - чувства, мысли, история и судьба всего народа. Во внешней грации и внутренней силе жырауовских волнений, в процессе художественного мышления проявляется и пар пламенного красноречия, и возвышенного героического духа.

Ключевые слова: , история, судьба, дух, верность, народ, воспитание

Annotation: The article notes that the poetry of Bukhar zhyrau is a phenomenon that continues all over the world, in the knowledge and tastes of the whole people. In the propaganda reflections covering most of his works, the issues of human education for the good, brotherhood, honesty, justice will be touched upon .. . The main theme is the preservation of the Kazakh land and the inner freedom of the people, his works are feelings, thoughts, history and fate of the entire people. In the external grace and inner strength of the Zhyrau unrest, in the process of artistic thinking, the steam of fiery eloquence and exalted heroic spirit is manifested.

Keywords: , history, fate, spirit, loyalty, people, upbringing

Жыраулық поэзияның соңғы көрнекті өкілі — халқымыздың асқан кемеңгер ойшылы, қоғам қайраткері, ақпа-төкпе жыр нөсері Бұқар жырау Қалқаманұлы.

Бұқар жырау – қазақтардың үш жүзінің басы қосылып, бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуының насихатшысы болды. Мемлекеттің үлкен қайраткері әрі идеологы болған Бұқар жырау үшін ең басты мәселе – Қазақ хандығын сақтап қалу, оның тәуелсіздігін қорғау, үш жүздің ауызбірлігі мен ынтымағы, көрші елдермен бейбіт қатынаста болу. Жырау қазақ мемлекетінің өз тұсындағы жағдайымен бірге келешегі үшін толғанады. [1.956.]

Бұқар жырау Қалқаманұлының (1668–1781) өмір тарихы мен өнер-намасы, шын мәнінде, Абылай дәуірінің шарайнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгер ақылшы, данагөй, тілегі қабыл батагөй, толқынды топта тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызатын, сұңқардай саңқылдайтын суырылған шешен, «хан шеше алмаған ауыр түйін, қиын жұмбақ, көмескі келешекті» бұлжытпай болжайтын, қапияда айрықша сәулетті ой-пікір өрбітетін әулие жырауды Абылай қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс

шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстануына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеу барысында тамаша ықпал жасайды.

Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын білімпаздықпен бажайлаған Мұхтар Әуезов: «Бұқардың толғауында екі түрлі күй, сарын бар. Біреуі... әлеумет қамын сөйлеу, екінші сол жайды сөйлегенде мұң-зармен, арманмен сөйлеу. Қайғылы пішін, қаралы көңілмен күңіrentіп сөйлеу» дейді. Сайып келгенде, Отан қорғау, қорғаныс қабілетін күшейту, жер-суды жат қолынан сақтау, тыныштық бұзбау, ел билеу тәсілдерін мүлтіксіз меңгеру, ханның жақсы қадамдарын қолдап қуаттау, теріс істерін істетпеу, райынан қайтару, заман ағымын жете аңғару, тарих тағылымы мен тәжірибесін зерделеу, түзулікке, дұрыстыққа, әділеттілікке шақыру мәселесі, ұлттық мүддені, салт-дәстүрлерді, адамгершілік қағидаларын сыйлату жырау, толғауларының саяси-әлеуметтік мазмұнын анықтайды. [2.406 б.]

Жырау толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет — қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің де буы, асқақ қаһармандық рухтың да лебі білінеді. Негізінен, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар 7-8 буынды, ұйқастары еркін. Басты тақырыбы қазақ жерінің сақталуы мен халықтың ішкі еркіндігі еді. Бұхар жыраудың поэзиясы бүтін бір халықтың жан-дүние, таным-талғам иірімдеріне жалғасып жатқан құбылыс. Жырау шығармалары жеткізер дүние жеке адамның көріп-біліп, көкірекке түйгенінен әлдеқайда кең жатыр, оның шығармалары- тұтас халықтың сзім-күйі, ой-өрісі, тарихы мен тағдыры. Жыраудың бізге жеткен азды-көпті мұрасын табиғи сипаты жағынан насихат толғау, арнау толғау, болжау толғау деп үш топқа бөлуге болады. Шығармаларының басым көпшілігін қамтитын насихат толғауларында адамды игілікке тәрбиелеу, бауырмалдылық, адалдық, әділдік мәселелері сөз болады. Жыраудың бір топ жырлары : «Ежелгі дос жау болмас», «Шашырап шыққан қандар көп», «Мырзалық қонаққа пайда, малға қас», «Жар басына қонбаңыз», «Жал құйрығы қаба деп» және тағы басқа толғауларында ел бірлігі, жақсы мен жаман, білімділік пен надандық, жалпы ізгілік сәселелерін қамтиды. Бұқар жырау поэзиясында ақындық даналықтан, тапқырлықтан нәр алған әсерлі, көркем теңеулер де кездеседі. Мысалы, «Ұрғашының жақсысы, Абжыландай есіліп... Бозжорғадай бұлғаңы», «Ормандай көп орта жүз», «Қорғасындай балқыған», «Киігін қойдай қайырған», «Құланы құлындай тулаған, Түлкісі иттей шулаған», «Буыршындай тіздесті», «Ағып жатқан бұлақтай», «Жарға ойнаған лақтай», «Ерттеп қойған құр аттай», «От орнындай тұяқтым... Саптыаяқтай еріндім, сарымсақтай азулым... кекілін қыздай тараған» және т.с.с. Бұлар ұлттық поэзия тілінің құлпыра құбылып түсуіне, сырты сұлу, іші ну оюлы, өрнекті сөздердің молая беруіне жойқын ықпал жасайтындығы даусыз. [3.916]

Заманның сөзін сөйлеген Бұқар жырау шығармаларында замандар бойы мысқалдап жиналып, ақыл-ой таразысынан даналық қорытындысы, адамгершілік ереже-қағидасы іспетті нақыл-ғибрат сөздер мол. Әсіресе белгілі бір құбылыстарды, заттар мен нәрселерді тізбелеп, салыстырып айтатын «Қара құлаш жүйрік деп», «Ежелгі дос жау болмас», «Бағаналы орда, басты орда», «Жар басына қонбаңыз», «Көкте бұлт сөгілсе», «Алыстан қызыл көрінсе», «Биік тауға жарасар», «Қорғанды шаһар қаласын», «Жал құйрығы қаба деп», «Асқар таудың өлгені», «Ақсаңнан биік тау болмас» секілді термелерінде неше алуан мақал-мәтелдер мен ділмар сөздерді келтіруге болады. Мысалы: «Тар пейілді кеңімес, Кең пейілді кемімес», «Ер жігітке жарасар, Қолына алған найзасы. Би жігітке жарасар, Халқына тиген пайдасы». [4.3526.]

Жырау қарапайым сөздің сыры сезілмес, жымы білінбес шеберлікпен шендестіру арқылы ғаламат қуат күшін оятады. Жай ғана бір сөздің ұйқасы мен үйлесімінің арасына ол тіршіліктің қария даналығын орнықтырады. Жыраудың нақылдары ішінде бұрын баспа бетін көрмеген мына жолдары бар:

Ақсаған құлан қадірін,
Айдалада қақ білер.
Төс айылдың батқанын
Иесі білмес, ат білер.
Ер жігіттің қадірін,
Ағайын білмес, жат білер.
Жорық жолы болуын
Қария білмес, сәт білер.

Халық мәтелдері стилінде келетін жыраудың бұл нақылдары да өмір тәжірибелеріне негізделген, ақынның өз тұсында үстем болған салт-санаға сай толғап, тақпақтай сөйлеу өнеріне жетік шешен болғанын танытады.

Жыраудың:

Сыйлай бергін көнені
Сыйламаған күң қылар
Өзін тапқан енені

және

Қартайсаң қарт бабаңды сыйлай бер,
Күндердің күні болғанда

Кімдер де кімнің белі бүгілмес-деген нақылдары бүгінгі күнде өз ата-аналарынан бас тартып, қариялар үйіне көш түзеген жастарымызға дәл тауып айтылған ақыл. Бұқар жыраудың адамды игілікке, әділдікке, ізгілікке тәрбиелейтін адамгершілік мәселесін көтерген нақылға толы толғаулары – оның ұрпағына қалдырған асыл қазынасы. [5.97, 98 б.]

Бұқар жырау - шығармалары ғасырлар бойы маңызын төмендетпеген классик ақын. Классик-ақындардың айтар негізгі ойлары қоғамның мемлекеттік құрылысы, халық пен билік жүргізушілердің қарым-қатынасы, мораль мәселелері төңірегінде тоғысып жатады. Бұқар шығармашылығы көп

ғасырлық тарихы бар поэзияның қорытынды туынды іспеттес екенін атап айтқан жөн.

Бұқардың өлеңдері, өзі тұстас ақындармен салыстырғанда, кейінге молырақ жеткен. Оның Абылай туралы өлеңін жазып алып, алғаш пікір айтқан Шоқан Уәлиханов еді. Одан кейін жырау өлеңдерін жинап, ол туралы мәлімет берген белгілі фольклорист, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Жыраудың шығармаларын жинауда ерекше еңбек сіңірген адамның бірі -Мәшһүр Жүсіп Көпеев. «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплатонның ақылы керек», — деген екен Мәшһүр Жүсіп атамыз.[6.224 б]

Жырау шығармаларының стилі қарапайым, логикасы жатық, терең мағыналы. Ақынның тілі таза, өрнекті, ұғымды. Философиялық ойлы жырлары өмір сырының әр қырлары: бақтың, тақтың, дәулеттің, тіршіліктің өркендеп өсу, өшу сияқты заңдылықтарының тиегін ағытып, елдің қайратының қаншама азып, тозса да, тұтқасы халықта, оның бірлігінде екенін көрсете білуі. Сондықтан Бұқар жырау шығармаларына үш ғасырдан бері әрбір жаңа ұрпақ ерекше ынта қойып, жаңа қырынан танып келеді. Бұқар жырау поэзиясы нақылға, өсиетке, ғибратқа құрылған.

Халықтың, қоғамның тарихи жадын, рухын, санасын оятуға мейлінше мол еңбек сіңірді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1992. -95 б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, (Басылым 1979 ж. Зерттеулер, мақалалар /-406-б.
3. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. / Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. -Алматы: Жазушы, 1984. — 91-б.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. -Алматы: Санат, 1997. 352 б.
5. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Оқулық. - Алматы: Ана тілі, 1992. -97, 98-б.
6. Көпеев М. Ж. Екі томдық. 2 т. -Алматы: Ғылым, 1992 -224 б.

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РУХЫ

Бұқар жыраудың шығармалары — қазақ халқының мәдени мұрасының айшықты бөлігі. Бұқар жырау қазақ руханиятының дамуына зор үлес қосып, ұлттың тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ қазақ халқының рухани өмірін терең зерттеп, дәріптеген. Оның шығармалары мен ойлары қазіргі қазақ әдебиетінің, философиясының және тарихының алтын қазынасына айналған. Ол қазақ халқының тарихында маңызды орын алады, себебі оның шығармалары ұлттық рухты, тарихи жадыны сақтау және халқымыздың болашақ ұрпақтарына аманат ету тұрғысынан аса маңызды.

Бұқар жыраудың шығармалары мен даналығы ұлт рухының сақталуына зор әсер еткен. Оның айшықты сөздері мен терең ойлары қазақтың мәдениеті мен философиясын дамытуға үлес қосты. Бұқар жырау халықты бірлікке, ел тұтастығына шақырып, әділеттілікті, адалдықты және адамгершілікті жоғары бағалады. Ол өз өлеңдерінде әлеуметтік мәселелерді, халықтың ауыр халін және ел билеушілеріне деген талаптарды ашып көрсетті.

Бұқар жыраудың ұлт рухы туралы ойларының бірегейлігі – оның халықтың болашаққа деген сенімін нығайтуда және ұлттың санасын көтеруде ерекше маңызға ие болғандығында. Ол өз шығармаларында елдің еркіндігін, тәуелсіздігін сақтап қалу үшін әрбір азаматтың өз Отанын, туған жерін құрметтеп, ұлттық құндылықтарға адал болуы керек екендігін атап өтті.

Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресі мен ұлт бірлігін ұлықтаған Бұқар жырау өзінің өлеңдері мен толғауларында: «Ел үшін жан пида, ұлт үшін туым ұста» деген сияқты терең мазмұнды сөздер қалдырды. Оның шығармалары қазақ халқының рухани байлығын көрсетеді, ұлттық сана-сезім мен ұлттық бірлікті нығайтуға зор ықпал етті.

Оның өлеңдерінің рухы — ұлттық сана-сезімді оятатын асыл қазына.

Бұқар жырау шығармаларының әрбір жолы бір-бірімен тығыз байланысты, ұлттық сана-сезімді, адамгершілік пен әділеттілікке деген ұмтылысты білдіреді. Оның тілі қарапайым, анық және ойы терең, әрбір сөзінің мағынасы айқын.

«Ағайынның аразы

Елдің сәнін кетіреді.

Абысынның аразы

Ауыл сәнін кетіреді» - деп Бұқар жырау өз жырларында

адамгершілік, имандылық, шынайылық сияқты асыл қасиеттерді дәріптейді.

Ол әділеттілік, теңдік, адалдық туралы толғанып, халықты әділетсіздікке қарсы күресуге шақырады.

Бұқар жырау шығармалары қазақ тілінде жазылған. Оның тілі бай, көркем, әдеби тілдің үлгісі. Ол «Ел бастау қиын емес – қонатын жерден көл табылады, Қол бастау қиын емес – шабатын жерден ел табылады, Бәрінен де шаршы топта сөз бастаудан қиындықты көргенім жоқ» деп сөз қадірін ұқтырады.

«Өлең — сөздің данасы,
Шындықтың шырақ анасы.
Жаныңның жайлы панасы,
Ойыңның өткір санасы» - деп сөз қадірін тереңнен ұқтырады.
«Жаманмен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айрылмасқа серт етер.
Ит жүгіртіп, құс салсаң,
Киген тоның түлкі етер.
Сыпайы сырын білдірмес,
Ақырын ғана бүлк етер» - деген жолдар арқылы ұлттық сана-сезімді сақтауға және дамытуға ықпал етеді.

Бұқар жырау өз шығармаларында өмір шындығын, қазақ халқының тұрмысын, салт-дәстүрлерін, тарихын, аңыздарын бейнелейді.

«Ауыл маңын мал жесе,
Ауыл сәнін кетіреді.
Елдің ішін дау жесе,
Елдің сәнін кетіреді.
Көрші аралас өтпесе,
Көңілдің көркін кетіреді.
Абысын тату өтпесе,
Ағайын сәнін кетіреді.
Ағайын тату өтпесе,
Ұлыстың сәнін кетіреді.
Бірін бірі кешпесе,
Ең соңында өтпесе,
Қарайып қаны кектесіп,
Бірін бірі өлтіреді».

Оның жырларында қазақ халқының қиыншылықтары, қуаныштары, армандары және үміттері жаңғырып тұрады.

Оның шығармалары арқылы 18 ғасырдағы қазақ халқының тұрмысын, әдет-ғұрыптарын және тарихын толығымен елестетуге болады.

Бұқар жырау шығармалары қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға, елінің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеуге шақырады.

«Ел шетіне жау келсе,
Ерлер шығар түрініп.
Ел ішіне дау келсе,

Шешен сөйлер жүгініп.

Тентекпен ел бүлінсе,

Билер шешер жүгінтіп» - деп ел тарихын, дәстүрін сақтауда батырлар мен билердің ықпалы зор екенін көрсетті.

Оның жырлары арқылы қазақ халқының рухани байлығын, ұлттық бірлігін, егемендігін сақтау керектігі ашылады.

Бұқар жырау өз шығармаларында заман шындығын, қоғамдағы өзгерістерді, қиындықтарды, қайшылықтарды, әділетсіздіктерді көрсетеді.

«Қалмақ қонды жеріңе,

Қырғын салды еліңе.

Тұлымдыңды тұл қылды,

Айдарлыңды құл қылды.

Солқылдаған мырзаңды,

Табанға салып жүн қылды».

«Қыраулы қыста айдаған,

Топырлатып байлаған,

Қазаныңды алған қайнаған,

Қонысыңнан аударып,

Жер-суыңнан қаңғыртып,

Қырылып жонда аңыраған.

Кекті қашан аласың?» - деген жолдары дәлел.

Ол сонымен қатар қазақ халқының болашаққа деген үмітін, елінің дамуына деген сенімін білдіреді. «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекең біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында елдің болашағын, татулығын сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау жөнінде айтады.

«Ер жігітке жарасар

Қолына алған найзасы.

Би жігітке жарасар

Халқына тиген пайдасы.

Ақсақалға жарасар

Тілеуқорлық айласы.

Бәйбішеге жарасар

Еміздіктеген сабасы.

Келіншекке жарасар

Емшектегі баласы» - ел тұтастығы ата мен бала, ана арасындағы сыйластық екенін, ел қорғайтын батыр, ата сөзіне тоқтайтын ұрпақ екенін айтады.

Бұқар жырау шығармалары қазақ халқының рухани мұрасын сақтау, оның ұлттық сана-сезімін дамытуда маңызды рөл атқарады.

«Жақсының аты өлмейді,

Ғалымның хаты өлмейді»- деп өзі айтақшы Бұқар жырлары ұлттық

рухымызды көтеруге зор ықпал етеді. Оны ұрпаққа жеткізу, түсіндіру біздің

міндетіміз деп ойлаймын. Себебі, оның жырлары бүгінгі таңда да жастарға өнеге, білім, адамгершілік қасиеттер беріп, оларды ұлттық рухта тәрбиелеуге қызмет етеді.

Бұқар жыраудың шығармашылығы қазақ әдебиетінде маңызды орын алады. Оның өлеңдері мен толғаулары философиялық тереңдігімен, эмоционалдық күшімен ерекшеленеді. Қазақ халқының рухани әлемін ашатын көптеген ойлы сөздері мен толғаулары қазіргі таңда да өз маңыздылығын жоғалтпаған. Бұқар жырау өз шығармалары мен ойлары арқылы қазақ руханиятының алтын қазынасына айналып, оның есімі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмалиев Қ. Ж. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы.
2. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: 1967, /32-51/
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиеті тарихы. - Алматы: «Санат», 1994
4. Мамырұлы К. Қазақ тарихы. - Алматы: Ғылым, 1995.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: «Ғылым», 2000, /386-418/

СМАГУЛОВА ГУЛЬНАР КАБДОЛЛАЕВНА

Қ. Мұңайтпасов атындағы олимпиада
резервінің республикалық мамандандырылған
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІ

Баяндаманың мақсаты: Бұқар жырау шығармаларының ел бірлігін сақтау мен нығайтудағы тарихи және тәрбиелік рөлін көрсету, ата-бабадан қалған мұраны жас ұрпақтың бойына сіңіру арқылы ұлттық құндылықтарды ұлықтау.

Баяндаманың міндеттері:

1. Бұқар жыраудың шығармашылығындағы ел бірлігін дәріптейтін негізгі идеяларды талдау.
2. Жырау мұрасын бүгінгі қоғамның тәрбиелік құндылықтарымен байланыстыру.
3. Ел бірлігі мен ынтымақ тақырыбында Бұқар жырау мұрасының болашақ ұрпаққа берер үлесін түсіндіру.

Құрметті әріптестер!

Біздің ата-бабамыз ұлт ретінде қалыптасу жолында көптеген сын-қатерлерді бастан өткергендігі белгілі. Біздің ұлттың тарихында ел бірлігі әрдайым басты құндылықтардың бірі болған. Бұқар жырау Қалқаманұлы осы идеяларды дәріптеп, ұрпағына қалдырған асыл мұрасы арқылы ел бірлігінің

мызғымас діңгегіне айналды. Бүгінгі сөзіміз осы ұлы тұлғаның мұрасына арналады.

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668–1781) – Қазақ хандығының көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ халқының ұлы жырауы. Ол ХҮІІІ ғасырдағы жоңғар басқыншылығына қарсы күрестің рухани көшбасшыларының бірі болып, елдің тұтастығын сақтауға айрықша үлес қосты. Үш жүздің басын біріктіруді басты мақсат еткен Абылай ханның сенімді кеңесшісі.

1. Бұқар жырау шығармаларындағы ел бірлігі идеясы

Бұқар жырау жоңғар шапқыншылығы кезеңінде елді бірлікке шақырған данагөй тұлға. Оның жырлары халықтың рухын көтеріп, басын біріктіруді көздеді. Жыраудың: *«Бірлік болмай, тірлік болмас»* деген идеясы ел арасында кең тарады. Ол ел билеушілеріне ақыл-кеңесін айтып, ел мүддесін бәрінен биік қоюға шақырды. Мысалы, Бұқар жырау Абылай ханға арналған толғауларында халықтың бірлігін сақтау үшін ханның әділ болуын, ел ішіндегі алауыздықты тоқтатуды насихаттайды. Осылайша, жырау өз заманындағы көшбасшылар мен қарапайым халыққа ортақ үндеу тастады.

Абылай ханның асында,
Бұқарекен жырлайды.
Жырлағанда не дейді,
Соғыспа деп жырлайды!
Зарын қосып жырлайды,
Соғыспа деп жырлайды,
Бұқар деген кәріңіз!
Соғыспен кетер сәніңіз,
Жауластық жолды сүймеңіз.
Мынау жалған сұм дүние

Өтпейді менен деменіз,-деп соғыстың еш жақсылық әкелмейтіндігін тілге тиек еткен.

Бұқар жыраудың өмір сүрген дәуірі қазақ тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі еді. Бұл кезеңде жоңғар қалмақтарының басқыншылығы қазақ жерін талай рет қанға бөктірді. Бұқар жырау осы тарихи оқиғалардың барлық ауыртпалығын өз халқымен бірге көтерді. Әсіресе, өзі туған өлкесін азат ету күресінде ерекше белсенділік танытып, батырларға ақылшы әрі рухани дем беруші болды. Абылай ханның Бұқар жыраумен терең қарым-қатынасы осы кезеңде айқын көрінеді. Абылай бастаған қазақ қолы жоңғарларға қарсы шешуші ұрыстарға аттанып, бұл шайқастарда Айдаболдан шыққан Аталық батыр мен Сүйіндік елінің даңқты ұлы Олжабай батыр ерекше ерлік көрсетті. Жоңғар шапқыншылығы басылғаннан кейін, Абылай ханның көрші қырғыздармен және Ташкент билеушілерімен арадағы саясаты жаңа дауларды туындатты. Осы мәселеде Олжабай батыр Абылайдың саясатына қарсы шыққан болатын. Бұқар жырау бұл тұста батырдың ұстанымын қолдап, мәселені бейбіт шешуді жақтады. Халық аңыздарына сүйенсек, Олжабай қырғыздармен келіссөз жүргізіп, соғыссыз мәмілеге келді.

Елдің бірлігі артқан кезеңде Абылай хан бастаған қазақ қолы жоңғардың хонтайшысы Қалден Серенді Қарқаралы мен Баянауыл өңірлерінен ығыстырып, үлкен жеңістерге жетті. Бұл оқиғаларда Бұқар жырау қазақ батырларының, соның ішінде Бөгенбай батырдың рөлін ерекше дәріптеді. Бөгенбайдың өлімін Абылай ханға естірте отырып, Бұқар оның батырлық тұлғасын халқымен, ел қайғысын ханның қайғысымен байланыстыра жырлады. Жырау Бөгенбайды қазақтың даңқты батырларының қатарына қосты, оның тарихи орнын даралап көрсете білді.

Бұқар жырау қазақ халқының тағдыры қыл үстінде тұрған, Жоңғар басқыншылығы тұсындағы ауыр кезеңде өмір сүріп, өз шығармашылығымен сол замандағы күрделі мәселелерге жауап берді. Ел басына түскен сын сағаттарда ол Абылай ханға кеменгер кеңесші болып, халықты жауға қарсы біріктіруге және бір ту астында топтастыруға бар күш-жігерін салды. Өзінің отансүйгіштік рухқа толы жыр-толғауларымен Бұқар жырау азаттық күрестің рухани жаршысына айналды.

Жетінші тілек тілеңіз:

Желкілдеген ту келіп,

Жер қайысқан қол келіп,

Сонан сасып тұрмасқа,-деп ел бірлігі, ел тыныштығын Алладан тіле деген ойын ортаға салған.

Бұл толғаулар Абылайдың ұлты үшін жасаған қызметін, көрегендігі мен ел болашағы жолындағы ерен еңбегін терең тебіреніспен сипаттайды. Бұқар жырау өз дәуірінің үнін жеткізіп, азаттық үшін күрестің рухани тірегіне айналды.

Бұқар жыраудың бұл тарихи оқиғалардағы рөлі тек рухани қолдаумен ғана шектелмей, қазақ халқының бірлігі мен азаттығын нығайтуға бағытталған ұлы идеяларымен ұштасып жатты.

Жақын жерден шөп жиса,

Жердің сәнін кетіретер,

Ағайынның аразы-

Елдің сәнін кетіретер.

Абысынның аразы-

Ауыл сәнін кетіретер.

2. Ел бірлігі және қазіргі қоғамдағы тәрбиелік мәні

Бұқар жырау жырларынан біз бірлік пен татулықтың ұлт болашағы үшін қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Оның шығармаларындағы құндылықтарды бүгінгі тәрбиелік бағдарламаларға енгізудің маңызы зор. Қоғамда жеке бас мүддесін емес, ортақ құндылықтарды жоғары қою арқылы бейбіт өмір мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге болады. Мектептер мен тәрбие сағаттарында Бұқар жырау шығармаларын оқу:

- жастардың ұлттық санасын оятуға;
- ткеннен сабақ алуға;
- бірлік пен ынтымақты бағалауға үйретеді.

3. Ел бірлігінің болашақ ұрпаққа әсері

Бұқар жырау шығармаларының тақырыптық аясы кең. Жақсылық пен жамандық, елдік пен ерлік, ізгілік пен зұлымдық, әділдік пен әдептілік, жастық пен кәрілік, татулық пен араздық, достық пен дұшпандық, адалдық пен арамдық, тектілік пен азғындық, тұтастық пен бірлік сынды жаратылыстың күрделі құбылыстарын қамтиды. Уақыт өткен сайын толғаулары жаңаша түрленіп, тың иірімдері ашылуда.

Құрметті қауым! «Бұқар жырау - ел бірлігінің мызғымас діңгегі. Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармаларындағы ел бірлігі идеясы бүгінгі күннің ғана емес, болашақтың да темірқазығы болмақ. Біз осы құндылықтарды құрметтеп, жас ұрпақтың бойына сіңіре білсек, қазақ халқының рухы әрдайым асқақ болмақ. Ендеше, біз барлығымыз, ұстаздар мен тәрбиешілер, балаларымызға елдің мызғымас бірлігі мен ынтымағын насихаттап, Бұқар жыраудың дана сөздерін үлгі етейік!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Мағауин Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 3 кітап. Оқулық.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеті. (ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ.) Оқулық. - Алматы, 1991.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 [ISBN 978-601-01-0268-2](#)
4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «[Қазақ энциклопедиясы](#)» Бас редакциясы, 1998 жыл, [ISBN 5-89800-123-9](#), II том
5. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 [ISBN 9965-26-322-1](#)
6. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. [ISBN 9965-32-491-3](#) Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 [ISBN 9965-17-272-2](#)

«БҰҚАР ЖЫРАУ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі талаптарының бірі-оқушыға өмірде қолданатын білім беру. Ол дегеніміз білімалушы өзінің қабілетін мектеп қабырғасында шыңдай отырып, болашақта білімі мен қабілетін ұштастырып, қоғамға пайдалы болу деген мәселені көздейді. Ал жалпы функционалдық сауаттылық дегеніміз не? -деген маңызды сұрақ бар.

Функционалдық сауаттылық – адамның алған білімін өмірдегі нақты жағдайларда қолдана білу қабілеті. Бұл тек оқу, жазу, санау дағдылары ғана емес, сонымен қатар, түрлі ақпараттарды түсіну, талдау, саралау және оны тәжірибеде пайдалану шеберлігі. Функционалдық сауаттылық қоғамның даму талабына сай өзіндік шешім қабылдау, проблемаларды шешу, басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнату, жаңа технологияларды игеру сияқты өмірлік маңызды дағдыларды қамтиды.



Сонымен қатар, функционалдық сауатты адам алған білімін күнделікті өмірде, жұмыс барысында немесе әлеуметтік ортада тиімді қолдана алады. Ол ойлау, талдау, жүйелі жоспарлау, ақпаратты іздеу, ақпаратты қайта өңдеу және өзгелермен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгерген тұлға болып табылады.

Функционалдық тапсырмаларды қолдану арқылы Бұқар Жыраудың шығармаларын тереңірек түсіну мүмкіндігі туындайды. Бұл тапсырмалар оқушылардың алған білімін тек теориялық тұрғыдан емес, сонымен бірге күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Мақалада Бұқар Жыраудың шығармашылығына негізделген функционалдық тапсырмалардың түрлері қарастырылып, олардың оқыту процесіндегі рөлі мен тиімділігі талданады. Бұл мәселе мектеп табалдырығын аттаған әр бүлдіршіннен бастап 11 -сынып бітіретін түлектер үшін де аса маңызды. Сондықтан 1-11 сыныптар арасында берілетін білім бойынша барлық пәннен функционалдық сауаттылық тапсырмалары үнемі қолданылады.

Функционалдық тапсырмалар — оқушылардың алған білімін тек қана теориялық тұрғыдан түсінуді емес, сонымен қатар оны күнделікті өмірде қолдануды талап ететін тапсырмалар. Бұқар Жыраудың шығармашылығында терең философиялық ойлар, қоғам мен адамға қатысты пайымдаулар және ұлттық құндылықтар бар. Сондықтан оның шығармаларын зерттеу барысында функционалдық тапсырмаларды қолдану, оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Сурет пен жұмыс» оқушыларға жырау өмір сүрген тарихи кезең бойынша немесе жыр тақырыбына байланысты суреттерді көрсетіп оларға шағын мәтін немесе әңгіме құрастыртуға болады.

1. «Жағдаяттық шешімдер» оқушыларға әр түрлі жағдайаттық оқиғаларды беру арқылы «Бұқар жыраудың» орнында болсаң не істер едің?» сұрағы арқылы логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіруге болады.
 2. «Өзің аяқта» бастап салынған суреттер немесе комикстер, бастап жазылған жыраудың жырларын беріп өзіне аяқтатуға болады.
 3. «Тыңда да таңда» әдістерімен тыңдаған мәліметтері бойынша сәйкестендіру тапсырмаларын орындауға беруге болады.
- Мысалы: «Сурет пен жұмыс» әдісі бойынша «Қазақ хандығы Абылай хан заманында» тақырыбына мына суреттерді бере отырып, оқушының жазылым, айтылым дағдысын дамытуға болады. Суретке қарап шағын мәтін құрастыр.



«Жағдаяттық тапсырмаға». Мысалы: Жағдаят: Сенен ел билеу ісіндегі қиындықтар туралы хан кеңес сұрады. Сен ең алдымен не айтар едің? Хан және кеңесшіні сен қалай елестетесің? Қазіргі сұранысқа орай осы тақырып бойынша жасанды интеллектің көмегімен 9-сынып оқушыларына қандай тапсырмалар ұйымдастыра аламыз. Шолу жасап көрейік.

1. BilimLand (bilimland.kz). Қазақ әдебиеті пәнінен тақырыптық видеосабактар, тапсырмалар және тесттер ұсынады. Функционалдық сауаттылықты дамытатын интерактивті тапсырмалар бар. Оқушылар мәтінмен жұмыс істеп, оқылым, жазылым және ойлау дағдыларын дамыта алады.
2. Оріқ платформасы. Мүмкіндіктері: Қазақ әдебиеті пәні мектеп бағдарламасына сай цифрлық оқулықтар ұсынады. Әр бөлімде оқылым, жазылым, айтылым тапсырмалары беріледі. Мұғалімдер оқушылардың жұмысын бағалап, нәтижелерін бақылай алады. Мысалы тапсырма:
3. Google Forms. Мүмкіндіктері: Мұғалімдер функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмаларды онлайн тест немесе сұрақ-жауап форматында жасай алады. Оқушылардың нәтижесін тез бағалап, кері байланыс беруге ыңғайлы. Мысалы тапсырма: Қысқа мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беру.

4. Quizizz. Мүмкіндіктері: Оқушыларға арналған ойын форматындағы интерактивті тапсырмалар. Мұғалімдер қазақ әдебиеті тақырыбына байланысты сұрақтар жасап, оқушыларды белсенділікке тартады.

Бұл платформалар арқылы қазақ әдебиеті пәнінен функционалдық сауаттылық тапсырмаларын жасауға, орындауға және бағалауға болады. Мұғалімдер оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін осы құралдарды тиімді пайдалана алады.

Қорытындылай келе, білім берудің мүмкіндіктері жоғарылаған уақытта оқушыға керекті білімді қол жетімді, пайдалы, қызықты етіп бере алу әр ұстаздың шеберлігіне сәйкес жүзеге асырылады. Ендеше сәттілік әріптестер!

Аннотация

Бұл мақалада қазақ әдебиеті пәні бойынша 9-сынып оқушыларына арналған «Бұқар жырау» шығармашылығына негізделген функционалдық тапсырмалар қарастырылады. Функционалдық сауаттылықтың маңызы, оны дамытудың әдістері және оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырудағы рөлі талданады. Сондай-ақ, білім беру стандарттарына сәйкес оқытудың заманауи цифрлық платформаларын (BilimLand, Opiq, Google Forms, Quizizz) қолдану мүмкіндіктері ұсынылады.

Аннотация

В данной статье рассматриваются функциональные задания по творчеству Бухар-жырау для учеников 9 класса в рамках предмета «Казахская литература». Анализируется важность функциональной грамотности, методы её развития и роль в повышении познавательных способностей учащихся. Также предлагаются возможности использования современных цифровых платформ (BilimLand, Opiq, Google Forms, Quizizz) в соответствии с образовательными стандартами.

This article explores functional tasks based on the works of Bukhar Zhyrau for 9th-grade students in the subject of Kazakh literature. It analyzes the importance of functional literacy, methods for its development, and its role in enhancing students' cognitive abilities. The article also suggests using modern digital platforms (BilimLand, Opiq, Google Forms, Quizizz) in line with educational standards.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Әдістемелік нұсқау хат 2024-2025 оқу жылы Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә. «Қазақ әдебиеті» оқулық. «Мектеп» баспасы 2019 жыл 257 бет
2. Т. Жұртбай «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, Нұр-Сұлтан қ., 26 мамыр 2022 ж.
3. <https://chatgpt.com/>

БҰҚАР ЖЫРАУ ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ

Аңдатпа. Бұл баяндамада Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығы қарастырылады. Жыраудың ел бірлігі, әділеттілік, бейбітшілік пен татулық туралы толғауларының маңызы ашып көрсетіледі. Бұқардың Абылай ханға берген ақыл-кеңестері, әділдікке үндейтін ойлары талданады. Оның жырларының тәрбиелік мәні, қазіргі заманмен байланысы айқындалады. Жыраудың шығармалары ұлттық рухани мұра ретінде бағаланып, оның қазіргі қоғамға тигізер ықпалы зерделенеді.

Кілт сөздер:Бұқар жырау, толғау, жыраулық поэзия, ел бірлігі, Абылай хан, бейбітшілік, әділеттік, рухани мұра.

Аннотация. В докладе рассматривается жизнь и творчество Бухар-жырау Калкаманулы. Раскрывается значение его толгау о единстве народа, справедливости, мире и согласии. Анализируются советы жырау Абылай хану и его призывы к справедливости. Особое внимание уделяется воспитательному значению его произведений и их связи с современностью. Творчество жырау рассматривается как национальное духовное наследие, оказывающее влияние на современное общество.

Ключевые слова:Бухар-жырау, толғау, жырауская поэзия, единство народа, Абылай хан, мир, справедливость, духовное наследие.

Annotation.This article examines the life and work of Bukhar Zhyrau Kalkamanuly. It highlights the significance of his tolgaus (philosophical reflections) on national unity, justice, peace, and harmony. The analysis focuses on his advice to Abylai Khan and his calls for justice. Special attention is given to the educational value of his works and their relevance to modern times. Bukhar Zhyrau's creativity is regarded as a national spiritual heritage that continues to influence contemporary society.

Keywords:Bukhar Zhyrau, tolgau, zhyrau poetry, national unity, Abylai Khan, peace, justice, spiritual heritage.

Қазақ халқының рухани мұрасында Бұқар жыраудың орны ерекше. Ол – халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілектерін жырлаған, сол замандағы қоғамдық-саяси өмірдің айнасы болған ұлы тұлға. Бұқар жырау өз дәуірінің ұлы жыршысы ғана емес, сонымен қатар елдің бірлігін сақтауға ұмтылған дана ойшыл, саясаткер және батыл күрескер. Оның жырларының мазмұны терең, тәлімдік маңызы зор. Бұл мақалада Бұқар жыраудың өмірі, шығармашылығы және оның өз заманының жыршысы ретіндегі рөлі қарастырылады.

1. Бұқар жыраудың өмірі. Бұқар жырау Қалқаманұлы шамамен 1668-1781 жылдары өмір сүрген. Ол Абылай ханның кеңесшісі әрі рухани ұстазы

болған. Жыраудың жастайынан шешендік өнерге бейімділігі байқалған. Оның есімі тек қазақ даласында ғана емес, көршілес елдерде де танымал болды. Бұқар жырау өз заманының оқиғаларын терең түсініп, оларды шеберлікпен жырға қосқан. Жырау жастайынан-ақ халықтың жағдайын жіті бақылап, ел тағдырын ойлаған. Оның өмірі мен қызметі қазақ елінің бірлігін сақтауға бағытталды [1;24].

2. Бұқар жырау шығармашылығының ерекшелігі. Бұқар жыраудың шығармашылығы негізінен толғау жанрына жатады. Толғауларда жырау философиялық ойлар мен замана мәселелерін қозғаған. Ол адамдардың мінез-құлқын, қоғамның әл-ауқатын, билеушілердің саясатын саралап, халыққа бағыт-бағдар беруге тырысты. Бұқардың жырлары тақырыптық жағынан әртүрлі: ел бірлігі, татулық, әділдік, өмірдің мәні мен өткіншілігі, өлім туралы ойлар ерекше назарға алынады [2;45].

2.1. Ел бірлігі мен бейбітшілік тақырыбы. Бұқар жырау көбінесе ел бірлігін, татулықты насихаттады. Ол Абылай ханға жиі ақыл-кеңес беріп, оның сыртқы саясатта дұрыс шешім қабылдауына ықпал еткен. Мысалы, оның:

«Бірлігі жоқ ел тозар,

Бірлігі күшті ел озар» деген жыр жолдары қазақ халқының ұранына айналды [3;56]. Бұқар жырау ел бірлігін сақтауды, көрші мемлекеттермен бейбіт қарым-қатынас орнатуды басты мақсат етіп қойды. Оның ойынша, елдің амандығы үшін ішкі тыныштық пен татулық қажет.

2.2. Билеушілерге сыншыл көзқарас. Бұқар жырау өз толғауларында тек халыққа ғана емес, билеушілерге де үндеу тастаған. Ол ханның билігі шексіз болмауы керектігін айтып, әділетсіз билеушіні сынаған. Жыраудың:

«Ханға қарсы сөз айттым,

Ханға қарсы тұра алмас,

Қара халық шындаса» деген сөздері оның батылдығын көрсетеді [4;78]. Бұқар жырау Абылай ханға да сын айта отырып, оның кейбір іс-әрекеттеріне қарсы шыққан. Мысалы, Абылайдың жорықтарын қолдамаған сәттерінде жырау оған бейбіт саясат жүргізуді ұсынған. Бұл оның билікке бағынышты емес, шындықты айтуға батылы жететін тұлға болғанын көрсетеді.

2.3. Өмірдің өткіншілігі мен өлім тақырыбы. Бұқар жыраудың толғауларының маңызды тақырыптарының бірі — өмірдің өткіншілігі. Ол өмірдің мәні мен өлімнің хақ екендігі туралы ой қозғаған. Жыраудың:

«Өттің, дүние, кеттің, дүние,

Өтпей қала ма екенсің?» деген жырлары адам баласының өмірге көзқарасын өзгертіп, мәңгілік құндылықтарды ой елегінен өткізуге мәжбүрлейді [5;89]. Бұл толғаулардың тәрбиелік мәні зор, себебі ол адамды адалдыққа, сабырлыққа, ізгілікке баулиды.

3. Бұқар жыраудың замандастары мен оның беделі. Бұқар жырау өмір сүрген заманда Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды әйгілі билер, сондай-ақ Абылай хан секілді тұлғалармен бірге қызмет етті. Олардың әрқайсысы елдің бірлігін нығайтуға күш салды. Бұқар жырау билердің даналық сөздеріне

қосымша ой қосып, елдің болашағы үшін маңызы зор шешімдер қабылдауға қатысып отырды [6;102]. Абылай хан Бұқар жырауды ерекше құрметтеп, оның кеңесін жиі тыңдаған. Бұл жағдай оның беделінің қаншалықты жоғары болғанын көрсетеді.

4. Бұқар жыраудың мұрасы және оның қазіргі заманмен байланысы. Бұқар жыраудың мұрасы – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің асыл қазынасы. Оның жырлары бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ел бірлігі, әділеттілік, адамгершілік туралы ойлары қазіргі заманғы қоғамдық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, қазіргі таңда да қоғамда татулық пен келісімге ұмтылу қажет, бұл — Бұқар жыраудың негізгі идеяларының бірі [7;115].

Бұқар жыраудың шығармалары мектеп оқулықтарында, жоғары оқу орындарының бағдарламаларында кеңінен оқытылады. Оның толғаулары әдебиеттанушылар мен тарихшылардың зерттеу нысанына айналған. Жыраудың ойлары қазіргі қоғамның дамуы үшін де құнды рухани азық бола алады.

Қорытындылай келе Бұқар жырау – өз заманының жыршысы ғана емес, ұлттың рухани көшбасшысы. Ол халықтың үміті мен мұңын жырға қосып, билеушілерге ақыл айтқан дана тұлға. Жыраудың толғаулары ел бірлігін, татулықты, әділдікті насихаттап, өмірдің мәні мен адамның орны туралы терең ой қозғайды. Оның шығармалары қазақ халқының рухани мұрасында мәңгі сақталады. Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығы қазіргі қазақ қоғамының рухани жаңғыру жолында маңызды бағыт-бағдар бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Наурызбай К. Бұқар жырау – мемлекетшіл тұлға / <https://e-history.kz/kz/news/show/339286>
2. Топашов М. Бұқар жырау толғауларының идеялық-тақырыптық сипаты / Қазақ тілін оқыту әдістемесі: тәжірибесі, бүгінгі өзекті мәселелері және болашағы ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Нұр-Сұлтан, 2019. - 208 - 215 Б. <https://rep.keu.kz/handle/123456789/572>
3. Жалелов Д.С., Алимбаев А.Е., Мирзахметов А.А. Бұқар жырау толғауларындағы синкреттіліктің көрінісі // М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, «Керуен» ғылыми журналы, №1, 82-том, 2024. 188-бет.

БҰҚАР ЖЫРАУ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қазақ әдебиті тарихында өзіндік ереулі орны бар, ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосарлық өшпес мұра қалдырған XVIII ғасыр әдебиетінің өкілдерінің бірі -Бұқар жырау Қалқаманұлы. Қазақ халқының тарихындағы қиын – қыстау кезеңде өмір сүрген жырау өз шығармаларында, халқының мұң-мұқтажын, күрделі мәселелерін, ел бірлігін жырлады. Оның шығармалары ұрпақ тәрбиесіне айтарлықтай ықпал етіп, жастарға дұрыс бағыт-бағдар берді. Бұқар жырау өз шығармаларында адам бойындағы ізгі қасиеттерді, адамгершілік пен адалдықты басты құндылық деп таныған. Оның өлеңдері мен жырлары жастарды кішіпейілдікке, еңбекқорлыққа, әділеттілікке, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында жазылған. Бұқар жырау халықтың ұрпағына өмірдің мәнін терең түсіндіріп, өмір жолында дұрыс таңдау жасауға көмектесетін көптеген даналық ойлар айтты. Оның шығармаларындағы тәрбиелік мән мынадай негізгі аспектілерді қамтиды: Әділеттілік және адамгершілік Бұқар жырау шығармаларында адамзаттың басты құндылығы – әділеттілік пен адамгершілік екені айқын көрінеді. Ол билерге, ақсақалдарға, ел басқарушыларға әділ шешімдер қабылдауды және халыққа адал қызмет етуді уағыздады. Жыраудың бір топ жырлары: «Ежелгі дос жау болмас», «Шашырап шыққан қандар көп», «Мырзалық қонаққа пайда, малға қас», «Жар басына қонбаңыз», «Жал құйрығы қаба деп» және тағы басқа толғауларында ел бірлігі, жақсы мен жаман, білімділік пен надандық, жалпы ізгілік мәселелерін қамтиды. Елдік пен бірлік Бұқар жырау өз шығармаларында ұлттың бірлігін, елдің тыныштығын, қоғамдық келісімді сақтау қажеттілігін ерекше атап өткен. Ол қазақ халқының ынтымақ-бірлігі арқылы ғана қиындықтарды жеңіп, болашаққа нық қадам баса алатынын түсіндірді. Жыраудың бүкіл жыр-толғаулары афоризмдерден өрілген. Ақылгөй абыз дәулетке, баққа қызықпа, арынды ақсатпа, малға сатпа, ол мәңгілік нәрсе емес, «өзгереді, өзгергенді көз көреді» – дейді. Ол арамзалық алысқа шаппайды, «Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам» ұзаққа бара алмайсың, халықтың шындық атты қақпапаны бар, адалдық атты тұзағы бар, соған түспей өтпейсің, - деп ескертеді. Абылай тұсындағы тынымсыз жорықтардың ел берекесін кетіріп жатқан кезеңінде ханға айтқан жырау ақылдарының ең тиімдісі- қазақтың өзара бірлігін сақтауға, одан кейін көрші елдермен алыс-беріс жасап, жауласпай тату өмір сүруге үндеу болса керек: Өлетұғын тай үшін, Қалатұғын сай үшін, Қылмандар жанжал, ерегіс, – деп, ол мал немесе жер үшін өзара жанжалдасуға қарсы шығады. Ағайыншылық-татулық-елді берекелі ететін ең қажет нәрсе деп біледі. Мұсылманның баласы, Сірә, бір кеңес құрыңыз, Бірауызды болыңыз!

Ақын бірауызды, ынтымағы күшті елді осылай армандап, сондай елдің ғана болашағы мол олатындығына сенім білдіреді. «Ағайын тату болса, жат жанынан түңілер» деген халық мәтелін қоштай сөйлеп, ол тату-тәтті өмірді аңсайды: Жақын жерден шөп жиса, Жердің сәнін кетірет, Ағайынның аразыЕлдің сәнін кетірет. Абысынның аразыАуыл сәнін кетірет, – деп елдің бірлігін толғайды. Жыраудың толғаулары дүние шартын тізбелеген нақыл, афоризм көмбесі. Ол өзінің өлеңдерінде моральдық сарынға көп бағыттап, ағайыншылықты, татулықты, достықты үгіттейді, өзімшілдіктен сақтандырады. Ер жігіттің қадірін, Ағайын білмес, жат білер. Жорық жолы болуын Қария білмес, сәт білер.- дейді. Өмірдің мәні мен мақсаты Бұқар жырау жастарға өмірдің мәнін терең түсінуге шақырып, әр адамның өз жолында дұрыс таңдау жасау керектігін айтты. Мәселен жырау өзінің «Әлемді түгел көрсе де» деген өлеңінде адамзаттың дүниеде ештеңе тоймайтынын, адам болмысының сондай ашкөз екендігін көрсетеді. Әлемді түгел көрсе де, Алтын үйге кірсе де, Аспанда жұлдыз аралап, Ай нұрын ұстап мінсе де Қызыққа тоймас адамзат. Әлемді түгел білсе де, Қызығын қолмен бөлсе де, Қызықты күні қырындап, Қисынсыз күйге түссе де, Өмірге тоймас адамзат. Жақындап ажал тұрса да, Жанына қылыш ұрса да, Қалжырап, көңілі қарайып, Қарауытып көзі тұрса да - Үмітін қоймас адамзат.-

Осы өлең арқылы жастарға дүниеқоңыз, сабырсыз болмауды қанағатшыл болуды насихаттайды. Бұқар жырау адамның бойындағы ізгі қасиеттерді дамыту, өзін-өзі жетілдіру туралы насихаттады. Осылайша, ол өзінің өлеңдері арқылы жастарды моральдық тұрғыда жоғары деңгейде болуға, өмірде ізгі мақсатқа ұмтылуға баулитын еді. Өмірден сабақ алу Бұқар жырау өмірдің өткіншілігін, оның қысқалығын түсініп, әр сәтті бағалауға шақырды. Сондай ақ жастарға өмірінің әрбір маңызды сәтін ойланып, жеті өлшеп, бір кесуге кеңес береді. Мәселен: Жал, құйрығы қаба деп, Жабыдан айғыр салмаңыз! Қалың малы арзан деп, Жаман қатын алмаңыз! Жабыдан айғыр салсаңыз, Жауға мінер ат тумас. Жаман қатын алсаңыз, Топқа кірер ұл тумас, - деген афоризмге толы жыр жолдарынан жырау ойының нақты дәлдігімен қатар тура жолды көрсеткен өмірлік бағытын байқаймыз. Жырау ойды тереңнен меңзейді. Не жақсы, не жаман, өмірде қайтпек керек, қайтсек істеген ісіміз жақсылық болмақ деген сұрауларға жауап беруде оның өзіндік ұстанымы бар. Қай мәселені көтерсе де сара жол, ақиқатын ашып береді. Адами болмыстың биік шыңына жетудің бағытын көрсетеді. Мысалы: Жар басына қонбаңыз, Дауыл соқса үй кетер. Жатқа тізгін бермеңіз, Жаламенен бас кетер. Жаманмен жолдас болсаңыз, Көрінгенге күлкі етер. Жақсымен жолдас болсаңыз, Айырылмасқа серт етер, -деген толғауы осының айғағы. Жыраудың: Сыйлай бергін көнені Сыйламаған күң қылар Өзін тапқан енені. Қартайсаң қарт бабанды сыйлай бер, Күндердің күні болғанда Кімдер де кімнің белі бүгілмес, – деген нақылдары бүгінгі күнде өз ата-аналарынан бас тартып, қариялар үйіне тоғытқан жастарымызға дәл тауып айтылған ақыл. Бұқар жыраудың адамды игілікке, әділдікке, ізгілікке тәрбиелейтін адамгершілік мәселесін көтерген нақылға толы толғаулары – оның ұрпағына

қалдырған асыл қазынасы. Оның шығармаларында өмірдің қиыншылықтары мен сынақтарынан сабақ алу, оларды жеңіп шығу үшін табандылық пен шыдамдылық қажет екендігі туралы ойлар жиі кездеседі. Бұл жастарға қиындықтарға мойымауға, қиын кезеңдерді сабырмен қабылдауға үйретеді. Бұқар жыраудың шығармаларының тәрбиелік мәні өте зор. Ол өзінің даналық сөздері арқылы халқымыздың болашақ ұрпағын ақыл-парасатқа, әділеттілікке, елдікке, адамгершілікке тәрбиеледі. Осы тұрғыда оның шығармашылығы бүгінгі күнде де өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Сондықтан да біз жастарды Бұқар жыраудың өлеңдерімен таныстыру арқылы олардың рухани әлемін байытып, дұрыс өмір сүру жолын көрсетуіміз керек

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Әдістемелік нұсқау хат 2024-2025 оқу жылы
2. Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә. «Қазақ әдебиеті» оқулық. «Мектеп» баспасы 2019 ж., 257 бет
3. Т. Жұртбай «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, Нұр-Сұлтан қ., 26 мамыр 2022 ж.

АРЕНОВА ЖӘМИЛА САБИТОВНА

Астана қаласы

А. Байтұрсынұлы атындағы

№48 мектеп-лицейдің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІ

Ел бірлігі қай дәуірде де маңызын жоймаған өзекті мәселе. Ел арасындағы бірлік пен татулықты сақтау, сондай-ақ оны қорғау – көшбасшының маңызды міндеті. Қазақ тарихында аумалы-төкпелі кезеңдер аз болмаған. Сондай ауыр кезеңдерде дұрыс шешім қабылдап, болашақтың болжамын айқындап кеткен көшбасшы аз емес.

Ұлт тарихындағы қиын-қыстау кезеңдердің бірі – хандық дәуір. Тәуке, Болат хан, Абылай хандар тұсында ханға да, қараға да қара қылды қақ жарып, әділдігін айтқан мемлекет қайраткері Бұқар жырау Қалқаманұлының есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Хандық дәуірдегі жыраулық поэзияның тақырыптық тұрғыдан сан алуан болуының сыры да сол кездегі қоғамдық-саяси оқиғалармен тығыз байланысты десек артық айтпаймыз. Жыраулар поэзиясы қазақ әдебиетінің тарихында айрықша маңызға ие. Олай дейтініміз, жыраулар ханның кеңесшісі бола тұра, халық пен билік арасындағы

байланысты жақсартуға, бітімгершілікке шақыруға талпынған. Жыраулар сарай маңындағы оқиғаларды ғана емес, елдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді де тілге тиек етіп, мемлекетшілдік мұраттардың іске асуына мұрындық болған. Қажет болған жағдайда жауға қарсы аттанып, ел ішіндегі даудың да төрелігін айтқан. Сондықтан жыраулар поэзиясынан нағыз көшбасшылықтың айқын белгілерін аңғарамыз.

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығын зерттеу кеңестік кезеңнен басталған. Осы тұста ескере кететін бір жайт, Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармаларының мәнін айқындауда бірқатар теріс пікірлер айтылған. Мәселен, Бұқар жырауды үстем тап өкілі ретінде көрсетудің өзі оны тарихтан алыстатудың қамы болатын. Соған қарамастан жыраудың шығармашылығы туралы зерттеуді 1942 жылы С. Мұқанов бастап кеткен. Оның «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты оқулығында Бұқар жыраудың кедей таптың өкілі екендігін баса көрсетеді. Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, 1959 жылға дейін Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығына тыйым салынды[1]. 1956 жылы Есмағамбет Смайыловтың «Ақындар» монографиясында үстем тап жыршысы деген баға беріледі. Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев те осыған ұқсас пікірді ұсынады. Әдебиеттанушы ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі мұндай тұжырымды кеңестік кезеңдегі саяси цензураның ықпалы деп түсінеміз.

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығына дұрыс көзқарастың қалыптасуына Мұхтар Мағауиннің «Қазақ хандық дәуір әдебиеті» тақырыбындағы ғылыми зерттеуінің жарыққа шығуы себеп болды. Осы зерттеуден кейін ғана жыраудың есімі мектеп бағдарламасына еніп, оқулықтарда оның туындылары енгізіле бастады. Оның рухани мұрасы осы кезеңнен ғылыми айналымға түсті.

Бұқар жырау Қалқаманұлы – өз дәуіріндегі ең көрнекті тұлғаның бірі. Ханның кеңесшілік қызметтегі ең басты идесы – ел бірлігі. Халық даналығында «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген сөздің текке айтылмағаны белгілі. Бұқар жырау Қалқаманұлы ел бірлігінің бастау көзі отбасында екендігіне баса назар аударады. Мәселен, Бұл жалғанда бір жаман, ағайынның аласы, – деуінің сыры осында болса керек. Бұл туралы ғалым М.Топашов: «Бұқар жыраудың өлең-толғауларында елдің бірлігі, тұтастығы, тарихы мен мәдениетінің өркендеп дамуы айқын көрінеді. Оның туындылары әдетте нақыл, қанатты сөздерден құрылған философиялық толғаулар түрінде келеді. Толғауларында жырау өзінің адам және заман жайында түйгендеріп, тіршілікте, табиғатта болып жатқан өзгерістер, оның мән-мағынасы жөніндегі түсініктерін баяндайды»[2]. Бұқар жырау кеңесші бола жүріп, ішкі-сыртқы жағдайға қанығып, алдағыны да болжай білген. Мұндай қасиет көптеген ойшылдарға тән.

Бұқар жырау Қалқаманұлының ел бірлігін жырлаудағы азаматтық ұстанымы елдің тұтастығын сақтауға келіп саяды. Мәселен, жоғары оқу орындарының ғалымдарының «Бұқар жырау толғауларындағы

синкреттіліктің көрінісі» атты ғылыми мақаласында: «Бұқар жырау – саяси сауатты адам және көзсіз ерлікке барудың еш қажеті болмайтын тұстарды ханға жеткізуші. Өзінен бұрын өмір сүрген жыраулар бойынша қалыптасқан болдаушы, көріпкелдік қасиеттері жоғары деңгейге көтерілген тұлға. Оның бір дәлелі орыспен соғысуға әскер жинап, аттанғалы тұрған Абылайды жорығынан бас тартқызуы. Кез келген ұрыстың халық берекесін алатындығын қарт жырау білген:

Өтіңменен жарылма!
Өкпеңменен қабынба!
Орыспенен соғысып,
Басына моншақ көтерген,
Жұртыңа жаулық сағынба! – дейді»[3].

Бұқар жыраудың шығармаларында елдің тұтастығы мен ынтымағы басты орын алады. Оның жырлары көбінесе елді біріктіруге, алауыздықты болдырмауға шақырады. Мәселен, жырау:

«Бірлік болса, тірлік бар,
Ынтымақ қылған елді жау алмас», деп ел арасында алауыздықтың қауіптілігін ескертіп, бірліксіз ұлттың болашағы бұлыңғыр екенін ашық көрсетеді. Бұқар жырау үшін бірлік – елдің тірегі, ал ынтымақ – оның рухани күші.

Бұқар жырау Абылай ханның кеңесшісі ретінде ел бірлігін сақтауда маңызды рөл атқарды. Ол қазақтың үш жүзі арасындағы татулықты нығайту үшін көп еңбек сіңірді. Жырау қазақ жерін сыртқы жаулардан қорғау үшін тек әскери күш қана емес, ішкі бірлік те қажет екенін түсінді. Оның «Абылай, Абылай!» толғауында бұл ойлар ерекше көрініс тапқан:

«Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Арқаға ұлы жиылып,
Абылай ханым, сен өлсең,
Қара жер сені жатар ма?!»

Бұл толғау Абылай ханның тұлғасы арқылы бүкіл қазақ халқының тұтастығын дәріптейді. Жырау халықтың хан төңірегінде біріккенін армандады және осы мақсатқа ұмтылды.

Бұқар жыраудың жырлары тек өз дәуіріне ғана емес, келер ұрпаққа да бағытталғанын көруге болады. Ол болашақ ұрпаққа елдің бірлігін сақтау туралы өсиет қалдырды. Бұл өсиет қазақ халқының ұлт ретінде сақталуының кепілі ретінде қабылданады деп айта аламыз. Жыраудың:

«Бірлігі кеткен ел жойылады,
Татулықта тұрақ бар,

Ынтымақ қонған ел озады», деген жыр жолдары ел бірлігінің мәңгілік құндылық екенін көрсетеді.

Бұқар жырау шығармашылығы – қазақ халқының рухани мұрасының ажырамас бөлігі. Оның ел бірлігіне үндеген толғаулары қазіргі уақытта да өзектілігін жойған жоқ. Себебі қазіргі кезде кез келген елдің қарқынды дамуы, біртұтас ел болып қалыптасуы, гүлденуі, өсіп-өнуі, бәсекеге

кабілетті ұлт болуы сол елде өмір сүретін барлық ұлттар арасында татулық пен бірліктің сақталуында. Бірілік пен ынтымақ бар жерде береке бар. Бүгінде ауызбіршілігі қашып, дүниенің астан-кесенін шығарып соғысып жатқан елдердің экономикасы артқа кетіп, халқының берекесі қашып отырғаны бұған дәлел. Ел арасындағы бірлікті сақтау – жырау идеяларының басты мақсаты, ол болашақ ұрпақ үшін маңызды өсиет болып қала береді. Бұқар жырау шығармалары қазақ халқының ұлттық рухын нығайтып, ұлттың мәдени және рухани бірлігін сақтауға көмектеседі.

Бұқар жырау Қалқаманұлы - елді бітімгершілікке шақырушы, еңбекке үндеуші. Оның туындыларындағы болжампаздықты байқаған жұрт оны көмекей әулиге теңеген. Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығы өз дәуіріндегі жыраулар поэзиясымен ғана емес, тұтас түркі дүниесіндегі сөз зергерлерінің туындыларымен үндес, сарындас келеді.

Қорыта келгенде, Бұқар жырау Қалқаманұлы – жыраулар поэзиясының құндылығын арттырған, мәнін айқындаған тұлға. Жырау - тарихи оқиғаларды жеткізуші, көшбасшы, кеңесші, алдын ала болжам айтып, елдің еңсесін тіктеуге, бітімгерлікке шақырушы тұлға. Осындай құндылықтары арқылы ұлт әдебиетінде жыраулық дәстүрді қалыптастырып, оның бүгінге дейін бұзылмай жетуіне өлшеусіз үлес қосты. Сондықтан да Бұқар жырау Қалқаманұлының туындыларын оқытуда ел бірлігі мен ынтымағын сақтаудың маңызын айқындап түсіндіру қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. «Қазақ әдебиетінің тарихы». Алматы: Ана тілі, 1991ж.
2. Кенжеахметұлы С. «Қазақтың жыраулық өнері». Алматы: ҚазАқпарат, 2002ж.
3. Қожакеев Т. «Жыраулар поэзиясы». Алматы: Санат, 2005ж.
4. Құдайбергенұлы С. «Абылай хан және оның дәуірі». Алматы: Білім, 2010ж.
5. Мағауин М. «Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар». Алматы: Жазушы, 1988ж.
6. Сыдықов Т. «Бұқар жырау және оның тарихи рөлі». Алматы: Қазақ университеті, 2015ж.
7. Қасымов А. «Қазақ хандығы дәуіріндегі рухани құндылықтар». Астана: Елорда, 2020ж.

БҰҚАР ЖЫРАУ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ БІРЛІК ТАҚЫРЫБЫ

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693–1787) – әйгілі жырау, Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне-көп Абылай ханның өтінішімен, «сәуе айтшы» деген тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтады екен, бұлары дәлме-дәл келіп отырған. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап калатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде Абылай дәуірінің айнасы.

Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі Қытай мен Ресей аты қос алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасаған.

Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттелген. Әсіресе, оның толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленген. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар «Күнбатыстан бір дұшпан, Ақырында шығар сол тұстан. Өзі сары, көзі көк, Діндарының аты боп Күншығысқа қарайды. Шашын алмай, тарайды, Құдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жоқ, Затсыз, тексіз бір кәпір, Аузы-басы жүн кәпір, Жемқорларға жем беріп, Азды көпке теңгеріп, Ел қамын айтқан жақсыны, Сөйлетпей ұрар ұртына. Бауыздамай ішер қаныңды, Өлтірмей алар жаныңды, Қағазға жазар малыңды. Есен алар пұлыңмен, Солдат алар ұлыңнан, Күндердің күні, Абылай, Жаяулап келер жұртыңа, Жағалы шекпен кигізіп, Балды май жағар мұртыңа, Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан», табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді. Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жалайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған.

Заманындағы сыншылар оны «көмекей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. Абылай хан бір жаққа жорыққа аттанарда одан айдың, күннің сәтін сұрайтын, көрген түсін жорытатын болған. Ел аузындағы аңыз әңгімелерге қарағанда, Бұқар жырау әз Тәуке ханның тұсында да ордадағы беделді билердің бірі ретінде, ел басқару ісіне араласқан секілді. Оны Үмбетей жыраудың: «Көріктей басқан күпілдеп, көмекейің бүлкілдеп, сөйлер сөзден таймадың. Тәукенің болып жаршысы, халқыңның болып заршысы, белді бекем байладың» деген сөздері де айғақтағандай. 18 ғ. болған жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының мүлдем жойылып кету қаупін тудырғаны белгілі. Осы кезде «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған елдің басын қосып, ата жауға қарсы азаттық күресіне жұмылдыру бар ғұмырын халқының бірлік бүтіндігіне арнаған ұлы жыраудың басты мақсатына айналады. Оның сөздері осы кезде еліне есті кеңес, еріне әмір болып естіледі. Хан да, қара да тарих көшінің бағдарын, шиеленген қиынның шешімін Бұқардан күтеді.

Халқының әулие данасы, дуагөй бітімшісі, көреген болжаушысы санатына көтерілген Бұқар жыраудың осы тұстағы даңқын орта ғасырдағы оғыз жұртының әулиесі Қорқытпен, 14 ғ. ноғайлы елінің данасы Сыпыра жыраумен салыстыруға болардай. Халық жадында сақталған бір әңгімеде Бұқар жырау ауырып жатқанда Абылай ханның алыстан күні түні аттан түспей жүріп келіп, көңілін сұрағаны айтылады. Бұл таққа ие болған ұлы ханның баққа ие болған ұлы жырауына деген ықылас ниеті, ерекше құрметінің белгісі болса керек. Заманында осылай ханы қадірлеп, халқы ардақ тұтқан жыраудың мұрасы халқымен мәңгі бірге жасай бермек. Бұқар

жырау толғауларында өзі бастан кешіріп отырған алмағайып заманның келбеті бар болмысымен көрініп, өмір құбылысы мен дүние заңдылықтары, әлеуметтік жағдай мен адам тіршілігі кең тыныспен жырланады. Ондағы басты сарын елдің бірлігі мен ынтымағын күшейту мәселесі. Ол жан жақтан андыздаған жаулардан қорғануы үшін басты шарт бірлік екенін терең түсінеді, ата жауға қарсы бірігіп, тізе қоса күрескен ерлерді өзгелерге үлгі етеді.

«Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, ормандай көп орта жүз, солардан шыққан төрт тірек» деп майдан даласында көрсеткен ерлігімен бірге елдің ұйытқысы болып, бірліктің тірегі болып жүрген ерлерді мадақтайды. Сондықтан да Бұқар жырау жырларын басқыншы жаумен ұзақ арпалысып, ерлік пен ерліктің, парасаттылық пен азғындықтың парқы таразыға түскен сындарлы шақта Абылай хандай басшының төңірегіне топтасып, ұлы жеңістерге жетіп, ерліктің үлгісін, бірліктің құдыретін танытқан қазақ өмірінің шындығын айшықтай өрнектеген поэзия, ұлы мұра деп білеміз. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап калатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған.

Абылай хан бір жаққа жорыққа аттанарда одан айдың, күннің сәтін сұрайтын, көрген түсін жорытатын болған. Ел аузындағы аңыз әңгімелерге қарағанда, Бұқар жырау өз Тәуке ханның тұсында да ордадағы беделді билердің бірі ретінде, ел басқару ісіне араласқан секілді. Оны Үмбетей жыраудың: «Көріктей басқан күпілдеп, көмекейің бүлкілдеп, сөйлер сөзден таймадың. Тәукенің болып жаршысы, халқыңның болып заршысы, белді бекем байладың» деген сөздері де айғақтағандай. 18 ғ. болған жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының мүлдем жойылып кету қаупін тудырғаны белгілі. Осы кезде «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған елдің басын қосып, ата жауға қарсы азаттық күресіне жұмылдыру бар ғұмырын халқының бірлік

бүтіндігіне арнаған ұлы жыраудың басты мақсатына айналады. Оның сөздері осы кезде еліне есті кеңес, еріне әмір болып естіледі. Хан да, қара да тарих жырау толғауларында өзі бастан кешіріп отырған алмағайып заманның келбеті бар болмысымен көрініп, өмір құбылысы мен дүние заңдылықтары, әлеуметтік жағдай мен адам тіршілігі кең тыныспен жырланады. Ондағы басты сарын елдің бірлігі мен ынтымағын күшейту мәселесі. Ол жан жақтан андыздаған жаулардан қорғануы үшін басты шарт бірлік екенін терең түсінеді, ата жауға қарсы бірігіп, тізе қоса күрескен ерлерді өзгелерге үлгі етеді. «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, ормандай көп орта жүз, солардан шыққан төрт тірек» деп майдан даласында көрсеткен ерлігімен бірге елдің ұйытқысы болып, бірліктің тірегі болып жүрген ерлерді мадақтайды. Сондықтан да Бұқар жырау жырларын басқыншы жаумен ұзақ арпалысып, ерлік пен ездіктің, парасаттылық пен азғындықтың парқы таразыға түскен сындарлы шақта Абылай хандай басшының төңірегіне топтасып, ұлы жеңістерге жетіп, ерліктің үлгісін, бірліктің құдыретін танытқан қазақ өмірінің шындығын айшықтай өрнектеген поэзия, ұлы мұра деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. Алматы: «Мұраттас» ғылыми- зерттеу және баспа орталығы, 1992. -95 б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, (Басылым 1979 ж. Зерттеулер, мақалалар /-406-б.
3. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. / Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. -Алматы: Жазушы, 1984. — 91-б.

ЖУСИПОВА ЛАУРА МАХМУТЖАНОВНА

Астана қаласы

М.Әуезов атындағы

№86 мектеп-гимназиясының

музыка пәнінің мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ ЖЫР ТОЛҒАУЛАРЫ

Музыка сабағында Бұқар жырау Қалқаманұлының терме, жырларын үйрету арқылы оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру. Әрбір жырларында құнды өсиетті сөздер бар. Оқушыларды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін өнеге, өсиет сөздер өте көп. Мысалы музыка сабағында 4 сыныпта Бұқар жыраудың өмірі мен жырлары туралы арнайы тақырып берілген. «Терме» атауы қазақтың «ең асыл, ең мәнді нақыл, өсиет сөздерін теріп айту» деген мағынаны білдіретінін оқушыларға айтып

түсіндіремін. Термені әуенге қосып айтады және оны орындаушыны термеші деп атайды. Әдетте термеші әуенді өзі таңдайды. «Биік тауға жарасар» термесінен үзінді үйретемін. Биік тауға жарасар, Ығына тиген панасы. Терең сайға жарасар, Тобылғылы саласы. Ер жігітке жарасар, Қолына алған найзасы. Би жігітке жарасар, Халқына тиген пайдасы. Терме-қазақ халық поэзиясында қалыптасқан лирикалық өлең түрі болып табылады. Гибраттылық мәні бар моральдық идеялар тұрғысынан әр нәрсені теріп айтып, бір нәрседен екінші нәрсеге еркін ауысып отыру термеге тән қасиет. Ол нақыл сөз үлгісінде құрылып, әдетте өнегелі. нұсқалы сөздердің тізбегіндей болып келеді. Бірғақтық құрылысы жағынан жеті- сегіз буынды жыр үлгісінде айтылады. 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басында жедел қарқынмен дами басталы. Терме пішіні мен мазмұны толғауға біршама жақын. Толғауда қоғамды- әлеуметтік сарындар басым болса. Термеде көбіне күнделікті тұрмыс- тіршілікке қатысты жәйттер сөз болады. Терме сөз бен әуен сабақтасып келгендіктен. Ол синкретті өнерге жатады. Сөздің мағынасы, әсерлілігі, ырғағы ширақ келуі қандай маңызды болса, әуеннің, аспаптық (домбыра) сүйемелдің де үлкен мәні бар. Терме сөзді айқын, анық жеткізуге лайық қысқа қайырылатын, жеңіл желдірмелі әуенмен (регитатив) айтылады. Терме, термелеп айту дегеннің өзі жырды - өлеңді жеңіл әуенмен айту, орындау тәсілін де көрсетеді. Осы кеңірек мағынасында термелеп айтқан жыр, өлең (дастан да) термешілік өнер қатарында қаралады.

Терме - қазақпен қатар, қарақалпақ, қырғыз, өзбек халық шығармашылығында да тарихи орны бар жанрлық қазақстанның батыс аймағы мен Сыр бойында терме дәстүрі әсіресе мол дамыған. Халықтық дәстүрлер негізінде қазіргі кезде терме айтыс өнері қайтадан жаңғырып, жандана түсті. Қазақ халқының аса көрнекті ойшылы, әйгілі жырау, Абылайханның ақылшы- биі, абыз, халық арасында «көмекей әулие» атаған Бұқар Қалқаманұлының туғанына 356 жыл толды. Көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз данағөй хан шеше алмаған ауыр түйін, қиын жұмбақ, көмескі келешекті бұлжытпай болжайтын. Ал Абылай оны қасынан бір елі қалдырмаған болатын. Жырау қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстануына, әскери дипломатиялық қарым- қатынастарды реттеуге үлкен үлес қосты.

Шыққан тегі Ағын арысының Сүйіндік тайпасының қаржас руынан шыққан. Заманындағы сыншылар оны «көмекей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. Бухарадағы, Қарнақтағы медреселерде оқыған. Бұқар Ж ырау қазақ халқының Жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білді. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел- жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салды. Өзінің саяси- әлеуметтік мәнді жыртолғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналды. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден- бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем

тұрғысында үлкен сенім артты. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет етті. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлады. Толғаулары Жыраудың «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғайды. Бұл жырлардың үгіт- насихаттық, дидактикалық сипаты басым.

Жыраудың табиғат пен адам өмірін астастыра суреттейтін жырлары да мол: «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Әлемді түгел көрсе де», т.б. Осының бәрі жыраудың кәнігі шеберлігі мен талғампаздығын танытады. Бұқар Жыраудың толғаулары, шын мәнінде, Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл- ойға кемел “Көмекей әулие” Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым- қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі ісқимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі — жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі. Қорыта келгенде Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс- толқындарын білімпаздықпен бажайлаған Мұхтар Әуезов: «Бұқардың толғауында екі түрлі күй, сарын бар. Біреуі... әлеумет қамын сөйлеу, екінші сол жайды сөйлегенде мұңзармен, арманмен сөйлеу. Қайғылы пішін, қаралы көңілмен күңіrentіп сөйлеу» дейді. Сайып келгенде, Отан қорғау, қорғаныс қабілетін күшейту, жер- суды жат қолынан сақтау, тыныштық бұзбау, ел билеу тәсілдерін мүлтіксіз меңгеру, ханның жақсы қадамдарын қолдап қуаттау, теріс істерін істетпеу, райынан қайтару, заман ағымын жете аңғару, тарих тағылымы мен тәжірибесін зерделеу, түзулікке, дұрыстыққа, әділеттілікке шақыру мәселесі, ұлттық мүддені, салтдәстүрлерді, адамгершілік қағидаларын сыйлату жырау толғауларының саяси- әлеуметтік мазмұнын анықтайды.

Пайдаланылған «дебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. «VIII — XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті».
2. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Алматы. «Жазушы». – 1989.
3. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиеті. – Алматы. – «Атамұра». – 1992.

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ

Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай хан бейнесіне қатысты мақаланы көпшілік назарына ұсынғалы отырмын.

XVIII ғасырдағы қазақ жыраулары соның ішінде Бұқар жырларында Абылай тұлғасы жайында тарихи шындық іздері көрініс береді. Оның ержүрек батылдығы, қарағайға қарсы біткен бұтақтай қайсарлығы, ақылды даналығы, сергек те сезімтал көрегендігіне байланысты ел арасында ғажайып аңыз - әңгімелер, шытырман хикаялар, тамаша жыр дастандар туды. Жазба дәстүрдегі әдебиетімізде де қаншама авторлар өз шығармаларының желісін Абылайханның өнегелі де ерлік істеріне құрды.

«...Өзге ел өкілдеріне қазақ хандары ішінен неғұрлым әйгілісі де, халық әдебиетінде көркем бейнесі жарқын мадақталғаны да Абылай екені кәміл. Қазақ қауымының сан буыны қысылғанда медет көріп, намыс кегі қайралғанда ұран етіп, шақыратыны да Абылай есімі болуы тегін емес. Ол жөніндегі көне сөздердің көптігі соншалық Абылайнама деп атарлық мол туындылар шоғыры жасалған. Орыс халқының тарихында былина-жырлардың ең көбі ертедегі «күн дидарлы князь» Владимир дәуіріне арналған десек, қазақтың тарихи-этикалық өлең-жырларының аса көрнекті бөлігі де Абылай және оның айналасындағы батырларға, билерге, шешендерге бағышталған...», - деп, жазады белгілі әдебиет зерттеушісі, профессор Рахманқұл Бердібаев (1)

Абылай араласқан оқиғалардың тарихи іздері, шындық болмысы жыраулар сөздерінде жақсы сақталған. Абылай бейнесінің көркем әдебиетімізде осыншама жарқын бейнелеуінің өзіндік сыр, себептері бар. Ол себептердің бірі және бірегейі Бұқар жыраудың жырларындағы Абылай ханның бейнесі деп ойлаймын.

Бұқар жырау - қазақ халқының рухани көшбасшысы, көркем сөз шебері, тарихи тұлғалардың болмысын аспанға көтеріп, олардың өмір жолын жырлаған ақын. Бұқар жырау Абылай ханның жанашыры әрі кеңесшісі болды, әрі қазақ халқының тағдырына деген жауапкершілігін терең сезінген. Осылайша ол ханға барынша дұрыс кеңес беруге тырысқан.

Жалпы алғанда Абылайхан – XVIII ғасырдағы қазақ тарихында алыс-жақындағы дұшпандарды айбынынан ығып, есептесуге мәжбүр болған қаһарман тұлға. Академик В.В.Бартольд Абылайхан туралы: «XVIII ғасырдағы Орта жүздің ең күшті ханы Абылай болды», - деп, жазады. (2)

XV ғ. ортасынан XVIII ғ. орта тұсына дейінгі үш ғасырдың ұзына бойында туған жері үшін жан аямай алысқан, бірде жеңіп, бірде жеңіліп отырған азаттық күресі бір тынбаған қазақтар үшін жоңғар ойраттары

рақымсыз, аяуды білмес қатал жау болды. Қазақтың бұрынғы өткен замандардағы алысқан көп жауларының аты ұмытылып, батырлық жырлардағы негізгі «этникалық жаудың» қалмақ болып келуі де осындай тарихи фактілерден туындайтыны даусыз. Міне, осындай бәленбай ғасыр бойы құлағының қиқу кетпеген халықтың еңсесін жазып, азаттыққа жаңа өмірге бастаған хан Абылайдың жарқын бейнесі халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, көптеген жыр - дастандардың, ауызша әңгімелердің сүйікті де тұлғалы кейіпкеріне айналады. Абылай бейнесі әулиедей қастерленіп кейінгі дәуірлерде аңызға айналып кеткен. Бұл жыр-дастандардың Абылай ханның басқару өнері мен қазақ хандығының болашағына қатысты көкейтесті мәселелерге көзқарасы баяндалады. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде Абылай дәуірінің айнасы.

Абылай хан мен Бұқар жыраудың арасында ерекше рухани үндестік бар. Бұқар жырау ханның ел басқару қабілеттерін жоғары бағалап, оның халықтың тұрмыс-тіршілігіне жасаған ықпалын жырлайды. Бұл байланыс — жыраудың тарихи шығармаларының жүрегінде жатыр. Ханның саяси шешімдері мен жүректілігі Бұқар жыраудың поэзиясында мәңгілікке қалды.

Абылай ханның тұлғасы Бұқар жыраудың жырларында асқақтап бейнеленген. Абылайды жырау тек батыр ретінде ғана емес, сонымен қатар көреген көшбасшы, дана саясаткер, халықтың мүддесін жоғары қойған ұлы тұлға ретінде суреттейді. Абылай ханның тұлғасы Бұқар жыраудың шығармашылығында ерекше бейнеленеді. Сол бейнелерге қысқаша шолу жасап көрейік.

Бұқар жырау Абылайдың *батырлық* қасиеттерін барынша дәріштеп, оның Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресін шынайы сипаттайды. Абылайдың соғыс өнеріндегі шеберлігі мен халық алдындағы ерлігі ерекше көрсетілген. Алайдың жеңістерін мақтан тұтады, оның қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалуға арналған әрекеттерін асқақтатады.

Бұқар жырау Абылайдың әскери жетістіктерін мадақтай отырып, оның тек батырлық емес, сонымен қатар *стратегиялық ақылдылығын* да атап өтеді. Ханның күшті қолбасшылығымен қатар, халықтың амандығы үшін оның жүректілікпен жасаған қадамдарын жоғары бағалайды.

Абылай ханның *әділдігі мен даналығы* да Бұқар жыраудың шығармашылығында кеңінен мадақталады. Ол өз халқын басқарған кезде әділ әрі зерделі шешімдер қабылдады, халықтың қолдауын өзіне тартты.

Абылай хан билік құрған кезде халықтың игілігі мен әділеттілікті жоғары қойды. Бұқар жырау ханның *көрегенділігін* ерекше атап өтіп, оның халық алдындағы беделін айшықтайды.

Бұқар жырау Абылайдың *шешендік өнері мен саяси даналығына* зор көңіл бөледі. Ол ханның кеңесшілік және басқарушылық қабілеттерін сипаттай отырып, оны халық үшін шынайы қызмет етуге ұмтылған дана тұлға ретінде көрсетеді.

Абылай ханның *қазақ мемлекетін нығайтудағы ұлы еңбегі* Бұқар жыраудың шығармашылығында аса жоғары бағаланады. Жырау Абылайдың сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерге қарсы күресіндегі рөлін ерекше суреттейді.

Бұқар жырау Абылай ханның бейнесін бірнеше термелерде және толғауларда шеберлікпен суреттеген. Солардың бірі «Абылай хан туралы терме» Бұл шығармаларда Абылайдың батырлығын, саяси шеберлігін және халқының алдындағы беделін жоғары дәріптейді. Бұқар жырау бұл термеде Абылай ханның *әскери және саяси шеберлігін*, оның елдің бірлігін сақтауға жасаған ерен еңбегін суреттейді. Термеде Абылайдың халықтың сүйіспеншілігі мен құрметін иеленгені айтылады.

Осылайша, Абылай ханның бейнесі қазақ халқының ұлы жетекшісі ретінде мәңгілікке сақталып, оның рухы ұрпақтан-ұрпаққа жететін құнды мұраға айналды.

Абылай ханның бейнесі — тек тарихи тұлға емес, қазақ халқының рухының, күш-жігерінің символы. Оның өмірі мен қызметі ұрпақтарға үлкен үлгі болады.

Бұқар жыраудың шығармалары — ұрпақтар үшін аса маңызды тарихи мұра болып табылады.

Абылай хан бейнесін өз туындыларына өзек еткен көптеген ақын, жыршы, жыраулардың бастауында тұрған Бұқар жыраудың жыр-толғауларының орны ерекше екендігін айтқым келеді. Абылай ханға арналған Бұқар жырау жырларының тамаша да әсерлі көркемдік құндылықтарын әңгіме етпеген күннің өзінде өз дәуірінің, заманының тарихи шындығының тамырына бойлаған реалистік қуатты терең бояулар Бұқар жырау жырларының құжаттық мәнін айрықша көтеріп тұр. Көп жағдайларда біздің тарихшы зерттеушілеріміз XVIII ғ. тарихына қатысты зерттеулерде өзге ел саяхатшы, зерттеушілерінің жазба деректеріне сүйеніп келгені шындық. Соңғы он жылдықтың көлемінде ғана тарихшы мамандарымыз Бұқар жыр, дастандарының тарихи негіздеріне көңіл аударып бастады.

Бұқар жырларында алмағайып заманның барлық шындығы шырқы бұзылмай, бар шырайымен көз алдымыздан көлбеңдейді. Абылайдың оның заманның барлық қайшылықты болмысы жасырылып, жабылмай тарихи нақтылықпен беріледі. Артық қоспа, жамап-жасқау жоқ. Бұқар жырларының

тарихи шындықты көркем бейнелеудегі объективтік қуаты да осында деп білеміз.

Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай бейнесін тек тарихтың айнасы ретінде ғана емес, қазақ халқының болашағының кепілі ретінде бейнелейді. Абылай ханның тұлғасы қазақ халқының бірлігінің, батырлығының және тәуелсіздігінің символы болып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. (Абылайхан. Алматы. «Жазушы» 1993, 4-бет)
2. (В.В.Бартольд. История турецко - монгольских народов. М., 1968, 5)
3. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиеті. – Алматы. – «Атамұра». – 1992.

МҮРСӘЛІМ МАҒЖАН ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

Астана қаласы

№97 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ

Қазақ халқының рухани байлығы мен мәдениеті терең тарихқа ие. Сол рухани қазынаның маңызды бөлігі болып табылатын тұлғалардың бірі — Бұқар жырау. Бұқар жырау 1668 жылы қазіргі Қазақстанның Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Оның өмір сүрген дәуірі қазақ халқының тарихында аса күрделі кезең болып саналады. Ол қазақтың жыраулық өнерін асқақтатып, халықтың саяси, әлеуметтік және рухани өмірінде маңызды рөл атқарған адам. Бұқар жырау шығармашылығы қазақ халқының ұлттық бірлігі мен рухани дамуының негіздерін қалаған аса көрнекті мұра болып табылады. XVIII ғасырдың басы — жоңғар шапқыншылығы, ішкі билік таластары, қазақ қоғамының саяси дағдарысқа ұшыраған кезі болатын. Бұл кезеңде Бұқар жыраудың шығармашылығы халық үшін үлкен рухани дәнекер болды. Ол халықты ел мен жердің бірлігіне, әділдік пен бейбітшілікке үндеп, қоғамдағы күрделі жағдайларды терең философиялық тұрғыдан пайымдады. Бұқар жырау шығармашылығының басты ерекшелігі — оның терең философиялық мазмұны мен әлеуметтік мәселелерге деген көзқарасы. Ол өзінің өлеңдерінде адамның өмірін, қоғамды, табиғатты және болашақты үйлесімді түрде түсінуге шақырады. Оның шығармашылығы тек ересектерге ғана емес, балаларға да үлкен тәрбиелік мән береді. Өз өлеңдерінде халықтың болашағы мен ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген, әсіресе жастарды тәрбиелеуге қатысты көптеген маңызды ойлар айтып өткен. Оның шығармашылығындағы тәрбиелік бағыт — адамгершілік, ізгілік, еңбек, адалдық және ұлттық құндылықтарға негізделген. Бұқар жыраудың жастарға беретін тәрбиесі бүгінгі таңда да өзекті болып табылады. Бұқар жыраудың қазақ руханиятына қосқан үлесі Бұқар жырау өзінің өлеңдері арқылы қазақ халқының рухани

байлығын арттырды. Ол халықтың әлемге деген көзқарасын, өмір сүру философиясын тереңдете отырып, ұлттық руханияттың негізін қалады. Оның шығармалары қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосып, кейінгі ұрпаққа рухани бағыт-бағдар берген.

1. Ұлттық құндылықтарды құрметтеу Бұқар жырау өзінің шығармаларында ұрпақты ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды сақтауға және құрметтеуге шақырады. Ол қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне деген құрметті терең ұғындырып, жастарды осы рухани қазынаны қадірлеуге тәрбиелейді. Бұқар жырау қазақ халқының ұлы дәстүрлері мен мәдени мұраларын дәріптеумен қатар, жастарға қазақ жерінің қадір-қасиетін түсіндіруде маңызды рөл атқарған. Бұны біз жыраудың "Жерім менің, елім менің" деген ойлары баланың туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырады. Бұл, өз кезегінде, баланың ұлттық бірлігін сезінуіне және туған халқының болашағына қамқор болуға деген ықылас тудырады. Ұлттық бірлік пен елдің болашағы Бұқар жырау шығармаларында халықтың бірлігі мен қоғамдағы ынтымақтастықты сақтау мәселесіне ерекше назар аударады. Ол ұлттың амандығы мен болашағы үшін әрбір адамның жауапкершілігін терең түсінеді. Бұл ойлар оның «Ұлыны ұлықтау, кішіге ізет көрсету» деген сөздерінде айқын көрініс тапқан. Жырау өз өлеңдерінде халықтың өз жерінде еркін өмір сүруі үшін елдің бірлігі, ынтымағы, әр адамның өз орнын біліп, қоғамның дамуына үлес қосуы қажет екенін үнемі ескертеді.

2. Еңбек пен табандылыққа тәрбиелеу Бұқар жырау еңбек пен табандылықты жоғары бағалаған. Ол жастарды жалқаулықтан аулақ болып, өмірде өз орны мен мақсатына жету үшін еңбек етуге шақырған. Оның шығармаларында адамның еңбекқорлығы мен табандылығының маңыздылығы жиі көтеріліп отырады. Бұқар жырау еңбектің адамды рухани тұрғыдан байытатынын, қоғамға пайдасын тигізетінін үнемі айтып, жастарды еңбекке, адал еңбекті бағалауға баулыған. Еңбекқорлық туралы ойлары мен ақылдары жастарды өз күшіне сенуге, қиындықтардан қорықпай күресуге үйретеді. Оның өлеңдерінде адамға қиыншылықтар мен сынақтар кезінде еңбектің, сабырдың және төзімділіктің жолын көрсету арқылы өмірде жақсы нәтижелерге жетуге болатындығы айтылады.

3. Адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеу Бұқар жырау адамгершілік құндылықтарын жоғары бағалаған. Ол балаларды адалдыққа, ізгілікке, мейірімділікке, ұятсыздыққа жол бермеуге тәрбиелейді. Жырау өз өлеңдерінде жамандықтан, әділетсіздіктен аулақ болуға, жаман мінездерден қашуға шақырады. Оның шығармаларында адамды жақсырақ болуға, өзіне және өзгелерге құрметпен қарауға бағыттайтын көптеген даналық сөздер бар. Оны біз осы бір шумақтардан байқасақ болады. Сәлем - сөздің анасы, Әлік алған данасы. Шығанақтан шырқайды О біреудің танасы. Жастарды тек сыртқы әрекеттеріне ғана емес, ішкі жан дүниесін тазартуға, сыйластыққа шақырған. Адамның ішкі әлемі мен мінез-құлқына назар аударудың маңыздылығын жастарға үйреткен.

4. Білім мен ақылға үндеу Бұқар жырау білімнің, ақылдың адам өміріндегі маңыздылығын ерекше атап өткен. Ол жастарды білім алуға, ақылды болуға шақырған. Білімді адам қоғамда өз орнын таба алады, дұрыс шешімдер қабылдай алады деп түсінген. Бұқар жырау өлеңдерінде ақыл мен білімнің тек өмірде ғана емес, адамгершілік тұрғысынан да үлкен маңызға ие екенін айтады. Ол жастарды тек кітап оқу мен білім алуға ғана емес, өмірден тәлім алуға, тәжірибе жинақтауға да үндейді. Бұқар жыраудың шығармашылығында білім мен ақылдың адамның ішкі дүниесін байытатын маңызды құрал екенін көрсеткен.

5. Ұлы мақсат пен болашаққа ұмтылу Бұқар жырау жастарға ұлы мақсатты көздеп өмір сүруге кеңес береді. Ол адамның өмірде тек уақыт өткізу үшін емес, белгілі бір мақсатқа жету үшін өмір сүру керектігін айтады. Бұқар жырау шығармашылығында баланы өз өмірінде жоғары мақсаттар қойып, соған ұмтылуға шақыру көзделген. Ол ұрпақты ұлттық болмысқа, өз елі мен жерін қорғауға, халқының болашағы үшін қызмет етуге тәрбиелеген. Жастарға рухани тәрбие беру Бұқар жыраудың шығармашылығында жастарға рухани тәрбие беру мәселесі маңызды орын алады. Ол жастарды білім алуға, өз халқының дәстүрлері мен құндылықтарын құрметтеуге шақырады. Бұқар жырау өзінің өлеңдерінде адамның рухани жетілуі мен жан тазалығының маңыздылығына ерекше мән берген. Ол жастарды тек материалдық емес, рухани құндылықтармен өмір сүруге, адал болуға, туған жеріне қызмет етуге үндейді. Қорытынды Бұқар жырау шығармашылығы — қазақ халқының рухани мәдениетінің маңызды бөлігі. Оның өлеңдерінде қазақ халқының тарихи тәжірибесі, ұлттық құндылықтары мен рухани болмысы терең бейнеленген. Бұқар жыраудың ойлары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпай, халықтың ұлттық рухын сақтау мен дамыту жолында маңызды рөл атқаратын мұра болып қала береді. Сондықтан оның шығармашылығы қазақ руханиятының алтын қорына қосылған баға жетпес мұра болып табылады. Бұқар жырау қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқының рухани тарихының да маңызды тұлғасы болып қала бермек. Оның шығармалары бүгінгі күнге дейін халықтың жүрегінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қазақ руханиятының алтын қорына айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбсаттаров Р. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: "Ғылым", 1998ж.
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Қазақ шежіресі – Алматы: "Мұраттас", 1993ж.
3. Кекілбаев Ә. Дала балладалары. – Алматы: "Өнер", 1994ж.
4. Қазақ халқының философиялық ойлары антологиясы (2-том). – Алматы: "Өнер", 2005ж.
5. Мұхамедханұлы Қ. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: "Атамұра", 1991ж.

6. Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. –Алматы: "Ғылым", 1992 ж.
7. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы: «Жазушы», 1967.
8. Садырбаев С. Жыраулық дәстүр және оның бүгінгі көріністері. Алматы: "Арыс", 1999.

БАИШЕВА ГАУҒАР МАКСУТХАНОВНА

Астана қаласы
№2 өнер мектебінің
«Шешендік өнер» пәнінің педагогі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ



XVIII ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693–1787) – әйгілі жырау, Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. С. Сейфуллиннің айтуынша, «Бұқар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршы – шешен ақылшысы болған. Моласы Баянауылдағы Далба тауының ішінде» көрінеді.

Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап калатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан.

Бұқардың өлеңдері, өзі тұтас ақындармен салыстырғанда кейінге молырақ жеткен. Оның Абылай туралы өлеңін жазып алып, алғаш пікір айтқан Шоқан Уәлиханов болатын. Одан кейін жырау өлеңдерін жинап, ол туралы мәлімет берген – белгілі фольклорист, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Деректерге қарағанда, Бұқар – діни білімі бар, оқыған адам. Оның өлеңдерінде мұсылманшылық әсері айқын: «Діни кітаптардан оқыдым», «Ақтан сия танытқан, дәуіт пенен қалам айт» деген сөздер кездеседі.

Бұл сөздер тегін айтылмаса керек. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның

батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде Абылай дәуірінің айнасы.

Бұқар жыраудың шығармаларының көпшілігі әлеуметтік, қоғамдық мәселені шешуге негізделген, сондай-ақ Абылай ханға ақылшы, кеңесші, жыршы ретінде де сөз еркіндігін баса айта алатын жыр-толғаулары да кездеседі. Сондай жырлардың бірі - Бұқар Бөгенбайдың өлімін хан Абылайға естірту еді. Ол батырдың тарихи рөлін танып, оған деген халықтың қайғысын хан қайғысына ұштастыра жырлаған. Қазақтың даңқты батырлары қатарына алып, оны даралай да білген:

Қазақтың ханы Абылай,
Абылай ханым бұл қалай?
Ақиықты аспанға
Ұштаспай қып торлады.
Құлағанға ұқсайды,
Қазақтың қамал қорғаны.
Қайғырамыз ханзадам,
Айтпасыма болмады-
Батырың өтті Бөгенбай!

Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан сөзге жүйрік шешен, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Қазақ халқының аумалы-төкпелі заманда өмір сүріп жатқандығын, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, ел басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі — жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі. Әсіресе, Бұқар Жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді:

«Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақырында шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Діндарының аты боп,

Күншығысқа қарайды.
Шашын алмай, тарайды,
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ,
Затсыз, тексіз бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір,
Жемқорларға жем беріп,
Азды көпке теңгеріп,
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды.
Есен алар пұлыңмен,
Солдат алар ұлыңнан,
Күндердің күні, Абылай,
Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа,
Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан.»

Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жалайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған.

Шешендік өнерден дәріс алып жүрген оқушыларға жыраулар поэзиясынан, әсіресе Бұқар жарау шығармашылығынан үйретудің бірден-бір жолы – әр сөздің лексикалық мағынасын ашып анықтап көрсету.

Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-куатты толғамдары оқырман жүрегіне жайлы тиеді, түсінуге жеңіл, тілге тиек етіп отырған мәселелері өте құнды... Сол себептен де жыр-толғаулардың мағынасын ашу арқылы оқушыларға шешендік өнердің күдіреті мен мәнін үлгі етуге, әдемі, мәнерлі сөйлеуге дағдыландыруға, сөз кәдірін ұғынуға, сөз астарын дұрыс түсінуге үйрете аламыз.

Бұқар Жырау шығармаларында замандар бойы мысқалдап жиналып, ақыл-ой таразысынан өткізілген өмір тәжірибесінің, ұлттық тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспетті нақыл-ғибрат сөздер мол. Әсіресе, белгілі бір құбылыстарды, заттар мен нәрселерді тізбелеп, салыстырып айтатын «Қара құлаш жүйрік деп», «Ежелгі дос жау болмас», «Бағаналы орда, басты орда», «Жар басына қонбаңыз», «Көкте бұлт сөгілсе», «Алыстан қызыл көрінсе», «Биік тауға жарасар», «Қорғанды шаіар қаласын», «Жал, құйрығы қаба деп», «Асқар таудың өлгені», «Ақсаңнан биік тау болмас» секілді термелерінде неше алуан мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді келтіруге болады.

«Сөзді-киелі, қасиетті» деп таныған халқымыздың барлық болмысы мен дүниетанымы, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі, философиясы да сөз

күдіретінде жатыр. Сондықтан да Бұқар жырау шығармаларын оқыту – шешендік өнерді дәріптеген ұлы тұлғаларымызды танытып қана қоймай, олардың сөз сараптауларын терең түсіндіре отырып, оқушыларға сөз мәдениеті, тіл тазалығына ерекше мән беруі маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ. Өмірәлиев “15-18-ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі” А. 1976 ж, 166-167-бет.
2. Р. Сыздықова “Қазақ әдеби тілінің тарихы” А. 1993ж, 121-124-бет.
3. С. Негимов “ Ақын – жыраулар поэзиясының бейнелілігі” А.1996 ж, 128-129-130-бет.
4. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 3-том. А. 2000 ж, 166-167-168-бет.

ІЗЕЙ АЙГҮЛ ШАМШЫРАҚҚЫЗЫ

Астана қаласы
№ 106 орта мектебінің
музыка пәні мұғалімі

«БҰҚАР- ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ»

Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ тарихында орны ерекше, ұлы жырау, дана ойшыл әрі кемеңгер тұлға. Ол XVIII ғасырда қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясаты, ел бірлігін нығайту жолында елеулі рөл атқарған тарихи қайраткер. Бұқар жыраудың өмір сүрген дәуірі – қазақ халқының тағдыры шешілер сындарлы кезең, жоңғар шапқыншылығының қарсаңы мен оның ауыр зардаптарынан кейінгі қайта жаңғыру кезеңімен тұспа-тұс келді. Ол Абылай ханның кеңесшісі әрі рухани тірегі болған, сөз өнерін қару еткен ұлы жыраулардың бірі еді. Оның шығармашылығы халықтың мұң-мұқтажын жеткізіп қана қоймай, ел билеушілеріне ақыл-кеңес беріп, ел бірлігін сақтауға ықпал етті.

Бұқар жыраудың өмір сүрген кезеңі қазақ халқы үшін аса қиын кезеңдердің бірі болды. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысында жоңғар шапқыншылығы қазақ даласына үлкен қауіп төндірді. Бұл шапқыншылық «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атаумен тарихқа еніп, халық жадында қайғы-қасіретке толы уақыт ретінде қалды. Елдің еңсесі түсіп, жері мен халқы қансырап жатқан шақта Бұқар жырау сияқты тұлғалардың ақыл-парасаты мен рухани күш-жігері ерекше маңызға ие болды. Ел ішіндегі алауыздықты жойып, жұртты бір тудың астына біріктіру, рухани күш беріп, қиындықтарға төтеп беруге үндейтін жыраулардың сөзі халыққа демеу болды. Бұқар жыраудың Абылай ханмен байланысы осы тұста айқындалады. Ол ханның кеңесшісі ретінде тек саяси істерге ғана араласып қоймай, рухани көшбасшы да бола білді.

Бұқар жырау Абылай ханды аса жоғары бағалап, оның халықты біріктірудегі қызметін жырларында дәріптеді. «Абылай аспас алтау бар...» деген толғауында жырау ханның жоңғарлармен күресте көрсеткен ерлігін мадақтай отырып, оның ел үшін маңызын көрсетеді. Дегенмен, Бұқар жырау ханның саясатындағы кейбір мәселелерге сын көзбен қарап, өзінің ойын жасырмай жеткізді. Бұл оның өз дәуіріндегі биік рухани тұлға, әділ әрі шыншыл жырау болғандығын дәлелдейді. Бұқар жыраудың толғаулары хан мен қара халық арасындағы дәнекерлік қызмет атқарып, елдегі тұрақтылықты сақтауға ықпал етті.

Бұқар жыраудың жыр-толғауларында елдік, ерлік, бірлік, адамгершілік тақырыптары ерекше орын алады. Оның әрбір сөзі қазақ халқының рухани әлемін байытып, болашақ ұрпаққа мұра болып қалды. Жырау өз толғауларында елдің бірлігі мен ынтымағын сақтауды басты мақсат етіп қойды. Мысалы, «Ел бірлігін сақтау» тақырыбындағы толғауларында ол елді бірлікке, татулыққа шақыра отырып, алауыздықтың қаншалықты қауіпті екенін ұғындырды. Бұқар жыраудың поэзиясы қазақ жыраулық өнерінің биік шыңы болып саналады. Оның сөздері – философиялық терең ойлармен, халықтың тарихымен және өмірлік құндылықтарымен тығыз байланысты. Бұқар жырау – қазақ жыраулық дәстүрінің шебері ғана емес, халықтың шежірешісі де болды. Ол өз дәуіріндегі оқиғаларды жырға қосып, ел мен жердің тарихын сөзбен өрнектеді. Жырау ел басқару ісінде даналық көрсетіп, Абылай ханға ақылшы бола білді. «Ханға қырық кісінің ақылы керек» дегендей, Бұқар жыраудың көрегендігі ханның саясатының берекесін кіргізіп, елдің еңсесін тіктеді. Ол жырларында халықтың ішкі арман-мұңын, ертеңге деген сенімін бейнелеп, жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының рухани тірегі болды.

Бұқар жыраудың тарихи орны оның халқына сіңірген еңбегімен өлшенеді. Ол халықтың рухани жетекшісі бола отырып, өз заманының саяси-әлеуметтік мәселелеріне белсене араласты. Оның жыр-толғаулары тек қазақ хандығының тарихында ғана емес, бүкіл түркі халықтарының мәдени мұрасында ерекше орын алады. Бұқар жырау шығармашылығы – ұрпаққа аманат, рухани азық. Жырау жырлары бүгінгі таңда да өз құндылығын жоғалтпай, жастарды отансүйгіштікке, әділдікке, парасаттылыққа тәрбиелейді.

Жырау шығармашылығының басты арқауы – ұлттық құндылықтар мен ел бірлігі, жер тұтастығы, хан мен халық арасындағы өзара қатынас. Бұқар жыраудың толғаулары сол кезеңдегі қазақ халқының әлеуметтік құрылымын, салт-дәстүрін, дүниетанымын тереңінен бейнелейді. Әсіресе, оның хандық дәуірдегі мемлекеттік жүйеге, ұлттық бірлікке, жаугершілік замандағы ел тағдырына қатысты айтқан жырлары қазақтың этномәдени болмысының жарқын үлгісі болып саналады. Бұқар жырау халықтың болмысын, табиғатын, құндылықтарын ұлы өнер тілімен жеткізген, әрі ұлт бірлігінің жоқшысы болған кемеңгер ақын.

Негізгі бөлім

Бұқар жыраудың шығармашылығында этномәдени ерекшеліктердің көрінісі ең алдымен оның поэтикалық тілі арқылы байқалады. Жырау жырлары қазақ тілінің байлығы мен бейнелілігін, көркемдік мүмкіндігін толық аша түседі. Әрбір жыр жолында қазақ халқының таным-түсінігі, мәдени мұрасы, ұлттық болмысы көрініс тапқан. Мысалы, оның табиғат құбылыстарын, адам мінезін, тарихи оқиғаларды жырға қосу әдісі қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетімен сабақтасып жатады. Сонымен бірге жырау қазақ халқының этнографиялық өмірінен сыр шертетін түрлі образдарды қолдана отырып, ұлттық дүниетанымды жаңғыртады.

Бұқар жыраудың толғаулары қазақ халқының тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарған. Оның жырлары қазақтың этномәдени құндылықтарын сақтауға, ата-баба салтын құрметтеуге үндейді. Жырау поэзиясында халықтың көшпелі өмір салты, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы нақты сипатталады. Әсіресе, Бұқар жыраудың «Абылайға арнаған толғаулары» халықтың ерлік рухын оятып, олардың жауға қарсы тұрудағы ынтымағын арттырған. Абылай ханның заманы – қазақ тарихындағы аса күрделі кезеңдердің бірі. Осы кезеңде Бұқар жырау елді бірлікке, татулыққа шақырып, елдің рухын көтерген жырау ғана емес, ұлттың ұйысуына қызмет еткен қайраткер ретінде танылады. Оны келесі жолдарынан көреміз:

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа.
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.
Ақың болса біреуде,
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа.

Бұқар жыраудың шығармаларында қазақтың этномәдени ерекшеліктері діни-рухани таным тұрғысынан да көрініс табады. Жырау адамгершілік қасиеттерді дәріптеумен қатар, ислам құндылықтарын ұлттық дүниетаныммен ұштастыра жырлаған. Оның шығармаларында «иман», «дін», «әділдік», «парыз» сияқты ұғымдар жиі кездеседі. Бұл жыраудың тек діни ағартушы емес, халықтың рухани жетекшісі болғанын да айғақтайды. Бұқар жырау өз жырларында исламның этикалық нормаларын қазақтың дәстүрлі мәдениетімен аастастыра отырып, дін мен дүниенің үйлесімді бірлігін көрсете білді.

Сонымен қатар, жырау шығармашылығында қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениетімен байланыс ерекше байқалады. Бұқар жыраудың толғаулары көбіне терме, жыр, өсиет сөздер түрінде орындалған. Бұл – қазақ халқының музыкалық мәдениеті мен әдебиетінің тығыз байланысын

айғақтайтын құбылыс. Қазақ жырауларының шығармалары әрқашан әуенмен айтылып, халықтың жүрегіне жеткен. Бұқар жырау толғауларының сазды мақаммен орындалуы тыңдаушының жүрегін тербеп, жыр мазмұнын тереңірек қабылдауға мүмкіндік берген.

Бұқар жыраудың толғауларында табиғат пен адам байланысы ерекше жырланады. Қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігі табиғатпен тығыз байланысты болғандықтан, жырау шығармашылығында табиғат – тіршілік көзі, сұлулық пен тұрақтылықтың символы ретінде көрініс тапқан. Жырау «бес күндік жалған дүние» ұғымын табиғаттың мәңгілік заңдылығымен салыстыра отырып, адамзат баласын сабырлылық пен қанағатқа шақырады. Табиғаттың әсем көрінісін жырлау арқылы Бұқар жырау қазақ халқының табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен құрметін дәріптеген.

Жырау шығармаларындағы этномәдени ерекшеліктердің бірі – адам мен қоғамның арақатынасы мәселесі. Бұқар жырау ел билеушілеріне, хандар мен сұлтандарға ақыл-кеңес беріп қана қоймай, қарапайым халықтың мұң-мұқтажын да жырына арқау еткен. Ол «халық үшін хан емес, хан үшін халық керек» деген идеяны ұстанып,

Халқым не деп айтады?- дей отыра, ел басқарушылардың халыққа адал қызмет етуі тиіс екендігін қадап айтқан. Бұл жыраудың халықтың үні, рухани көшбасшысы болғандығын көрсетеді.

Бұқар жырау өмір сүрген XVIII ғасыр – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес жүргізген, елдің бірлігі сыналған күрделі кезең болды. Сол заманның ақиқаты Бұқар жыраудың жырларында айқын көрініс тапты. Ол Абылай ханның кеңесшісі болып, ханның саяси қадамдарына ықпал етіп қана қоймай, халыққа рухани қолдау көрсетті. Бұқар жыраудың шығармашылығы халықты бірлікке шақырып, азаттық үшін күресте елдің рухын асқақтатты. Оның жырларындағы саяси үгіт, патриоттық үн, даналық ойлар ел билеушілеріне ғана емес, тұтас халыққа бағытталды. Жыраудың «Ел бірлігі», «Жауға қарсы тұру», «Хандық биліктің тұтастығы» сынды тақырыптары сол дәуірдегі тарихи жағдайлардың айнасындай болды. Бұқар жыраудың жырлары – тек көркем туынды ғана емес, ұлттың рухани-мәдени мұрасы, тарихи дереккөз болып табылады. Жырау өзінің жырларында Абылай ханды ерекше дәріптеп, оның ел билеудегі кемеңгерлігін насихаттады. Ол Абылайдың елдің тәуелсіздігін сақтаудағы рөлін жоғары бағалап, оның саясатын қолдады. «Хан Абылай» атты толғауында жырау ханды халықтың тірегі, елдің басын біріктірген тұлға ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, Бұқар жырау ханды да сынға алып, оның кей шешімдеріне әділ бағасын беруден тартынбады. Бұл оның тек мадақтаушы жырау емес, қоғамның кемшілігін ашық көрсетіп, әділдікті ту еткен нағыз қайраткер екенін дәлелдейді.

Бұқар жыраудың жырлары тарихи шындықты көркемдікпен жеткізетін терең туындылар. Оның жырлау мәнері көшпелілер мәдениетіне тән синкретті сипатта болып, сөз өнері мен музыка өнерін біртұтас етіп көрсетті. Жыраудың өлеңдері домбыраның сүйемелдеуімен айтылып, халықтың

жүрегіне жол тартты. Бұл музыкалық және поэтикалық үндестік Бұқар жырау жырларының әсерлілігін арттыра түсті. Оның жырларын орындау барысында дыбыстық үйлесім, әуен мен ырғақтың ерекше мәнге ие болуы халықты толғандырып, жігерлендіре білді. Сондықтан Бұқар жыраудың жырлары тек сөзбен емес, әуезді сарынмен де тыңдаушының жан дүниесіне терең әсер еткен.

Сонымен қатар, Бұқар жырау шығармашылығы халықтың болашаққа деген сенімін оятты. Жырау елдің қиын-қыстау кезеңдерінде тарихи оқиғаларды жырлай отырып, болашақ ұрпаққа аманат ретінде ұлттық бірлікті сақтауды, тәуелсіздікті қорғауды өсиет етті. Оның жырлары ғасырлар бойы ұмытылмай, халық жадында сақталып келді. Бұқар жыраудың шығармалары – қазақ халқының басынан өткен тарихтың көркем шежіресі ғана емес, ұлттың рухани тұтастығын нығайтатын құнды мұра. Жыраудың әрбір толғауы халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін жеткізетін рухани қайнар көз болып қала береді.

Музыка пәні тұрғысынан қарасақ, Бұқар жыраудың жырларының музыкалық бояуы ерекше орын алады. Қазақ халқының жыраулық дәстүрі – поэзия мен музыканың синтезі арқылы қалыптасқан өнер түрі. Жыраулардың жырлары арнайы мақаммен, белгілі бір әуенмен орындалып, тыңдаушының сезімін тербейтін эмоционалдық әсерге ие болған. Бұқар жыраудың жырлары да осы жыраулық дәстүрдің шыңдалған үлгісі болып табылады. Ол өз жырларын әуенмен өрнектеп, оны домбыра немесе қобыздың сүйемелдеуімен орындап, тыңдаушының жан дүниесіне терең үңіле білген. Бұқар жыраудың шығармашылығы – халқымыздың тарихи, әлеуметтік, мәдени өмірінің айнасы. Оның терең мағыналы жырлары мен толғаулары елдің арман-мұңын, ұлттық рухын, тәуелсіздікке деген ұмтылысын шынайы жеткізумен қатар, музыкалық тұрғыдан да ерекше құрылымға ие. Жыраудың поэтикалық шығармаларында қолданылған музыкалық элементтер – тыңдаушының санасына әсер етіп, ой-санаға терең бойлаудың негізгі құралы болды. Осы мақалада Бұқар жырау шығармаларындағы музыкалық элементтердің рөлі, олардың поэтикалық мәтінмен байланысы және халықтық өнердегі маңызы талданады.

Бұқар жыраудың шығармалары өзінің табиғаты жағынан синкретті болып келеді. Қазақ жырауларының поэзиясы сөз өнерін, әуенді және музыкалық ырғақты бір арнада тоғыстырады. Бұқар жыраудың жырлары да осы дәстүрден алыстаған жоқ. Оның толғаулары мен жырлары қазақтың қара домбырасының күмбірімен, терең әуезді дауыспен айтылғанда ғана шынайы болмысын тапқан. Әуеннің жыр мәтінімен үйлесуі жыраулық өнердің ерекше сипатын көрсетеді. Бұқар жырау шығармаларының музыкалық элементтері тыңдаушыға эмоционалдық әсер берумен қатар, жырдың негізгі идеясын ұғынуға көмектеседі. Әсіресе, оның жырларының ырғақты құрылымы музыкалық әуеннің логикалық жалғасы іспетті, сол арқылы тыңдаушының назарын бір сәтке де жоғалтпай, толғаудың өн бойындағы философиялық ойды тереңдете түседі.

Жырау шығармаларының музыкалық сипатын анықтауда қазақ халқының дәстүрлі ән-күй өнерімен байланысын атап өткен жөн. Қазақ поэзиясы – әу бастан музыкалық әуенмен айтылатын рухани құндылықтардың жиынтығы. Бұқар жырау сол дәстүрді жалғастырып, әр жырын белгілі бір музыкалық әуенге негіздей отырып жеткізген. Жыраудың музыкалық репертуарында кең тынысты, баяу айтылатын толғаулар да, жігерлі рухты көтеретін жорық жырлары да кездеседі. Әрбір шығарманың музыкалық өңделуі оның мазмұнына сәйкес келіп, тыңдаушыға ерекше әсер береді. Мысалы, жыраудың «Абылайға айтқаны» толғауы жігерлі, ерлік рухты асқақтататын екпінді әуенмен орындалады. Бұл жырдың музыкалық құрылымы арқылы қазақтың жауынгерлік рухы, ұлттың бірлігі мен батылдығы дәріптеледі.

Бұқар жыраудың жырларындағы музыкалық элементтер қазақ халқының көне дәстүрлерінен бастау алады. Әсіресе, жырау поэзиясының музыкалық негізінде қазақтың дәстүрлі жетіген, қобыз, сыбызғы сияқты ұлттық аспаптарының үнін байқауға болады. Осы аспаптар арқылы жырлар терең лиризммен, философиялық толғаныспен астасып кетеді. Қазақ мәдениетінде қобыз бен домбыра – халықтың мұңын да, қуанышын да жеткізетін қасиетті аспаптар саналады. Бұқар жыраудың толғаулары мен жырлары орындалғанда осы аспаптардың әуені жыршының даусымен үйлесіп, ерекше синкреттік туындыға айналады. Бұл музыкалық-поэтикалық үйлесім арқылы жырау шығармалары халық жадында терең сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен.

Музыка мен сөздің бірлігі Бұқар жырау шығармаларының мазмұндық тереңдігін арттырады. Оның шығармаларында қайталанатын сөз тіркестері мен ырғақты құрылымдар музыкалық әуеннің бір элементі ретінде көрініс табады. Мысалы, «Хан Абылайға» деген жырында жырау қайталама тіркестер арқылы ырғақты күшейтіп, тыңдаушының назарын жырдың түпкі ойына аударады. Бұл қайталамалар музыкалық элементтермен байланысқан кезде толғаудың идеясын бірнеше есе күшейтіп, тыңдаушының санасына терең із қалдырады.

Бұқар жыраудың музыкалық шығармашылығының басты ерекшелігі – оның жырларының орындаушылық шеберлікті талап етуінде. Жыраудың толғауларын домбыра немесе қобыз сүйемелдеуімен орындау арқылы жырдың көркемдік қуаты арта түседі. Әсіресе, шығарманың интонациялық өрнектері музыкалық реңк арқылы беріліп, тыңдаушының көңіл-күйін аударуға бағытталады. Бұқар жыраудың жырларын орындаған жыршылар оның музыкалық ерекшеліктеріне ерекше мән беріп, жырдың әуенін өзгеріссіз сақтап отырған. Бұл музыкалық дәстүр жыраудың шығармашылығын халықтың рухани қазынасы ретінде сақтауға ықпал етті.

Бұқар жырау шығармаларындағы музыкалық элементтердің рөлі оның жырларының мән-мағынасын ашуда ерекше маңызға ие. Жыраудың толғаулары мен жырлары музыкалық әуенмен үйлесім тауып, тыңдаушыға терең әсер қалдырған. Әуен мен поэзияның синтезі арқылы Бұқар жырау

шығармалары қазақ халқының рухани мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Оның музыкалық элементтері халықтың бірлігін, елдік идеясын дәріптеп, ұлттың рухын көтеруге қызмет етті. Бұқар жырау шығармашылығының музыкалық сипатын зерттеу – қазақтың дәстүрлі жыраулық өнерін түсінуге жол ашады және ұлттық музыка мәдениетін жаңа деңгейге көтереді.

Бұқар жырау мұрасының бүгінгі мәдениеттегі орнының тереңдігін ұғыну үшін, ең алдымен оның шығармашылығының аясын зерделеу қажет. Бұқар жыраудың толғаулары мен жырлары халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін жеткізіп қана қоймай, елдің саяси, рухани даму жолын да бағдарлап отырған. Ол Абылай хан тұсындағы аласапыран заманда халықтың санасына ұлт болып ұйысу идеясын сіңіріп, елдік пен ерлікті, ынтымақ пен бірлікті басты құндылық ретінде дәріптеді. Жыраудың «Ханға қарсы тұрып, халқын сүйген» тұлғасы қазақ қоғамының рухани ұстазы ретінде қалыптасып, бүгінгі күнде де осы қасиетімен маңызды. Өйткені, бүгінгі заманның да басты мәселелерінің бірі – ұлттық бірегейлікті сақтау, халықтың рухани болмысын жаңғырту және мәдени құндылықтарды ұрпаққа аманаттау.

Бұқар жыраудың мұрасы – қазіргі қазақ мәдениетінде ерекше орын алатын қастерлі құндылықтардың бірі. Оның шығармашылығындағы философиялық ойлар мен әлеуметтік мәселелер бүгінгі таңда да өз мәнін жоймаған. Мәселен, жырау көтерген «ел бірлігі», «жер тұтастығы», «ұлт намысы» сынды тақырыптар ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамы үшін аса маңызды болып отыр. Бұқар жыраудың «Бірлік жоқ алты алашта, күнде ерегіс, күнде қырғын» деген жыры – ел ішіндегі алауыздықты сынап, татулықтың маңызын алға тартқан өсиет. Бұл ойлар қазіргі кезде де ұлттық сананың тұтастығын нығайтуға қызмет етеді.

Қазіргі мәдениетте Бұқар жырау мұрасы бірнеше бағытта насихатталуда. Ең алдымен, оның толғаулары қазақ әдебиетінің алтын қорында сақталып, мектеп бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына енгізілген. Бұл – жыраудың шығармашылығын жас ұрпаққа таныстыруда маңызды қадам. Бұдан бөлек, Бұқар жырау мұрасы театр сахналарында, көркем әдебиетте және музыка өнерінде жаңғырып келеді. Мәселен, оның толғаулары арқылы ұлттық музыкалық шығармалар жазылып, оркестрлердің репертуарынан ойып тұрып орын алды. Дәстүрлі әншілер мен жыраулар жырлаған толғаулар тыңдаушысын бей-жай қалдырмайды, өйткені олардың мазмұны терең, мәні мәңгілік.

Музыка өнерінде Бұқар жырау толғаулары ерекше орын алады. Жыраудың жырлары қазақтың күй өнері мен әншілік дәстүрінде ерекше сарынмен үйлесіп, елге рухани қуат береді. Оның шығармашылығының негізінде көптеген музыкалық шығармалар дүниеге келді. Бүгінде жыраудың толғаулары домбыраның үнімен, қазақтың қоңыр дауысымен қайта жаңғырып, ұлттық музыкалық мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналды. Бұқар жырау жырлаған рухани тұтастық идеясы қазақтың музыка өнерінде

де көрініс тапқан. Бұл – жыраулық өнер мен дәстүрлі музыканың сабақтастығын, оның бүгінгі мәдениеттегі маңызын айқын дәлелдейді.

Бұқар жыраудың жырлары қазіргі таңда қазақтың ұлттық санасын жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. Қазіргі қазақ мәдениетінің маңызды бағыттарының бірі – рухани жаңғыру және ұлттық кодты сақтау. Бұқар жыраудың мұрасы осы бағытта аса құнды дүниелердің бірі болып табылады. Оның шығармалары жастарға ұлттық құндылықтарды сіңіріп, олардың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастырады. Жыраудың ел мен жерге деген сүйіспеншілігі, адамгершілік қасиеттерді дәріптеуі бүгінгі ұрпаққа өнеге.

Бұқар жырау мұрасының қазіргі мәдениеттегі орнын айқындай түсетін тағы бір сала – ғылыми зерттеулер. Бүгінде көптеген ғалымдар жыраудың шығармашылығын жан-жақты зерттеп, оның қазақ әдебиетіндегі, мәдениетіндегі рөлін анықтап келеді. Жыраудың толғаулары философиялық тереңдіктің, ұлттық құндылықтар мен моральдық тұжырымдамалардың тоғысқан көрінісі ретінде бағаланады. Бұқар жырау шығармаларын зерттеу арқылы қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы терең түсінік қалыптастыруға болады. Бұл ғылыми зерттеулердің нәтижесі жыраудың мұрасын кеңінен насихаттауға және оны бүгінгі қоғамның рухани дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді. Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ. Халид, Г. Потанин, Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, М. Мағауин, Р. Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген. Бұқар жыраудың есімімен Қарағанды облысының бір ауданы аталған. Қарағанды қаласында Бұқар жырауға арналған ескерткіш қойылған. 2003 жылы 11 маусымында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің алдындағы алаңда қолдан бюст-ескерткіші ашылды.

Қорыта келгенде, Бұқар жырау мұрасы – қазақ мәдениетінің асыл қазынасы. Оның шығармалары қазақ халқының тарихымен, болмысымен, дүниетанымымен сабақтасып жатыр. Жыраудың толғаулары бүгінгі таңда ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігіне айналып, жастарға рухани азық болуда. Бұқар жыраудың мұрасы ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етіп, қазақ қоғамының рухани жаңғыруына ықпал етеді. Ол – қазақтың рухани тірегі, мәңгі жасайтын мұрасы. Сондықтан, жыраудың шығармаларын тереңірек зерттеп, оны қазіргі мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде дәріптеу – біздің ортақ міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бес ғасыр жырлайды, – 1 том «Жазушы». 1989.
2. Сүйіншәлиев Х. «VIII — XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті».
3. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Алматы. «Жазушы». – 1989.
4. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиеті. – Алматы. – «Атамұра». – 1992.

ҚЫРЫҚБАЕВА ҚҰРАЛАЙ САЙЛАУҚЫЗЫ

Астана қаласы

№ 2 Өнер мектебінің

«Домбыра» сыныбының мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693–1787) – XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің аса көрнекті өкілі, жыраулық поэзияның шыңына жеткен тұлғалардың бірі. Ол өз дәуірінде елдің саяси-әлеуметтік, рухани өмірінде маңызды рөл атқарды. Бұқар жырау Абылай ханның кеңесшісі, ел бірлігін нығайтуға ұмтылған ұлтжанды қайраткер және халықтың мұң-мұқтажын жырлаған ақын-жырау ретінде белгілі.

Шығу тегі мен өмірі.

Бұқар жырау Баянауыл өңірінде (қазіргі Павлодар облысы) дүниеге келген. Оның әкесі Қалқаман орта дәулетті, беделді адам болған. Бұқар жастайынан өнерге жақын болып өсіп, суырыпсалма ақындық пен шешендік өнерге машықтанған.

Бұқар жыраудың өмірі XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының күрделі кезеңімен тұспа-тұс келді. Ол қазақ-жоңғар соғыстары, ел ішіндегі алауыздық, сыртқы жаулардың қысымы сияқты тарихи оқиғалардың куәгері болды.

Бұқар жыраудың шығармалары негізінен толғау жанрында жазылған. Оның толғаулары қазақ халқының өміріндегі маңызды оқиғаларды, халықтың мұң-мұқтажын, ел бірлігі мен азаттығын жырлайды. Ол даналыққа толы ойларын қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізген.

Бұқар жырау Абылай ханның тұсында саяси аренада маңызды рөл атқарды. Ол ханның сенімді кеңесшісі әрі жақын серігі болды. Оның толғаулары арқылы ханға елдің жағдайын жеткізіп, дұрыс шешім қабылдауына ықпал етті. Бұқар жырау хандық билікті нығайту, елдің тәуелсіздігін сақтау және қазақ халқының бірлігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етті.

Бұқар жырау шығармаларының тілі өткір, бейнелі әрі даналыққа толы. Оның толғаулары философиялық мазмұнға ие болып, терең ойлармен ерекшеленеді. Жырау көбіне өсиет, ақыл-кеңес беретін нақыл сөздерге сүйенген. Бұқар жырау халыққа тек ақыл-кеңес беріп қана қоймай, болашақты болжап, терең философиялық ойлар қалдырды. Ол елдің тұрақтылығы мен бірлігін сақтаудың маңыздылығын атап өтіп:

«Өздерінді түзеңдер,

Қарап жүріп, сөз деме.

Өздерінді білмесең,

Өзгеге ойлап, сөз берме,» – деп халықты саналы өмір сүруге шақырды.

Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ халқының рухани әлемінде ерекше орын алатын тұлға. Ол өз шығармашылығында ел өмірінің шындығын, ұлттың болашағы туралы ойларын бейнелеп, халықтың мұңын жырлады. Оның шығармалары бүгінгі күнде де өзекті, себебі олар ұлт бірлігі, әділеттілік, адамгершілік құндылықтарын дәріптейді. Бұқар жырау – қазақ халқының рухани жетекшісі, елінің ұлы ұлы.

Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ халқының рухани әлемінде ерекше орын алатын тұлға. Ол өз шығармашылығында ел өмірінің шындығын, ұлттың болашағы туралы ойларын бейнелеп, халықтың мұңын жырлады. Оның шығармалары бүгінгі күнде де өзекті, себебі олар ұлт бірлігі, әділеттілік, адамгершілік құндылықтарын дәріптейді. Бұқар жырау – қазақ халқының рухани жетекшісі, елінің ұлы ұлы. Бұқар жыраудың шығармаларында Абылай хан бейнесі ерекше орын алады. Бұқар жырау Абылайды елдің бірлігін сақтаушы, халықты сыртқы жаудан қорғаған батыр әрі көреген басшы ретінде сипаттайды.

Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай бейнесі:

1. Көреген басшы: Бұқар жырау Абылайды тек хан ғана емес, ел тағдырын ойлаған дана тұлға ретінде сипаттайды. Оның өлеңдерінде Абылайдың саясаткерлігі мен шешендігі дәріптеледі:

«Ай, Абылай, Абылай,
Сен он бір жасыңда,
Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан күл едің...»

Бұл өлең жолдары Абылайдың қарапайым өмірден хандық дәрежеге дейін өскенін, өз дарыны мен еңбегі арқылы ел басқарғанын көрсетеді.

2. Халық қорғаушысы: Жырау Абылайдың батырлық қасиеттерін ерекше атап өтеді. Ол Абылайдың жоңғарларға қарсы күрестегі ерлігін, елді ұйыстыра білген қайраткерлігін жоғары бағалайды:

«Жұмсақ болсаң, тезегінді ешкі жейді,
Қатты болсаң, атыңды дұшпан түреді»

Бұл жерде Бұқар жырау Абылайға ел басқаруда батыл әрі табанды болуды ескертеді және жыраудың Абылайға дұрыс жол көрсетуге тырысқанын көрсетеді.

3. Ел бірлігінің символы: Бұқар жырау Абылайды қазақ елінің бірлігін сақтаушы ретінде суреттейді. Оның ханға арнаған сөздері халық пен басшының мызғымас байланысын көрсетеді:

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ел болар ма екенсің, Абылайдың тұсында?»

Жырау Абылайдың билігі тұсында қазақ халқының біртұтас мемлекетке айналғанын атап өтеді.

4. Кеңесші рөлі: Бұқар жырау ханның жанында кеңесші ретінде жүріп, оның дұрыс шешім қабылдауына ықпал еткен. Оның толғауларында Абылайдың кемшіліктері де сыналады, бұл жыраудың әділетті көзқарасын білдіреді.

1. Абылайдың тарихи тұлғасы және Бұқардың оған көзқарасы Бұқар жырау үшін Абылай – хандық билікті нығайтып, елдің бірлігін қамтамасыз еткен, қиын-қыстау кезеңде қазақ халқын сақтап қалған көшбасшы. Жырау оның өмір жолындағы ерліктерін, елге сіңірген еңбегін дәріптейді. Әсіресе, Абылайдың жоңғарлармен шайқастардағы ерлігі мен халықты біріктірген қайраткерлігі шығармаларда жиі көрініс табады.

Бұқар жырау Абылайды елдің тағдырына жауапты тұлға ретінде бағалап, оның жеке қасиеттерін, ақылы мен батылдығын, кемшіліктерін де айқын суреттейді.

Абылай бейнесі арқылы жырау сол кездегі қазақ халқының ауыр тұрмысын, сыртқы жаулардан төнген қауіптерді, ел ішіндегі алауыздықты көрсетеді. Бұқардың толғауларында Абылайдың рөлі халықтың басын қосушы, қауіп-қатерден сақтаушы ретінде айқын көрінеді:

«Ай, Абылай, Абылай,
Дүние жолы тар соқпақ,
Бірде алыс, бірде жақын...»

Бұл жолдарда жырау ханға ел басқару оңай емес екенін ескертіп, оның көрегендігін мадақтайды.

3. Абылайдың ерлігі мен батырлығы

Абылай жыраулар поэзиясында ел қорғаушы батыр ретінде де суреттеледі. Бұқар жырау оның жоңғарларға қарсы күрестердегі ерлігін дәріптеп, оның батырлық қасиеттерін былайша сипаттайды:

«Он сан алашты билеген,
Әділ төре іс қылған.
Жауға қарсы шығып,
Қайратымен ел қорғаған.»

Абылайдың батырлығы мен оның қазақ халқының тәуелсіздігін сақтау жолындағы күресі жыраудың шығармаларында басты тақырыптардың бірі болып табылады.

4. Абылайдың биліктегі саясаты

Абылайдың саясаткер ретіндегі бейнесі де Бұқар жыраудың шығармаларында кеңінен сипатталған. Оның ханға айтқан ақылдары арқылы Бұқар қазақ қоғамындағы негізгі мәселелерді көтереді:

Ел бірлігі мен тұрақтылығы;

Жауға қарсы күрестегі батылдық;

Шектен шыққан қаталдық пен тым жұмсақтықтың зияны.

Бұқар жырау Абылайға халықпен әрдайым тіл табысып, әділетті болуды өсиет еткен:

5. Абылайдың кемшіліктері

Бұқар жырау шығармаларында тек мадақтау ғана емес, сын да бар. Ол Абылайдың кейбір қылықтарын ашық айтып, әділ болуды ескертеді. Мысалы:

«Ай, Абылай, Абылай,
Хан болдың, қазағыңа жар болдың.

Қалайша оңбассың,
Әділдіктен таймасаң»

Бұл жолдардан жыраудың ханның әділдікке негізделген басқаруын қалағанын байқауға болады.

6. Абылай мен Бұқар жыраудың қарым-қатынасы

Бұқар жырау мен Абылайдың қарым-қатынасы ерекше сипатқа ие. Бұқар ханның жанында жүріп, оған ақыл-кеңес беріп отырған. Жырау Абылайдың шешімдерін қолдап қана қоймай, қажет жерінде ашық сын да айтқан. Бұл қарым-қатынас ел басқарудағы әділдік пен бірлікке негізделген.

7. Қазақ халқының болашағына деген сенім

Абылай бейнесі арқылы Бұқар жырау қазақ халқының тағдырына алаңдаушылық білдірген. Ол ханның елді қорғап, сыртқы жауларға қарсы тұрып, халықты бейбіт өмірге жеткізуін армандаған. Бұл оның шығармаларында Абылайға деген зор сенім мен үміт ретінде көрініс табады. Қорытынды

Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай бейнесі – қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресі мен елдік мұратының символы. Жырау ханның ерлігі мен даналығын дәріптей отырып, оның ел басқарудағы кемшіліктерін де атап көрсетеді. Бұл шығармалар тек Абылайдың тұлғасын ғана емес, қазақ халқының сол дәуірдегі өмірін, арман-мақсатын және тағдырын терең танып-білуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қуанғанов Ш.Т. Бұхар жырау және оның заманы. – Алматы: Республикалық “Мұрагер” қоғамы, “Ғылым” баспасы, 1992. – 48
2. А.Райымбергенов, С.Райымбергенова, Ұ.Байбосынова. «Мұрагер» бағдарламасы. –Алматы: «Атамұра» 2006.
3. Дала даналары,. Алматы: Қазақсиан даму институты. 2001-640б
4. Қ.Өмірәлев. 18-19 ғ. Қазақ поэзиясының тілі
5. Қуанғанов Ш.Бұхар жырау
6. М.Жармұхамедов. Көненің көзі. Алматы, Санат, 96

КӨСЕМ СӨЗДІ ШЕШЕН ЖЫРАУ

«Көріктей басқан күмпілдеп, көмекейің бүлкілдеп, сөйлер сөзден таймадың, Тәукенің болып жыршысы, халқының болып жаршысы, белді бекем байладың» Үмбетай жырау Бұқар жырау (1668—1781) — қазақтың ұлы жырауы, 18 ғ. жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы. Шыққан тегі Арғын тайпасының қаржас руынан шыққан атақты батыр болған. Бұқар жырау 1668 жылы Баянауыл жерінде дүниеге келген. Жүз жылдан аса өмір сүрген Бұқар шамамен 1781 жылы қайтқан. Абылай хан бір жаққа жорыққа аттанарда одан айдың, күннің сәтін сұрайтын, көрген түсін жорытатын болған. Ел аузындағы аңыз әңгімелерге қарағанда, Бұқар жырау әз Тәуке ханның тұсында да ордадағы беделді билердің бірі ретінде, ел басқару ісіне араласқан секілді. деген сөздері де айғақтағандай. 18 ғ. Болған жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының мүлдем жойылып кету қаупін тудырғаны белгілі. Осы кезде «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған елдің басын қосып, ата жауға қарсы азаттық күресіне жұмылдыру бар ғұмырын халқының бірлік бүтіндігіне арнаған ұлы жыраудың басты мақсатына айналады. Оның сөздері осы кезде еліне есті кеңес, еріне әмір болып естіледі. Хан да, қара да тарих көшінің бағдарын, шиеленген қиынның шешімін Бұқардан күткен. Халқының әулие данасы, дуагөй бітімшісі, көреген болжаушысы санатына көтерілген Бұқар жыраудың осы тұстағы даңқын орта ғасырдағы оғыз жұртының әулиесі Қорқытпен, 14 ғ. ноғайлы елінің данасы Сыпыра жыраумен салыстыруға болардай. Халық жадында сақталған бір әңгімеде Бұқар жырау ауырып жатқанда Абылай ханның алыстан күні түні аттан түспей жүріп келіп, көңілін сұрағаны айтылады. Бұл таққа ие болған ұлы ханның баққа ие болған ұлы жырауына деген ықылас ниеті, ерекше құрметінің белгісі болса керек.

Заманынында осылай ханы қадірлеп, халқы ардақ тұтқан жыраудың мұрасы халқымен мәңгі бірге жасай бермек. Бұқар жырау толғауларында өзі бастан кешіріп отырған алмағайып заманның келбеті бар болмысымен көрініп, өмір құбылысы мен дүние заңдылықтары, әлеуметтік жағдай мен адам тіршілігі кең тыныспен жырланады. Ондағы басты сарын елдің бірлігі мен ынтымағын күшейту мәселесі болды. Ол жан жақтан андыздағы жаулардан қорғануы үшін басты шарт бірлік екенін терең түсінеді, ата жауға қарсы бірігіп, тізе қоса күрескен ерлерді өзгелерге үлгі етеді. «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, ормандай көп орта жүз, солардан шыққан төрт тірек» деп майдан даласында көрсеткен ерлігімен бірге елдің ұйытқысы болып, бірліктің тірегі болып жүрген ерлерді мадақтайды.. 18 ғасыр әдебиетіндегі көрнекті

жыраулардың бірі- әдебиет тарихынан елеулі орын алып, артынан өшпес мұра қалдырды. Бұхар жырау Қалқаманұлы -халық өмірінің алмағайып-аласапыран, тарихта қалу-қалмауы екіталай кезеңінде тұрмыс кешкен жырау өз толғауларында сол тұстағы көкейкесті, күрделі мәселелерге жауап іздеп, соның бірден-бір жоқшы-жыршысы бола білді. Оның жыр-толғауларының үнемі әлеуметтік өткір мазмұнға құрылып отыруының басты себебі де осыдан болса керек.

Бұхар жырау- қазақ жырларының поэзиясының алыбы. Бұхар жырау туралы, оның шығармаларының негізгі сарындары, көркемдік сипаты жөнінде айту- сол дәуірдің поэзиясын тұтас қамтып айтылуында. Бұхар жыраудың поэзиясы бүтін бір халықтың жан-дүние, таным-талғам иірімдеріне жалғасып жатқан құбылыс деп айтып өтседе болады.. Жырау шығармалары жеткізер дүние жеке адамның көріп-біліп, көкірекке түйгенінен әлдеқайда кең жатыр. Оның шығармалары- тұтас халықтың сезім-күйі, ой-өрісі, тарихы мен тағдыры. Жыраудың бізге жеткен азды-көпті мұрасын табиғи сипаты жағынан насихат толғау, арнау толғау, болжау толғау деп үш топқа бөлуге болады. Шығармаларының басым көпшілігін қамтитын насихат толғауларында адамды игілікке тәрбиелеу, бауырмалдылық, адалдық, әділдік мәселелері сөз болады.

Жыраудың бір топ жырлары : «Ежелгі дос жау болмас», «Шашырап шыққан қандар көп», «Мырзалық қонаққа пайда, малға қас», «Жар басына қонбаңыз», «Жал құйрығы қаба деп» және тағы басқа толғауларында ел бірлігі, жақсы мен жаман, білімділік пен надандық, жалпы ізгілік мәселелерін қамтиды. Жыраудың бүкіл жыр-толғаулары афоризмдерден өрілген. Ақылгөйабыз дәулетке, баққа қызықпа, арынды ақсатпа, малға сатпа, ол мәңгілік нәрсе емес, «өзгереді, өзгергенді көз көреді»-дейді. Ол арамзалық алысқа шаппайды, «Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам» ұзаққа бара алмайсың, халықтың шындық атты қақпапаны бар, адалдық атты тұзағы бар, соған түспей өтпейсің,- деп ескертеді. «Жаманмен жолдас болсаң, көрінгенге күлкі етер, жақсымен жолдас болсаң, айырылмасқа серт етер»- деп бірліктің басталатын қайнар көзін ашып береді. Жырау қарапайым сөздің сыры сезілмес, жымы білінбес шеберлікпен шендестіру арқылы ғаламат қуат күшін оятады. Жай ғана бір сөздің ұйқасы мен үйлесімінің арасына ол тіршіліктің қария даналығын орнықтырады. Бұхар жырау тірліктің, жарық дүниенің сәулелі нұрын құштарлықпен құшақтайды. Оның ойы-аспаннан биік, сезімі-теңізден терең. Ол құйқылжыған, қайшылығы, қарсылық күресі, текетірес құбылысы көп дүниеден тиянақ табуға баулиды. Басу айтып, сабасына түсіреді. Аласұрған көңіл, арпалысқан сезімді ауыздықтаудың сиқырын, сырын жеткізеді. Пенделіктен жоғары тұрар қасиеттерді сақтаған дейді. Жыраудың толғаулары шартын тізбелеген нақыл, афоризм көмбесі. Ол өзінің өлеңдерінде моральдық сарынға беріліңкіреп, ағайыншылықты, татулықты, достықты үгіттейді, өзімшілдіктен сақтандырады. Афоризмге толы жыр жолдарынан жырау ойының нақты дәлдігімен қатар тура жолды көрсеткен өмірлік бағытын байқаймыз. Жырау ойды тереңнен меңзейді. Не жақсы, не

жаман, өмірде қайтпек керек, қайтсек істеген ісіміз жақсылық болмақ деген сұрауларға жауап беруде оның өзіндік сұрағы бар. Қай мәселені көтерсе де сара жол, ақиқатын ашып береді. Адами болмыстың биік шыңына жетудің бағытын көрсетеді. Мысалы: Жар басына қонбаңыз, Дауыл соқса үй кетер. Жатқа тізгін бермеңіз, Жаламен бас кетер. Жаманмен жолда болсаңыз, Көрінгенге күлкі етер. Жақсымен жолдас болсаңыз, Айырылмасқа серт етер. -деген толғауы осының айғағы. Бұхар өмір сүрген дәуір- қазақ даласында жоңғар шапқыншылығының күшейіп тұрған тұсы. Ел ішінде алауыздық белең алып, ханнан қайыр, қарадан ынсап кеткен, Бұхар сөзімен айтқанда: Ай заман-ай, заман-ай, Түсті мынау тұман-ай, Істің бәрі күмән-ай -болған заман. Елден береке кеткенде діңнің де мешеу тартатын тұсы . «Ораза, намаз тоқтықта» дегенді ту етіп ұстаған қазақ халқы үшін аласапыран заманда діннің де керегі шамалы екенін аңғару қиын емес. Ал діннің халық рухы үшін қаншалықты қажеттілігі бар екенін түсінген Бұхарға діннен ауытқи бастаған халықтың қаракеті құрдымға кетумен бірдей. Сондер Абылай тұсындағы тынымсыз жорықтардың ел берекесін кетіріп жатқан кезеңінде ханға айтқан жырау ақылдарының ең тиімдісі- қазақтың өзара бірлігін сақтауға, одан кейін көрші елдермен алыс-беріс жасап, жауласпай Бұхар жыраудың аталған толғауларындағы афоризмдер қазақтың мақал-мәтелдерімен үндес, сарындас келеді. Мысаалы жыраудың «Ежелгі дос жау болмас» деген толғауы халық мақал-мәтелдерінен өрілген. Мұнда ол өз сөзімен халық даналығының мазмұнын, ойын айқын түсіндіріп береді. Қорытындылай келе Бұхар көшпелі халықты жоңғарлар жан-жақтан қыспаққа алып,шабуылдап жатқан қатал заман тұсын жырлаған. Ол сол кезде қазақтың билеушісі Абылай ханның ақылшысы әрі кеңесшісі болды. Ұлы ханның барлық қазақ тайпаларын біріктіретініне сеніп, оны алып күш иесі деп құрметтеген. Бұқар жыраудың ең таңдаулы шығармаларының бірі – Абылайдың дүниемен қоштасуы туралы өлең-жоқтауы. Онда ханның батылдығы мен ақылдығы , дана саясаты мен көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатнасты жүргізе алу ерекшелігі айқын суреттелген.

Өз заманың жақсы түсіне білген ақын күш бірігіуін қолдап, бірттас мықты мемлекет құруды армандаған. Бұхар жырау мұраларынан бізге жеткен - жырларының 1100 өлең жолдары ғана. Сөз өнерін тамаша меңгерген Бұхарды өз замандастары «көмекей әулие » деп атаған Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. Бұхар жырау шынында да,өз заманының жыршысы болған. Оның айтқан сөздері халыққа әскери рух беріп, ұлттық сана-сезімінің нығайуына әсер еткен. . Сондықтан да Бұхар жырау жырларын басқыншы жаумен ұзақ рпалысып, ерлік пен елдіктің, парасаттылық пен ақғындқтың парқы таразыға түскен сындарлы шақта Абылай хандайхандай басшының төңірегіне топтасып ұлы жеңістерге жетіп, ерліктің үлгісін,күдіретін танытқанқазақ өмірінің шындығын айшықтай өрнектеген поэзия, ұлы мұра деп білеміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Дала даналары,. Алматы: Қазақсиан даму институты. 2001-640б
2. Қ.Өмірәлев. 18-19 ғ. Қазақ поэзиясының тілі
3. М.Жармұхамедов. Көненің көзі. Алматы, Санат, 96
4. Қуанғанов Ш.Т . Бұхар жырау
5. М.Жармұхамедов. Көненің көзі. Алматы, Санат, 96
6. М.Мағауин. Қобыз сарыны, Алматы: Жазушы, 68
7. Х.Сүйіншәлиев. 18-19 ғ. Қазақ әдебиеті, Алматы:Мектеп,1989
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том 2 кітап, 64
9. Бұхар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. Алматы, 92

БОКУШЕВА ГУЛЬМИРА ЖУМАГАЛИЕВНА

Астана қаласы
Тәттімбет атындағы
№1 Өнер мектебінің
вокал сыныбының оқытушысы

БУХАР ЖЫРАУ - ПОЭТ СВОЕГО ВРЕМЕНИ

Бухар жырау-феномен казахской народной поэзии, певец эпохи, зеркало социальной жизни своего времени. На современном языке -эрудит, знающий несколько языков (арабский, персидский, ойратский, джунгарский), ученый-изменивший учебный процесс медресе, сделавший обязательным в этих заведениях изучение языков, логики, законов, ораторского мастерства, человек-история, проживший более 100 лет, учитель- наставник, ставший крупной политической силой в ханской среде, видный представитель казахского устного поэтического слова, оставивший великое наследие.

«Тому, кто захотел бы полностью записать стихи этого человека нужно долголетие Ноя, выдержка Аюба, мудрость Платона.»

Так оценивает его творчество первый исследователь биографии и творчества Бухар-жырау- Машгур Жусуп Копеев - родственник самого Бухар жырау (1857-1931гг)

Жырау (от каракалпакского, казахского и ногайского переводится стихотворение, песня)-народный поэт, певец тюркской поэзии. Данный термин упоминается в источниках с XV века. В отличии от жыршы, жырау является не только исполнителем, но и автором произведения. Излюбленный жанр жырау- толғау(каракалпакского, казахского и ногайского толғау-раздумья), т.е. стих, содержащий большое количество назиданий и афоризмов.

Первыми представителями казахских поэзий считаются Асан Қайғы и Қазтұған жырау, жившие в 15 веке. В XVI-XVII веках- Сыпыра жырау, Шалкииз-жырау, Ақтамберды Сарыұлы, Жиёмбет-жырау, Таттикара-жырау.

В XVIII веке казахская поэзия переживает новый виток развития, связанный с войной с джунгарами, присоединением к России и обострением внутренних противоречий в казахском обществе. Этот период связан с именами поэтов Умбетау-жырау (1706-1778), Бухар-жырау (1668-1781).

Родной отец Бухар-жырау-Калкаман батыр из рода Арғын. Бухар жырау родился в Баянауле и умер на горе Далба. Его потомки тоже находятся под Баянаулом. Его отец Калкаман батыр прославился в сражениях с джунгарами. Сам Бухар-жырау получил образование в Дамаске (Сирия) в ведущем мусульманском высшем учебном заведении. Здесь юноша получил блестящее образование, знание языков. Вернувшись на родину, молодой человек некоторое время был советником эмира, затем переехал в столицу Казахского ханства, город Туркестан. Бухар Калкаман ұлы стал преподавателем медресе. Занятия проводил в песенной форме, что было привычнее казахам и лучше запоминалось.

Затем некоторое время служил бием (судьей), проявил себя как знаток законов. При Тауке хане стал заметным государственным деятелем, наряду с знаменитыми биями составлял текст «Жеті Жарғы» – первого в истории Казахстана свода законов, который был принят в 1710 году. Уже в зрелом возрасте, после 60 лет, в биографии Бухар-жырау случились важные события. В начале 1770 годов он становится сначала наставником, а затем и главным советником молодого султана Среднего Жуза – Абылая. Хан стремился к объединению всех Жузов в единое государство.

Дата смерти Бухар жырау точно неизвестна. Называют и 1781 и 1787 гг., считается, что он прожил более 100 лет.

Произведения Бухар-жырау дошли до нас в основном виде толғау, посвящены социальным проблемам и рождены в силу определенных исторических событий. И главная тема – любовь к народу, его восхищение отваге и мужеству сынов народа, утверждение, что для сохранения независимости и свободы нужно единство народа в борьбе с калмыками и джунгарами. Единство и сплоченность не на один год, не во время опасности, а навсегда. Это девиз Бухар-жырау актуален и в наши дни. Джунгарские калмыки неоднократно нападали на казахские земли. Самая сильная и крупная из этих атак произошла в 1723 году. В результате этого похода казахский народ подвергся кровопролитной бойне и тяжелой депрессии. События "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" широко воспет и в казахском фольклоре и исторической литературе. Есть стихи, показывающее тяжелое положение страны в то время. Они дошли до наших дней и известны каждому. Одним из них является стихотворение «Каратаудың басынан қош келеді». В 1726-1741 гг произошли три больших сражения, два из которых закончились победой казахов, а последнее сражение закончилось жестоким поражением, многие казахи были взяты в плен и перебиты. В небо полетели прах страха и лжи, что калмыков не победить. Бухар-жырау выступает как поэт патриот. Своими мудрыми и проникновенными стихами он помог казахскому народу пройти еще один

отрезок пути к социальному самосознанию. Известны произведения: «Когда было великое бедствие», «Куда ты направляешься керей», «Через несколько месяцев придет лето», «Айналасын жер тұтқан»

Айналасын жер тұтқан
айды батпас деменіз
Айнала ішсе таусылмас
көл суалмас деменіз...
Жалғыз көпке теңеліп
Бір жапанда соғысып
Кегін алмас деменіз.

Золотая страница в жизни казахского народа-это встреча Бухара с ханом Аблаем, когда казахское государство слабело и распадалось, самым сильным правителем среди казахов был Аблай. Он хотел объединить все три Жуза в единое, могучее, централизованное государство. Бухар угадал гений Аблая, искренне поверил в него, а Аблай со своей стороны увидел в нем глубокого мыслителя, истинного певца своего народа, выразителя его дум и чаяний.

«Қазақтың дербес болуына, әрі-беріден соң қазақтың қазақ болуына, басы қосылып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына ерен еңбек сіңірген Абылайдан артық адам болмас» - Бухар жырау

В этом творческом содружестве раскрывается смысл политики и дипломатии Аблая. Аблай знал цену и красноречию, и знаниям, и дипломатическим способностям своего жырау и прибегал к услугам Бухара, желая наладить отношения, вышедшими из-под его власти родами.

Бухара прозвали «Көмекей аулие» - святая гортань, никого другого ни из предшественников, ни современников так не называли. Влияние Бухара на хана было так велико, что от него во многом зависела ханская политика.

Он требует заботы хана о народе и признание народом хана. Идеи национального единства звучат в его поэме «Сабалақ», «Ай, Аблай, когда я тебя увидел», «Благопожелание», тема братства и справедливости и взаимоотношений людей: «Если не отвечу хану», «Старый друг не станет врагом», «Много пролилось крови»

В поэме «Сабалақ» поэт делает краткий обзор пути Аблая к вершине власти, а в стихотворении «Времена» размышляет о том, что в истории не было периодов, когда людям легко жилось, когда царила справедливость, а у власти были достойнейшие. Об этом он размышляет:

Ох времена, ох времена
Висит тумана пелена
На всех неясная вина
И ночь беззвездна и темна
Вокруг пролазы и хлыщи
У них защиты не ищи...

Бухар верил в Аллаха. В его «11 желаний» первым желанием является не противиться воле бога:

Первое пожелание-пожелать

от веры Аллаха не отходить.

Подчинение, служба Богу- не только долг, но и величайшая радость для человека, залог его счастья.

Если в Аллаха ты верить твердо будешь

Если его рабом, забыв гордость будешь,

То высокий Бог одарит тебя щедро сам

Тем не менее, в его произведениях на религиозные мотивы мы не видим строк о пустоте этого мира или о вечном блаженстве загробной жизни. И отсюда приходим к заключению, что Бухар-жырау будучи государственным деятелем, полностью погружался в земные дела, чтя бога, не был религиозным фанатом.

Поэт оставил 11 пожеланий, где перечисляет перечень свойств необходимых настоящему человеку:

1. Будь верным Богу. Бог-основное русло всей твоей жизни
2. Не следуй за злодеянием, невежами. От них надо остерегаться...
4. Главное богатство человека -его здоровье.Берегите его...
6. Заботься о своих близких.
- 7.Защити свою Родину...
- 10.Уважай и цени матерей. Это твой долг.
11. Ценить женщин-основа моральных качеств.

Художественная ценность произведений Бухар-жырау позволяет назвать его одним из основателей казахской литературы. Его мысли, слова, сказанные многие века назад актуальны и по сей день и являются золотым наследием для нынешнего поколения. Такой феномен как Бухар жырау будет оставаться предметом для изучения еще долгие годы.

Использованная литература:

1. «Бухар-жырау сказитель» 1668-1781, Масгут Нурмагамбетов интернет портал Стихи.ру
2. Кобыз и копье.Повествование о казахских акынах и жырау 15-18 веков- 5 изд Алматы. Мектеп,2003
3. «Бұқар жырау» Жамбыл Омаров изд Фолиант 2001г.

ЖАМАНКРАЕВА ГУЛСАН КЕНШИЛИКОВНА

Астана қаласы
№106 орта мектебінің
музыка пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ЖЫР-ТОЛҒАУЛАРЫ

Бұқар жырау Қалқаманұлы – XVIII ғасырда өмір сүрген қазақтың әйгілі жырауы, ақыны және қоғам қайраткері. Оның жыр-толғаулары қазақ

халқының өмірі мен тұрмыс-тіршілігінен бастап, ел бірлігі мен болашаққа деген үміттеріне дейінгі кең ауқымды тақырыптарды қамтиды. Міне, Бұқар жыраудың жыр-толғаулары туралы негізгі мәліметтер:

Шығармалардың тақырыптары:

- Ел бірлігі мен тәуелсіздік
- Әділеттілік пен батырлық
- Ұрпақ тәрбиесі мен адамгершілік
- Табиғат және өмірдің мәні

Шығармаларының ерекшеліктері:

Бұқар жыраудың жыр-толғаулары терең философиялық ойлармен, даналықпен және бейнелілікпен ерекшеленеді. Оның жырлары көркемдік және мазмұндық тұрғыдан өте бай. Жыраудың поэтикалық тілі нақтылық пен эмоцияға толы.

Тәрбиелік мәні:

Бұқар жыраудың шығармалары қазақ халқының рухани құндылықтарын, салт-дәстүрлерін насихаттайды. Оның жырлары арқылы жастарды отансүйгіштікке, ерлікке және әділдікке тәрбиелеуге болады.

Құндылығы мен мұрасы:

Бұқар жырау Қалқаманұлының жыр-толғаулары қазақ әдебиетінің алтын қазынасы болып табылады. Олар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, біздің мәдениетіміздің ажырамас бөлігі ретінде сақталып келеді. Жыраудың жырлары қазақ халқының рухани және мәдени өмірінде үлкен орын алады. Бұқар жыраудың жыр-толғаулары біздің тарихымызды, мәдениетімізді және рухани құндылықтарымызды түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Оның шығармалары қазіргі күні де өзектілігін жоғалтпай, халыққа рухани азық болып табылады. Бұқар жырау замана, өмір жайлы көп толғанған. «Асқар таудың өлгені» толғауында табиғатта бәрі өшіп, өніп, өзгеріп отыратынын айта келіп, «Өлмегенде не өлмейді?» деген сұрақ қойып, оған «Жақсының аты өлмейді, әлімнің хаты өлмейді» – деп жауап беріп, бүкіл саналы ғұмырын адамзаттың жақсылығы үшін жұмсаған адамның өзі де, сөзі де өлмейді деген тұжырым жасаған. Жыраудың «Жиырма деген жасыңыз», «Атам болған жиырма бес», «Сен он бір жасыңда», «Ей, Абылай, Абылай» деген толғаулары адам өмірінің кезең-кезеңіне арналған.

Бұқар жырау «Жиырма деген жасыңыз» толғауында:

Жиырма деген жасыңыз
Ағып жатқан бұлақтай,
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай,
Қырық деген жасыңыз

Ерттеп қойған құр аттай... – деп адам өмірінің әр кезеңінің ерекшеліктеріне тоқтала келе, жастық шақты «ағып жатқан бұлаққа», «жарға ойнаған лаққа», «ерттеп қойған құр атқа» теңейді. Кәріліктің дәрменсіз шақтарын:

Сексен деген жасыңыз

Қараңғы тұман түн екен,
Тоқсан деген жасыңда

Ажалдан басқа жоқ екен, – деп жастық шаққа қарама-қарсы суреттейді. Адамның жастық шағы мен кәрілік кезеңін бір-біріне қарама-қарсы суреттеу арқылы жырау жас ұрпаққа шастық шақты өз мәнінде өткізу керектігі туралы өсиет тастаған. Бұқар толғауларының басты тақырыбы – ел бірлігі. Жоңғар шапқыншылығынан кейін тоз-тоз болған елдің басын бір тудың астына жинау мақсатын терең түсінген Бұқар жырау:

Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетірер,
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетірер, – дей келе,
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз, –

деп, ел-жұртын береке-бірлікке, татулыққа, ұйымшылдыққа шақырған. Бұқар жырау бұл ойын өзінің «Тілек» өлеңінде одан әрі нақтылай түскен.

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Пиғылы жаман залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз
Бес уақытта бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа... –

деп, еліне тек жақсылық береке, ынтымақ, татулық беретін он бір тілек тілейді. Бұл тілектің орындалуы елдің бірлігіне байланысты деген ой түйеді. Атақты Бұқар жыраудың «Бірінші тілек тілеңіз...» деп басталып, он бір тілек тілейтін кең тараған жыры бар. Осы жырлардан біз не ұғамыз.

Мысалы:

Бірінші тілек тілеңіз,

Бір Аллаға жазбасқа... – дейді. Бұл сөз білген адамға Құранның тұтас бөлігі. Жырау Алланы жалғыз деп таны деп тұр. Яғни, діннің тілімен айтқанда – таухид. Егер адам осы таухид түсінігінен ауытқыса, барлық ғұмыры оған еш пайда бермейді және істеген ісі ахиретте де қажетіне жарамайды. Бұқар жыраудың жыр Бұқар жырау өзінің «Тілек» толғауында әр адамға жақын, әр адамның игі арманы болған тілектерді тізген. Ол осы

толғауы арқылы адамзаттың неден сақтануы керегін дөп басып жырлаған. Мысалы:

«Екінші тілек тілеңіз:

Ең шұғыл пасық залымның,

Тіліне еріп азбасқа» - дей отырып, жаманның арбауына ермейтін, тілі өтпейтін, рухани қорғаны мықты адам болуға шақырады. Ал: Төртінші тілек тілеңіз: Төрде төсек тартып жатпасқа» дей отырып, адамға денсаулықтың маңызды екенін баса айтады. Бұқар жыраудың толғауынан кешегі дүрбелең заманның да бейнесін көреміз. Тілі көркем, мазмұны терең шығарма, толғаулары қазақ халқының рухани мұрасы. Олар біздің мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бірінші тілек тілеңіз .Жинақ "Қазақтың музыкалық мұрасы." Қарағанды, «Ғылым» баспасы, 2013. 45-70 б.
2. Жамбыл Омари. "Бұқар жырау." Астана, "Фолиант" баспасы, 2008.б. 23-50 б.
3. Қалиасқар Шыныбектегі. "Әлімнің хаты өлмейді." Алматы, "Қазақстан" баспасы, 2007., 12-30 б.
4. С. Мұқанов. «Қазақ музыкасының тарихы» Алматы «Мектеп», 2010. 5-80 б.
5. Ж. Жанұзақов. «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» Алматы, «ҚазҚМК» 2011.

ХАБАЙ ОРАЛСЫН

Астана қаласы

№106 орта мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ

Бұқар жырау Қалқаманұлы — қазақ халқының рухани мәдениетінің көрнекті өкілі, қазақ жыраулық дәстүрінің ірі тұлғаларының бірі. Бұқар өзінің арнау, толғау, термелері арқылы әлеуметтік, қоғамдық мәселені қозғайды. Бұл ретте ол, Ақтанберді жырау сияқты, феодалдық құрылысты, хандық жүйені қолдайды. Алайда ел өмірі, халықтың тыныштығы үшін жақсы басшылық керек екендігіне үлкен мән беріп, ақыл-кеңесін айтып, ағыл–тегіл жыр төгеді.

Бұқардың азаматтық арымен тебірене толғаған ең негізгі мәселесі атамекеннің амандығы, ағайынның татулығы, бірлігі, халқының тыныш бақытты өмірін жырлау болды. Хандық феодалдық қоғамда рулық

талас–тартыс бойынша ел бірлігі бұзылып отырған. Содан келіп сырт дұшпанның қақпанына түсіп, қазақ халқының біртұтас мемлекет болып өмір сүруіне кеселі тие берген.

Бұқар жырау қазақ халқының ауызбірлігін, ханның діл болуын, барша жұрттың сол бір тура басшыға бағынуын насихаттайды. Жырау осы идеясын қорғауда айбарлы хан Абылайдан сескенбей, оған талай ретте қатты ескерту жасайды. Абылай қанша ақылды хан болса да, жаугершілікке еліккен мінезі бойынша, ол егескен жауды талқандағаннан кейін, өз елінің батырларына, әлсіз руларға да соқтығады. Тіпті орыс патшасы орнатқан әскери қорғанға шабуыл жасап, соғыс ашпақшы болады. Міне, Абылайдың осындай өз халқын қырғынға ұшыратпақ пиғылын әшкерлеп, мінін бетіне басып, бүкіл халық атынан тыйым салады.

Қалқаманұлы Бұқар жырау – қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушы әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы. Бұқар жырау ерте жасынан бастап елге танылып, алғыр жырау ретінде атақ-данқы алты алашқа жайылған. Кейін оның хан сарайы маңында да беделді ақын, ақылшы би саналуы тегін емес еді. Ел өміріндегі ірі мәселелерді шешуде ерекше роль атқарған данышпан. Бұқар жырау шығармалары өткір әлеуметтік мазмұнымен суарылып отырған. Қалмақ басқыншылығы тұсында жырау шашыранды елдің басын біріктіріп, қанқұйлы жауға тойтарыс беретін басшының қажеттігін түсіне білді. Ол Абылай ханға үлкен үміт артып, оның ел басқарудағы саясаты мен жорықтарын қолдады.

Бұқар жырау Абылайдың іс-әрекеттерін асыра ақтап, оның асқақ бейнесін жасауға дейін («Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай», «Ай, Абылай, сен он бір жасында» т.б.) барады. Алайда, жырау ханның барлық іс-әрекет, ішкі-сыртқы саясатын түгелдей қостай бермеген. Үлкен мәні бар әлеуметтік мәселелер төңірегінде келелі кеңеске көнбеген тұста ол ханды аяусыз сынап, ашшы шындықты бетке айтып отырған, бұл тұста біз жыраудың көрші орыс елімен соғысуды ойлаған Абылайға тоқтау айтып, болашағы зор елмен тату-дос болуға шақырғанын көреміз.

Жалпы Бұқар өлең-толғауларының басты кейіпкері Абылай болуында үлкен мән бар. Өйткені қазақ халқының басына қасірет бұлтын төндірген «Ақтабан шұбырынды» кезінде тоз-тозы шығып тентіреп кеткен елдің басын қосып, Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күреске жұмылдыру-тек Абылайдай қайраткердің қолынан ғана келген Абылайдың хандық билік тұсында Бұқар, Үмбетей, Тәтіқара, Көтеш т.б ақын-жыраулардың кейбіреуі хан сұлтандармен жорықтарда бірігіп жүрген, мемлекеттік істерге араласқан, хан кеңесіне, билер алқасы қатысқан. Сондықтан да олардың өлең-толғауларының маңыздылығы-өз заманындағы көзбен көріп, куә болған оқиғаларды, немесе нақты ізі суымаған, ел санасынан өше қоймаған дәуір шындығын жырлау әрине, солардың ішінде өзгелерінен дараланатыны да, сараланатыны да - Бұқар жырау. III. Уәлиханов: Дүрбелеңге толы дүбірлі кезең Абылайдың тапқырлығы мен табандылығын, ақылдылығы мен

алғырлығын танытуына жағдай жасады десе, ел тағдыры сынға түскен кезде дана жырау оның жанынан табылды, мемлекеттік істерді шешуге белсене атсалысты, ақыл қосты, халық мүддесін тереңінен ойлады. Абылайды шындық болмысымен, көркем мәнерімен, ой тереңдігімен, бай тіл кестесімен Бұқардан артық шебер бейнелеген ақын-жырау жоқ. Абылайға тікелей арнаған Бұқар өлең-толғаулары мыналар: «Абылай ханның қасында...», «Шүршіт келем деген соң бар-ды», «Басыңа біткен күніңіз», «Құбылып туған бәйшешек», «Әй, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ай, Абылай, Абылай», «Қайғысыз ұйықтаған ханым-ай», «Ай, айтамын, айтамын...» Жыраудың бұл толғауларында Абылай хан беделінің биіктеп, ықпалының пәрменді болуына, хандық мемлекетінің қуаттанып, нығаюына көрегендігімен, даналығымен, адалдығымен өмірінің соңына дейін ақыл-кеңесшісі болған маңызды тарихи оқиғалар жырланған.

Абылай хан - Бұқар жырау заманы, Мұқаң айтқандай «Орыс патшалығына қарамай, бөлек хандық құрып, жеке өмір жүргіземіз деген талаптың мезгілі еді. Бұқар сонда үлкен қырағы саясаттың талғаушысы болып, әрбір сөзін ірі- ірі оқиғалардың, ірі мәселенің тұсында ғана айтады». Ендеше Бұқар жырау Абылайды, батырларды отан мүддесі, одан қалды, халық санасын қалыптастыру қажеттігін дәріптеді. Бұқар жырау замана талабына сай өкіметтік мемлекеттік, бүкілхалықтық дәрежедегі рухани көсем, рухани өмірдің Абылайлы ұлт-азаттық қозғалыстың ұйтқысы, жаршысы. Атақты Шалкиіз жырау өзін Би-темірдің «Жау көрген күн жүргенің басы едім, көз үстінде қас едім,» - деген сөзі Бұқар жырауға тән қасиет. Бұқар жыраудың біздің еліміздің тарихында орыны бөлек хандардың бір және бірегейі Абылайханның рухани жол сілтеушісі, бағыт-бағдар берушісі болғанын, 7-інші сынып оқулықтарынан Абылай ханның ел билеген тұсындағы тақырыптан білеміз. Ол ұлт жанашыры, көрген көсем, тілге бай шешен адам ретінде қоғамдағы алған орыны жоғарыда болды, ол елдің болашағы, елдің тыныштығына қатысты мәселелерде бей-жай қалмады. Тұлға ретінде өзінің пікірін анық айтып, туған елге, өскен жерге, ата-бабадан қалған мұраға қазақ жеріне қорған бола білді. Осы қасиеттерін жас буынға жеткізіп, бабаларымыздың қазақ елінің қалыптасуына қосқан үлесін бағалауға тәрбиелеу. Елдің келешегі жас буынға өткенді бағалап, бүгінгі күнге риза болып, келешекесеніммен қарауға үйрету.

Қазақ халқының тарихында XV-XVIII ғасыр жыраулар поэзиясының дамыған, өркендеген кезеңі болып табылады. Бұған бірден-бір себеп болған тарихи құбылыс қазақ-жоңғар шапқыншылығы. Өйткені, XVI-XVIII ғасырлардағы осындай алапат дауылға төтеп бере алатын халық батырларын тәрбиелеп шығару міндеті көпшіліктің алдында тұрды. Ал, орынды да дәлелді, өткір айтылған сөзге тоқтап, тіл шеберлігін ерекше құрмет тұтқан, поэзияны сөз патшасы деп білген қазақ елі мұндай маңызды істі жүзеге асыру үшін міндеттемені жырауларға жүктеді.

Солардың бел ортасында, жыраулар поэзиясының биік шыңы ретінде көрінетін ұлы тұлға – Бұқар жырау Қалқаманұлы.

Бұқар жыраудың бізге жеткен мұраларында сол замандағы дәуір келбеті, халықтың тыныс-тіршілігі, тарихи мәні бар оқиғалар жан жақты бейнеленген. Әсіресе, көрнекті тұлға Абылайханның жастық шағынан бастап, өмірінің соңғы сәтіне дейінгі кезі айқын суреттелген. Мұндай маңызды мәліметтер бүгінгі таңдағы әдеби, тарихи зерттеушілер мен ізденушілер үшін аса құнды дүние болып табылары хақ. Жырау туралы зерттеу еңбектердің айтарлықтай деңгейде жарық көргендігі ақиқат. Десек те, осымен шектеліп қалуға болмайды. Әлі де болса зерттеуді қажет ететін мәселелер баршылық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қуанғанов Ш.Т. Бұхар жырау және оның заманы. – Алматы: Республикалық «Мұрагер» қоғамы, «Ғылым» баспасы, 1992. – 48 б.
2. Омари, Жамбыл Бұқар жырау: Ғұмырнама. Астана: Фолиант, 20018.,360 б.
3. Бұқар бабаға тағзым // М.Шибаета, А.Жексенбаева, Ж.Ельжанов, М.Асқарова, Қ.Шыныбектегі. –Қарағанды: «TENGRI LTD» баспаханасы, 2013. – 195 б.

ИВАНОВА НАТАЛЬЯ ЕВГЕНЬЕВНА

Астана қаласы

№17 мектеп-гимназиясының
тарих пәнінің мұғалімі

МУДРОСТЬ БУХАР ЖЫРАУ: УРОКИ ДЛЯ СОВРЕМЕННОСТИ

Бухар жырау (1693–1787) – одна из ключевых фигур в казахской истории, мудрец, акын и советник Абылай-хана. Его произведения отражают философские размышления о справедливости, государственном управлении, человеческой морали и общественной гармонии. Его поэтические строки несут в себе не только художественную ценность, но и глубокие уроки, которые остаются актуальными сегодня.

Бухар жырау Калкаманулы (1693–1787) – выдающийся казахский поэт, акын и жырау, философ, мудрец и один из самых известных советников Абылай-хана. Его жизнь и творчество пришлись на переломный период в истории Казахстана, когда народ сталкивался с внешними угрозами, внутренними разногласиями и необходимостью укрепления единства.

Бухар жырау был не только поэтом, но и политическим деятелем. Он занимал уникальное место в казахском обществе как советник и доверенное лицо Абылай-хана, одного из наиболее выдающихся правителей в истории Казахстана. Его речи и стихи помогали объединять казахские роды,

поддерживать моральный дух во время войн с джунгарами и формировать принципы государственного управления.

Бухар жырау писал свои произведения в форме толгау – жанра казахской устной поэзии, сочетающего философские размышления и жизненные наставления. Толгау Бухара отличаются глубиной мысли, образным языком и мастерством передачи чувств.

Почему мудрость Бухар жырау важна для современности? Мудрость Бухар жырау Калкаманулы представляет собой ценное наследие, которое выходит за рамки своей эпохи. Его философия, основанная на справедливости, единстве, моральных принципах и уважении к традициям, отвечает на вопросы, которые остаются актуальными в условиях современных вызовов. В XXI веке человечество сталкивается с такими проблемами, как политическая нестабильность, утрата духовных ориентиров, экологические кризисы и размывание культурной идентичности. В этом контексте идеи Бухар жырау дают уникальную возможность взглянуть на эти вопросы через призму исторического опыта и философской мудрости. Мудрость Бухар жырау можно адаптировать к вызовам современности, используя его философию как источник вдохновения для построения гармоничного общества, этичного лидерства и сохранения национальных ценностей. Давайте рассмотрим ключевые идеи поэта и их примеры в современном контексте.

1. Идея Бухар жырау: Правитель должен быть справедливым, мудрым и руководствоваться интересами народа, а не личной выгодой.

Пример из творчества Бухар жырау, отражающий его идею о справедливом и мудром правителе, можно найти в его наставлениях хану Аблаю. В одном из своих стихотворений он обращается к хану с такими словами:

«Гнев свой разумом усмирай,

Обидами народ не трави.

Рассудком путь свой направляй —

С народом в единстве себя сохранишь.»

Эти строки учат правителя не поддаваться эмоциям, быть справедливым и принимать мудрые решения, чтобы сохранить уважение народа. Бухар жырау подчеркивает, что только тот правитель, который действует в интересах своего народа и сохраняет свою честь и достоинство, достоин уважения и преданности. Этот отрывок является ярким примером того, как Бухар жырау наставлял правителей на путь справедливости, мудрости и служения своему народу [1].

2. Идея Бухар жырау: Разобщенность ведёт к ослаблению общества, а единство — залог силы и прогресса. Одним из ярких примеров являются его слова:

«Без единства нет жизни,

Без жизни нет богатства.

А если и есть богатство, то нет в нем красоты,

Как нет горы выше Казыгурта.»

В этих строках Бухар жырау прямо подчеркивает, что раскол и внутренние конфликты ослабляют общество, лишают его силы и перспектив. Напротив, единство, взаимопонимание и общая цель — основа процветания и устойчивости [2].

3. Идея Бухар жырау: Высшие ценности — это честность, добродетель и уважение к другим.

Идея Бухар жырау о том, что высшие ценности — это честность, добродетель и уважение к другим, отражена в его наставлениях, обращенных к хану Аблаю и казахскому народу. Примером может служить следующий отрывок из его поучений:

«Если последуешь за честностью и разумом,
Ты достигнешь добра.

Если последуешь за сплетнями и ложью,
Жизнь твоя пройдет в страданиях»

Этот пример отражает философию Бухар жырау о том, что честность, добродетель и уважение к другим являются фундаментальными ценностями для любого человека, а особенно для лидера. Он призывает жить по совести, избегать зла и уважать окружающих, чтобы достичь счастья и гармонии в обществе [3].

4. Идея Бухар жырау: Человек должен жить в гармонии с природой, сохраняя и уважая её богатства.

В одном из его стихотворений он призывает к соблюдению баланса между человеком и окружающим миром:

«Земля — твоя мать, вода — твоя жизнь,
Без них жизни нет,
Они — основа всего живого,
Не оскорбляй их!»

В этих строках Бухар жырау выражает философию, согласно которой природа — это не просто ресурс, а основа жизни и благополучия человека. Он напоминает, что люди должны жить в гармонии с природой, охранять её богатства и не наносить ей вреда, ибо только так можно обеспечить будущее как для людей, так и для всех живых существ [4].

5. Идея Бухар жырау: Традиции и культура являются основой духовной жизни народа и должны сохраняться даже в условиях изменений.

Бухар жырау часто обращается к важности соблюдения духовных ценностей и культурного наследия. В одном из его стихотворений он подчеркивает значение традиций и уважения к корням, несмотря на внешние изменения и вызовы:

«Опора родной земли —
Язык и вера — дух народа.
Прошлое — пища для потомков,
Если забудешь его, пропадешь.»

В этих строках Бухар жырау указывает на то, что несмотря на внешние изменения, культура и традиции должны оставаться основой для народа,

помогая ему сохранять свою идентичность и силу. Эти идеи актуальны как в историческом контексте, так и в современных условиях, когда культура и традиции сталкиваются с вызовами глобализации и изменений [4].

Таким образом, примеры применения идей Бухар жырау показывают, что его мудрость не просто актуальна, но и универсальна. Она вдохновляет нас на создание более справедливого, единого и гармоничного мира, где ценятся как традиции, так и инновации. Его идеи о единстве, нравственности, уважении к природе и сохранению традиций могут послужить ценными ориентиром для личного и общественного развития в любой эпохе.

Библиографический список:

1. «Ежелгі дәуір әдебиеті» (Сборник литературы древнего периода).
2. («Ежелгі дәуір әдебиеті» — сборник произведений казахских жырау и акынов.
3. «Бұқар жырау шығармалары» — работы, посвященные анализу творчества Бухар жырау.)
4. «Бұқар жырау шығармалары» (Собрание произведений Бухар жырау)

УМАРКАНОВА МАЙРА УРАЗКАНОВНА

Астана қаласы

№14 мектеп-гимназиясының
тарих пәнінің мұғалімі

ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ БУХАР ЖЫРАУ

Историческое наследие Бухар жырау Калкаманулы (имя, означавшее, по одним источникам «народ», по другим источникам «средоточие учености», дошедшее фрагментарно до нашего времени пронизано казахской духовностью и вкладом в общественную и социально-политическую жизнь казахского общества. Живя в период смут и социальных противоречий казахского народа (конец XVII - начало XVIII вв.), он стал выдающейся фигурой, не только в истории, но и в казахской литературе. Будучи советником Абылай хана он был приверженцем государственной политики и обладал умением объединять людей от внешней угрозы. Его учения проповедовали гармонию между властью и народом, а справедливость и честность были главными добродетелями. Известно, что жырау в молодые годы освоил языки, был лингвистом арабского, персидского, ойратского и китайского языков. Это впоследствии дало возможность ему как молодому учителю медресе преподавать языки, ораторское искусство и даже азы законов. Наряду со знаменитыми биями он составлял текст «Жеты Жаргы»

— свода законов, который был принят в 1710 году. Его знания пригодились при формировании норм административного, уголовного, гражданского права, правил землепользования, а также в разделах о налогах, семейных отношениях.

Особую роль сыграл Бухар Жырау в казахской поэзии. За время службы за Бухар жырау закрепилось имя «придворного поэта». Однако многие исследователи были не согласны с этим, считая, что Бухар жырау был не только поэтом, но и просветителем, чьи идеи прославились не только в Бухаре, но и оставили след в общетюркском наследии. Да, бесспорным был тот факт, что у каждого хана был свой жырау, объединявший в сложное время хана с народом, успокаивавший хана после порыва, останавливавший в некоторых ситуациях народ. Однако, мудрые изречения, имеющие правильный человеческий посыл и воспевавшиеся в тот период многими жырау, зачастую становились основой политически верных шагов ханов. Его толгау также были обращены к единству народа, укреплению ханской власти и демократическим призывам. Бухар жырау считал, что сила народа — в единстве.

Многие исторические личности посвятили свои исследования изучению наследия Бухар жырау (Ч. Валиханов, Ж. Копеев, С. Муканов, М. Магауин, М. Ауэзов и др.). Так, М. Магауин высоко оценил поэзию Бухар жырау, признавая, что его произведения составили стержень духовной культуры казахов.

Великий французский учёный Рене Декарт писал: «удивительно, что в трудах поэтов великие мысли встречаются чаще, нежели у философов. Возможно, это связано с тем, что в сознании истинно вдохновлённого поэта пробуждаются горькие мысли. Ведь истинный корень мысли находится в знаниях. Если философы опираются на ум, поэты увлекают читателя, благодаря полёту фантазии. И поэтому произведения поэтов охватывают тебя всего...» Таким был и Бухар жырау, осмысливавший истинную ценность, и содержащий глубокий смысл своих произведений. Бухар жырау был также мастером слова, создателем философских, патриотических и воспитательных толгау (импровизационных поэтических произведений). Его творчество отражало жизнь казахского общества XVIII века, включая социальные проблемы, моральные ценности и политические события. По мнению Бухара жырау, талант знати аристократства, способность мыслить определяют корни человека. Он писал: «Қатын алма қарадан, арты кетпес жаладан» (дословный перевод: Не бери в жены простолюдинку - не избавишься от ложной клеветы).

«Қарадан хан қойсаң, босамас ауызы парадан» (Воздвигнешь хана из простолюдинки, будет взяточничеством только и занят) — так он советовал Абылаю. Бухар жырау считал, что то, каким станет человек, в большинстве своём зависит от его 45 корней. Бухар жырау особое внимание уделял этическому мировоззрению. В этих строках он призывал молодежь к гуманности:

«Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.
Тар пейілді кеңімес, кең пейілді кемімес.
Берем деген құтылмас, берік байлаған шешілмес.
Қазулы жолдар көмілмес,
Қартайған қарт бабанды сыйлай бер,
Үндердің күні болғанда, кімдер де кімнің дейсің белі бүгілмес»

Главным долгом, считал жырау, быть верным Богу и чтить мусульманские заповеди, в то же время критиковал зло и невежество.

Поэтическое наследие Бухар Жырау в первоизданном виде не сохранилось. Его произведения неоднократно издавались в сборниках, хрестоматиях. Известно, что имеется около 1200 строк произведений, часть из которых до сих пор фрагментарно находится в зарубежных архивах. В современной истории не угасает интерес к наследию Бухар жырау. Феномен личности Бухар жырау, его имя и достижения используются как источник вдохновения для нового поколения казахского народа, стремящегося к сохранению своей культуры и исторического наследия.

В качестве своего духовного и поэтического завещания он оставил своим потомкам «Тілек» - «Пожелание». Народ сохранил ценное творение, передавая его из уст в уста в течение трёх веков. Бухар жырау призывает народ к духовным ценностям: справедливости, человечности, ратует за добрые отношения между детьми и родителями, агитирует за свободу, верную дружбу.

Наследие Бухар жырау не забыто. Его творчество стало частью устной традиции, передаваясь из поколения в поколение. Он оказал огромное влияние на развитие казахской литературы, утвердив традицию жырау как культурного института. Так, в 2023 году в рамках программы «Рухани жаңғыру» в Карагандинском государственном техническом университете прошла Республиканская научно-практическая конференция «Ұлы дала жырауы», посвящённая 355-летию Бұхар жырау Қалқаманұлы. Известные, учёные, литературоведы, общественные деятели обсуждали нераскрытые исторические факты о личности Бухар жырау, белые пятна в его биографии и творчестве, тот опыт и ценности, которые можно донести до современной молодёжи [5]. В настоящее время имя Бухар жырау носят районы и улицы городов Астаны, Караганды, многих учебных заведений и культурных центров.

Таким образом, Бухар жырау — символ единства и духовного богатства казахского народа. Жырау оставил неизгладимый след в истории Казахстана, соединяя в себе черты мудреца, поэта и политика. Его жизнь и творчество — это источник вдохновения для казахского народа в поиске гармонии и единства.

Список использованных источников:

1. Бухар-жырау: произведения, наследие и факты биографии <https://www.nur.kz/family/school/1714072-buhar-zyrau-biografia-i-tvorcestvo/>
2. Кайимов М.Ә., Халикова Н.С., Ибрагимова У.Б. Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр-толғауларының басты ерекшеліктері//Вестник Евразийского гуманитарного института №2, 2023 с. 296-308
3. Мағауин М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. Монография. – Алматы: Атамұра, 2006. – 264 б.
4. Историко-культурное наследие Казахстана. В помощь кураторам студенческих групп. 4 книга / Под ред. акад. НАН РК А.М. Газалиева. – 2-е издание - Караганда: Изд-во Карагандинского государственного технического университета, 2011. – 122 с.
5. К 350-летию Бухар жырау прошла научная конференция// <https://www.kstu.kz/k-350-letiyu-buhar-zhyrau-proshla-nauchnaya-konferentsiya/>

ҚАСЫМХАН АЙДАНА АРЫНҒАЗЫҚЫЗЫ

Астана қаласы
№64 мектеп-лицейінің
тарих пәнінің мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668–1781) қазақтың көрнекті жырауларының бірі және Абылай ханның contemporaries-і болған. Оның шығармаларында Абылай ханның бейнесі ерекше орын алады. Бұқар жырау өз өлеңдерінде Абылайдың тұлғасын зор құрметпен және терең тағзыммен сипаттайды. Жыраудың Абылайға деген құрметі оның хандық билігі мен жеке тұлғалық қасиеттеріне деген жоғары бағасын көрсетеді.

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693-1787) – әйгілі жырау, Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне-көп Абылай ханның өтінішімен, «сәуе айтшы» деген тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтады екен, бұлары дәлме-дәл келіп отырған. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің

жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап калатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан.

Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі Қытай мен Ресей аты қос алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасаған. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттелген. Әсіресе, оның толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленген.

Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар «Күнбатыстан бір дұшпан, Ақырында шығар сол тұстан. Өзі сары, көзі көк, Діндарының аты боп Күншығысқа қарайды. Шашын алмай, тарайды, Құдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жоқ, Затсыз, тексіз бір кәпір, Аузы-басы жүн кәпір, Жемқорларға жем беріп, Азды көпке теңгеріп, Ел қамын айтқан жақсыны, Сөйлетпей ұрар ұртына. Бауыздамай ішер қаныңды, Өлтірмей алар жаныңды, Қағазға жазар малыңды. Есен алар пұлыңмен, Солдат алар ұлыңнан, Күндердің күні, Абылай, Жаяулап келер жұртыңа, Жағалы шекпен кигізіп, Балды май жағар мұртыңа, Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан», табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді. Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын,

кабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жалайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған. Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғамдарын білімпаздықпен саралаған М.Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», - дейді. Жыраудың толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді.

1. Абылай заманы туралы толғауларының мәні.

Бұқар жырау Абылайды тек хан ретінде ғана емес, жауынгер қолбасшы ретінде де жоғары бағалайды. Жыраудың шығармаларында Абылайдың әскери шешімдері мен батырлық қасиеттері жиі кездеседі. Абылайды елді бірлікте ұстап, сыртқы жауларға қарсы күресте жеңіс әкелген қолбасшы ретінде сипаттайды. Бұқар жырау оны әділ билік, қайраткерлік қасиеттері үшін мақтайды.

XVIII ғ. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілінің бірі Бұхар жырау Абылай хан заманында өмір сүрген. Әкесі Қалқаман белгілі батыр. Оның өлеңдері өзі тұстас ақындармен салыстырғанда кейінге молырақ жеткен. Бұхар жырау қазақ жеріне ертеден мәлім. Бізге жеткен арнау, терме, толғаулары негізінен әлеуметтік, қоғамдық мәселені көтереді. Көп жайтты ол өзінің заманы санасы тұрғысынан шешеді. Хандық құрылысты нығайту мақсатын көздейді. Соған қоса жыраудың кейбір толғаулары адамгершілікке, бейбітшілікке, әділеттікке үндейді, ұстамды моральдық пікірлер ұсынады. Абылайдың сыртқы саясатына араласып, ақыл береді. (Абылайға арналған өлеңдері).

Бұхардың тіл ерекшеліктерін оның адам өмірі туралы жырларынан да айқын көруге болады. Әр қилы өмір белестерін жырлауда ақын дөп басып, орынды балама сөз тауып қолданады. Әрбір жастағы адамның қуаты, ой-сыры, мүмкіндіктері, айналасындағы өмірге көзқарасы жан-жақты ашылады. («Атан болған жиырма бес...», «Жетпіс бес жасқа келгенде...» т.б.) Жыраудың поэтикалық тілге жетік, тұспал сөзге шешен адам болғанын басқа толғауларынан да көптеп кездестіреміз. Ол табан асты сөз тапқыш ақпа-төкпе сөз өнерінің жетік өкілі. Терең ойын көркемдей-кестелей білген ірі суреткер. Бұхар өлеңдері өзінің ұйқасы жағынан да көңіл аударарлық. Бұхар шығармалары өзінің стилі жағынан ауыз әдебиетімен және өзінен бұрын жасаған Асан, Қазтуған, Шалкиіз толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл ғибрат, өсиет ретіндегі дидактикалық туындылар.

Бұқар жырау Абылай ханның қазақ халқының бірлігін сақтаудағы, ұлттың тәуелсіздігін қорғаудағы рөлін жоғары бағалайды. Абылай хан қазақ

жерінің тұтастығы мен елдің болашағын сақтау үшін күрескен, сыртқы күштермен күресте айрықша қажырлы еңбек еткен тұлға ретінде суреттеледі. Абылай хан туралы Бұқар жыраудың шығармаларында оның әділдігі, қайырымдылығы, өз халқына деген адалдығы айқын көрінеді. Бұқар жырау Абылайдың қол астындағыларды әділ билеуін, халықты қорғауын, ұлттың мүддесін жоғары қоюын ерекше атап өтеді. Ол Абылайды жомарт, батыр әрі парасатты тұлға ретінде бағалайды. Абылай ханның халық арасындағы беделі оның қасиетті тұлға ретіндегі бейнесін күшейтеді. Бұқар жырау Абылайды қазақ халқының арман-мақсаттарын жүзеге асырушы ретінде, қазақ қоғамының топтасуында маңызды рөл атқарушы ретінде көрсетеді. Оның шығармаларында Абылайдың жұртқа сенім мен үміт беретін ұлы тұлға ретінде бейнеленуі жиі кездеседі.

Бұқар жыраудың шығармаларында Абылай ханның бейнесі – күрделі әрі жан-жақты сипатталған. Абылай тек әскери жетекші ғана емес, халықтың рухани көсемі, мемлекетшіл тұлға, халыққа адал қызмет етуші, әділ билеуші ретінде көрінеді. Бұқар жырау Абылайды қазақ халқының ең ұлы тұлғаларының бірі ретінде суреттеп, оның ел мен жер үшін жасаған еңбегін жоғары бағалаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қуанғанов Ш.Т. Бұқар жырау және оның заманы. – Алматы: Республикалық “Мұрагер” қоғамы, “Ғылым” баспасы, 1992. – 48 б.
2. Омари, Жамбыл, Бұқар жырау: Ғұмырнама. Астана: Фолиант, 2008., 360 б.
3. Бұқар бабаға тағзым // М.Шиббаева, А.Жексенбаева, Ж.Ельжанов, М.Асқарова, Қ.Шыныбектегі. –Қарағанды: «TENGRI LTD» баспаханасы, 2013. – 195 б.
4. Мағауин М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. Монография. – Алматы: Атамұра, 2006. – 264 б.
5. Историко-культурное наследие Казахстана. В помощь кураторам студенческих групп. 4 книга / Под ред. акад. НАН РК А.М. Газалиева. – 2-е издание - Караганда: Изд-во Карагандинского государственного технического университета, 2011. – 122 с.

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ

Бұқар жырау шығармаларын оқытуда жасанды интеллектті қолдану тақырыбы қазіргі білім беру жүйесінде өзекті мәселе болып табылады. Бұқар жыраудың шығармалары қазақ әдебиетінде терең философиялық, тарихи және мәдени маңызға ие. Оның поэзиясы халықтың рухани әлемін, ұлттық құндылықтарын және әлеуметтік мәселелерін қамтиды. Заманауи білім беру жүйесінде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының интеграциясы оқыту процесін тиімді әрі интерактивті етуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе күрделі әдеби мәтіндерді түсіндіру мен талдауда маңызды.

Бұқар жырау шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорына енеді және ел бірлігі мен ұлттық идеяның көрінісі ретінде ерекше орын алады. Оның поэзиясында халықтың рухани құндылықтары, тәуелсіздік, және ұлттық тұтастық мәселелері тереңінен қарастырылады. Жырау шығармаларында «Мәңгілік ел» идеясы мен елдің бірлігі, ұлттық сана-сезімнің оянуы айқын көрінеді, бұл қазіргі қоғам үшін де маңызды.

Тарихи оқиғалардың сипатталуы да Бұқар жыраудың шығармаларының басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Ол өз туындыларында қазақ халқының тарихындағы маңызды кезеңдерді, соғыс пен бейбітшілікті, халықтың тағдырын шеберлікпен бейнелейді. Бұл тарихи контекст шығармалардың мазмұнын байытып, оқырмандарға терең ой салады. Көркемдік ерекшеліктері жағынан Бұқар жыраудың поэтикалық тілі өте бай және образдар жүйесі терең. Оның шығармаларында метафоралар, символдар мен аллегориялар кеңінен қолданылады, бұл олардың көркемдік деңгейін арттырады. Оқушылар үшін Бұқар жырау шығармаларының тәрбиелік маңызы зор: олар ұлттық құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді насихаттай отырып, жастардың рухани дамуына ықпал етеді.

Жасанды интеллекттің білім берудегі рөлі:

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында революциялық өзгерістер енгізуде, ол оқыту әдістерін, оқу материалдарын және білімді бағалау тәсілдерін жаңаша бағытта дамытуға мүмкіндік береді. ЖИ технологияларының көмегімен оқу процесі интерактивті, жекелендірілген, әрі тиімді бола түседі. Мысалы, генеративті жасанды интеллект (GenAI) оқушылардың білім деңгейіне сәйкес тапсырмаларды автоматты түрде дайындап, жеке ұсыныстар ұсыну арқылы оқытуды жеңілдетеді.

ЖИ-дің білім беру саласындағы рөліне қатысты бірнеше артықшылықтарды атап өтуге болады:

Уақыт үнемдеу: Оқытушыларға оқу материалдарын дайындауда және бағалауда уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру: Интерактивті платформалар мен ойын элементтері арқылы білім алу процесі қызықтырақ болады.

Жекелендірілген оқыту: Әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне жауап беретін оқу стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесінде ЖИ-ді кеңінен қолдану үшін жаңа платформалар мен құралдарды дамыту қажет. Бұл оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Жасанды интеллекттің әлеуетін толық пайдалану үшін мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру да маңызды.

Бұқар жырау шығармаларын оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану:

Виртуалды көмекшілер: Google Assistant, Siri, Chat GPT.

Қолдану: Оқушыларға шығармалар туралы сұрақтар қоюға, ақпарат іздеуге және әдебиетке қатысты тапсырмаларды орындауға көмектеседі.

Интерактивті платформалар: Kahoot!, Quizlet.

Қолдану: Бұқар жыраудың шығармаларына арналған викториналар мен тесттер жасау, оқушылардың білімін тексеру және интерактивті оқу материалдарын ұсыну.

Мәтін талдау бағдарламалары: Grammarly, Turnitin.

Қолдану: Оқушылардың жазбаша жұмыстарын тексеріп, тілдік және мазмұндық талдау жасау, шығармалардың құрылымын зерттеу.

Генеративті ЖИ құралдары: ChatGPT, Jasper, Gamma Ai, Capcut.

Қолдану: Оқушыларға шығармалардың тақырыптары бойынша идеялар ұсыну, мәтіндерді талдау және жыраудың философиялық ойларын түсіндіруге көмектесу. Шыраудың сыртқы бет бейнесін ЖИ арқылы өндірісе болды.

Адаптивті оқу жүйелері: DreamBox Learning, Smart Sparrow.

Қолдану: Бұқар жырауды оқыту барысында оқушылардың білім деңгейіне сәйкес оқу материалдарын автоматты түрде бейімдеу.

Геймификация құралдары: Classcraft, Edmodo.

Қолдану: Бұқар жырауды оқу процесінде ойын элементтерімен байыту, оқушылардың ынтасын арттыру. Осы ЖИ-лар арқылы сол замандағы болатын қоғамдық және саяси оқиғаларды оқушыға ойын түрінде ұсыну.

Симуляция және виртуалды шындық (VR) құралдары: Oculus Rift, Google Expeditions.

Қолдану: Оқушыларға тарихи оқиғаларды немесе әдеби шығармаларды тәжірибелік түрде зерттеуге мүмкіндік беру.

Осы ЖИ құралдары мен технологиялары білім беру процесін жаңаша бағытта дамытуға мүмкіндік береді, оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың білім сапасын жақсартуға септігін тигізеді.

Қорытынды: Бұқар жырау шығармаларын оқытуда жасанды интеллекттің (ЖИ) қолданылуы білім беру процесін жаңаша деңгейге көтереді. ЖИ-дің тиімділігі оның интерактивтілігі мен оқушылардың қызығушылығын арттыру қабілетінде жатыр. Бұл технологиялар оқушыларға шығармаларды тереңірек түсінуге, олардың мазмұнын талдауға және ұлттық құндылықтарды меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ құралдары мұғалімдерге оқу материалдарын дайындауда уақыт үнемдеуге және жеке оқыту стратегияларын әзірлеуге көмектеседі.

Ұсыныстар ретінде, әдебиет сабақтарында ЖИ-ді кеңінен қолдану қажет. Мысалы, интерактивті платформалар мен тесттерді енгізу арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға болады. Сонымен қатар, жаңа ЖИ негізіндегі платформаларды дамыту маңызды, олар Бұқар жыраудың шығармаларын оқытуда инновациялық әдістер мен құралдарды ұсына алады. Бұл шаралар білім беру сапасын арттырып, жастардың әдебиетке деген қызығушылығын күшейтуге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Топашов, Мәңгілік ел идеясының тарихи негіздері, 2023, DOI:10.52445/bkeu.2023.68.1.009, Қарағанды экономикалық университетінің вестнигі
2. Кенан Коч, Е. Т. Саржігітов, М. М. Иманғазин, Б. Д. Жұмақасова, «Жарыс» және «Жарыс» ұғымының тарихы, 2021, DOI:10.48081/QRUF9001, Торайғыров университетінің ғылыми журналы
3. А.Е. Сағымбаева, А.Е. Жақсылықов, Ш.Т. Шекербек, А.Б. Жамкеева, Генеративті жасанды интеллект технологиясының программалаудан жоо студенттерінің білімін бақылаудағы рөлі, 2024, doi:10.51889/2959-5894.2024.87.3.027, ВЕСТНИК КазНПУ им.
4. Назира Әденбек, Ж.К. Нурбекова, Мектеп информатикасында жасанды интеллект негіздерін оқытудың қажеттілігі, 2024, DOI:10.59941/2960-0642-2024-1-38-51, "Bilim" scientific and pedagogical journal
5. Akmaral Mukhanbetzhanova, Abilova Oryngul, Педагогтердің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудағы жасанды интеллекттің маңыздылығы, 2023, DOI:10.47649/vau.2023.v70.i3.06, «Вестник Атырауского университета имени Халела Досмұхамедова»
6. Айгуль Даулетовна Кубегенова, Ольга Криворотько, Жанаргуль Абуова, Ельназ Жанғалиева, Data mining технологиясын қолдану арқылы білім алушылардың оқу үлгерімін талдау, 2022, DOI:10.52578/2305-9397-2022-3-3-231-242, Ғылым және Білім журналы
7. Л.А. Алпысбай, Н.Г. Дементьева, Сущность измерения и оценки в управлении образовательной среды вуза, 2023, DOI:10.51889/2959-5762.2023.78.2.013, Вестник КазНПУ имени Абая

КӘМПИТ ЕЛДАНА СӘНІМҚЫЗЫ

Астана қаласы
№97 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

БҰХАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ

Бұхар жырау Қалқаманұлы қазақ халқының алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгері. Ұлы жырау кезінде Абылай ханның ақылшысы болған асқақ тұлға. Бұхар жырау әз Тәуке ханның оң жағынан орын алып, сарай қызметіне кіріскен. Сол заманнан қазақ халқының идеология мазмұнын жасаған.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысы еліміз үшін өте ауыр кезең болды. Жоңғар шапқыншылығы қазақты ата-қонысынан, жайылым жерінен айырды. Ел бас сауғалап үдере көшуге мәжбүр болды. Қазаққа тіпті ұлт ретінде тарих сахнасынан жойылып кету қаупі тұрды. Тағдыры қыл үстінде тұрған ұлтқа осындай аласапыран заманда аман қалу үшін ұйысу қажет болды. Осы тұста тарих сахнасына шыққан Бұхар жырау ел бірлігін ту етіп, сыртқы жаулармен күреске үндейді. Халық ақ киізге көтеріп хан сайлаған Абылай саясатын қолдап, хандықты одан әрі нығайту жолында күреседі. Жырау жоңғар-қалмақ шайқасының бар ауыртпалығын елмен бірге көтерумен қатар хан, сұлтандарға, қолбасшы батырларға кеңес беріп, идеологиялық тұрғыда бағыт бағдар көрсетіп отырған.

Бұхар жырау анасынан туғанда Әнет Баба:

«Есімің Бұхар болсын,
Мінгенің тұлпар болсын,
Даусың сұңқар болсын,

Ісіңе халқың іңкәр болсын» - деп бата берген. /1.24 бет/

Бұхар жыраудың он жасқа дейін тілі шықпай, оны халық арасында «мылқау бала» деп атап кеткен екен. Бірақ жүре келе өзінен өзі сөйлеп кетеді. Сөйлегенде де өлеңдетіп, тақпақтай сөйлейтін болыпты. Бұхар он екі жасынан азамат болып, ел билігіне араласқанға дейін Қожаберген ұстазының жанында жүрген, сауатын ашқан, жыр толғаулар үйренген. Халық поэзиясының озық үлгілерімен танысқан.

Бұхар жырау әз Тәуке ханның тұсында Ордадағы беделді билердің бірі ретінде ел басқару ісіне етене араласып, алқалы жиын-кеңестерге қатысқан. Оны Үмбетей жыраудың:

«Көріктей басқан күпілдеп,
Көмекейін бүлкілдеп.
Сөйлер сөзден талмадың
Тәукенің болып жаршысы,
Халқынның болып заршысы.

Белді бекем байладың» деген сөздерінен аңғарамыз. /2.63 бет/ Қабырғалы би атанған Бұхар жырау Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен бірлесіп Тәуке ханның

заң жинағын құрастыруға ат салысқан. Ел арасында көмекей әулие атанған Бұхар жыраудың көрікпелдік қасиеті де болған деседі. Оның Абылай ханның түсін жорыған болжамдары кейін шындыққа айналған екен.

«Ел бастау қиын емес, қонатын жерден көл табылады,

Қол бастау қиын емес, шабатын жерден ел табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ» дейді екен сөзді құдірет деп таныған Бұхар жырау.

Ел басына күн туып, шайқас басталар алдында ол батырлардың жігерін жанып, намысын қайраған. Абыз олардың әрқайсысына сөз арнап, ерлік істеріне мадақ айтады. Жау жолында кеткен жерлерді қайтарып, атамекенді қорғауға шақырады.

Бөгенбайдың қазасын Абылайханға естірту әңгімесінде:

«Құлағанға ұқсайды, қазақтың қамал қорғаны,

Қазақтың абырой, ары үшін, пида қылған бар жанын» дейді./3.102 бет/ Бұл сөздерді Бұхар жырауға дейін ешкім айтпаған. Сондықтан ол этникалық сананы шегелеп берген. Оның шығармалары Асан қайғы, Қазтуған, Шалгей жыраулардың толғауымен сабақтас. Көбіне ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретіндегі дидактикалық толғаулар. Жыраудың жыр толғауларында халықтың өмір-тіршілігі, көңіл-күйі, салт-санасы, тұрмысы, мінез құлықтары мен танымдары, дүниеге көзқарасы, жалпы сол дәуірдің рухы бейнеленген.

Бұхар жырау поэзиясы туралы жазушы Мұхтар Әуезов: «Жырау заман сыншысы, сөйлесе, шешілмеген жұмбақ түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді. Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады» деген.

Халық ауыз әдебиеті мен жыр аңыздар арқылы бізге жеткен деректерде Бұхар жыраудың ұзақ өмір сүргені айтылады. Ғасырлар тоғысында ғұмыр кешкен жыраудың толғаулары арада қаншама уақыт өтсе де өміршең, әрі өзекті. Сондықтан да ел арасында абыз ақсақал, көмекей әулие атанған Бұхар жырау бабамыздың шығармалары ұрпақтар үшін мәңгілік мұра болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қуанғанов Ш.Т. Бұхар жырау және оның заманы. Алматы: Республикалық «Мұрагер» қоғамы, «Ғылым», 1992. – 48
2. Омари, Жамбыл Бұхар жырау: «Ғұмырнама» Астана: Фолиант, 2008. 360 б.
3. «Бұқар бабаға тағзым» // М.Шибаева, А.Жексенбаева, Ж.Ельжанов, М.Асқарова, Қ.Шыныбектегі.–Қарағанды: «Tengri ltd», 2013. – 195 б.

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ

Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, өз заманының қоғам қайраткері, данагөй ақын. Оның шығармалары – халқымыздың рухани мұрасының ажырамас бөлігі. Бүгінгі цифрлық дәуірде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер ашуда. Осы баяндамада Бұқар жырау шығармаларын оқытуда ЖИ қолданудың маңыздылығы мен мүмкіндіктері қарастырылады.

Жасанды интеллект және білім беру. Жасанды интеллект – компьютерлердің адамның ойлау қабілетіне ұқсас әрекеттерді орындауына мүмкіндік беретін технологиялар жиынтығы. Жасанды интеллект (AI) – бұл адамның ойлауын қажет ететін міндеттерді орындауға қабілетті интеллектуалды жүйелерді құруды зерттейтін информатика саласы. Қазіргі уақытта жасанды интеллект әртүрлі салаларда, соның ішінде білім беруде белсенді түрде қолданылуда.

Білім беруде жасанды интеллекті қолданудың көптеген артықшылықтары бар. Біріншіден, жасанды интеллект білім беру бағдарламасы мен оқыту әдістемесін әр оқушыға жеке-жеке бейімдей алады. Бұл әрбір оқушының өз қарқынымен дамуына және өзінің негізін игере алмай жатқанын білуге мүмкіндік береді. Ол білім беру саласында келесідей бағыттарда қолданылады:

1. Жеке оқыту траекториялары: Әрбір оқушының қабілеті мен қызығушылығына бейімделген оқу бағдарламаларын жасау.

2. Тілді тану және өңдеу: Қазақ тіліндегі мәтіндерді талдау, аудару, және мазмұнын түсіндіру.

3. Виртуалды көмекшілер: Мәтіндер мен шығармаларды түсіндіруге көмектесетін чат-боттар.

4. Мазмұнды визуализациялау: Поэзияны графикалық форматта көрсету немесе интерактивті карталар жасау.

Бұқар жырау шығармаларын оқытудағы ЖИ-дің рөлі қандай?
Бұқар жырау шығармаларын оқытуда ЖИ қолдану келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

1. Мәтінді автоматты талдау:

ЖИ алгоритмдері шығармаларды морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан талдап, әр сөздің мағынасын, грамматикалық құрылымын анықтай алады.

Мәтіндердің тақырыптық және идеялық мазмұнын автоматты түрде бөліп көрсету.

2. Интерактивті оқыту құралдары:

Бұқар жырау шығармаларын аудио немесе визуалды форматта ұсыну. Виртуалды диалогтық платформаларда шығармаларды талқылауға арналған модульдер жасау.

3. Дыбыстық және визуалды құралдар:

Бұқар жыраудың өлеңдерін заманауи дыбыстық технологиялар арқылы оқыту.

Шығармалардың мазмұнына сәйкес анимациялар немесе бейнематериалдар жасау.

4. Оқушылардың білімін бағалау:

ЖИ негізінде тесттер мен тапсырмаларды автоматты түрде құрастыру.

Оқушылардың жауаптарын талдау арқылы олардың шығармаларды қаншалықты түсінгенін бағалау.


Қолдану барысы

1. Мәтіндік талдау: Бұқар жыраудың белгілі бір өлеңін ЖИ көмегімен талдау арқылы оның негізгі идеяларын анықтау.

2. Онлайн платформалар: Бұқар жырау шығармаларын талдауға арналған интерактивті оқу құралдарын жасау.

3. Тіл үйрету: Жасанды интеллект арқылы шығармаларды аудару, оның ішінде басқа тілдерге бейімдеу.

9-сынып қазақ әдебиетінде оқу бағдарламасы бойынша ақынның өмірбаяны, «Тілек» өлеңі, «Ай, Абылай, Абылай!», «Асқар таудың өлгені» шығармалары беріледі. Оқушыларды алмен ақынның өмірбаянымен таныстырудан бастаймын. Ол үшін «D-ID» бағдарламасына Бұқар жырау өмірбаянын орналастырамын, алдын ала ғаламтордан жүктелген суретті таңдаймын. Аз уақыттың ішінді «D-ID» бағдарламасы ЖИ арқылы Бұқар жырау өмірбаянын сурет арқылы дыбыстайды. Бұл бағдарламаның тиімділігі оқушылар тыңдай отырып, еске сақтау қабілетін арттырады.



Тыңдалған бейнематериалды оқушылар қаншалықты еске сақтай алғанын білу үшін «Quizziz», «Wordwall», «Microsoft 365» бағдарламаларында тапсырмалар дайындаймын.

Жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттыруға бағытталған тиімді стратегияларды әзірлеу және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұқар жырау «Тілек» өлеңінің мазмұнын түсінуде, тапсырмалар дайындауда «ChatGPT» платформасын пайдалау тиімді деп санаймын. Себебі, барлық ақпаратты бере алады және уақытты үнемдеуге болады.

Жасанды интеллекті қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын аңғаруға болады. Себебі, әр оқушы тапсырмаларды орындау барысында мұқият әрі жауапкершілікпен орындайды.

Жасанды интеллект технологиясын қолдану арқылы Бұқар жырау шығармаларын оқыту әдістемесін жаңа деңгейге көтеруге болады. Бұл технология оқушыларға жырлардың мағынасын терең түсінуге, олардың көркемдік ерекшеліктерін талдауға және тарихи контекстін зерттеуге көмектеседі. Сонымен қатар, жасанды интеллект арқылы оқушылардың жеке қабілеттеріне сай жаттығулар мен тапсырмалар құрастырып, оқу процесін дараландыруға мүмкіндік туады.

Бұл инновациялық тәсіл оқу процесін айтарлықтай жақсартып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект оқушыларға жырлардың мағынасын терең түсінуге, олардың көркемдік ерекшеліктерін талдауға және тарихи контекстін зерттеуге көмектеседі. Мысалы, жасанды интеллект жүйелері Бұқар жыраудың әр шығармасына толық талдау жасап, оның негізгі идеялары мен бейнелі сөз қолданыстарын анықтай алады. Бұл оқушыларға ақынның ойлау жүйесін және оның шығармашылық стилін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, жасанды интеллект арқылы оқушылардың жеке қабілеттеріне сай жаттығулар мен тапсырмалар құрастырып, оқу процесін дараландыруға мүмкіндік туады. Жасанды интеллект технологиясы Бұқар жырау шығармаларының тілдік ерекшеліктерін зерттеуге де қолданыла алады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллекті білім беру саласына енгізу өте маңызды және болашағы зор қадам. Бұқар жырау шығармаларын оқытуда жасанды интеллектіні қолдану – білім берудің сапасын арттыратын тиімді құрал. Ол оқушылардың шығармаларды терең түсінуіне, қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттыруға, және оқыту үдерісін заманауи технологиялармен толықтыруға мүмкіндік береді. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулер мен жобаларды одан әрі дамыту маңызды. Оқушыларға білім беруде жасанды интеллекті пайдалану технологияның әлеуетіне негізделген және прогреске қол жеткізу мен білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі факторы бола алады деп сенемін.

Қолданылған бағдарламалар:

- 1.<https://quizizz.com/admin/quizizz-ai>
- 2.<https://chatgpt.com/c/67613adc-08c4-8004-ab7a-6bde76a402d8>
- 3.<https://wordwall.net/ru/resource/83955750/>
- 4.<https://gamma.app/docs/-i76qrlks3nump9m?mode=doc>

ДОСЖАН БЕЙСЕНКҮЛ ҚЫЗЫҚБАЙҚЫЗЫ

Астана қаласы
№106 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

БҰҚАР - ЗАМАН СЫНШЫСЫ

«Жақсылардың үлгісі
Жанып тұрған балдай
Шешендердің сөздері
Ағып тұрған шамдай»

Қазақтың ұлы жырауы - Қалқаманұлы, Бұқар жырауы (1668-1781) 18 ғасыр жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы болған әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы. Шыққан тегі Арғын тайпасының қаржас руынан. Заманындағы сыншылар оны «көмегей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен.

Абылай хан бір жаққа жорыққа аттанарда одан айдың, күннің сәтін сұрайтын, көрген түсін жорытатын болған. «Хан Абылай атандың» деген өлеңінде;

Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділдікпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз...
Өңкей батыр жиыл деп,
Хан Абылай шақырды.
Бір төбеге жиылды,
Құм төбедей үйілді,
Басыңа біткен күніңіз,
Құтты болсын ұлыңыз!
Хан Абылай атандың,
Арманың бар ма, хан ием.



Бұқар жырауынан - Абылай ханның тұсында өмір сүрген жырау. Хан қолбасшы батыр болғанын, елді әділдікпен басқарғанын айтып. Жетім менен жесірге жамандық жасамайтынын сол заманда жырға қосқан. Үш жүздің басын құрағанын жырлаған. Қазақ батырларын басын жиыл деп атқа қон деп бірлікке жетелеген.

Ел аузындағы аңыз әңгімелерге қарағанда, Бұқар жырау әз Тәуке ханның тұсында да ордадағы беделді билердің бірі ретінде, ел басқару ісіне араласқан секілді. Оны Үмбетей жыраудың; «Көріктей басқан күпілдеп, көмекейің бүлкілдеп, сөйлер сөзден таймадың. Тәукенің болып жаршысы, халқыңның болып заршысы, белді бекем байладың» деген сөздері де айғақтағандай. 18 ғасыр болған жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының мүлдем жойылып кету қаупін тудырғаны белгілі. Осы кезде «Ақтабан шұбыбырындыға» ұшыраған елдің басын қосып, ата жауға қарсы азаттық күресіне жұмылдыру бар ғұмырын халқының бірлік бүтіндігіне арнаған ұлы жыраудың басты мақсатына айналады. Оның сөздері осы кезде еліне есті кеңес, еріне әмір болып естіледі. Хан да, қара да тарих көшінің бағдарын, шиеленген қиынның шешімін Бұқардан күтеді. Халқының әулие данасы, дуагөй бітімшісі, көреген болжаушысы санатына көтерілген Бұқаржыраудың осы тұстағы даңқын орта ғасырдағы оғыз жұртының әулиесі Қорқытпен, 14 ғасырдағы ноғайлы елінің данасы Сыпыра жыраумен салыстыруға болардай.

Халық жадында сақталған бір әңгімеде Бұқар жырау ауырып жатқанда Абылай ханның алыстан күні - түні аттан түспей жүріп келіп, көңілін сұрағаны айтылады. Бұл таққа ие болған ұлы ханның баққа ие болған ұлы жырауына деген ықылас ниеті, ерекше құрметінің белгісі болса керек. Заманында осылай ханы қадірлеп, халқы ардақ тұтқан жыраудың мұрасы халқымен мәңгі бірге жасай бермек. Бұқар жырау толғауларында өзі бастан кешіріп отырған алмағайып заманның келбеті бар болмысымен көрініп, өмір құбылысы мен дүние заңдылықтары, әлеуметтік жағдай мен адам тіршілігі кең тыныспен жырланады. Ондағы басты сарын елдің бірлігі мен ынтымағын күшейту мәселесі.

Ол жан жақтан андыздаған жаулардан қорғануы үшін басты шарт бірлік екенін терең түсінеді, ата жауға қарсы бірігіп, тізе қоса күрескен ерлерді өзгелерге үлгі етеді. «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазбек, Шақшақұлы Жәнібек, ормандай көп орта жүз солардан шыққан төрт тірек» деп майдан даласында көрсеткен ерлігімен бірге елдің ұйтқысы болып, бірліктің тірегі болып жүрген ерлерді мадақтайды. Сондықтан да Бұқар жырау жырларын басқыншы жаумен ұзақ арпалысып, ерлік пен ездіктің, парасаттылық пен азғындықтың парқы таразыға түскен сындарлы шақта Абылай хандай басшының төңірегіне топтасып, ұлы жеңістерге жетіп ерліктің үлгісін, бірліктің құдыретін танытқан қазақ өмірінің шындығын айшықтай өрнектеген поэзия, ұлы мұра деп білеміз.

Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығына тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси - әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап,

оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан, Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай хан көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған.

Оның «Абылай ханның қасында», «Ал тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен бірлігі сипатталған.

Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен бірлігі сипатталады. Қазіргі замандағы балалардың бойына жастай алғырлық пен бірлікті дәріптеуге баулуға шақырып бойына сіңіру. Халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау. Бұл жырлардың үгіт - насихаттық, дидактикалық сипаты басым.

Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс - толқындарын, күйлі қуатты талғамдарын білімпаздықпен саралаған М.Әуезов «Жырау...заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатаспаған сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан nobay, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», - дейді.

Жыраудың толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар 7-8 буынды, ұйқастары еркін. Тегінде, толғау музыкалық аспаптардың (қобыз, яки домбыра) сүйемелдеуімен орындалады. Толғаулардың поэзиялық сәулеті, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше. «Бұхарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыр ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Апплатонның ақылы керек» - деп жазады М.Ж. Көпеев. Бұл болашақтың ісі. Бұхар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде М.Ж.Көпеев, Қ.Халид, Г.Потанин, Ш.Уалиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмағалиев секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бірінші тілек тілеңіз .Жинақ "Қазақтың музыкалық мұрасы." Қарағанды, «Ғылым» баспасы, 2013. 45-70 б.
2. Жамбыл Омари. "Бұқар жырау." Астана, "Фолиант" баспасы, 2008.б. 23-50 б.
3. Қалиасқар Шыныбектегі. "Әлімнің хаты өлмейді." Алматы, "Қазақстан" баспасы, 2007., 12-30 б.
4. С. Мұқанов. «Қазақ музыкасының тарихы» Алматы «Мектеп», 2010. 5-80 б.
5. Ж. Жанұзақов. «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» Алматы, «ҚазҚМК» 2011.

ШАЙМАРДАНОВА ЖАНАР ГИЗАТОВНА

Астана қаласы

№14 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

БҰХАР - ЕЛ БІРЛІГІН ЖЫРЛАУШЫ

«Айнала алмай ат өлсін, Айыра алмай жат өлсін, Жат бойыңнан түңілсін, Бәріңіз де бір енеден туғандай болыңыз». Бұхар жырау Бұқар-ел бірлігін жырлаушы. Бұхар жырау Қалқаманұлы — XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Ол ұзақ өмір сүріп, көптеген тарихи оқиғалардың куәсі болған қазақ жырауы, мемлекет қайраткері, 1668 жылдар шамасында туған. Бұхардың арғы тегі - Арғын, оның ішінде - Төртуыл Қаржас. Бұхар жыраудың өмірі мен шығармашылығы Арқа өңірімен тығыз байланысты. Бұхар жыраудың шығармалары философиялық-дидактикалық толғау түрінде бізге жеткен. Олар бейнелі суреттерге бай, ұлттық бояуға қанық, көркемдігі кемел. Бұқар жырау Қалқаманұлы 1668 жылы қазіргі Баянауыл ауданы, Далба тауы бойында туып – 1781 жылы өз елінде қайтыс болған — әйгілі жырау. Абылай ханның ақылшы — биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек — түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне Абылай ханның «сәуе айтшы» деген өтініш, тілегімен түсін болжап, онысы дәлме — дәл келіп отырған. Әкесі Қалқаман батыр болған. Бұқар жыраудың өзінен Ақдербіс, Жарылғап, Жанта есімді үш ұл тараған. Ол өзінің ұзақ ғұмырында талай — талай тарихи оқиғаларды басынан өткізген. «Ақтабан шұбырынды» заманында тәуелсіздік пен ел бірлігін сақтауда айрықша күш жұмсаған. Ол Абылай ханға үлкен үміт артып, оның ел басқарудағы саясаты мен жорықтарын қолдаған. Сөздікпен жұмыс. Жырау — өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Сәуегейшілік, батагөйшілдік, түс көру, ырым айту, табиғат құбылыстарына болжамдар жасау (абыздың бір міндеттерін атқару) — көне дәуір жырауларына тән қасиет. Абыз – ғұлама, әулие, көріпкел адам.

Тайпа, ұлыс өміріне, ел басқару ісіне, жорық жасау мәселесіне араласып отырған саяси тұлға. Жортуыл сәуегейі болған. Бұқар Жырау қазақ халқының Жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білді. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салды. Өзінің саяси- әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналды. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артты. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет етті. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады.

Ел тұтастығын аңсаған Бұқар.

«Бұқар жырау Қалқаманұлы поэзиясының негізгі алтын арқауы – ел бірлігі. «Ағайынның аразы – елдің сәнін кетіреді» дейді. Яғни, мемлекеттің тұтастығы, ұлттың ұйысуы – әрбір шаңырақтан басталатынын меңзейді. Қазақтың көш бастаған, топ бастаған төрелері, билері, батырлары бір-бірімен тату болса, сол хандық заман қайраткерлері ұлтты ұйыстыра алса, олардың соңынан ерген халықтың да мерейі асқақ болатынын ескертеді. Бабамыз елді бірлікке, татулыққа шақырудың бірнеше түрін көрсетеді. Бұқар поэзиясы ұлттық сананың, мемлекеттік сананың айқын көрінісі деп түсінуіміз керек. «Өкпең менен қабынба, Өтің менен жарыл ма, Орыспенен соғысып, Басына мұнша көтерген, Жұртыңа жаулық сағынба!» дейді жырау. Яғни, сол заманның өзінде Бұқар бабамыз қазақ баласының таңдаған жолы – өзге елді шабу, соғысу емес, бейбітшілік пен бірліктің сара жолы екендігін, өзге елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанда ғана мемлекеттің төрт құбыласы тең болатындығын ескертеді. Осы тұрғыдан алғанда, Бұқар бабамыздың синкретті болмысының бір қыры – қазақ хандығының сыртқы саясатын бекемдеу. Бұқар жырау – осы аталған және өзіне дейінгі, өзінен кейінгі дәуірлердегі хан-сұлтандар жанындағы кеңесші жыраулар арасындағы ең көрнектісі ретінде тарихта қалды. Бұқар жыраудың балалық, ересектік шағында билік құрған Тәуке ханның заманында «Жеті жарғы» заңы жазылып, қазақтардың бір орталыққа бағынуы қалыпқа келтірілгенімен, айналасында қалыптасқан саяси жағдайларға байланысты елдің бірлігіне үлкен қауіп төніп келе жатқан болатын. Солтүстіктен ентелеп келе жатқан Ресей империясының ниетін, болашақ ұрпаққа тигізер зиян-залалын Көмекей әулие ерте білген. Мұны Бұқар жыраудың бізге жеткен «Қилы заман» деген толғауынан анық аңғауға болады. Күн батыстан бір дұшпан, Ақырда шығар сол тұстан. Өзі сары, көзі көк, Діндарының аты – поп. Күншығысқа қарайды, Шашын алмай тарайды. Құдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жоқ, Затсыз, тексіз бір кәпір, Аузы-басы жүн кәпір, Жаяулап келер жұртыңа. Өмірінің соңына дейін елдік мұраттан айнымаған есіл ердің, Бұқар жыраудың

өмір жолы – мемлекетшілдіктің айқын үлгісі ретінде дәріптеле бермек. Бұқар жырау – жыраулық дәстүрдің шыңы. Бұқар жырау шығармаларының тақырыптық аясы кең. Жақсылық пен жамандық, елдік пен ерлік, ізгілік пен зұлымдық, әділдік пен әдептілік, жастық пен кәрілік, татулық пен араздық, достық пен дұшпандық, адалдық пен арамдық, тектілік пен азғындық, тұтастық пен бірлік сынды жаратылыстың күрделі құбылыстарын қамтиды. Бұқар жыраудың өмірінің кезең – кезеңдері туралы толғауларының да ғибраты мол. Бұл тақырыптағы өлеңдеріне «Жиырма жасыңда», «Ей Абылай, сен он бір жасыңда», «Атам болған жиырма бес» – ті жатқызуға болады. Адамзаттың жас кезінен бастап қартайған шағына дейінгі өмірін суреттейді. «Атам болған жиырма бес» деген өлеңінде жастық пен кәрілікті қарама қарсы қойып суреттесе, «Жиырма деген жасыңыз» деген өлеңінде жиырмадан тоқсанға дейінгі кезеңді жеке – жеке жырлайды.

Бұқардың қай талғауын алсақ та, елді бірлікке шақыру идеясы аңғарылады. Ел бірлігін, ел тыныштығын, тәуелсіздігін, бейбіт өмірін жырына арқау еткен жыраудың бұл тақырыптағы өлеңдері «Керей, қайда барасың», «Бірі етек, бірі жең болған», «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» т.б. көптеген өлеңдерін атауға болады. Бұқар жырау толғаулары. Бұқар жырау толғауларын үлкен төрт топқа бөлуімізге болады: өмір жайлы талғаулары, адам өмірінің кезеңдері жайлы, ел бірлігі жайлы, Абылай ханға арнаған толғаулары жайлы. Өмір жайлы талғауларынан жыраудың табиғат құбылыстарына көз жібере отырып, солардың бәрінің де өліп, өшіп, өзгеріп отыратының нанымды дәлелдегенін көреміз. Жыраудың сөздері тұнып тұрған ақыл, өнегелі, ғибратты сөздер. «Қара құлам жүйрік деп», «Ай не болар күннен соң», «Ежелгі дос жау болмас», «Жар басына қонбаңыз», «Жол құрығы қаба деп», «Қара арғымақ арыса», «Жарқ – жарқ еткен жайда бар», «Асқар таудың өлгені», т.б. «Асқар таудың өлгені» деген өлеңінде жырау «Өлмегенде не өлмейді?» сұрағына «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», – деп жауап беріп, бүкіл ой – білімін, талант – дарынын, өмірін, адамзаттың асыл арманы үшін сарп еткен адамдардың есімі де, олардың артына қалдырған аталы сөздері де ғасырларға кете береді деген түйін жасады. Бұқар жырау – мемлекетшіл тұлға. Бұқар жырау шығармаларының басты тақырыбы — халқына, отанына деген ыстық махаббаты. Ол отанды сүюге, бір орталыққа бағынған іргелі ел болуға үндейді. Сыртқы жаулардан қатер төнген кезде халықты жұмылған жұдырықтай бірлікке, топтасқандыққа шақырды. Ол Қазақстанның өз алдына күшті, бір орталыққа бағынған әрі тәуелсіз мемлекет болуын армандап өтті.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Ай, заман-ай, заман-ай». А., 1991.
2. «Бес ғасыр жырлайды» (екі томдық). Алматы, 1989.
3. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. А., 1973.
4. Мағауин М. Қобыз сарыны. А., 1968; Ғасырлар бедері. А., 1991; Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, 1994.
5. Мәдібай Қ. Хандық дәуір әдебиеті. А., 1996.

КУСАИНОВА ИНКАР МУРАТОВНА

Астана қаласы
Т. Айбергенов атындағы
№16 орта мектебінің
тарих пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ: ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ РУХАНИ КӨШБАСШЫСЫ

Қазақ хандығының тарихында көптеген маңызды тұлғалар өз ізін қалдырған. Бұл тұлғалардың арасында рухани көшбасшы ретінде танылған Бұқар Жырау ерекше орын алады. Оның шығармашылығы мен мемлекетшілдік қызметі қазақ қоғамының дамуына елеулі ықпал етті. Бұқар Жырау Қалқаманұлының өмірі мен қызметін зерттеу қазіргі қазақ қоғамының ұлттық бірлік пен рухани көшбасшылық қажеттілігін түсінуге көмектеседі. Зерттеу барысында оның шығармашылығының қазіргі заманға әсерін қарастыру арқылы ұлттық мұраны жаңғыртуға жаңа көзқарас ұсынылады.

Зерттеудің мақсаты – Бұқар жыраудың өмірі мен қызметін жан-жақты талдау, оның шығармашылығы мен мемлекетшілдігін зерттеу арқылы қазақ хандығының рухани көшбасшылығының ерекшеліктерін анықтау. Міндеттеріне оның туған кезеңі мен отбасы жағдайын қарастыру, балалық және жасөспірімдік кезеңіндегі білім алу мен тәрбиесін зерттеу, сондай-ақ мемлекетшілдік қызметіндегі рөлін анықтау кіреді. Осылайша, зерттеу ұлттық бірлік пен рухани көшбасшылықтың заманауи қоғамдағы рөлін ашып көрсетуге бағытталған.

Зерттеу нысаны – Бұқар Жыраудың өмірі мен қызметі, ал пәні – қазақ хандығының рухани көшбасшылығы. Бұл зерттеу әдістері мен технологияларының жаңашыл тәсілдерін қолдана отырып, бұқаралық әдебиет пен тарихи деректерді талдау арқылы жүргізіледі. Бұқар Жыраудың шығармашылығы мен мемлекетшілдік қызметі заманауи саясат пен мәдениет салаларында практикалық маңызға ие, өйткені олар ұлттық бірлікті нығайту мен рухани құндылықтарды сақтау мәселелеріне жаңа көзқарас ұсынады.

Бұқар Жырау Қалқаманұлы 1668 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданының Далба тауының етегінде дүниеге келді. Оның тегі Арғын арысының Сүйіндік тайпасының қаржас руынан шыққан. Бұқар Жыраудың отбасы құрылымы мен руы оның болашақтағы қоғамдық және рухани рөлін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Отбасында тәрбиелену барысында ол қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын меңгеріп, жыр мен толғау өнерін ерте жастан бастап меңгерді.

Балалық және жасөспірімдік кезеңі оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына негіз салды. Медреселерде білім алып, дін және әдебиеттану салаларында терең білімге ие болды. Бұқар Жыраудың ерте шығармашылық белестері оның поэзиялық дарындылығын және мемлекеттік қызметке деген

ұмтылысын көрсетеді. Медреселердегі оқуы оның рухани дүниетанымын нығайтып, халықтың алдында беделді тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізді.

Білімі мен тәрбиесі оған мемлекеттілік қызметінде маңызды рөл атқаруға мүмкіндік берді. Абылай ханның кеңесшісі ретінде қызмет еткен бұқаралық қызметі оның мемлекеттік істердегі рөлі мен ықпалын анықтады. Абылай ханмен тығыз қарым-қатынаста болу арқылы Бұқар Жырау қазақ хандығының саяси және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге үлкен үлес қосты. Оның кеңес беру әдістері мен тәжірибелері қазіргі заманда да тиімді деп танылған, өйткені олар ұлттық бірлік пен рухани көшбасшылықтың маңыздылығын көрсетеді.

Бұқар Жыраудың мемлекеттілік қызметі оның жыр-толғауларында да көрініс тапты. Ол шығармашылығы арқылы халықты біріктіру мен моральдық қолдау көрсетуге тырысты. Оның жырлары мен толғаулары халықтың рухани мұрасын байытуға бағытталған, әрі тарихи кезеңнің қиыншылықтарына жауап ретінде әлеуметтік және мәдени құндылықтарды нығайтуға бағытталған. Бұқар Жыраудың мемлекетшілдігі оның тек шығармашылық қабілеттерімен ғана емес, сонымен қатар, нақты саяси және әлеуметтік мәселелерді шешудегі тиімді әдістерімен де байланысты.

Тәжірибелік аспект ретінде, Бұқар Жыраудың кеңес беру әдістері мен тәжірибелері қазіргі зерттеулерде де маңыздылығын сақтап отыр. Оның әдістері ұлттық бірлік пен рухани көшбасшылықты нығайтуға бағытталған, бұл қазіргі заманда да өзекті мәселе болып қала береді. Бұқар Жыраудың қызметі мен шығармашылығының талдауы оның жаңашылдық идеяларының заманауи қоғамға ықпалын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Осы арқылы біз оның мемлекетшілдік қызметінің қазіргі саяси теориялармен қалай үйлесетінін және ұлттық бірлікті нығайтудағы рөлін тереңірек түсіне аламыз.

Бұқар Жыраудың шығармаларында тарихи және мәдени дәлелдер кеңінен пайдаланылады. Ол өз шығармашылығында қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, дәстүрлерін және мәдениетінің ерекшеліктерін дәлме-дәл бейнелейді. Мысалы, оның «Қилы заман» толғауында Жоңғар басқыншылығының қазақ қоғамына тигізген зияны мен оның алдын алу жолдары айқын көрініс табады. Бұл шығармалар арқылы біз Бұқар Жыраудың өз заманының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларын қалай бағалағанын түсіне аламыз [1].

Абылай ханмен қарым-қатынасы оның мемлекетшілдік қызметінің маңызды бөлігі болды. Бұқар Жырау Абылай ханның сенімді кеңесшісі ретінде үнемі оның жанында жүріп, маңызды шешімдер қабылдауға көмектесті. Кеңес беру мен саяси қолдау көрсету барысында ол ханның саяси стратегиясын қалыптастыруға, әскери іс-шараларды жоспарлауға және халықтың бірлігін нығайтуға атсалысты. Бірлескен әскери іс-шаралар кезінде Бұқар Жырау өз шығармашылығын пайдаланып, халықтың моральдық күшін арттыруға және жауға қарсы күресте ұлы батырлардың ерліктерін жырлап, шабыттандыруға тырысты [2].

Рухани көшбасшы ретіндегі қызметі де оның мемлекетшілдік қызметінің ажырамас бөлігі болды. Бұқар Жырау халықты біріктіру мен моральдық қолдау көрсету арқылы қазақ қоғамының рухани негізін нығайтуға үлкен үлес қосты. Оның жыр-толғаулары халықтың жүрегіне тиюі, олардың бірлігін сақтап қалуға деген ниетін күшейтті. Сонымен қатар, діни және рухани аспектілер де оның шығармашылығында маңызды рөл атқарды. Бұқар Жырау исламдық құндылықтарды насихаттап, халықтың рухани өмірін байытуға тырысты, бұл өз кезегінде қазақ қоғамының біртұтас рухани құрылымын қалыптастыруға септігін тигізді.

Бұқар Жыраудың тарихи рөлі қазақ хандығының тұрақтылығы мен дамуына елеулі ықпал етті. Ол қазақ хандығының саяси және әлеуметтік құрылымын нығайтуда, оның ішкі бірлігін сақтауда маңызды рөл атқарды. Жоңғар басқыншылығына қарсы күресте оның шығармашылығы мен мемлекетшілдік қызметі халықты біріктіру мен жауға қарсы тұруда үлкен рөл атқарды. Бұқар Жыраудың мемлекетшілдік идеялары қазіргі саяси теориялармен салыстырғанда, ол ұлттық бірлік пен рухани көшбасшылықтың маңыздылығын ерекше атап өтті. Бұл идеялар қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтпаған, өйткені олар ұлттық бірлікті нығайту мен рухани құндылықтарды сақтау мәселелеріне жаңа көзқарас ұсынады [3].

Бұқар Жырау Қалқаманұлының қазіргі білім беру мен мәдениетке әсері өзектілігін сақтап отыр. Бұқар Жыраудың шығармашылығы қазақ халқының ұлттық бірлігі мен рухани құндылықтарын нығайтуға бағытталған, бұл қазіргі заманда да маңызды мәселе болып қала береді. Оның жыр-толғаулары ұлттық сана-сезімді арттыруға, халықтың рухани құндылықтарын сақтауға және дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, оның шығармашылығы қазіргі қазақ қоғамында рухани жаңғыру мен мәдениеттегі жаңа толқындардың қалыптасуына себепкер болып отыр [4].

Бүгінгі күнде Бұқар Жырауды зерттеу және таным деңгейі жоғары. Зерттеушілердің пікірі мен ғылыми көзқарастары оның шығармашылығы мен мемлекетшілдік қызметін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Қазіргі қоғамдағы танымалдылығы оның шығармаларының заманауи қоғамға деген өзектілігін көрсетеді. Бұқар Жыраудың мемлекетшілдік идеялары ұлттық бірлік пен тәуелсіздік идеологиясына елеулі әсер етті. Оның идеялары қазіргі заманауи мемлекет құрылымында үлгі ретінде қарастырылады, өйткені олар ұлттық бірлік пен рухани көшбасшылықты нығайтуға бағытталған.

Мемлекетшілдік идеялардың қазіргі саясатқа қолданылуы тәжірибелік аспект ретінде ерекше маңызды. Бұқар Жыраудың ұлттық бірлік пен рухани көшбасшылық идеялары қазіргі саясатта да өзектілігін сақтап отыр. Олар ұлттық бірлікті нығайтуға, халықтың рухани өмірін байытуға және ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға бағытталған саясатты қалыптастыруда қолданылуда. Бұл оның мемлекетшілдік идеяларының қазіргі заманда да тиімді әрі пайдалы екендігін көрсетеді.

Қорытындылай келе, Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен қызметі қазақ хандығының рухани көшбасшылығының ерекшеліктерін анықтауға

мүмкіндік береді. Оның шығармашылығы мен мемлекетшілдік қызметі ұлттық бірлік пен рухани құндылықтарды нығайтуға бағытталған, бұл қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтпаған. Бұқар Жыраудың мұрасы ұлттық мұра ретінде жоғары бағаланады, оның шығармалары қазіргі қазақ қоғамында рухани жаңғыру мен мәдениеттегі жаңа толқындардың қалыптасуына себепкер болып отыр. Зерттеу нәтижелері оның болашақ зерттеулердегі орнының маңыздылығын көрсетеді, әрі оның мемлекетшілдік идеяларының қазіргі саясатқа қолданылуы оның шығармашылығының заманауи қоғамға деген өзектілігін дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар: танымдық - көпшілік басылым. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2009. – ISBN: 978-601-01-0268-2.
2. Нысанбаев Ә. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – ISBN: 5-89800-123-9. – II том.
3. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010. – ISBN: 9965-26-322-1.
4. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы: 2007. – ISBN: 9965-32-491-

ӘСІЛБЕК МАЙРА КЕМЕЛБЕКҚЫЗЫ

Астана қаласы
№106 орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІ

Бұқар жырау Қалқаманұлы – (1693–1787) – қазақ халқының рухани мұрасының айрықша тұлғасы. Оның жырлары ұлттық руханияттың айнасы, халықтың тарихи санасын бейнелейтін құнды қазына болып саналады. Бұқар жыраудың шығармашылығы қазақ халқының бірлігі мен тәуелсіздігін сақтау, рухани құндылықтарды дәріптеу мәселелерін қамтыған. Бүгінгі күні оның мұрасы ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда, тарихи танымды нығайтуда және тәуелсіз Қазақстанның рухани негізін нығайтуда ерекше маңызға ие. Қазақ тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі. Оның шығармашылығы мен даналық сөздері халықтың рухани өмірінде ерекше орын алады. Бұқар жыраудың жырлары мен толғаулары елдің бірлігі мен тұтастығының маңыздылығын насихаттауға бағытталған.

Бұқар жыраудың тарихи кезеңі және оның шығармашылығы

Бұқар жырау XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы мен қазақ даласының бірлігін сақтауға ұмтылған дәуірде өмір сүрді. Бұл кезең – қазақ халқының тәуелсіздігіне қауіп төнген, елдің ынтымағы мен бірлігінің сыналған уақыты. Жырау осы қиын кезеңде елді ауызбіршілікке, татулыққа шақырып, батырларды, билерді және хандарды халық мүддесіне қызмет етуге үндеді.

Бұқар жырау шығармаларының негізгі тақырыптарының бірі – ел бірлігі. Оның жырларында халықтың ауызбіршілігін сақтау, сыртқы жауларға қарсы тұру үшін күшті әрі біртұтас ел болу қажеттілігі көрініс табады. Жырау ел бірлігін жоғалту елдің әлсіреуіне және сыртқы жаулардың шабуылына төтеп бере алмауына әкелетінін айқын түсіндірген.

Ел бірлігі туралы толғаулар

Бұқар жыраудың жырларында ел бірлігі мен ынтымағы – тұрақты құндылық ретінде насихатталады. Оның толғауларында бірліктің құндылығы халықтың ұйысқан, берік ел болуымен өлшенеді. Мысалы, жырау:

"Бірлік болмай, тірлік болмас, Жау шапқанда күлкі болмас" деген жолдарында бірліксіз елдің болашағы жоқ екенін ескертеді. Мұнда жырау халықты бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірге болуға үндейді. Оның толғауларында ел басшыларының да бірлікті сақтау жолындағы жауапкершілігі ерекше орын алады.

Бұқар жырау толғауларында алауыздық пен бөлінудің халық үшін үлкен қатер екенін ескертті. Ол ішкі алауыздықтың сыртқы жаулардың шабуылына жол ашатынын атап өтті. Мәселен, «Бөлінгенді бөрі жейді, бірігуді ойла, елдің қамын жей гөр». Бұл жолдар қазақ халқының саяси және әлеуметтік құрылымында бірліктің басты рөл атқаратынын көрсетеді.

Елге үлгі боларлық тұлғалар мен халықтың міндеті

Бұқар жырау ел басында тұрған хандардың әділетті әрі данагөй болуын талап еткен. Оның Абылай ханға арнаған толғауларында халық пен басшының арасындағы өзара түсіністік, бірліктің символы ретінде көрінеді. Жырау ел басшысына:

"Хан – әділ болса, халқы тату, Ел ішінде дау-дамайсыз өмір өтер" деп, әділеттілік пен бірліктің қатар жүретінін ұғындырады. Ел басшысы халықты дұрыс жолға бағыттап, бірлікке шақыруы тиіс.

Сонымен қатар, Бұқар жырау халықты тек басшыға арқа сүйеп қана қоймай, өздерінің бірлігін сақтауға шақырған. Ол әрбір азаматтың ел болашағына деген жауапкершілігін, бірлікке қосар үлесін ерекше атап өтеді. Бұл – жыраудың рухани мұрасының маңызды қыры.

Бұқар жырау мұрасының қазіргі маңызы

Бұқар жыраудың ел бірлігі туралы идеялары бүгінгі таңда да өзекті. Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау, халықтың бірлігін нығайту – кез келген мемлекет үшін маңызды мәселе. Бұқар жыраудың шығармалары арқылы біз бірліктің маңызын терең түсініп, оны қазіргі заманның талаптарына сай ұрпақ санасына сіңіре аламыз. Жыраудың жырлары – ұлттық тұтастық пен бірлікті насихаттайтын, болашақ ұрпаққа

бағыт-бағдар беретін баға жетпес мұра. Оның шығармашылығы – ел бірлігінің мызғымас негізін қалыптастырудағы рухани күш.

Ел бірлігінің мәдени-рухани әсері

Бұқар жыраудың ел бірлігін насихаттаған жырлары қазақ мәдениеті мен руханиятына зор үлес қосты. Оның шығармалары ұлттық сана-сезімді оятып, ел болашағына деген сенім ұялатты. Жыраудың ойлары халықтың ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, бүгінгі күнге дейін жетті. Ол өз толғауларында қазақтың ұлттық болмысы мен бірлігін сақтап қалу үшін тек рухани ғана емес, практикалық тұрғыда да ұсыныстар берді.

Сонымен қатар, Бұқар жыраудың бірлікке шақырған идеялары қазақ қоғамындағы әртүрлі әлеуметтік топтарды біріктіруге бағытталды. Ол батырлар, билер мен қарапайым халықтың бір мақсатқа жұмылуы арқылы ғана елдің тәуелсіздігін сақтауға болатынын айтты. Бұл идеялар қазіргі Қазақстан қоғамында да өзектілігін жоғалтпаған.

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармалары – қазақ халқының рухани мұрасының ажырамас бөлігі. Оның жырлары тарихи шежіре ғана емес, ұлттың бірлігі мен рухын қалыптастырушы құрал ретінде маңызды. Бұқар жыраудың мұрасы қазақ халқының өткені мен бүгінін байланыстырып, болашағын жарқын етуде үлкен рөл атқарады. Сондықтан оның шығармаларын насихаттау және зерттеу – ұлттық руханиятты сақтау мен дамытудағы басты міндеттердің бірі.

Бұқар жыраудың шығармаларындағы ел бірлігі тақырыбы – қазақ халқының рухани құндылықтарын дәріптеудің жарқын үлгісі. Оның жырлары арқылы біз халықты ауызбіршілікке шақырудың маңыздылығын терең түсініп, бүгінгі күнге сабақ аламыз. Бұқар жыраудың мұрасы – әрдайым елдігіміз бен бірлігіміздің жаршысы болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасымжанов, А. Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1993.
2. Жұмалиев, Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Мұқанов, С. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Білім, 1970.
4. Марғұлан, Ә. Халық жырларының тарихи негіздері. – Алматы: Өнер, 1987.
5. Бөкейхан, Ә. Бұқар жырау: Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2001.

БҰҚАР – ЗАМАН СЫНШЫСЫ

«Бұқар жырау – заман сыншысы» атты мақала қазақтың ақын-жырауларының ішіндегі ерекше тұлға – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Ұлттың рухани мұрасын сақтаушы және сол кезеңнің өзекті мәселелерін терең түсініп, оны поэзия тілімен жеткізген қайраткер. Ол XVIII ғасырдағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік, саяси жағдайды жырымен сынаған, даналығымен халықтың көкейіндегі сөзді дөп басқан ойшыл жырау. Бұқар жырау – өз заманының айнасы, негізгі мәселелерін өлеңдері мен жырлары арқылы жеткізіп отырған. Ол Абылай ханның сенімді серігі, кеңесшісі болды және ханға ақыл-кеңес беріп отырды. Оның жырлары хан мен халық арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етті. Бұқар жырау халықтың мұң-мұқтажын билікке жеткізіп, ел басқару ісіне белсенді қатысқан. Оның шығармашылығы қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайын, рухани дүниесін бейнелейді.

Бұқар жырау өз дәуірінің оқиғаларына терең талдау жасап, болашақты болжай білген. Ол қоғамдағы өзгерістерді, халықтың тұрмыс-тіршілігін, елдің саяси жағдайын жырларында бейнелеп, сыншыл көзқарасын білдірген. Мұхтар Әуезов оның бұл қасиетін жоғары бағалап: «Жырау - заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді деп, жинақтарында жарияланған. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді» деп атап өткен. Жыраудың - толғауларында ел бірлігімен отанға деген сүйіспеншілік, қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған тұлға. Оның шығармалары бүгінгі ұрпаққа отансүйгіштік пен елжандылықтың үлгісі болып табылады. Ол халықты татулыққа, бірлікке шақырып, елдің тұтастығын сақтаудың маңыздылығын насихаттады. Оның шығармаларында Ресейдің ықпалына қатысты да ескертулер кездеседі. Бұқар жыраудың жырларында Ресейден сақтандырудың негізгі идеясы – сыртқы саяси күштермен қарым-қатынаста абай болу, қазақ елінің тәуелсіздігін жоғалтпау, өзара бірлікті сақтау қажеттілігі. Ол Абылай ханды да, қазақ халқын да сыртқы державалармен қарым-қатынаста сақ болуға, әсіресе, Ресейдің отаршылдық саясатының салдарын алдын ала түсінуге үндеген. Сонымен қатар, Бұқар жырау Ресей империясының отаршылдық саясатын сынға алып, халықты сақтандырған. Бұл сақтандырудың маңыздылығы XVIII ғасырдағы геосаяси ахуалмен байланысты болды. Ресей империясы сол уақытта Орта Азияға ықпалын күшейтуге тырысып, қазақ даласын өз бақылауына алуды көздеді. Бұқар жыраудың мұндай ұстанымы оның қазақ халқының еркіндігі мен дербестігін қорғау жолындағы күрескерлігін көрсетеді.

Шығармалары афоризмдерге бай, тілі көркем, ойы терең. Ол қарапайым сөздерді шебер қолданып, халықтың сезім-күйін, ой-өрісін жеткізуде ерекше шеберлік танытқан. Бұқар жыраудың шығармашылығы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның өмірі мен шығармалары арқылы қазақ халқының сол кездегі тарихын, мәдениетін және рухани болмысын терең түсінуге болады. Жыраудың қоғамды біріктіру, әділдік орнату және елдің тұтастығын сақтау жөніндегі идеялары қазіргі заманда да құнды болып қала береді.

Бұқар жырау – өз дәуірінің сыншысы. Ол халықтың мұңын жоқтап, ханның кемшілігін көрсеткен шыншыл әрі көреген жырау. Оның толғаулары бүгінгі күнге дейін өзекті болып, қазақ руханиятының баға жетпес мұрасына айналды. Бұқар жырау жырлары арқылы біз тек өткенді ғана емес, бүгінгі мен болашақты да зерделей аламыз. Шығармашылығы көбіне насихаттық, өсиеттік мазмұнға ие. Оның жырларында ел басқару, бірлік, ынтымақ, әділдік, қазақ халқының азаттығы және рухани құндылықтар негізгі тақырып ретінде көтерілген.

Жырау өмірден алынған тәжірибелерді көркем сөзбен жеткізіп, философиялық терең ойларды өрбіткен. Оның көптеген толғаулары ауызша жетіп, кейінгі ұрпаққа жазба түрде сақталды. Бұқар жыраудың тіл шеберлігі, теңеулері мен метафоралары қазақ әдебиетінің ерекше құндылығы болып саналады. Ол дүниенің баянсыздығы туралы толғап, уақыттың қадірін білуді насихаттайды: Адамның өмірінің қысқалығын, уақыттың тоқтаусыз жылжуын философиялық тұрғыдан сипаттайды.

«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ...» Бұл ойдың мәні – адам өмірі үнемі қозғалыста, сондықтан әр сәттің қадірін түсініп, дұрыс өмір сүру керек екенің жырларында баяндаған.

Жыраудың тілдік қоры өте бай, ұғымдары нақтылықпен сипатталады. Ол халықтың рухани және тұрмыстық болмысын терең түсінген. Жыраулық дәстүрдің шебері: Бұқар жырау жыраулық дәстүрдің негізгі өкілдерінің бірі болды. Оның толғаулары мен жырлары қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, саяси ахуалын, рухани құндылықтарын бейнелейді. Ол өз шығармаларында халқына жігер беріп, елдік мүддені бірінші орынға қойған. Шығармаларының басты тақырыбы – адамгершілік пен рухани кемелдену. Ол өлеңдерінде имандылық, әділдік, татулық және сабырлылықты дәріптеді. Оның «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» деген ұстанымы қазақ халқының тұтастығын сақтауға ықпал етті. Бұқар жыраудың шығармаларында тәрбие, қоғамның рухани жағынан жетілуі туралы көптеген өсиеттер мен ақыл-кеңестер бар. Бұл өлеңдер мен жырлар қазіргі жастар үшін ұлттық құндылықтарды сақтау, адамгершілік пен әділеттілікке үйрететін өнегелі шығармалар болып табылады. Қазіргі қазақ әдебиетінде үлкен орын алады. Оның өлеңдері ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалды, бүгінгі күннің өзінде қазақ әдебиетінің классикалық үлгілеріне жатады, жастарға ой салып, өнеге береді. Бұқар жыраудың қазіргі заманға әсері мен маңызы да зор. Оның шығармалары мен айтқан сөздері бүгінгі таңда да өзекті. Жыраудың

нақылдары мен даналық сөздері қазіргі қоғамның мәселелерін шешуге, жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге ықпал етуі мүмкін. Бұқар жыраудың философиясы мен өлеңдері бүгінгі күннің жастарымен сөйлесу үшін маңызды құрал бола алады, себебі ол өз сөздері арқылы өмірдің мәнін, адамгершілікті, бірлік пен ынтымақтастықты насихаттаған.

Жырау ұрпақ тәрбиесінде ұлттық сананы қалыптастыруды, адамның бойында сабырлылық, төзімділік және әділдікті ұстанудың маңыздылығын айтып, кез келген қиындыққа қарсы шығып, сабырлы болуды талап етті. Бұл қасиеттер адамды дұрыс жолға бағыттайды деп сенген. Бұқар жыраудың тәрбиесінде адамгершілік қасиеттері ерекше орын алады. Оның пайымдауынша, адамзаттың басты мақсаты — ізгілік пен мейірімділік жолында жүру, басқаларға көмектесу. Оның тәрбие туралы көзқарастарының негізі – адамгершілік, адалдық, әділдік, ақыл-парасат және ел мен халық үшін қызмет етуге бағытталған рухани құндылықтарға негізделген. Бұқар жыраудың еңбектерінде халықты дұрыс жолға салуға арналған насихат сөздер мен ақыл-кеңестер көптеп кездеседі. Тәрбиенің негізі, оның ойынша, ақылмен, шынайылықпен өмір сүру және туған жердің мүддесін қорғауға баулу болып табылады. Оның шығармалары халық арасында кеңінен таралған және көптеген ұрпақтарға тәрбие мен білім беру тұрғысынан маңызды құнды мұра болып саналады. Бұқар жырау өзінің шығармашылығында жастарға тәрбиелік өсиеттер қалдырды. Оның өлеңдері мен толғаулары қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, құндылықтарын дәріптеу арқылы тәрбиелеуге арналды. Ол ұрпаққа адалдық, әділеттілік, елдік пен бірлік, ерлік және отансүйгіштік сияқты ұғымдарды жеткізуге тырысты. Сонымен қатар, ол дүниенің өткінші екенін, өмірдің мәнін түсініп, әрқашан дұрыс жолмен жүру қажеттігін айтып өтті. Бұқар жыраудың өлеңдері қазақ жастарына тек ақыл-кеңес қана беріп қоймай, олардың адамгершілік пен адамзаттық құндылықтарды сақтауға үндеді. Осылайша, Бұқар жырау қазақ халқының философиялық ой-санасын дамытып, өз заманының сыншысы, әрі тәрбиесі мол ақыны ретінде тарихта мәңгі қалды.

Қорытындылай келе, Бұқар жырау тек жырау емес, өз заманының сыншысы әрі халықтың болашағы үшін терең ойлайтын ойшыл тұлға болды. Оның мұрасы бүгінгі ұрпаққа да ұлағатты өнеге боларлықтай. Заманының сыншысы ретінде Бұқар жырау өз заманындағы мәселелерді жан-жақты қозғап, халықтың тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, билік жүйесін сынға алып, оның даму жолдарын көрсетіп отырған. Ол әсіресе елдің тыныштығы мен бейбіт өмірінің маңызды екенін атап өткен, әділ билік пен халықтың бірлігін сақтау қажеттігін үнемі уағыздаған. Бұқар жыраудың шығармашылығында патриотизм мен ел бірлігін сақтауға шақыру басым болды. Ол хандар мен батырларға ақыл-кеңестер беріп, әділдікті және халықтың мүддесін қорғауды талап еткен. Оның жырлары, әсіресе, қазақ халқының ұлттық болмысын, адамгершілік қасиеттерін сақтауға бағытталған өсиеттері мен ойлары

маңызды рөл атқарды. Сонымен бірге, Бұқа жырау қазақ тарихында өз кезінің атақты жырауларының бірі ретінде мәңгілікке қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасымжанов, А. Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1993.
2. Жұмалиев, Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Мұқанов, С. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Білім, 1970.
4. Марғұлан, Ә. Халық жырларының тарихи негіздері. – Алматы: Өнер, 1987.
5. Бөкейхан, Ә. Бұқар жырау: Шығармалары. Алматы: Жазушы, 2001

БАХАЕВА АЙГУЛЬ ТЕМЕРЖАНОВНА

Астана қаласы

Б. Момышұлы атындағы

№53 мектеп-лицейінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

XVIII ғасыр әдебиеті көрнекті өкілінің бірі Бұқар жырау - Абылай хан заманында өмір сүрген. Әкесі – Қалқаман белгілі батыр. С.Сефуллин айтуы бойынша, «Бұқар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршы - шешен ақылшысы болған. Бұқардың өлеңдері, өзі тұтас ақындармен салыстырғанда кейінге молырақ жеткен. Оның Абылай туралы өлеңін жазып алып, алғаш пікір айтқан Шоқан еді. Одан кейін жырау өлеңдерін жинап, ол туралы мәлімет берген - белгілі фольклорист, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1857- 1931). Бұқар өлеңдері 1923-1925 жылдары «Таң» журналының 1,2,3,4- санында үздіксіз басылды. Оның біразын М. Әуезов бастырды.

Кейін жырау өлеңдерін жариялау ісімен С. Сейфуллин көбірек айналысты. Ол өзінің 1931,1932 жылдардағы жинағында жыраудың бірнеше өлеңдері мен шешендік сөздерін жариялады. Жырау туралы өз ойларын ортаға салды.

Профессор М. О. Әуезов пен М. Жолдабаев, Ә.Қоңыратбаев өздерінің 1933, 1934 жылдары жарияланған «XIX- XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулығында Бұқар туралы мол мәләметтер беріп, оны әдебиетіміздің тарихын енгізген-ді.

Ш. Уалиханов шығармаларында басылып жүрген Бұқар жыраудың «Абылай өлгенде айтқаны» деген өлеңін профессор Ә. Марғұлан Шоқан шығармаларының бірінші томына енгізіп, сол томның түсіндірмесінде ғылыми пікір түйеді. Бұл өлең ерте жазылып алынғандықтан өзінің ескі

сипатын сақтап жазады. Бұқар жырау – қазақ жеріне ертеден мәлім. Оның бізге жеткен арнау, терме, толғаулары негізінен әлуметтік, қоғамдық мәселені көтереді. Көп жайтты өзінің заманы санасы тұрғысынан шешеді. Хандық құрлысты нығайту мақсатын көздейді. Соған қоса жыраудың кейбір толғаулары адамгершілікке, бейбітшілікке, әділеттікке үндейді, ұстамды моральдық пікірлер ұсынады. Абылайдың сыртқы саясатына араласып, ақыл береді. Оның кейбір ісіне назарлық білдіреді.

Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние
Өтпей қалмас деменіз...
Сырдария суынан
Көлденен кесіп өтіңіз
Үш жыл малды ту ұстап
Жиделібайсын жетіңіз,
Кісісі жүзге келмей өлмеген
Қойлары екі рет қоздаған
Қатын- бала қамы үшін
Солай таман кетіңіз!

Осыдан болса керек професор Б. Кенжебаев: «Бұқар жырау шығармалары тақырыбы мен мазмұны жағынан Асанқайғының үлгілі шәкірті, өз дәуірінің Асанқайғысы ...» дейді. Бұқар жырау өз тұсындағы қазақ халқының күй-жайын, мұң-тілегін болашақ тағдырын, білдіріп ынтымағын көкседі. Асылы қазақтың өзара бірлігін сақтауға, одан кейін көрші елдермен алыс- беріс жасап, жауласпай тату сүруге шақырады.

Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін

Қылмандар жанжал, ерегес - деп, ол немесе жер үшін өзара жанжалдасуға қарсы шықты. Ағайыншылық- татулық - елді берекелітетін ең қажет нәрсе деп білді.

Сірә, бір кеңес құрыңыз
Бірауызды болыңыз...
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәрілеріңіз бір енеден туғандай болыңыз!

Ақын бірауызды, ынтымағы күшті елді осылай армандап, сондай елдің ғана болашағы мол болатындығына сенім білдірді. «Ағайын тату болса, жат жанынан түңілер» деген халық мәтелін қоштай сөйлеп, ол тату-тәтті өмірді аңсайды.

Жақын жерден шөп жиса.
Жердің сәнін кетіретер,
Ағайынның аразы,-
Елдің сәнін кетіретер.

Абысынның аразы,-
Ауыл сәнін кетірет.

Адам баласының дүниені жете танып,оны қызықтауға құмарлана түсетінін, аралап, көріп, білмесін біліп, тынымсыз құмарлықпен өмір кешетінін өте шебер бейнелейді:

«Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де ,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат».

Бұқар тілі образды тұспалды, суретті. Айтар ойы терең, ақындарға тән асыл сөздерімен шарықтай, шабыт шақыра, асқақтата жырлайды.

Етекте кесіп жең болмас
Ежелгі дұшпан ел болмас
Қара қойдың терісін
Сабындап жусан ағармас
қалған көңіл табылмас.
Қараша торғай қаз болмас

Шағала келмей жаз болмас - деп жырау табиғи құбылыстарға адам өмірінің заңдылықтарын салыстыра мәнді ой толғайды. Жақсылықты жақтап, достық өмірді аңсайды. Бұқардың бұл сияқты афоризмге толы мәтелдері, шешендік үлгісіндегі сөздері әрі шебер, әрі терең мағыналы, мәңгі өнер туындысы.

Бұқар өлеңдері өзінің стилі жағынан ауыз әдебиетімен және өзінен бұрын жасаған Асан, Қазтуған, Шалкиіз жыраулардың толғауымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретінде дидактикалық толғаулар. Бұқар шығармашылығы өзіне дейінгі және өзінен кейінгі дәуір ақындарымен туыстасып, жалғасып жатыр. 1992 жылы Қазақстан Ғылыми академиясы әдебиет және өнер институты жыраудың тұңғыш жинағын шығарды .Оны құрастырушы М. Жармұхамедұлы Аталмаш жинаққа Бұқардың әр тұста Мәшһүр Жүсіп Көбеев және Қытай қолжазба қорынан Мұхтархан Оразбайұлы тауып, Ақсілеу Сейдімбеков жарияланған 36 өлеңін түгел енгізген.

«Бұхарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, — деп жазады жыраудың тұңғыш библиографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев — бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек» - деп жазды.

Бұқар Жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ. Халид, Г.Н. Потанин, Ш.Уәлиханов, М. Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Қ.Мұқаметқанов, М.Мағауин, Р.Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ. Мәмбетов. «Қазақ хандығы және жыраулар поэзиясындағы мемлекет мүлдесі». №5 2015
2. Исаев С. Жыраулар шығармаларының тілі. (Ғылым мақала) mtdi.kz. сайты,
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 2006, 904б.
4. Мағауин М. Қобыз сарыны. А., 1968; Ғасырлар бедері. А., 1991;
5. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, 1994.
6. Мәдібай Қ. Хандық дәуір әдебиеті. А., 1996.
7. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы, 1967

ДОСПАНОВА ЖАЗИРА АЛИМЖАНОВНА

Астана қаласы

К. Ақышев атындағы

№ 69 мектеп-гимназиясының

бастауыш сынып оқытушысы

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі – Бұқар жырау Қалқаманұлы. Арқалы жырау, қабырғалы би Бұқар өз тұсындағы қазақ хандығының бас идеологы болды. Ісімен де, жырымен де Абылай хан саясатын мейлінше қолдады. Хандықтың нығаюы, хан үкіметінің берік болуы жолында күрескен. Өз шығармаларында Абылайды сырт жауларға қарсы күресуге айрықша қайрат көрсеткен қайтпас батыр, ел қамын ойлаған көсем ретінде бейнелейді. Алайда ханға орынсыз бас ұрудан ада жырау қажетті жерінде ащы шындықты айтудан да тайынбаған, оны сынау, шенеуге дейін барды. Бұқар жырау шығармашылығын жинап-жариялау, зерттеу жолындағы алғашқы қадам XIX ғасырда қолға алына бастады. Бұл бағытта тұңғыш айтылған пікірді Ш. Уәлихановтың «XVIII ғасыр батырлары жайындағы тарихи әңгімелер» атты еңбегінен кездестіреміз. Ұлы ғалым Абылай ханға байланысты тарихи оқиғаларды сөз етуі барысында Бұқар жыраудың ақылшы би, беделді жырау ретінде алатын орнына біршама көңіл аударған. Абылай ханға арналған атақты екі өлеңінің жолма-жол тәржімасын беріп, бағалаушылық мәндегі түсініктеме жазған. Алғашқысы жорыққа шыққан батырларын ойлап мазасызданған ханды сабырға шақыру үшін айтқан өлеңі болса, екіншісі – хан Үйсіннің Ердене деген батырының ауылын шауып алуға жасаған шешіміне тоқтау салу үшін айтқан өлеңі. Шоқан Бұқар жырау толғауларына әдеби-теориялық тұрғыда талдау жасамаса да, оны жырау мұрасын алғаш жариялаушы ғана емес, орыс оқырмандарына кеңінен таныстырушы санауымыз керек.

Бұқар жырау мұрасына Г. Потанин де ерекше көңіл бөлген. «Төруылдың төрт ұлы тауды жайлап» деп басталатын толғауының орысшаға аударылған нұсқасын жариялаған. Шоқан да, Г. Потанин де өз аудармаларында толғаулардың мазмұнын беруді басты мақсат тұтқандықтан да қарасөзге жақын аударған. Ал Г. Потанин өз жазбаларында кездесетін енді бір топ өлеңді арнайы тапсырма беру арқылы Имантай Сәтбайұлына жаздыртып алып жариялаған. Бұлар жоғарыда айтылған жинақтарда бар. Бұл айтылғандар Бұқар жырау мұрасын жинап-жариялаудағы, хатқа түсіру мен ғылыми түрде зерттеудегі алғашқы ізденістер болатын.

XX ғасырдың бас кезінде Бұқар жырау туралы тың тарихи деректі 1911 жылы жарық көрген Құрбанғали Халитовтың «Тауарих хамса» аталатын еңбегінен көреміз. Автор Абылай ханды тарихи тұлға ретінде сөз ету барысында жырауды да айта келіп, ханға айтқан толғауларынан үзінділер келтіріп отырған. Хан саясаты мен абырой-атағының халық ортасындағы жоғары саналуына жырау толғауларының мәні зор болғаны ерекше атап көрсетіледі.

Бұл сөз етілген еңбектердің Бұқар жырау шығармаларын жинап жариялау дәрежесіндегі ғана мәні болса, алғаш рет ғылыми- зерттеушілік сипатта бағалауға талап жасаған Мәшһүр Жүсіп Көпеев болды. Оның «Қара мес» аталатын әдеби мұра үлгілерін жинаған қолжазба кітабында «Ақын-жыраулар мұрасы» бөлімінде жырау өмірі мен ататегі туралы дерек тұңғыш рет айтылады. Ол кейін М.Ж. Көпеев шығармалары көптомдығының 7 томында «Бұқар жырау өміріне қатысты деректер және оның өлеңдері» деген атпен жарияланды. Осы қолжазбадан Бұқардың өнерпаздық тұлғасын бағалау мақсатында айтылған ой-пікір де кездеседі. Бұрын-соңды өткен ақындардың ішінде Бұқардың орны ерекше екенін айта келіп: «Өз заманындағы жандар бұл кісіні Көмекей әулие деседі екен, - деп жазады М.Ж. Көпеев – Қарасөз білмейді, тек сөйлесе, көмекейі бүлкілдеп, жырлай бастайды екен». Мәшһүр Жүсіп жыраудың Абылай ханға арнаған 4-5 өлеңін келтіре отырып, таныстыру, насихаттауға және артында қалған мұрасының өте мол болғанына, бізге жеткені тек аз ғана бөлігі екеніне көңіл аударған. Негізінен Бұқардың мұсылманша хат білгендігі, сауаттылығы ешқандай күмән туғызбайды. Суырып салып айтқан толғауларын қағазға түсірген, түсірмегені де белгісіз. Бізге жеткен 1200 жолдай мұрасының барлығы да ел аузынан жазылып алынған. Бұл жырау туғызған телегей теңіз шығармалардың бір бөлігі ғана екені анық. Мәшһүр Жүсіп: «Бұл кісінің сөзін түгел жазып аламын деушілерге Нұқтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплатонның ақылы керек» дегенді бекер айтпаған болуы керек. Соңғы кезде Қытай еліндегі қазақтардан табылған жырлары бұл салада тың зерттеулер жүргізуге жетелейді.

1930 жылдардың басында Бұқардың ақындық мұрасының жариялануы мен зерттелуін қолға алған С. Сейфуллин болды. «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» еңбегінде бірталай толғауларын беріп, «Абылай

ханның бірінші жыршысы, шешені, ақылшысы болды» дей отырғанымен де хан саясатын сынаған өлеңдеріне сүйене келіп: «Ол – халық атынан сөйлей алатын ақын, қалың бұқараның сөзін сөйлеген жырау» деген тұжырымды пікір білдірді. С. Сейфуллиннің осы бағасынан кейін Бұқар шығармалары 1930 жылдардағы оқулықтар мен оқулық-хрестоматиялардан тұрақты орын алды, ғылыми бағалаушылық мәніндегі пікірлер айтылды. Басты көңіл аударылған мәселелер Бұқардың «Бұқарекең, біз келдік» деп басталатын толғауында жыраудың Ақан, Төбет атты байлардан семіз ат сұрауын тілге тиек етіп, кедей таптан шыққанын дәлелдеу мен халықтың атынан ханға қарсы сөйлей алатын бұқарашылдығы болды. С.Сейфуллин 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында жырау туралы маңызды ой-тұжырымдарын алға тарта отырып, оның көптеген жыр-толғаулары мен шешендік сөздерін ұсынды. Содан беріде Бұқар жырау шығармашылығы әдебиет зерттеушілері назарынан қағыс қалып көрген емес. Сәкен Сейфуллин: «Бұқар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршы, шешен, ақылшысы болған.» (Сейфуллин, 1931: 84).

1934 жылы жарық көрген «XIX-XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулығында М.Әуезов, М.Жолдыбаев, Ә.Қоңыратбаев Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми ойларын дәйектей негіздеп, жыраудың әдеби мұрасының ғылыми айналымға енуіне тікелей мұрындық болды. Мұхтар Әуезов әр жылдары жазылған ғылыми мақалаларында («Қазақ ССР тарихының» 1957 жылы 1 томының «XVIII ғасыр және XIX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» тарауы), абайтанудағы зерттеуде Бұқар жырау шығармашылығынан құнды деректер берді. Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғамдарын білімпаздықпен саралаған М. Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», — дейді. 1923-1925 жылдар аралығында М.Әуезов бастамасымен «Таң» журналының 1-4 сандарында Бұқар жыраудың бірнеше шығармасы басылды.

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» дейтін кітабында (1942): «Бұқардың сөздері XVIII ғасырдағы қазақ тіршілігінің энциклопедиясы. Бір өзі бір мемлекеттің бас идеологы.» деп жазады. (С.Мұқанов)

Жоғарыда келтірілген деректердің өзінен-ақ Бұқар жыраудың қазақ поэзиясының даму тарихында көрнекті рөл атқарғандығы, әдебиетіміздің бүгінгі биікке жетуінде белгілі үлесі барлығы көрінеді. Сондықтан да Бұқар әдебиетіміздің тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болып есептеледі. Бұқар – өзі өмір сүрген дәуірдің болмыс-шындығын көркем бейнелеп, артына елеулі

әдеби мұра қалдырған жырау. Бұқар шығармалары қазақ әдебиетінің жаңа белеске көтеріліп, байып, марқая түсуіне жол салды. Әсіресе, жыраудың нақыл-өсиеттерінің философиялық мәні өте зор. Оның шығармаларының жастарды әдептілік тұрғысынан тәрбиелеуде теңдесі жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Әдеби мұра және оны зерттеу». Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1961. 375 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1927. 240 б.
3. Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты. Қарағанды: «Болашақ-баспа», 2009. - 527б.) ISBN 978-601-273-005-0
4. «Бұқар жырау» энциклопедия. Алматы, Қарағанды «Болашақ университеті» 2013
5. Жолдыбаев М., Әуезов М., Қоңыратбаев Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы Алматы: ҚБҚӘБ, 1933. 191 б.
6. Көпеев М. Ж. Шығармалары. 7 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. 161-178 беттер.
7. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. – Қызыл-Орда: Қазақстан баспасы, 1931. – 152 бет
8. Сүйіншәлиев Х. VIII-XIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы, «Мектеп», 1989

НУРЛАН АЙТОЛХЫН

Астана қаласы

К.Ақышев атындағы

№69 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

**БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ**

Үстіміздегі оқу жылындағы педагогтердің тамыз саммитіндегі басты тақырып- «Digital Kazakhstan: жаңа замандағы білім беру» деп аталып, ұстаздар қауымына ауқымды іс-шаралар мен тың идеялар ұсынды.

Осы бастамалардың жалғасы әрі тұздығы ретінде еліміздің ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаев өз сөзінде: «Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар информатика пәнінің шеңберінен әлдеқайда шығып кетті. Енді әрбір педагогтің IT-құзыреттілігі оның біліктілігінің ажырамас бөлігіне айналуы шарт. Бұл-жаһандық үдеріс, заманауи талаптар» ,-деп білім беру саласының

мамандарына жасанды интеллект құралдарын кеңінен насихаттап, барша ұстаздар қауымын заманауи білім берудегі озық технологияларды мейілінше жетік меңгеріп, оқу-ағарту процесінде тиімді қолдануды ұсынған болатын. Осы тұста білім беру саласында жиі қолданатын тіркестің бірі – жасанды интеллект екені даусыз. Жасанды интеллект дегеніміз - компьютерлік жүйе мен бағдарламаның адам миы тәрізді ойлау, түсіну, шешім қабылдау жүйелерін дамытуға бағытталған технологиялардың жиынтығы десек, артық болмас. Қазіргі таңда жасанды интеллект білім беру саласында орасан зор мүмкіндіктерге жол ашып, оқу процесінің сапасын арттыруда таптырмас құрал. Сонымен қатар жеке тұлғаның жеке ерекшелігіне назар аудара отырып, мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Нақты атап айтсақ, автоматтандырылған бағалау, үздіксіз оқыту мен ресурстарға қолжетімділік, ұстаздарға қолдау, креативтілік пен инновациялық дамуға, мәдениет пен тіл үйренуге, болашақ мамандық таңдауға деген кәсіби дағдыларды қалыптастырады. Осы аталған дүниелер білім алушы мен ұстаздың уақытын үнемдеп, жұмысын жеңілдетері сөзсіз.

Жалпы жасанды интеллект – әлемге төңкеріс алып келген сала [1, 156.] Сондықтан да әр маман иесі мейілінше өз саласында тиімді қолдана білсе, нақты нәтижеге жетері сөзсіз! Енді негізгі тақырыбымызға ойыссақ, жасанды интеллектіні сабақ мақсаттарына ұштастырып қалай пайдаланамыз деген заңды сұрақ туындары сөзсіз. Анығында, мектеп қабырғасында Бұқар жырау шығармаларын оқытуда ЖИ құралын қалай оңтайлы қолдана аламыз деген сауал төңірегінде ой өрбітіп көрейік...

Бұқар жыраудың «Тілек» өлеңі — қазақ әдебиетінің алтын қорындағы асыл мұралардың бірі. Оның терең мазмұны мен философиялық тұжырымдары оқушыларға үлкен ой салатын шығарма. Бұл өлеңді оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану оқу процесін тиімді әрі қызықты етуге мүмкіндік береді. Сондай ЖИ құралдарының бірі –Narakeet. Бұл мәтінді дыбыстауға (voice-over) және автоматты түрде анимацияларға айналдыруға арналған ЖИ құралы. Бұл құрал көбінесе тыңдалым материалын және презентациялар мен оқу материалдарын дайындайды. [2, 125 б.] Осы тұста Бұқар жырау шығармаларын оқытуда төмендегідей сабақ мақсатын алып қарастыруға болады. 9.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау. Келесі кезекте Бұқар жырау өлеңінен үзінді бере отырып, шығарманың келесі бөлігін болжап, негізгі ойды анықтау бойынша жоғарыдағы құралды қолдануға болады. Мысалы, автордың «Тілек» өлеңін алатын болсақ

«Бірінші тілек тілеңіз:

Бір Аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз:

Ең шұғыл пасық залымның

Тіліне еріп азбасқа.

Үшінші тілек тілеңіз:» [3, 97 б.] -деген үзіндіге жоғарыдағы сабақ мақсатын ұштастырып, жасанды интеллекті құралын оңтайлы қолданса, білім

алушының ақпаратты қабылдауы, қызығушылығы арта түсіп, сабақ мақсаты ашыла түседі. Бұқар жырау, өз шығармаларында қазақ халқының тарихын, ұлттық рухын және мемлекеттілігін дәріптеген. Оның Абылай хан туралы толғауы қазақтың жауынгерлік дәстүрін, ұлт басшысының елін қорғау жолындағы ерлігін жырлайды. Бұл шығарма қазіргі білім беру процесінде оқушылардың патриотизмін арттыруға, тарихи сананы қалыптастыруға септігін тигізеді. Жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдалану арқылы Бұқар жыраудың «Абылай толғауын» оқытуда тиімді әдістер мен мүмкіндіктерді қарастыру өте маңызды. Қазақстанның ұлы жырауларының бірі, Бұқар жырау, өз шығармаларында қазақ халқының тарихын, ұлттық рухын және мемлекеттілігін дәріптеген. Оның Абылай хан туралы толғауы қазақтың жауынгерлік дәстүрін, ұлт басшысының елін қорғау жолындағы ерлігін жырлайды. Бұл шығарма қазіргі білім беру процесінде оқушылардың патриотизмін арттыруға, тарихи сананы қалыптастыруға септігін тигізеді. Жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдалану арқылы Бұқар жыраудың «Абылай толғауын» оқытуда тиімді әдістер мен мүмкіндіктерді қарастыру өте маңызды.

Жасанды интеллект тарихи контексті нақты әрі айқын түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, Абылай ханның саяси жағдайы мен оның замандастары туралы қосымша мәліметтерді автоматты түрде ұсынатын жүйелер оқушыларға сол кезеңдегі маңызды оқиғаларды түсінуге жәрдемдеседі. Сонымен қатар, ЖИ арқылы түрлі визуализация құралдары арқылы қазақ хандығының географиялық картасын, Абылай ханның ұрыстарын немесе маңызды тарихи кезеңдерді көрсету мүмкіндігі бар. Бұл оқушыларға тек мәтінмен шектелмей, көрнекі және мәліметтік ақпаратты алу арқылы тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Тағы бір дәлел- Flikі жасанды интеллект құралы. Flikі -мәтін арқылы ЖИ көмегімен мультипликация жасау [4, 1476.]. Ендеше Бұқар жыраудың Абылай ханға ақыл, кеңес немесе екеуара диалог құрып тұрған бейнесін төмендегі толғау негізінде сабақ мақсатымен ұштастырсақ. Сабақ мақсаты А/И4 Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу болса, автор толғауынан үзінді төмендегідей

Ай, Абылай, Абылай,
Он бір ғана жасында,
Әшейін-ақ ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Әбілмәмбет төренің
Арқада жүріп қанғырып,
Түйесін баққан құл едің.
Абылай атың жоқ еді-ау,

«Сабалақ» атпен жүр едің. -деген жолдар арқылы сабақ мақсатына сай шығарма үзіндісін креативті қайта өңдеп, келісідей мультипликацияға қол жеткіздік. Сонымен қатар, Бұқар жыраудың шығармаларын оқытуды қызықты әрі интерактивті ету үшін **VR виртуалды көзілдірік арқылы**

шолу немесе **симуляцияларды** қолдануға болады. Жасанды интеллект негізінде құрылған виртуалды экскурсиялар мен диалогтық жүйелер арқылы оқушылар Бұқар жыраудың шығармашылығын және сол замандағы қазақ қоғамын түрлі жағдайлар мен контексттерде зерттей алады. Виртуалды мұражайлар, интерактивті карталар арқылы білім алушылар жыраудың өмір сүрген кезеңіне саяхат жасай алады, бұл оның шығармаларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Бұқар жырау шығармаларын оқытуда жасанды интеллектінің тиімді қолданылуы оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың шығарманы тереңірек түсінуіне ықпал етеді. Жасанды интеллект оқыту процесін персонализациялау, оқушылардың білімін бағалау, мәтіндерді талдау мен түсіндіру сияқты көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы бұқаралық ақпарат құралдары мен оқу процесі арасындағы өзара байланысты нығайтып, ұлт әдебиетін оқыту сапасын жақсартуға болады.

Жасанды интеллекттің дамуымен бұдан да көп мүмкіндіктер ашылуда, сондықтан оны әдебиет сабағында тиімді пайдалану – білім беру жүйесінің жаңа кезеңіне жол ашатын маңызды қадам болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ким Л. А. (2018). Жасанды интеллект в образовании: теория и практика. М.: Высшая школа экономики.
2. Меңдіқұлов М. С. (2020). Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа технологиялар. Алматы: Білім.
3. Қирабаев С. (1989). Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы: Ғылым.
4. Гусев С. В. (2021). Интерактивные методы обучения и искусственный интеллект. Москва: МГУ.
5. Әуезов М. (2008). Әдебиет теориясы. Алматы: Жазушы.

НУРАЛИНА САГЫНЫШ АШИРОВА

Астана қаласы

К.Ақышев атындағы

№69 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ

М.Ж.Көпеев Бұқар жырау жөнінде: «Заманындағы сыншылар ол кісіні «Көмекей әулие»», - дейді екен. Қарасөз жоқ аузынан шыққан сөзінің бәрі жылауменен шығады екен... Абылай бір жаққа аттанар да Бұқарекенді

алдырып: «Айдың, күннің сәтін сұрайды екен, сәуе көріп бер», - дейді екен. Сонда Бұқарекен: «Сары бура (Абылайдың аңызға айналған сүйікті бурасы) келіп, туынның түбіне тұрып, пәлен жаққа қарай шабынды», - дейді екен. Сол айтқан жағынан бет алып аттанса, шауып, жаншып алып келеді екен. Егер сары бура келіп туыңның түбіне шөгіп, мойнын салып жатып алды десе, аттанбайды екен» - деп жазады.

Бұқардың алдын болжап айтқыш сәуегейлік сөздерін кезінде Ш.Уалиханов та атап көрсетіп, өзінің «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи әңгімелер» атты еңбегінде жыраудың көрегендігін келелі сөз ететіні бар. Бірде Абылай хан тапсырмасымен алдын барлап, болжау үшін екі бөлініп кеткен Қарабұжыр Қанжығалы Жантай мен Қанжығалы Бөгенбай батырлардың уақытылы оралмай кешігуінен қауіптенген хан Бұқардан: «Менің жігіттеріме не болды екен, оралмауына не себеп?» - деп сұрапты. Сонда жырау: «Жанатай Талқын арқылы барады, ал Бөгенбай Құлжан батыр секілді қиынна жол тауып өтеді. Ал енді, Хан Баба болса көп ұзамй қайтып келер... Жантай бұзып-жарып өтіп, ұлысынолжалайды. Жанатай әкелген аққұба қызды Абылай сұлтан алады», - депті.

Бұқардың көріпкелдік қасиетінің тағы бір көрінісі оның Абылай ханның түсін жоруына байланысты айтқан сәуегейлігінен аңғарылады. Абылай хан самарханға барып, қаланы қамауға алып жатқанда, Бұқарға «бүгін сәуе көріп бер» депті. Бұқар тұрып, «мен де қарап жатпан, хансың ғой, өзінде болжай жатқайсың» десе керек. Ертеңіне жырау ханға көрісуге келгенде, ол «не көрдің?» депті. Сонда Бұқар «дәнеме көргенсіп маған не көрдің дегенше, өз көргенінді айт!» депті. Хан сонда көрген түсін былайша баяндапты: «Түсімде бір жолбарыс келіп, шатырымның алдында шөгіп, мойнын салып жатып алды. Бұл не қылғаны деп қарап едім, әлгі жолбарыс дегенім аю болды, жап-жақсы жолбарыс еді ғой, аю болғаны несі деп қарап едім, ит-құс болды, одан кейін түлкі болды. Одан кейін қарсақ па, қоян ба, әлденеме болды. Оянып кеттім, көргенім осы», - депті. Бұқар: «Олай болса, шатырыңның алдына келіп шөккен жолбарыс өзіңнің бақталайың. Сен өзің бір жолбарыс едің. Оның шөгіп басын көтере алмай жатып алғаны – жетіп жығылған жерің осы болғаны. Енді бақ – талайың көтерілмейді. «Баяғыдан жүріп-жүріп есіл Абылай сырттан өліпті» дегізбей, осы жерден аман – есенінде қайта ғой дей келіп, түстің қалғанын жорып: «Енді қарасаң аю болғаны -өзіңнен соңғы заман аюша алысып өтетұғын заман болады. Онан ит –құс болғаны ит-құсша жұлысып өтетұғын заман болдады. Онан түлкі болғаны –түлкіше бұландап жүріп күнелтетін заман болады. Онан қоян болғаны – қоянша кебектен кебекке қорғалап жан сақтайтын заман болады. Мен көрген білгенімді айтсам, күннің көзі, жердің жүзіндегі әулиелер «Абылай өледі, соның жазасына Түркістанға бара жатырмыз деп, жындай жиылып, құмдай құйылып жүр. Қайтқаннан басқа жабдық жоқ», - депті. Сол жылы Арыс бойындағы өзі қолдан қойған әкімдері жасағымен қарсы шығып жолын бөгепті, хан батырларын таратып жібергеніне өкініпті. Ақыры хан сол қорғанда жұма күні қайтыс болыпты деседі.

Бұқар жыраудың бұл жолғы айтқан сәуегесі де қолмен ұстатқандай дәл келіпті.

XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінде Бұқар жырау Қалқаманұлы ірі тұлға, аса көрнекті ақын, сол себепті оның қазақ поэзиясынан алатын орны да зор.

Бұқар жыраудың дүниеге көзқарасы негізінде ескілікті аңсаған феодалдық көзқарас. Әйтсе де ол, әдебиетіміздің тарихынан орын алып келеді. Өйткені, ол қазақ әдебиетінің тарихында шығармалары өз атынан сақталған бірінші ақын. Сонымен қатар, өмір құбылысындағы кейбір мәселелерге ой көзімен қарап, кезінде көпшіліктің керек еткен тақырыбын жыр етті: ел шетіне жау келіп, ел басына қауіп туған күнде жұртшылықты бірлікке шақырып, сөзі арқылы жауға қарсы ел күшін ұйымдастыруға үгітші болуы, көршілес отырған елдермен, әсіресе, ұлы орыс халқымен тату болуды, жас өміріңді босқа өткізіп алмай, өмірден өз керегіңді ала біл деу тәрізді тәрбиелік мәні бар жақсы пікірлер ұсынады.

Бұқардың шеберлік ұштау, көркемдік ізденістерінің өзі әрқилы, сан алуан. Ол өмірлік құбылыстарды бейнелеуде тұжырымды ойларға мән беріп келгендіктен, аз сөзге көп мағына сыйдыратын айшықты суреттеме, кейіптеулерді мейлінше ұтымды қолданып отырады:

Айналасын шер тұтқан,
Айды батпас деменіз.
Айнала ікте таусылмас,
Көз салмас деменіз.
Құрсағы құшақ байлардан,
Дәулет таймас деменіз.
Жарлыны жарлы деменіз,
Жарлы байға тең келіп,
Жайлауға жарыса көшпес деменіз.

Осы ерекшелік мұндағы қанатты теңеулер мен ұшқыр метафоралар көл – көсір молдығына жол салған. Ақынның көркем де шешен тілі, айшықты сөз өрнегі өз алдына әңгіме боларлық келелі тақырып. Өлең- жырларындағы бірен-саран араб-парсы сөздері ұшырасқаны болмаса, Бұқар жыраудың тілі таза, өрнекті, ұғымды, шын мәнінде халық лұғаты. Бұқар жырау демократтық бағытта әдебиетіміздің өзіне тән ерекшеліктерін көрсету үшін де, оған қарсы әдебиеттің өзіне тән стиль, жанр, методтар қандай салыстырған. Міне, осы жағдайларды еске алғанда, Бұқар жырауды қазақ әдебиет тарихына енгізу де, зерттеу де заңды. Бұқар жырау жасынан елге танылып, алғаш жырау ретінде атақ-даңқы алты алашқа жарияланған ұқсайды. Оның хан сарайы маңында да беделді ақын, ақылшы би саналуы тегін емес. Бұқар Қалқаманұлының өлеңдері, өзі тұстас өнерпаздармен салыстырғанда, кейінгілерге молырақ жеткен. Оның Абылай туралы жырын жазып алып, алғаш пікір айтқан Шоқан Уалиханов еді. Қайсыбір деректер Құрбанғалидтің «Тауарих хамсасында» да кездеседі. Баба мұрасын әр жылдары жинап бастыру ісімен Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Жұмалиев т.б.

айналысқандары белгілі. Бұқар-қазақ халқының арман-тілегін, елдік ынтымақтастығын, бірлігін көксеген жырау, кемел кемеңгер, терең ойшыл.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. «Қазақ әдебиетінің тарихы» А.1948 ж
2. Дүйсенбаев Ы. «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» А 1967 ж
3. Дәуітов С. «Абылай хан» А.1993 ж
4. Дүйсенбаев Ы. «Ғасырлар сыры» А.1970 ж
5. Жармұхамедұлы «Бұқар жырау» шығармалары А. 1992 ж
6. Жұмалиев Қ. «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» А.1958

РУСТЕМОВА КАМИЛА СЕЙТХАНОВНА

Астана қаласы

№7 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІ

Халқымыз «Қазақты көргің келсе – міне, осы» деп жер жүзіне көрсетуге тұрарлық марғасқалардан кенде емес. Елінің бүтіндігі, бірлігі үшін қара сөздің қаймағын сүзген жырауларымызды тану, есімдерін ұлықтау – келешектің де, бүгінгі біздің де борышымыз.

Ей, Абылай, Абылай!

Сені мен алғаш көргенде

Тұрымтайтай ұл едің.

Әбілмәмбет төренің

Қызметінде тұр едің, - деп жырлап, XVIII ғ. II жартысында хандық құрған

Абылай ханның ақыл-кеңесшісі, ақылгөйі болған – Бұқар жырау

Қалқаманұлы екендігі тарихымыздан белгілі. Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақ әдебиетінің жыраулар поэзиясының ірі өкілі.

Бұқар жырау – бірлікті ту етіп ұстап, жұрт іргесінің сөзгімеуін көздеген, өз дәуірінің саяси ахуалына ықпал ете алған тарихи тұлға. Заманы қантөгіс ұрыстарға, тынымсыз жорықтарға дөп келген баба жырау ел билеу, қол бастау, көш түзеу істеріне қатысып отырды. Ол туралы профессор Бейсембай Кенжебаев «Бұқар жырау өз тұсындағы қазақ халқының күй-жайын, мұң-тілегін, болашақ тағдырын... білдіріп, бірлігін, ынтымағын көкседі» деп бағалайды. Қазақтың ел болып ірге бекіту, жан-жақтан андыздаған жаулардан қорғануы үшін басты шарт бірлік екенін терең түсініп, оны ұрпақтың ұрпағына аманат етіп толғайды.

Сірә, бір кеңес құрыңыз,

Бірауызды болыңыз.

Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз, - Бұқар жырау «бірауызды болмаған, қас түрпатты қылықты» сынайды, ел ішінің, ағайын арасының бірауызды болуын насихаттап, берекелі бірлікке үндейді. Жерінің бүтіндігін сақтау, қоныстарын жатқа алдырмау, дұшпанға тізгін бермей, әрдайым сақ болып, жауынгерлік әзірлікте тұру қажеттігі – жырау идеяларының бірі.

Бұқар жырау қазақ руларының өзара тату тұруын, мал, қоныс-қыстау үшін қырқыспауын насихаттайды, елін бірлік, берекеге үндейді.

Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін

Қылмаңдар жанжал, ерегес, - деп қантөгіс, кекті қырқыстың қажетсіз екенін батыл айтып отырған. Бұқар жырау тұлғалаған Абылай хан – ел тұтқасы, халық қамқоры, жоқ-жітіктердің жоқшысы. Хан Абылайды жеті жасар кезінен батыр болып қамал бұзып, хан тағына отырған кезіне дейін сатылап баяндайды.

Хан Абылай атандың,
Дүниеден шықпай мініңіз.
Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз.

Бұқар жырау мұраларын саралай келіп, Қажым Жұмалиев: «Ел бірлігін жырлау – Бұқар өлеңдерінде негізгі мәселенің бірі... Ол ел бірлігі мәселесіне үлкен мән береді», - дейді. «Биік тауға жарасар», «Жақын жерден шөп жесе», «Асқардан биік тау болмас», «Алыстан қызыл көрінсе», т.б. толғаулары ел тәуелсіздігіне арналған.

«Ел иесі құт болса,

Халқы ала болмайды», - деп елдің ырысы, құты, бірлігі басшының әділеттілігінде, кемеңгер ақылдылығында, ондай басшыны халқы да сүйеді дегенді уағыздайды. Бұқар жырау Абылай ханның барлық іс-әрекеттерін, ішкі-сыртқы саясатын толық қоштап бас шұлғи бермеген. Елдік мәні бар толғамды ақылға көнбеген кезінде аузы алты қарыс ханға өктем сөйлейді. Ханның ісі халық тілегіне қайшы келмеуі қажеттігін, ел бірлігі үшін дұрыс бағыт сілтерп отырады. Қарт жыраудың ақыл-кеңесіне көңісі келмеген кезде ханның бүгінгі шалқыған тұрмысы мен кешегі жоқшылық кешкен азапты күндерін бүкпесіз бетке басып тартынбай толғайды. «Атаң тексіз құл, анаң түрікменнің төріндегі күң, өзің жалаң аяқ жар кешкен арқар ұрандыжат едің, момсын елге келіп бек болдың» деуге дейін барады. Сыртқы жау қауіпі жойылғаннан кейінгі ханның өзі бастар жорықтарға дана жырау қарсы шығады.

«Соғыссаң кетер сәніңіз...

Жаулық жолын сүймеңіз» деп жөнсіз соғыспай көрші елмен достық қатынаста болуды үндейді.

Елдің берекелі бірлікшіл болуы бастаушыға байланысты деп түсінген жырау

«Би жігітке жарасар,

Халқына тиген пайдасы» деп еліне пайдасы тиер, ел қамын ойлар, жалпы халыққа зияны тимес әділетті басшы болуды уағыздайды. Бұқар жырау – халықтың әулие данышпаны, ақылшы көсемі, көреген, болашақты болжаушы, дуагөй бітімші, салдарлы сыншы, әулие көсемі, дәуір дүлділі, ұлы жырау.

Қазақ халқының тарихында шоқтығы биік, өмірінің соңына дейін терең достықта, татулықта болған, халық деп соққан үлкен жүректі осы екі ұлы тұлға Бұқар жыраумен Абылай ханның өмірі мен өнер, ниеті – ұрпақтарына үлгі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің мәселесі // Қазақ тілі мен әдебиеті. А., 1942, 23-бет
2. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық // Мұхтар Мағауин, Мардан Байділдаев. А., «Жазушы», 1989, 1 том//
3. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. А., «Мектеп» 1967, 43-бет./

СУРАМБАЕВА ШОЛПАН АМАНХАЛИЕВНА

Астана қаласы

«Alpamys school» ЖШС мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ЖЫРЛАРЫ - ҰРПАҚҚА ТАҒЫЛЫМ

Бұқар жырау – қазақтың рухани көсемі, ұрпаққа өшпес мұра қалдырған ұлы жырау. Оның жырлары тек өткен заманның тарихын баяндап қана қоймай, бүгінгі күннің де сұранысына сай келеді. Бұқар жыраудың ұлттық құндылықтарға толы жырлары қазіргі қоғам үшін рухани азық болып табылады. Осы шығармалар арқылы біз жастарды адамгершілікке, әділеттілікке, елдік пен бірлікке тәрбиелей аламыз.

Мен үшін Бұқар жыраудың шығармашылығы тек әдебиет немесе тарих сабақтарында ғана емес, тұлғалық қасиеттерді дамытуда да баға жетпес құрал. Жырлардың мазмұны мен идеяларын заманауи білім беру жүйесіне енгізу – жастардың рухани дамуына ықпал етеді.

Жаңашылдығы

Бұқар жыраудың жырларын тек тарихи мұра ретінде қарау жеткіліксіз деп санаймын. Оның шығармаларын заманауи қоғамның қажеттіліктерімен байланыстыра отырып, ұлттық бірлік, әділдік, адамгершілік идеяларын насихаттау өте маңызды. Жырлардағы "елдік пен бірлік" идеялары бүгінгі

"Мәңгілік Ел" тұжырымдамасымен үндесіп жатыр. Бұқар жыраудың өсиеттерін қазіргі жастардың санасына жеткізу – бүгінгі білім беру мен тәрбиенің басты міндеттерінің бірі деп ойлаймын..

Өзіндік ерекшелігі

Бұқар жырау жырларының басты ерекшелігі – оның мазмұнындағы құндылықтар мен идеялардың заманауи қоғамда да өзектілігін жоғалтпауы. Менің ойымша, оның жырларын заманауи педагогикада пайдалану үшін, оларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне бейімдеу қажет. Бастауыш сыныптарда жырлардың қарапайым мазмұнын, ал жоғары сыныптарда олардың философиялық және тарихи аспектілерін түсіндіруге болады.

Жаңа әдіс-тәсілдер

Мен үшін білім беру процесінде интерактивті әдістерді қолдану маңызды. Мысалы:

«Тарихи дебат» әдісі: Бұқар жыраудың толғауларындағы ойларды талқылау арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту.

«Жырау өмірі» тақырыбындағы рөлдік ойын: Бұл әдіс арқылы балалар шығармашылық ойлау дағдыларын жетілдіріп, тарихи тұлғаларға құрметпен қарауға үйренеді.

Цифрлық құралдар: Бұқар жырау жырлары бойынша анимациялық бейнематериалдар мен интерактивті викториналар жасау, оқушыларды қызықтыра отырып, олардың білімін арттырады.

Шығармашылық жұмыстарды қолдану да тиімді әдіс деп санаймын. «Бұқар жырау бүгінгі ұрпаққа қандай өсиет айтар еді?» деген тақырыпта эссе жазу немесе оның көзқарасы негізінде қазіргі қоғамды талдау арқылы оқушылар ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарын қалыптастырады.

Ғылыми маңыздылығы

Бұқар жыраудың шығармалары қазақ хандығы дәуірінің тарихи-әлеуметтік және мәдени жағдайларын зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Оның толғаулары – сол кезеңдегі елдің ішкі саяси жағдайының көрінісі ғана емес, сонымен қатар, ұлттың рухани әлемінің айнасы.

Жыраудың ұлттық идеяларды, оның ішінде елдік пен бірлікті дәріптеуі «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасымен тікелей байланысты. Оның өсиеттері арқылы біз бүгінгі ұлттық идеологиямыздың тарихи тамырларын тереңірек түсінеміз. Бұқар жырау жырларындағы философиялық ойлар адамның өмірі мен қоғамдағы орнын түсінуге жаңа көзқарастар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Практикалық маңыздылығы

Бұқар жыраудың толғауларын білім беру жүйесінде қолдану – оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеудің таптырмас құралы. Әдебиет және тарих сабақтарында жырларды оқыту арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытып, патриотизмге баулу мүмкіндігі артады. Оның шығармаларын интерактивті сабақтарға, пікірталас сабақтарына енгізу – білім беру процесін қызықты әрі мазмұнды етеді.

Мен үшін жырлардың практикалық маңызы олардың шығармашылық жобаларға негіз болуы. Мысалы, «Бұқар жырау және қазіргі жастар» тақырыбында эссе жазу немесе бейнежоба дайындау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың өз мәдениетіне деген құрметін арттырады. Сонымен қатар, жырлардағы тәрбиелік ойларды сахналық қойылымдарда пайдалану балалардың қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуына ықпал етеді.

Қазіргі қоғамдағы рөлі

Бұқар жырау шығармашылығы әлеуметтік мәселелерді шешуде де ерекше орын алады. Оның жырларындағы әділдік пен бірлік идеялары бүгінгі тәрбие жұмысына бағыт-бағдар береді. Жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы біз қоғамдағы бейтараптық, шеттету сияқты мәселелерді шешуге үлес қоса аламыз.

Қоғамдық іс-шаралар мен мәдени кештерде Бұқар жыраудың жырларын қолдану ұлттық рухты насихаттаудың тиімді жолы болып табылады.

Мен үшін бұл жырларды сабақта тиімді қолдану арқылы балалардың танымдық қабілеттерін арттыру ғана емес, олардың рухани әлемін байыту маңызды. Осы бағытта тәжірибелік іс-әрекет пен тәжірибе алмасудың келесі әдіс-тәсілдері өз тиімділігін көрсетеді.

Мысалы, әдебиет сабағында «Бұқар жырау толғауларындағы елдік пен әділдік идеясы» тақырыбында оқушыларға жырларды мәнерлеп оқыту, бұл олардың сөздік қорын байытып, жырлардың әуезділігін сезінуге мүмкіндік береді. Пікірталас барысында «Бұқар жыраудың әділдік туралы ойлары қазіргі қоғам үшін өзекті ме?» деген сұраққа оқушылар өз пікірлерін білдіреді. Әр бала жырлардан өзіне қажетті ой түйіп, "Бұқар жыраудың бүгінгі ұрпаққа үндеуі" тақырыбында эссе жазады.

Бұл әдістер оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін арттырып, ұлттық құндылықтарға қызығушылықтарын оятады.

Шығармашылық жобалар

Шығармашылық – оқушылардың ішкі дүниесін ашатын ерекше тәсіл.

Мысалы, «**Ұрпаққа аманат**» тақырыбында сахналық қойылым ұйымдастыру. Бұл қойылымда оқушылар Бұқар жырау мен Абылай ханның диалогын сахналап, жырлардағы негізгі ойларды жеткізеді. Бұл әдіс балаларға жырдың мағынасын тереңірек түсінуге, сөздік қорын байытып, өзін-өзі көрсету қабілетін арттыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, жырлардың негізінде ұлттық нақыштағы постерлер немесе суреттер салу оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Тәрбиелік әсері

Бұқар жырау жырларының тәрбиелік құндылығы ерекше. Оның адамгершілік, әділдік және бірлік туралы идеялары оқушылардың бойында ұлттық сана-сезімді, патриотизмді және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

Ұлттық рухты жаңғырту

Бұқар жырау жырлары арқылы оқушылар ұлттық құндылықтарды құрметтеуді үйренеді. Бұл олардың өз мәдениетіне деген қызығушылығын оятып, рухани байытуды қамтамасыз етеді.

Бұқар жырау жырларын білім беру және тәрбиелеу процесінде қолдану – бұл ұрпаққа рухани мұра жеткізудің маңызды жолы. Ұсынылған әдістер мен жобалар оқушылардың танымдық және рухани дамуына ықпал етеді, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырады.

Мен үшін жыраудың тағылымы – тек ұлттық мұраны сақтау емес, оны жаңғырту және ұрпаққа жеткізу жолындағы міндет. Бұқар жыраудың жырлары арқылы біз оқушыларды рухани байытамыз, ұлттық сана қалыптастырамыз және болашаққа сенімді қадам жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармалары
2. Бұқар жыраудың жырлары. Құрастырған: Ә.Марғұлан. Алматы: Ғылым баспасы, 1982. (112-бет)
3. Қазақ әдебиеті тарихы Мұхтар Әуезов. "Қазақ әдебиеті тарихы". Алматы: ҚазМУ баспасы, 1991. (215-бет)
4. Тарихи тұлғалар мен олардың мұрасы Заманауи педагогика әдістері
5. Исакова Р. "Интерактивті оқыту технологиялары: Әдебиет сабақтарында қолдану". Алматы: Мектеп, 2018. (56-бет)
6. Білім беру және тәрбие әдістемесі Онлайн ресурстар Қазақ ұлттық электронды кітапханасы (<https://kazneb.kz/>)
7. «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасына арналған материалдар. Білім және ғылым министрлігінің ресми сайты. (<https://edu.gov.kz/>)

ШЕРАЛЫ ДАНА УСЕНҚЫЗЫ

Астана қаласы

№106 орта мектептің

бастауыш сынып мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Бұқар жырау (1693–1787) — қазақ халқының ұлы ақыны, жырауы, ойшылы әрі қоғам қайраткері. Ол XVIII ғасырда қазақтың саяси, әлеуметтік, және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарған тұлға болып табылады. Бұқар жырау қазақ халқының тарихындағы бірқатар күрделі кезеңдерде, әсіресе Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайлары туралы өз

шығармаларында терең ойлар айта отырып, ұлттық идеяның қалыптасуына ықпал етті.

Бұқар жырау және ұлттық идея дегенде, оның шығармашылығының ұлттық мүдде мен тұтастықты сақтауға бағытталған ерекше маңызды аспектілерін атап өтуге болады:

Қазақ хандығының бірлігі мен тәуелсіздігі: Бұқар жыраудың шығармаларында ең басты тақырыптардың бірі — қазақ халқының бірлігі мен тәуелсіздігін қорғау болды. Ол өз поэзиясында елдің саяси болашағына алаңдап, қазақ хандығының сыртқы жауларға қарсы біртұтас күш болуын маңызды деп санады. Бұқар жырау патшалық Ресейдің ықпалына, жоңғар шапқыншылығына, сондай-ақ ішкі қырқыстарға қарсы үнемі ұлт бірлігі мен елдің тәуелсіздігін насихаттады.

Тәуелсіздік пен ұлттық тұтастық идеясы: Бұқар жырау қазақ халқының ішкі бірігуін өте жоғары бағалаған және өз халқына ел болып, бірлікпен өмір сүруді үнемі ескерткен. Оның шығармаларында қазақ жерінің тұтастығын сақтау, жеке ұлттың бірлігі мен тыныштығы ең басты мақсат ретінде ұсынылды. Бұқар жырау хандықтың сыртқы жауларға қарсы біртұтас қарсы тұру үшін барлық күштерді біріктіруді шақырды.

Әлеуметтік әділеттілік: Бұқар жыраудың сөздерінде халықтың әлеуметтік жағдайына ерекше көңіл бөлінді. Ол елдің қайғылы жағдайын, теңсіздік пен әділетсіздікті сынап, әділеттілік, теңдік пен халықтың құқығын қорғауды насихаттады. Бұқар жырау өз халқын әділ басқаруға және халықтың әлеуметтік мұқтаждықтарына жауапты болуға шақырды.

Ұлттық мәдениет пен руханиятты сақтау: Бұқар жырау қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетін жоғары бағалап, оны сақтауға шақырды. Ол қазақ халқының тарихы мен дәстүрлерін дәріптеп, ұлттық бірегейлік пен рухани құндылықтарды сақтауды міндет деп санады. Оның өлеңдерінде қазақтың халықтық өнері мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік айқын көрінеді.

Рухани және моральдық құндылықтар: Бұқар жырау қазақ қоғамын моральдық тұрғыдан тәрбиелеуге көп көңіл бөлді. Ол ел басшылары мен халықты адалдыққа, шыншылдыққа, ақыл мен парасаттылыққа, ынтымақтастыққа шақырды. Бұқар жыраудың дүниетанымында ұлттық руханият пен ұлттық сананың терең болуы маңызды орын алды.

Бұқар жыраудың басты мақсаты- қазақ халқының егемендігі мен тәуелсіздігін сақтау, алауыздықты болдырмау, хан мен билердің халықтың жағдайын ойлауы қажеттігі туралы ойлар жиі айтылады. Бұқар жырау ел басшыларына кеңестер беріп, халықтың мүддесін қорғауды, әділ басқаруды талап еткен. Сонымен қатар, ол қазақтың ұлттық бірлігі мен ынтымағын сақтау үшін хан мен қара халық арасында байланысты нығайтуға үндеген.

Бұқар жыраудың ұлттық коды, оның шығармашылығы мен ой-пікірлерінде айқын көрініс тапқан қазақ халқының рухани, мәдени және әлеуметтік құндылықтарын, ұлттық сана мен ұрпаққа деген көзқарасын білдіреді.

Оның ұлттық коды бірнеше негізгі элементтерден тұрады:

Бірлік пен ынтымақ: Бұқар жырау қазақ халқының бірлігін ерекше дәріптеді. Оның шығармаларында халықтың алауыздығы мен ішкі жауларымен күресу қажеттілігі айқын көрініс тапқан. Ол «Бірлік болмаса, елдің тұтастығы мен тәуелсіздігі сақталмайды» деп үнемі ескертті. Бұқар жырау елдің барлық топтарын, әсіресе хан мен батырларды, бірауыздылық пен ынтымаққа шақырды.

Әділдік пен адамгершілік: Бұқар жырау шығармашылығында әділдіктің маңызы зор. Ол халықтың мұң-мұқтажын ескеретін әділ билікті, хан мен билерді халықтың мүддесін қорғайтын тұлғалар ретінде көрсетуге тырысты. Оның ойынша, әділ басқару халықтың жан-жақты дамуына, бақытты болуына әкеледі.

Тарих пен ел жадын сақтау: Бұқар жырау қазақ халқының тарихи тәжірибесіне, өткен ұрпақтың ерліктеріне зор мән берді. Ол өткеннің даналығын ұрпақтарға жеткізу, сол арқылы тарихты ұлықтау арқылы ұлттық сананы нығайтуға бағытталған. Оның жырлары мен толғауларында қазақтың батырлық дәстүрі мен ерлік тарихы кеңінен орын алады.

Халықтың рухани құндылықтары: Бұқар жыраудың шығармалары қазақ халқының рухани болмысына терең бойлайды. Ол халықтың ұлттық дәстүрлерін, оның мәдени мұрасын сақтау және қадірлеу қажеттігін ұдайы насихаттады. Оның өлеңдерінде ұлттық бейбітшілік, адамгершілік, құрмет пен салт-дәстүрлерге деген махаббат айқын көрініс тапқан.

Өмірдің мәні мен тәрбие: Бұқар жырау өмірдің мәнін дұрыс түсініп, өзін-өзі жетілдіруді басты мақсат етіп қойған. Ол жырларында ұрпақ тәрбиесіне ерекше назар аударады. Жыраудың өлеңдері жастарды адалдыққа, еңбекке, білімге және халық игілігіне қызмет етуге бағытталған.

Табиғат пен адам арасындағы үйлесім: Бұқар жыраудың шығармаларында табиғат пен адам арасындағы терең байланысқа көңіл бөлінген. Ол табиғатты құрметтеп, адамның сол табиғатпен үйлесімді өмір сүруін насихаттады. Оның өлеңдерінде табиғаттың күш-қуаты мен адамның өміріндегі орны үнемі аталатын, осы арқылы адамның рухани тұрғыдан да, физикалық тұрғыдан да қалыптасуының маңызды екенін түсіндіруге тырысқан.

Бұқар жыраудың ұлттық коды — бұл қазақ халқының бірлігін, әділдік пен адамгершілікті, тарих пен дәстүрді құрметтеуді, өмірдің мәнін терең түсінуді және табиғатпен үйлесімді өмір сүруді дәріптейтін құндылықтардан тұрады. Бұқар жырау— қазақ халқының рухани болмысы мен тарихи жадына терең бойлайтын, мәні зор тақырып. Бұқар жырау – XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының аса ірі өкілі, Абылай ханның кеңесшісі, мемлекетшілдік ойдың көрнекті жыршысы. Оның шығармашылығы қазақтың ұлттық кодының маңызды элементтерін бойына сіңірген, халық сүйген туынды. Ұлттық кодты сақтайтын, саралайтын негізгі аспектілер мыналар: Тарих пен шежіре: Бұқар жырау қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясаты туралы көп жырлаған. Оның жырларынан Абылай хан кезеңіндегі тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы мол мағлұмат алуға болады.

Дәстүр мен салт: Жыраудың толғауларында салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қариялар сөзі, билер институты кең көрініс табады. Тіл мен ойлау жүйесі: Бұқар жыраудың тілі – таза, көркем, бейнелі. Онда қазақ халқының дүниетанымы, өмірге көзқарасы, шешендік өнері анық сезіледі.

Рухани мұра: Ол адамгершілік, имандылық, елжандылық сияқты рухани ұстанымдарды ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Осылайша, Бұқар жырау өз заманының көрнекті тұлғасы ретінде қазақ халқының ұлттық бірлігі мен тәуелсіздігін қорғауға бағытталған ойларымен, ұлттық идеяның дамуына үлкен үлес қосқан. Оның шығармалары бүгінгі күні де халықтың рухани мұрасы ретінде сақталып, ұлттың бірлігі мен тұтастығы үшін маңызды сабақ болып табылады. Бұқар жырау шығармаларында шыншылдық, адалдық, әділдік сияқты адамгершілік қасиеттерге ерекше мән береді. Ол оқушыларды өз ісінде адал болуға, өтірік айтудан аулақ болуға, қайырымды болуға шақырады.

Бұқар жыраудың бізге жеткен мұраларында сол замандағы дәуір келбеті, халықтың тыныс-тіршілігі, тарихи мәні бар оқиғалар жан жақты бейнеленген. Әсіресе, көрнекті тұлға Абылайханның жастық шағынан бастап, өмірінің соңғы сәтіне дейінгі кезі айқын суреттелген. Мұндай маңызды мәліметтер бүгінгі таңдағы әдеби, тарихи зерттеушілер мен ізденушілер үшін аса құнды дүние болып табылары хақ. Жырау туралы зерттеу еңбектердің айтарлықтай деңгейде жарық көргендігі ақиқат. Десек те, осымен шектеліп қалуға болмайды. Әлі де болса зеттеуді қажет ететін мәселелер баршылық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қуанғанов Ш.Т. Бухар жырау және оның заманы. – Алматы: Республикалық “Мұрагер” қоғамы, “Ғылым” баспасы, 1992.
2. А.Райымбергенов, С.Райымбергенова, Ұ.Байбосынова. «Мұрагер» бағдарламасы. –Алматы: «Атамұра» 2006.
3. Дала даналары,. Алматы: Қазақсиан даму институты. 2001-640б
4. Қ.Өмірәлев. 18-19 ғ. Қазақ поэзиясының тілі
5. Ж. Жанұзақов. «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» Алматы, «ҚазҚМК» 2011.

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА СІңІРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысының негізін құндылықтар құраса, оның ішінде ұлттық құндылық, ұлттық идея мәселесі маңызды орын алады. Биылғы оқу жылынан бастап білім беру ұйымдарына енгізілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнында да ұлттық бірегейлік пен ұлттық идея тақырыбына ерекше мән берілген [1].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әділетті Қазақстан-Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» деген еді. Президент сонымен бірге Әділетті Қазақстанды құру үшін бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін, ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін, халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. Ал аталған жиынның 3-отырысында сөйлеген сөзінде ҚР азаматының бойында болуы керек құндылықтарды былай жіктеген еді:

Тәуелсіздік және отаншылдық
Әділдік және жауапкершілік
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
Бірлік және ынтымақ
Заң және тәртіп
Жасампаздық және жаңашылдық [2].

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аталған құндылықтарды негізге ала отырып, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеуді мақсат етеді. Бағдарлама міндеті ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу болып анықталған.

Аталған құндылықтар тұлға мен қоғамды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Олар ұлттың мәдени, тарихи және әлеуметтік аспектілерін бейнелейді, оның жеке басын нығайтады және моральдық белгілерді анықтайды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы белсенді азаматтық ұстанымы бар және өз мәдениеті мен мұрасына терең құрметпен қарайтын азаматтардың қалыптасуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда жалпы білім беретін мектептерде қазақтың атақты тұлғаларының өмірі мен шығармашылығы арқылы тәрбие беру ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын шара деп санаймыз. Себебі қай елдің болмасын, ұлттық идеясын, ұлттық рух пен ұлттық тәрбиесін сол елдің көрнекті өкілдері, тарихи тұлғалары қалыптастырады.

Оның ішінде мақсаты – ақиқат өмірді суреттеу арқылы тұлғаны тәрбиелеу болып табылатын әдеби шығармалар көмегімен ұлттық идея мен болмысты оқушылар бойына сіңіру өте маңызды. Сондықтан да мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырудың бір бағыты – ұлтымыздың қайраткерлерінің өмірі, еңбегі, шығармашылығы арқылы тәрбиелеу болып анықталған. Бұл ретте Бұқар жыраудың шығармаларының орны ерекше.

Жалпы мектепте ұлттық идеяны оқушы бойына сіңірудің бірнеше жолын ұсынамыз. Бірінші, ұлттық идеяны оқу үдерісімен бірлікте қарастыру, яғни оқыту үдерісі арқылы ұлттық идеяға тәрбиелеу.

Оқушылардың ұлттық идеяны игеруінің ең тиімді тәсілдерінің бірі – бұл ұғымды оқу пәндері арқылы қалыптастыру. Ұлттық идеяның тарихты, әдебиетті, әлеуметтік ғылымды және басқа пәндерді зерттеумен байланысты болуы маңызды. Мысалы, әдебиет сабақтарында патриотизм, тәуелсіздік пен бостандық үшін күрес мәселелерін қозғайтын шығармаларды, ал тарих сабақтарында ұлттың мәдениеті мен сипатын қалыптастырған оқиғаларды талқылауға болады. Осылайша, оқушылар іс жүзінде ұлттық идеяның білімнің әртүрлі салаларында қалай көрінетінін көре алады және оның өзіндік ерекшелігін қалыптастырудағы маңыздылығын түсінеді. Бұл жұмыстарда Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығының алатын орны айрықша. Себебі Бұқар жырау шығармаларында ұлттық рух, еркіндік, қазақ елін сыртқы жаудан қорғау, батырларды мадақтау т.б. мәселелер көтеріледі.

Оқушыларды ұлттық идеяға тәрбиелеудің тағы бір жолы – мәдени іс-шаралар арқылы патриотизмді дамыту. Мектебіміздегі тәрбие жұмысының маңызды бағыты – оқушылар өз елінің дәстүрлерімен, өнерімен және тарихымен танысатын мәдени іс-шараларды ұйымдастыру. Оқу орнында мерекелерінің, концерттердің, көрмелердің, тақырыптық кездесулердің аясында маңызды тарихи күндерге, ұлы адамдардың жеке басына, мәдени дәстүрлерге арналған іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл балалардың өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға және оның мәдени мұрасын сақтау мен дамытудың құндылығын түсінуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, мектеп мұражайлары мен экскурсияларында өз халқының әртүрлі салалардағы жетістіктерін көрсетуге болады, бұл өз Отанының тарихы мен мәдениетіне қатыстылық сезімін нығайтады. Патриоттық сезімді дамытуға бағытталған тәрбие жұмысы ұлттық идеяны саналы түрде қабылдауға ықпал етеді. Бұл ретте де Бұқар жыраудың шығармалары мен елі үшін атқарған еңбегі, хан мен қара арасындағы алтын көпір ретіндегі толғаулары ерекше мәнге ие.

Ұлттық идеяны дәріптеудің тағы бір жолы – оқыту және тәрбиелеу үдерісінде ұлы адамдардың өмірі мен шығармашылығына тоқталу. Оқушылардың ұлттық идеяны игеруінің ең тиімді тәсілдерінің бірі – өз елін дәріптеген ұлы адамдардың өмірбаяны мен жетістіктерін үлгі ету. Оқушылар өздерінің іс-әрекеттерімен, жетістіктерімен және өмірлік таңдауымен ұлттың ең жақсы қасиеттерін бейнелейтін адамдардың мысалдарын көруі маңызды. Мұғалімдер өздерінің іс-әрекеттері ұлттық мұраттар мен құндылықтарды

калай бейнелейтінін көрсету үшін тақырыптық сабақтар, әңгімелер мен пікірталастар өткізе алады. Бұл балалардың өз елі үшін мақтаныш сезімін дамытуға және ұлттық бірлікті сақтаудың маңыздылығын түсінуге ықпал етеді. Мәселен, мектепте Бұқар жыраудың өз заманы үшін тарихи маңызы, саяси-қоғамдық рөлі туралы орта және жоғары сынып оқушылары арасында пікірталас ұйымдастыруға болады.

Бұқар жырау шығармалары арқылы ұлттық идеяны бойына сіңіру жолында мектептегі өзін-өзі басқару ұйымын жұмысқа тартуға болады. Ол үшін мектептегі оқушылар ұйымдары жыраудың еңбегі мен өмір жолы, шығармашылығы туралы шаралар, акциялар өткізуге атсалысады. Мәселен, мектепте «Елдің ішін дау жесе, елдің сәнін кетіреді» деген тақырыпта ұлттық бірлік пен қоғамдағы тұрақтылық мәселесін көтеріп, дөңгелек үстел не пікірсайыс өткізуге болады. Осындай бастамаларға қатыса отырып, оқушылар іс жүзінде азаматтық белсенділіктің маңыздылығын түсінеді және өз елінің дамуына өз үлестерін қоса алатынын түсінеді.

Жастар ұйымдары жастарды біріктіруге, олардың ой-өрісін кеңейтуге және ұлттық дәстүрлер мен идеялармен байланысты нығайтуға ықпал ететін түрлі мәдени, спорттық және білім беру іс-шараларын ұйымдастыра алады.

Оқушылар бойында ұлттық идеяны тәрбиелеуде отбасының рөлі ерекше. Қазіргі білім беру жүйесінде ата-аналарды оқыту-тәрбиелеу жұмысына тарту да маңызды. Ата-аналар Отанға деген сүйіспеншілікті, оның тарихы мен дәстүрлерін құрметтеуді, сондай-ақ баланың ұлттық идеяға саналы көзқарасын қалыптастыруда шешуші рөл атқара алады. Ата-аналардың мектептегі іс-шараларға, жобаларға белсенді қатысуы, сондай-ақ балалардың өз мәдениетін білуге және құрметтеуге деген ұмтылысын қолдауы маңызды. Сондықтан да белгілі бір тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын пайдалана отырып, оқушыларды ұлттық құндылыққа тәрбиелеу ісінде ата-аналарды белсенді араластыру қажет деп санаймыз.

Оқушылардың тәрбие жұмысында ұлттық идеяны игеру жолдары әртүрлі және теориялық және практикалық аспектілерді қамтуы керек. Ұлттық идеяны оқу үдерісіне интеграциялау, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, ұлы адамдардың өмірі мен шығармашылығын үлгі ретінде пайдалану, мектептегі өзін-өзі басқару ұйымымен жұмыс істеу, тәрбие жұмысына отбасы мүшелерін тарту аса маңызды әдістер болып табылады. Бұл әдістердің тиімділігі олардың қаншалықты жүйелі, жан-жақты болатынына және оқушыларды өз ұлтының құндылықтарын игеру процесіне белсенді пайдаланылуына, оны пайдаланушы педагогтің кәсіби шеберлігіне байланысты болмақ. Сонымен қатар, аталған әдістердің барлығын пайдаланып, Бұқар жырау шығармаларындағы ұлттық идея тақырыбында тәрбиелік маңызы бар шаралар ұйымдастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев, Қ. (15.03.2024). Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында сөйлеген сөзі.
2. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы. – Астана, 2023 ж.
3. Артықбаев Ж.О. Бұқар жырау:ғұмыр белестері. Қарағанды: 2019.144 б.

БОТАЕВА АЯНГУЛЬ БОЗТАЕВНА

Астана қаласы

«Alpamys school» ЖШС мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ

«Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплафонның ақылы керек».

Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Қазақ поэзия тарихындағы ең таңдаулы тұлғаның бірі – Бұқар жырау. Бұқар жырау өзі өмір сүрген заманының мемлекет істеріне елеулі ықпал еткен қабырғалы биі, арқалы жырау, өз заманының ұраншысына айналды. Сөйлегенде қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болғандықтан, оны «Көмекей әулие» деп атаған. Бізге жеткен жырлары 1200-дей жол. Жырларын өмір, бірлік, ерлік, Абылай туралы деп бөлуге болады. Бұқар жырау өз заманының қара қылды қақ жарған ықпалды биі болған. Бұқар жырау – өз заманының беделді биі, халық атынан хан алдында сөйлей білетін, әділетті ту еткен жырау ретінде танымал болды. Бұқар жырау және қазақ руханияты. Бұқар тек өз заманын емес, болашақты әріден болжай білген көреген. Бұқар жырау толғауларында Ресей империясының отаршылдық езгісі мен басқыншылық саясатын, зұлымдық әрекетін әшкерелеген. Жыраулық поэзияның алтын тобылғысын қолға ұстаған көсем десек болады. Кез – келген толғауын оқысаң, оқырманымен сырласқандай күйді бастан кешіреді. Бұқар жырау - поэзиясы адамның жан тебіренісі, ішкі толқыны мен сыртқы үйлесімділігі астасып жатқан, еркіндіктің самалы есіп тұрған сөз иірімдері дөп басып айтатын, ақиқаттың ақ туын қадап қойған – поэзия!

Қазақ руханиятына айтар өсиет пен нақыл сөзге толы, сәби кезден бастап, тоқсанға шыққан қарияның, қарттың сезімін толғап өткен жырау. Ғасыр толқыны өзгергенмен, қазақ руханияты толысып, жыраулар поэзиясының нақыл сөздері мен ақыл –ойлы философиясы өзгерген жоқ. Қай заманда оқысаң да өзіне тартып тұратын сырлы да , жырлы поэзия!

Бұқар жыраудың поэзиясы «бірлік, еркіндік, әділеттілік» символы! Абылайдың ақылшысы қана емес, елді бірлікке шақырған ұраншысы бола білген. «Тілек» толғауында бүкіл адамзаттың өмір шартарабына ортақ мәселені тізбектеп жазған. Адамзатқа ортақ мәселе –бейбітшілік!

Жырау былай деп толғаған:

«Желкілдеген ту келіп,

Жер қайысқан қол келіп,

Сонан сасып тұрмасқа»- деп ескерту жасап, соғыстан сақтануға, басымыздағы бейбітшілік пен татулықты қадірлей білуді толғаған.

«Сегізінші тілек тілеңіз

Сегіз қиыр шартарап

Жер тұлданып тұрмасқа

Тоғызыншы тілек тілеңіз

Төреңіз тақтан таймасқа» - дегенмен, толғау «отыз ауыз сөзді он шумаққа сыйғыза отырып, елдің бірлігі мен тұтастығын сақтауда бірлік пен бір сөзге тоқтам керек екенін ескертеді. Қазіргі рухани жаңғыру заманында ең басты мәселе – елдің бірлігі мен бейбіт елдің тұтастығы. Ұлы ойшыл – философ сөзін де, пікірін де нақты ой тастап, «бір шумақ өлеңге –бір елдің тағдыры мен тарихын сыйғызып отыр». Заман келбеті мен Отан тағдырын қатар жырлаған. Бұқар жыраудың - алып екі мемлекеттің арасында дипломатиялық қарым-қатынасты сақтап тұру , оңтайлы саясат ұстап тұруға көмегі тиген.

«Ай, Абылай, Абылай» өлеңінде:

«Ай, Абылай, Абылай

Жеңбеген жауың қалмады –ау,

Бетке алсаң әсте қоймадың,

Несібеңді елден ойладың» -деп сенімді серігі мен ақылшысы бола білгенін айтады. Елдің тағдырын бірге ақылдасып, бір түбегейлі саясаттың арқасында шешімге келгені тарихтан белгілі. Абылайдың батырлығы мен ерлігін дәріптеп жазған.

«Қырық жасқа келгенде,

Алтын тонға жең болдың

Елу жасқа келгенде

Үш жүздің бар баласын

Бастап өзің келдің де,

Аттарының бастарын

Бір кезеңге тіредің». Абылайдың үш жүздің басын қосып, хан болғанын паш етіп, бір елдің тұтастығы мен бірлігіне ұйытқы болғанын толғаған. Бұл толғауда Абылайдың жаугершілік заманда ел бастаған білгір хан болғанын жазған. Толғауда Абылайдың жас ерекшелігіне жеке тоқталып отырып, бүкіл ғұмырын тізбектеп шығады. Абылай арқылы қазақтың тарихына көз жібертеді. Абылайдың өміріне сараптау жасау арқылы қазақтың тарихы мен өткен қилы соқпақ белестерін тізбектеп шығады. Қазақ халқының тарихы мен тағдыры ерлердің қолында болғанын

жырлаған. Бұқар жыраудың әділдігі ханға да, қараға бірдей тең қараған. Қазіргі қоғамда елдің қамын ойлайтын азаматтар жыраудың поэзиясымен етене таныс болуы керек.

Жыраудың поэзиясы арқылы көрегендігі мен көріпкелдігімен елдің ақылшысы екені танимыз. Жыраудың толғаулары оқығанда «тоқсан ауыз сөзге тобықтай түйін тастайтын», ақиқаттың жаршысы, қазыналы қария болғанына куә боламыз. Жыраулық поэзияның көш бастар жаңашылдығына көз жеткіземіз. Қазақ руханиятына өзіндік ой салатын, тағылымы мол жырларын жырлап өткен ақын.

«Ежелгі дос жау болмас » өлеңінде былай жазылған:

«Ежелі дос жау болмас,
Шірнеуіште хаты бар,
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілде кірдің таты бар ,
Ежелгі дұшпан жау болмас,
Айтысқан оның серті бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас

Көңілде тұтқыр кірі бар», - деп адам баласына дос пен дұшпанның айырмасын ақ пен қараны айырғандай дөп басып береді. «Шірнеуіш» деп отырғаны мұрағаттың бір атауы. Оқиғалардың тізбегі мен атқаратын істері сақталатын орын. «Көңілде кірдің таты бар» деп көңілінің қалғаны мен ішкі эмоциясындағы ыза мен кегін дөп басып тұр. «Айтысқан оның серті бар» екі жақтың серт беріп, бір –біріне араздығы басымдылығын айта келе, «Ежелгі дұшпаның ел болмас» -деп елге ескерту мен елдің қамын ойлағандықтан ашық жариялап жазып отыр. Ел болудың өзіндік қағидасы мен қатаң талабын басты назарда ұстауын талап етеді. «Құбылып тұған бәйшешек» өлеңінде былай жырлайды:

«Ханның жақсы болмағы –
Қарашаның елдігі.
Қараша халық сыйласа,
Алтыннан болар белдігі.

Жақсы жігіт ұл, Патшадан болмас кемдігі» - деп хан емес елдің бірлігі мен татулығын сақтайтын, қараша халық екендігін айта келе, жақсы жігіттен туған ұл, ел басқарар азамат боларын, елдің тағдыры мен тарихына жауапты болатынын тереңнен толғап жазған. Қазақ руханиятында алтын әріппен жазылатын сөз «бірлік пен бейбітшілік» екенін Бұқар жырау «тайға таңба басқандай» дөп басып айтқан. Әр елдің арманы мен тілегі – татулық пен тыныштық арқасында өсіп –өніп, алға қадам басатыны ақиқат.

Қазіргі заманда жақсы мен жаманның парқын айыра алмай адасып жүргендер көп. Қазақ руханиятында заманның көші басым болғанмен, адамның ойы мен санасы өзгермейді. Өміршең өлеңдері өз өмір сүрген заман ағымынан асып, қазіргі замандағы адамның ішкі сезім иіріміне жол тартады.

Қазақ халқы сан қилы тағдыр тәлкегін басынан өткізген. Сол заманда елдің тағдыры мен жерді сақтап тұру, алмағайып заманда оңайға соқпаған.

Екі жақсы қас болмас,
Екі жаман дос болмас,
Дос болғанмен хош болмас,
Екі жақсы дос болмас,
Дос болса түбі бос болмас» деп жыраудың дос пен дұшпан жайлы толғауы заманындағы соғыстан көз ашпаған елдің күйі мен ащы зарын өлеңмен өрген. Жақсы мен жаманның айырмасын айтып отырып, ақыл мен өнеге бергендей.

«Қара жердің өлгені –

Қар астында қалғаны.

Өлгенде не өлмейді?

Жақсының аты өлмейді,

Ғалымның хаты өлмейді» демекші, жақсының шарапаты көпке тиеді, ғалымның жазған өнегелі сөздері мен философиялық ойлары өшпейтін, заман ағысымен бірге жасап, толқынмен толықсып, ағынмен алдыға сырғып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болары даусыз. Бұқар жыраудың толғауы сыртқы сымбаты мен ішкі иірімі қуатты поэзия жанрының көркемдігін аша түседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі :

1. Бұқар жырау. «Ай, Абылай, Абылай!» Толғаулар «Жалын», Алматы, 1993 ж.
2. 15-18 ғасырлардағы қазақ поэзиясы. «Ғылым» баспасы, Алматы, 1982.
3. Артықбаев Ж.О. Бұқар жырау: ғұмыр белестері. – Қарағанды: 2019. 144 б.

ЖУНУСОВА АЙНАГУЛЬ КУАНЫШБАЕВНА

Астана қаласы,

Б. Момышұлы атындағ

№53 мектеп-лицейі,

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Жыраудың шығармашылығындағы діни сарын

Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер өте аз. Жыршының туған жылы мен қайтыс болған жылдары да әр зерттеушіде әр түрлі жазылып келеді. Дегенмен де, жыраудың толғаулары жайында М.Ж. Көпеевтің жазып қалдырған мәліметі бар. Сондай-ақ, тарихшы М. Оразбай мен әдебиетші-ғалым А. Сейдімбеков Пекин қаласының кітапханасынан 36 (отыз алты) толғауын тауып, жыраудың шығармашылығының дамуына үлес қосқан. Сонымен қатар, жазушы С. Мұқановтың 1942 жылы Алматы

каласынан шыққан «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабында да Бұқар жырауға қатысты мәліметтер жазылған. Бұқар жырау шығармашылығының дамуына үлес қосып келген зерттеушілер бар. Олар: М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайлов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебай, Х. Сүйіншәлиев, М. Мағауин, Ы. Дүйсенбаев, Қ. Мұхамедханов, М. Жармұхамедовті айтуға болады. Бұл зерттеушілердің біраз тобы жырауды 93 жасында қайтыс болған көрсетсе, қалған тобы 100 жастан асып қайтыс болды деген мәліметтер бар. Бұдан бөлек Е. Ысмайловтың зерттеуінде Бұқар жыраудың туған жылы 1685 деп көрсетсе, қайтыс болған мерзімі 1777 деп көрсетілген. Осы тарихи деректің дұрыстығын Қ. Мұхамедхановтың 1997 жылы 13 мамыр айында шыққан «Семей таңы» газетіндегі жарияланған мақаласында дәлелдеп берген. Бұл дерек жайлы ғалым А. Сейдімбек жыраудың өз ұрпағы Қабыкен Қазиевтен де жазып алған көрінеді. Сондықтан да жыраудың туған, өлген жылдарын жазған кезде осы мәліметтерді ескерген жөн деп ойлаймын.

Жазушы Мұхтар Мағауин өзінің «Ғасырлар бедері» атты еңбегінде Бұқар жыраудың есімінің өзі кейбір деректерде «Бұқар» деп берілсе, басқа жерде «Бұхар» деп беріліп жүргенін айтады. Сонымен қатар, жыраудың толғауларындағы дұдамал, күмәнды ой жүйесімен сәйкеспейтін сөздер мен тіркестердің кездесетінін тілге тиек еткен болатын. «Өтірік сөз, о да пайда, иманға қас, өтірік пышақ қолға пайда, қынға қас» деген жерде «Өтірік сөз о да пайда емес, түптөркіні «дауға пайда» деп ескертеді.

Академик С. Қасқабасовтың еңбегінде Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығын екі үлкен кезеңге бөліп қарастырады.

1. Абылайға дейінгі (Бұқардың қуғын көрген шақта шығарған өлеңдері)
2. Абылай тұсындағы (Бұқаралықтан гөрі мемлекеттік мәнге ие)

Абылайға дейінгі өлеңдерінде философиялық нақыл басым, жинақтау мен ғибрат айту көп. Абылай ордасына келгеннен кейінгі толғаулары қоғам үшін аса зәру, тарихи мәнді мәселелерге арналған [3; 535].

Әр дәуірдің әдебиеті сол кезеңдегі замана шындығын көрсетсе керек. Әсіресе жыраулар поэзиясының көркемдік ізденістеріне назар аударсақ, діни сарында жазылған шығармаларын байқайсың. Бұқар жыраудың жыршылдық дәстүрі өз заманында өз жұртында кеңінен тарап қана қоймай, елді бірлікке шақырған жалынды жырларымен бірге діни сарында жазылған толғаулары да бар. Махмұд Қашқари: «Ұлы Тәңір мен Ұлы Алланың еш айырмасы жоқ» - дейді [2;80]. Яғни ислам діні қашанда ұлттан ажырамаған деген ойға келеміз. Бұқар мен басқа да ақын-жыраулардың өлеңдерін салыстырып көретін болсақ, көркемдік концепциясындағы ұқсастық та бірден байқалады. Асан қайғы: «Нәпсі алдаушы дұспаның, Насихатын алмағыл»-десе, Шалкиіз жырау өз толғауында: «Басыңа қыстау іс түссе, Дұспанның қолы жете алмас» -дейді. Сол сияқты Бұқар жыраудың да толғауында: «Дұспанға белінді шешіп иланба, Жала жауып өлтірер» - немесе «Оның сөзін тыңдасаң, Баяғы айтқан жаласы, Өтірікті шын қылған Ол Алланың қызыл көзі пәлесі» - дейді [1; 7].

Ғалым А. Шәріп бұл жайында мынадай пікір білдірген: «Шет жұрттық шапқыншылықтың тауқыметін тартқан халықтардың қай-қайсының әдебиеті де белгілі бір саяси-ағартушылық, діни-философиялық немесе тектік-биологиялық тұғырнамалардан туған ұлттық идеяны тірек тұтып, соның туын көтеріп, тілегін көсеуші болғандығы білінеді [4; 27].

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Ей, айтшы, Алланы айт,
Аты жақсы құдайды айт.
Төрт шарияр Мұстафа,
Мұсқап ашқан ғаламды айт.
Тәңірім сөзі, бұрқанды айт,
Кәлим Алла құранды айт.
Тәңірім салса, аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт.
Арсы менен Күрсіні айт
Лаухы менен Кәләмді айт.
Құдыретімен жаратқан

Он сегіз мың ғаламды айт [1; 7] - деп Алланы ұмытпай, имандылық жолы ғана бақытқа жеткізетінін және оның жолы жарық болатынын айтады.

Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.
Хақтың үйі мешіт-ті
Ақты құдай шешіпті.
Құдайды білмес бинамыз
Құдайынан кешіпті.
Құдайыңа құл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң,

Құдай тағалам өзі берер несіпті[1; 7] - деп, құдайдың құдыретіне сүйсіну, құлы болу, шүкіршілік ету арқылы мұсылмандық парызды орындау керек, өйткені беретін де құдай, алатын да құдай дейді. Жазушы, ғалым М. Мағауиннің зерттеуінде «Алла деген ар болмас» деп басталатын өсиетнама барлық басылымда бар. Бұқардай Алла жолын тұтқан абыз адамның аузынан дін мұсылман заманда имандылықтан бездірердей уағыз шығуы ақылға қонбайды. Ал, Пекин нұсқасында: «Алла жарылқаған зар болмас екен» - деп жазылған.

Кісі ақысын көп жеген,
Арам емей немене.
Іштегі сыр Аллаға мағлұм,
Сыртындағы қулығы

Амал емей немене [1; 7] - деп бұл дүниенің қызығына алданбай, ақыретті ұмытпай елдің хақысын жемей әділ таза жүруге шақырады.

Айтар болсаң Алланы айт.
Таңертең азан шақырған.

Дауысы сұлу молланы айт. [1; 7]

Жыраудың өлеңдерінен Алланы сүймеген адам, елін де сүймейді деген ұстанымды көреміз. Ұлтты даралайтын шарттар қатарына ұлттық дінді жатқызатындығы жыраудың көркемдік концепциясынан анық көрінеді.

Ғалым Ғарифолла Есім: «Мұсылман интеллегенциясы деген тек қана молда, имам- хатиптер емес, оқыған, білікті ғалымдар мен ұстаздардың ілімінен шыққан қалың қауым болмақ. Дінді зайырлы тұрғыда түсіну деген үлкен мәселе. Дінді дұрыс түсіну, түсіндіру қажет»[2; 80] - деген пікірді айтады.

Бұқар жыраудың баға жетпес асыл мұрасы халқымызды, өсіп келе жатқан жас ұрпақты имандылыққа, ізгілікке, бауырмалдыққа, адамгершілікке шақырыуымен қатар, елді бірлікке, үндейді. Имандылық, діни сарында жазылған толғаулары тәрбиеге негізделген ұрпаққа берер тәлімі мол. Бұқар жырау толғаулары бүгінгі күнге дейін толық жетпегенімен өмірі мен шығармашылығы туралы деректер қолда бар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. 2-басылым. Қарағанды. – 2008. – 95 б.
2. Есім Ғ. Даналыққа құштарлық. – Семей: Талер-Пресс, 2007 - 80 б.
3. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Астана: Аударма баспасы. – 2002. – 535 б.
4. Шәріп. А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. Саясат. №9. 1999 – 27 б.

АТОШЕВА ЖАЗИРА БЕИБИТОВНА

Астана қаласы,
Ж.Аймауытов атындағы
№24 орта мектебі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ СТИЛІНДЕ ОҚУШЫЛАРМЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ОРЫНДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Әдебиет өнер сабағы. Өмір сабағы. Әдебиет пәнін оқушының қиялы түрлендіріп, мұғалімнің талабы өрнектейді. Зерттеуші ғалымдар, ұлы ағартушылар баланың жан дүниесінің қайнары - әдебиет әлемінен бастау алатынын жоққа шығармайды. Оған дәлелді алыстан іздемей-ақ, қай халықтың болмасын, баласының тілін ертегілермен шығарып, өмірдің ақ пен қарасын, жаманы мен жақсысын, білімі мен ғылымын, ізгілік жолы мен даналығын ұлыларының рухани әңгіме, жыр, дастандары арқылы танытып, өмірге баланы беймідейді емес пе? Ендеше кемел ұрпақ тәрбиелеуде қазақ әдебиетін оқытудың маңызы ерекше. Әдебиеттің әр сабағын оқушы бойына

сіңіруде әдістің де маңызы ерекше. Әдебиеттен беретін әр ұстаздың қолтаңбасы әр шәкірттің жүрегінде қалары сөзсіз.

Бүгін сіздермен еліміздің 9-сыныптарына арналған қазақ әдебиеті пәнінің білім бағдарламасына кіріктірілген Бұқар жырау шығармашылығын білімалушыларға таныстыруда, насихаттаудағы жырау стиліне тән ерекшелікті ескеріп орындалатын шығармашылық жұмыстарды бөліскіміз келеді.

9-сынып оқушыларының жас ерекшелігі және қабылдау деңгейіне сәйкес тапсырмаларды саралап алған жөн. Қазіргі таңда жалпы оқушылардың сөздік қоры мен тіл шеберліктері маңызды мәселеге айналғаны жасырын емес. Баланың біліміндегі олқылықтар ескерілмей тұрып, тапсырма құрылса, сабақ мақсатына жете алмаймыз. Ал, бұл жолда оқушының білімінің деңгейі, пәнге деген қызығушылығы, шығармашылық қабілеті есепке алынады. Осы мәселелерді ескере отырып, Бұқар жыраудың «Тілек» толғауы бойынша тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай, алдымен мұғалім қолдауымен орындалатын тапсырма, келесі жұпта немес топта орындалатын және өздік жұмыстар ретінде құрастырдық. Бұл «Блум» бойынша, жинақтау және бағалау дағдысына негізделеді. Ал тапсырманың мақсаты-оқушылардың болашақ өмірлеріне жоспар құруы, ойлануы, арман, мақсаттарын нақтылауға ықпал ету.

1-тапсырма. «Мен, Бұхарша жырласам» кестесін толтыру.
Кестеде берілген мәліметті пайдалана отырып, толтыру маңызды.

Бұқар жырау	Оқушы
Бірінші тілек тілеңіз: Бір Аллаға жазбасқа.	
Екінші тілек тілеңіз: Ең шұғыл пасық залымның Тіліне еріп азбасқа.	Екінші тілек тілеңіз, жаман әдетке бармасқа
Үшінші тілек тілеңіз: Үшкілсіз көйлек кимеске.	Үшінші тілек тілеңіз, үш деген баға алып қалмасқа
Төртінші тілек тілеңіз: Төрде төсек тартып жатпасқа.	Төртінші тілек тілеңіз төбелесіп қалмасқа.
Бесінші тілек тілеңіз: Бес уақытты бес намаз Біреуі қаза қалмасқа.	Бесінші тілек тілеңіз
Алтыншы тілек тілеңіз: Алпыс басты ақ орда, Ардақтаған аяулың. Күнінде ертең біреуге Тегіннен тегін олжа болмасқа.	Алтыншы тілек тілеңіз: адал ақша табуға
Жетінші тілек тілеңіз:	Жетінші тілек тілеңіз: жеті түрлі тіл біліп,

Желкілдеген ту келіп, Жер қайысқан қол келіп, Сонан сасып тұрмасқа.	жетесіз болып қалмасқа
Сегізінші тілек тілеңіз: Сегіз қиыр шар-тарап, Жер тұлданып тұрмасқа.	Сегізінші тілек тілеңіз сағыз шайнап, бос жүріп, уақыт өлтіріп алмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз: Төреңіз тақтан таймасқа, Тоқсандағы қарт бабаң Топқа жаяу бармасқа.	Тоғызыншы тілек тілеңіз: тоғыз жыл оқып, дым білімсіз қалмасқа
Оныншы тілек тілеңіз: Он ай сені көтерген, Омыртқасы үзілген, Аязды күнде айналған, Бұлтты күнде толғанған, Тар құрсағын кеңейткен, Тас емшегін жібіткен, Анаң бір аңырап қалмасқа.	Оныншы тілек тілеңіз, он ай сені көтерген ана үмітін ақтауға, анаңды қуантып, грантақа түсуге.

Бұл тапсырманы орындауда әр оқушының қабілетіне қарай, авторлық қолтаңбасын, тапқырлығын байқауға болады. ал үлгерімі төмен оқушыларға жырау жырындағы ұйқастарды сақтай отырып, сөздерін ауыстыруды ғана ұсынсаңыз жеткілікті.

Бұқар шығармашылығын оқушыларға таныстыруда тиімді тағы бір тапсырма түрлері ол өздік жұмыстар. Оның ішінде бәрімізге белгілі «Қос жазба күнделігі», «Түртіп ал» әдістері арқылы оқушылармен орындауға болады. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушылар өз беттерімен алған білімдерін саралап, жинақтап, шынайы өмірмен байланыстырып қолдана алады.

Тапсырмаларды ұйымдастыруда ең басты ескеретін мәселелер. Біріншіден, оқушының жас ерекшелігі. Екіншіден білімалушының білім деңгейі, алдыңғы сабақтағы Бұхар жырау шығармашылығымен танысқандағы олқылықтарды байқап, орнын толтыру, бала білімін толықтыру. Үшіншіден, оқушының қабілеті мен дарындылығы ескеру маңызды. Себебі, бұл шығармашылық тапсырмалар болғандықтан оқушылар арасында, бағалау кезеңінде қарама-қайшылықтар туындауы мүмкін. Сондықтан аталған мәселелерді ескеру маңызды. Еліміздің түпкір-түпкінде мыңдаған мұғалім Бұхар жырау шығармашылығына мыңдаған әдіспен сабақ өтеді. Ендеше әдебиеттен сабақ беретін ұстаздар! Өз қолтаңбаңыз байқалып тұратын әр әдебиет сабағына сәттілік...

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Әдістемелік нұсқау хат 2024-2025 оқу жылы
2. Керімбекова Б.,Қуанышбаева Ә. «Қазақ әдебиеті», «Мектеп» 2019,257 б.

3. Т. Жұртбай «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, Нұр-Сұлтан қ.

ТОҚТАМЫШОВА РАУШАН ДОСАНҚЫЗЫ

Астана қаласы
№97 мектеп-гимназиясының
физика пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАР

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармалары қазақ халқының рухани мұрасының асыл қазынасы болып табылады. Оның жырлары ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады.

Бұл тақырыпта жыраудың өлеңдеріндегі адамгершілік, отансүйгіштік, бірлік және елдік мәселелерін талдап, олардың қазіргі ұрпаққа берер тағылымын зерттеуге болады. Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668–1781) – қазақ халқының көрнекті жырауы, ойшылы және қоғам қайраткері. Оның жырлары ұрпаққа терең тағылым беріп, ұлттық руханияттың маңызды бөлігіне айналды. Бұқар жырау Әз-Тәуке, Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Әбілқайыр, Барақ және Абылай хандардың тұсында өмір сүріп, олардың кеңесшісі болған. Әсіресе, Абылай ханның бас ақылгөйі ретінде танылған. Жырау өз жырларында ел бірлігі, жердің тұтастығы және ұлттық құндылықтарды насихаттады. Жырларының тәрбиелік мәні ерекше. Бұқар жыраудың шығармалары ғибрат пен өнегеге толы. Ол өз жырларында адамгершілік, әділдік, бірлік және отансүйгіштік сияқты қасиеттерді дәріптеді. Мысалы, оның:

Жалқұйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз.
Қалың малы арзан деп,
Жаманнан қатын алмаңыз.
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаманнан қатын алсаңыз,
Топқа түсер ұл тумас.
Жаманнан жақсы туса да,

Тартпай қоймас негізге - деген жыр жолдары жастарды дұрыс жар таңдауға, ұрпақ тәрбиесіне мән беруге шақырады.

Бұқар жыраудың мұрасы қазақ руханиятының маңызды бөлігі болып табылады. Оның шығармалары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сияқты шежірешілер арқылы бүгінгі ұрпаққа жетті. Мәшһүр Жүсіп Бұқар жыраудың

шығармаларын жинақтап, олардың сақталуына үлкен үлес қосты. Жырау халық пен ел билеген хандардың келісімі мен ел бірлігін сақтауға ақыл-кеңес береді. Оның: «Бірлік болмай, тірлік болмас» - деген сөзі халық арасында кеңінен таралған. Жырау шығармаларында терең философиялық ойлар, бейнелі сөздер, нақылдар молынан кездеседі. Ол халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жырларына арқау етіп, ұлттық болмысты шебер суреттейді. Мысалы, оның:

«Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса, үй кетер.
Жатқа тізгін бермеңіз,

Жаннан айырылып, мал кетер"- деген өсиеті терең мағыналы.

Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармалары қазақ халқының рухани қазынасында ерекше орын алады. Оның тәрбиелік мәні зор толғаулары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлттық құндылықтарды насихаттауда маңызды рөл атқарады. Жастарды адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеуге ерекше мән берген. Ол жақсы мен жамандықты салыстыра отырып, шынайы достық пен қастықты айқындайды:

Екі жақсы қас болмас,
Екі жаман дос болмас.
Дос болғанмен хан болмас,
Екі жақсы дос болмас,

Дос болса, түбі бос болмас - бұл өлең жолдары арқылы жырау жастарды дұрыс жолды таңдауға, адал достықты бағалауға үндейді. Бұқар жыраудың афоризмдері қысқа да нұсқа, терең ойлы болып келеді. Олар халықтың өмір сүру салты, дүниетанымы мен моральдық құндылықтарын бейнелейді.

«Бұл жалғанда бір жаман –

Ағайынның аласы.» - деген сөзі ағайын арасындағы алауыздықтың зиянын көрсетеді. Жыраудың афоризмдері жастарды адамгершілікке, отансүйгіштікке, бірлікке шақырады. Ол өз толғауларында елдің бірлігі мен татулығын насихаттап, халықты ынтымаққа үндейді. Мысалы, оның: «Бірлік болмай, тірлік болмас.» - деген сөзі халық арасында кеңінен таралған. Бұқар жыраудың шығармаларының көркемдік ерекшеліктерінде толғау жанры басым. Толғауларында ол халықтың әлеуметтік, саяси мәселелерін көтеріп, терең философиялық ойларды жеткізеді. Жырау поэзиясында метафора, теңеу, эпитет сияқты көркемдік құралдарды шебер қолданған. Мысалы, оның «Тілек» толғауында:

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз
Ер шұғыл пасық залымның

Тіліне еріп азбасқа - бұл жолдарда жырау халықты бірлікке, татулыққа шақырады. Бұқар жыраудың жырларының тәрбиелік ықпалы жағынан ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Оның шығармаларында

ел бірлігі, отансүйгіштік, адамгершілік құндылықтары насихатталады. Жырау жастарды елін, жерін сүйуге, бірлікке, татулыққа үндейді. Мысалы, оның: Бірлік болмай, тірлік болмас- деген сөзі халық арасында кеңінен таралған. Шығармаларында елдің бірлігі мен ынтымағы негізгі тақырыптардың бірі болып табылады. Ол халықты татулыққа, бірлікке шақырып, ағайын арасындағы алауыздықтың зиянын көрсетеді. Оның:

«Бірі етек, бірі жең болған,
Ежелден саған ел болған,

Орта жүзден кісің жоқ"- деген жолдары елдің бірлігін сақтаудың маңыздылығын көрсетеді. Жырау толғауларында тәуелсіздік пен еркіндікке ұмтылу идеялары да көрініс табады. Ол халықты сыртқы жаулардан қорғануға, елдің тәуелсіздігін сақтауға шақырады. Мысалы, оның:

«Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,

Бөріңіз де бір енеден туғандай болыңыз»- деген өсиеті елдің тәуелсіздігін сақтау үшін бірліктің қажет екенін көрсетеді.

Қорыта келе Бұқар жыраудың шығармалары көркемдік ерекшеліктері мен тәрбиелік мазмұны арқылы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Оның жырлары бүгінгі ұрпаққа да үлгі-өнеге болып, рухани байлығымызды толықтырады. Толғауларындағы ел бірлігі мен тәуелсіздік идеялары қазақ халқының рухани мұрасында маңызды орын алады. Оның өсиеттері бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпай, ұрпаққа үлгі болып келеді. Ал жыраудың афоризмдері қазақ халқының рухани өмірінде маңызды орын алады. Олар ұрпақ тәрбиесінде, ұлттық құндылықтарды насихаттауда ерекше рөл атқарады. Жыраудың нақыл сөздері мен толғаулары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпай, халықтың рухани байлығын толықтырып келеді. Жыраудың жырлары ұрпаққа терең тағылым беріп, ұлттық құндылықтарды насихаттайды. Оның шығармалары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпай, жастарды отансүйгіштікке, адамгершілікке және бірлікке шақырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты» / Құрастырған: Ж. Жақыпов. – Алматы: Ғылым
2. «Бұқар жырау Қалқаманұлының әдеби мұрасы» / Құрастырған: М. Мағауин. – Алматы: Жазушы
3. «Бұқар жырау: өмірі мен шығармашылығы» / Автор: Қ. Өмірәлиев. – Алматы: Ана тілі, 1993
4. «Қазақ әдебиетінің тарихы» / Жалпы редакциясын басқарған: С. Қирабаев. – Алматы: Ғылым, 1997.
5. «Қазақ поэзиясындағы афоризмдер» / Автор: З. Ахметов. – Алматы: Рауан, 1994

НУРАХМЕТОВА ГУЛЫШАТ КАМКЕНОВНА

Астана қаласы
Ғали Орманов атындағы
№7 мектеп – гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығы туралы қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан артық еңбек сіңірген адам жоқ. Ол ел арасынан жырау жыр-толғауларын жинақтап, жазып алып, әрқайсының туу тарихынан қысқаша мағлұматтар, түсініктемелер беріп отырған. Кейінде кеңес заманында жырау мұрасын зерттеп, ғылыми еңбектер жазған Сәкен

Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Қайым Мұхаметханов, Әлкей Марғұлан, тағы басқалары Мәшекеңе соқпай өте алмай, әркез соның материалдарына сүйеніп, пайдаланған.

Аулыңда төбе бар болса,
Ерттеп қойған атпен тең.
Аулыңда қартың болса,
Жазып қойған хатпен тек, - деген.

Бүгінгі күнге дейін ел аузынан жиналып, қағаз бетіне түскен Бұқардікі дейтін шығармалар түгел дерлік жарияланды. Оның 847 жол өлеңі – 1962 жылы шыққан «XVII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы» кітабында, 515 жолы 1965 жылғы «Үш ғасыр жырлайды» жинағында жарық көрген. Ал, 1970 жылы Мұхтар Мағауиннің құрастыруымен басылған «Алдаспан» атты жинақта «Бұндағы басылымға әзірге белгілі туындылары енгізіліп отыр» делінген. Жинаққа жыраудың 1127 жол енгізіліпті. Одан кейін әдебиетші ғалым, журналист Ақселеу Сейдімбек қытайлық қандасымыз Мұхтархан Оразбайұлының Пекин қаласындағы Байырғы Манжың патшалығының Хуаншишың сарайындағы өлке деректері сақталатын бөлімінен Бұқар бабамыздың 940 жолдық 36 толғауының қолжазбасын тапқанын 1990 жылдың 12 шілдесінде «Ана тілі» газетінде сүйіншілеп жазғанды. Соған қарағанда, бұл Пекин нұсқасының көнелілігіне, Г. Потанин мен Мәшһүр Жүсіптен бір ғасырдай бұрынырақ қағазға түсірілгеніне және сонда келтірілген деректер бойынша Ұлы жыраудың хат танығанына да айғақ болғандай. Одан әрі осы Пекин нұсқасы мен текстологиялық зердемен шендестіру арқылы ғылыми пәтуаға келген үздік үлгісін жасау міндеті тұр. Әйтсе де, бұл дегеніңіз бабамыздың көл-көсір мұрасының сәл ғана жұрнағы болып табылады. Ал, бұған дейінгі алғашқы тарихи деректі Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-әңгімелер » атты еңбегінен кездестіреміз. Автор Бұқар жыраудың

Абылайға айтқан екі толғауының жолма-жол аудармасын беріп, түсіндірме жазса, оның досы Г. Потанин де жыраудың «Төртуылдың төрт ұлы тауды жайлап» деген өлеңінің орысшаланған сөздік нұсқасын өз жазбаларында жариялаған. Бірақ, солардың қазақша түпнұсқалары сақталмай, ешбір жинаққа енбей қалуы өкінішті-ақ. Осы жыр-толғауларды Қаржасқа жиен болып, келетін Шоқан мен досы Г.Потанин де ғұлама ғалым Қаныштың әкесі Имантай Сәтбайұлына тапсырма беріп, Бұқарекеннің немересі Құрманбай абыздан жаздырып алған екен.

Шоқаннан кейін 19 ғасырда өмір сүрген ұлы тұлғаларымыздың бірі Ыбырай Алтынсарин де 1878 жылы шыққан «Қазақ хрестоматиясы» кітабында Бұқардың «Ай, Абылай, мен сені көргенде» деп аталатын атақты толғауын жариялап, бастырғаны белгілі. Одан соң оның екі-үш толғау-жыры

Құрбанғали Халидұлының 1910, 1911 жылдары екі рет жарық көрген «Тауарих хамса» атты кітабына кіргізілген. Кеңес өкіметі орнағанша Бұқар жырау және оның шығармашылығы жайындағы дереккөздердің дені осындай.

Бұқар жырау – қазақ халқының тарихында үлкен із қалдырған ұлы тұлғалардың бірі. Оның шығармашылығы, ойлары мен мұрасы қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұқар жырауды әр қазақтың білу бірнеше маңыздылығы бар. Тоқталсақ:

1.Тарихи және рухани мұра.

Бұқар жырау өз шығармашылығында қазақ халқының тарихын, қоғамның жағдайын және рухани құндылықтарын терең түсіндіруді мақсат еткен. Оның толғаулары мен өлеңдері қазақтың жыраулық поэзиясының шыңы қойылған. Бұл шығармаларда халық мұң-мұқтажы, өмірдің мәні, әділетсіздікке қарсы күрес, халықтың еркіндігі мен тәуелсіздігі туралы айтылған. Бұқар жыраудың шығармалары халқының тарихында маңызды орын алады, оны білу және оның мұрасын сақтау – әрбір қазақтың міндеті.

2.Ұлттық құндылықтар мен философиялық ойлар.

Бұқар жырау ұлттың мәдени рухани дамуына үлкен әсер еткен ойшыл. Олардың шығармаларында қазақ халқының ұлттық құндылықтары, моралдық нормалары мен адамгершілік принциптері ашылады. Ол әділеттілік, адалдық, сабырлылық, білім мен тәрбие туралы көп айтқан. Бұл ұғымдар қазақ қоғамында жоғары бағаланып, өмірдің өзегіне айналған, сондықтан әр қазақ оның ойларын біліп, ұлттық құндылықтарды түсіну керек.

3.Әлеуметтік және саяси көзқарастары.

Бұқар жыраудың толғауларында әлеуметтік әділетсіздікке қарсы наразылық, елдің тәуелсіздігі үшін күрес, билікке деген сын көзқарас бар. Ол өз шығармаларында хандық билік пен халық арасындағы қатынастарды талқылап, халық мүддесін қорғауды жақтады. Қазақтың әлеуметтік және саяси тарихы үшін Бұқар жыраудың бұл пікірлері өте маңызды.

4.Жыраулар поэзиясының өкілдері.

Бұқар жырау қазақ жыраулар поэзиясының соңғы кезеңінің жетекшілері болып табылады. Ол өз шығармаларында халық дәстүрлі дүниетанымын,

философиясын, мәдениетіне сай келетін образдар мен метафораларды оларды, оның поэзиясы кең әрі терең мазмұнды болып, бүгінгі күнге дейін қазақ әдебиетінің маңызды бөлігі ретінде сақталып келеді. Бұқар жырау қазақтың сөз өнері мен поэзиясындағы шеберлікті, көркемдік көрсетеді.

5. Қазақ халқының даналығы мен тәлімгерлігі.

Бұқар жырау өз шығармашылығында жастарға өмірлік сабақтар мен тәрбие беруді мақсат еткен, оның өлеңдері мен толғауларында халық даналық мұрасы жинақталған. Бұқар жырдың сөздері тек поэзия емес, басқа өмірге деген терең философиялық көзқарас болып табылады.

6. Қазақтың ұлы тұлғаларының қатарында болуы.

Бұқар жырау қазақтың басқа ұлы тұлғаларымен қатар, ауыз әдебиеті мен жыраулық поэзиясының өкілдері ретінде қазақ халқының жадында сақталып келеді. Оның есімі халық арасында кеңінен танымал. Бұқар жыраудың шығармашылығын білу арқылы әрбір қазақ ұлтының рухани байлығын түсінуге және осы байлықты ұрпақтан ұрпаққа жеткен.

7. Жыраулар дәстүрінің жалғастырушысы

Бұқар жырау жыраулар мектебінің өкілі ретінде тек қазақ әдебиетін ғана, жалпы түркі әлемінің әдеби мұрасын да байытқан. Оның ұстанған жыраулық поэзиясы мен философиясы халықтың бойында ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп, рухани сабақтастықты жалғастырушы болып табылады. Бұқар жыраудың шығармашылығы мен ойлары қазақ халқының тарихында, мәдениетінде әдебиетінде үлкен орын алады. Оның халық үшін айтқан даналық сөздері мен толғаулары бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай, ұрпақтар арасында сабақтастықты қамтамасыз етеді. Бұл әр қазақтың Бұқар жырауды білуі, оның мұрасын ұғынуы және бағалауы маңызды.

Бұқар жыраудың толғаулары қазақ халқы үшін аса маңызды тарихи, мәдени және рухани мұра болып табылады. Оның шығармалары көптеген ғасырлар бойы қазақ қоғамының рухани тірегіне айналуы, ұлттық сана-сезім мен дәстүрлердің қорғалуына көмектеседі. Айта кететін болсақ:

1. Ұлттық сана мен рухтың қалыптасуы

Бұқар жыраудың шығармалары қазақ халқының рухани мұрасы мен ұлттық идентификациясының негіздерін анықтауда көмектесті. Ол қазақтың болмысы, өмір сүру салты мен дүниетанымның терең түсініп, осының бәрін өз толғауларында айшықты түрде жеткізді. Жыраудың сөздері қазақ халқына өткенін, болашағын, ұлттық қасиеттерін сақтау қажеттігін еске салады.

2. Әділдік, адамгершілік және моральдік құндылықтардың негізі

Бұқар жырлары

3. Қоғамдағы бірлік пен келісім

Жырау өзінің толғауларында қазақ халқының бірлігі мен ынтымағын сақтауды үнемі дәріптеді. Ол халық арасында алауыздықтың болмауын, бірбіріне деген сенімділікті маңызды деп санады. Бұқар жыраудың толғаулары қоғамның ішкі тыныштығы мен бірлігін сақтау маңызды ойларды қамтиды. Казіргі таңда бұл құндылықтар да өзекті жоғалтпай, елдің бірлігі мен тұрақтылығын нығайтуда.

4. Тарихи тәжірибені пайдалану

Бұхар жырау қазақ халқының тарихын терең зерттеп, оның өткенінен сабақ ала отырып, болашаққа бағдар. Ол өзінің толғауларында ұлттың тағдырын, елдің болашағын айқындайтын тарихи оқиғалар мен мәселені көтерді, осыған байланысты даналық ойлар айтты. Бұл халықтың тарихи санасын қалыптастыруға және өткеннен үйренуге септігін тигізді.

5. Қазақ халқының тәуелсіздігі мен еркіндігі

Бұхар жыраудың толғауларында қазақ халқының тәуелсіздігі мен еркіндігін сақтау тақырыбы да ерекше орын алады. Ол қазақ жерінің біртұтастығы мен тәуелсіздігін қорғауды үнемі уағыздады. Болашақ жырау ел басшыларын әділдікке, халық қамын ойлауға шақырып, сыртқа жауларға қарсы күрестің маңыздылығын атап өткен. Осы арқылы Бұхар жырау халықтың ұлттық тәуелсіздікке деген құлшынысы көрінеді.

6. Ұрпақтар сабақтастығы

Бұхар жырау толғауларында ұрпақтар дәстүрі арасындағы сабақтастықты, рухани құндылықтардың сақталуын маңызды деп санады. Ол өскелең ұрпаққа ата-бабаның жолын көрсету, сол арқылы халық мәдениеті мен тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу қажеттігін айтқан. Жыраудың бұл ойлары қазіргі кезеңде де ұрпақтар сабақтастығы мен мәдени мұраны сақтау мәселесіне үлкен әсер етеді.

7. Табиғатпен адам арасындағы үйлесім

Бұхар жырау табиғат пен адам арасындағы байланысты терең түсініп, оларды бір дәріптеді. Оның толғауларында адамның табиғатқа деген құрметі, оның заңдылықтарына бағыну туралы ойлар көп. Ұлттық дүниетанымының бір бөлшегі ретінде, адам мен табиғат арасындағы бұл сақтауға ұмтылудың маңыздылығын көрсетеді.

8. Дүниенің өткінші туралы даналық

Бұхар жырау өзінің толғауларында дүниенің өткіншісі, уақыттың өтпелі туралы көптеген терең ойлар айтады. Ол адамды байлыққа, атаққа құмартпай, уақытты бағалап, өмірдің мәніне назар аударуға шақырады. Бұл қазақ халқының рухани дүниетанымында, кейбір кезеңдерде, үлкен маңызға ие болды.

9. Патриотизм мен елді қорғау

Бұхар жырау өзінің толғауларында патриотизмді, ел мен жердің қорғаушысы болды. Оның шығармаларында батырлық пен ел қорғаушының рухы бейнеленген. Бұхар жыраудың толғаулары қазақ халқының мәдени және рухани өмірінде маңызды орын алады. Оның шығармалары ұлттық құндылықтарды сақтау, бірлікті нығайту, әділеттілік пен адамгершілікті дәріптеу, өткен тарихтан сабақ алу және еркін жолдық тәуелсіздікті қорғаудағы ұрпақтарға бағыт-бағдар береді. Бұхар жырау өз заманындағы қазақ қоғамына ғана емес, қазіргі таңда да өмірлік мәні құндылық ақылкеңестерін қалдырған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Наурызбай К. Бұқар жырау – мемлекетшіл тұлға / <https://e-history.kz/kz/news/show/339286>
2. Топашов М. Бұқар жырау толғауларының идеялық-тақырыптық сипаты / Қазақ тілін оқыту әдістемесі: тәжірибесі, бүгінгі өзекті мәселелері және болашағы ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Нұр-Сұлтан, 2019. - 208 - 215 Б. <https://rep.keu.kz/handle/123456789/572>
3. Жалелов Д.С., Алимбаев А.Е., Мирзахметов А.А. Бұқар жырау толғауларындағы синкреттіліктің көрінісі // М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, «Керуен» ғылыми журналы, №1, 82-том, 2024.188-б.
4. «Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты» / Құрастырған: Ж. Жақыпов. – Алматы: Ғылым
5. «Қазақ әдебиетінің тарихы» / Жалпы редакциясын басқарған: С. Қирабаев. – Алматы: Ғылым, 1997ж.

КУСАИНОВА АСЕМГУЛЬ КЕНЖЕБЕКОВНА

Астана қаласы

№97 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БҰҚАР ЖЫРАУ ЖЫР, ТОЛҒАУЛАРЫ

Қазақ әдебиеті тарихында жыраулар поэзиясы ерекше орын алады. Жыраулар өздерінің рухты толғауларымен қазақ поэзиясының дамуына үлес қосып қана қоймай, өз заманының оқиғасын шынайы жырлап, қазақ тарихындағы айтулы оқиғалар туралы мәлімет береді, сонымен қатар, жалынды жырларымен жұртты жауға қарсы жорыққа шақырып, ел қорғау мәселесінде де айтарлықтай еңбек сіңірген. Сондықтан да жыраулар тек поэзия өкілдері ғана емес, сонымен қатар халықтың әлеуметтік-саяси жағдайын, моральдық-этикалық құндылықтарын, ұлттық болмысын бейнелеген қоғам қайраткерлері болған. Жыраулардың шығармалары қазақ әдебиетіндегі терең философиялық және адамгершілік мәні бар маңызды мұралар ретінде бағаланады.

Жыраулар поэзиясы қазақ халқының ауыз әдебиетінің дамуына тікелей әсер еткен маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Жыраулар қазақтың көшпелі өмір салты мен әлеуметтік құрылымында ерекше рөл атқарды. Олар халықтың тұрмыс-тіршілігін, көшпенділік мәдениетін, елдің ішкі және сыртқы жағдайларын терең түсініп, соған қатысты шығармалар жазды [1]. Жыраулар өз шығармаларында қоғамдағы әділетсіздік, хандық билік жүйесі, халықтың ауыр тұрмысы сияқты мәселелерді көтерді. Жыраулардың

поэзиясы көбінесе батырлар жырлары, тарихи оқиғалар, тұрмыстық тақырыптар, діни және философиялық мазмұнды өлеңдермен ұштасқан [2]. Бұл поэзияның дамуы қазақтың бай ауыз әдебиетіндегі эпикалық дәстүрмен тығыз байланысты болды.

Жыраулар поэзиясының белді өкілінің бірі – Бұқар жырау. Бұқар жырау өзінің терең ойлары, даналық толғаулары мен әлеуметтік тақырыптарды қозғаған жырларымен ерекшеленеді. Бұқар жыраудың шығармашылығы қазақ халқының рухани өмірінде үлкен із қалдырды. Оның жырлары мен толғаулары тек поэзия ғана емес, сонымен бірге сол кезеңнің тарихи, қоғамдық жағдайларын, халықтың тағдырын, халықтық ақыл мен даналықты бейнелеген философиялық мұра болып табылады.

Жалпы жыраулар поэзиясында көтерілген тақырыптарды былай ерекшелеуге болады:

Әлеуметтік және саяси тақырыптар: Жыраулар өз шығармаларында қоғамдағы әділетсіздікке, хандық билік жүйесіне қарсы өз пікірлерін білдірген. Олар халықтың жай-күйін сипаттап, ел басқарушыларға әділдік, ақылдылық пен адамгершілік туралы кеңестер берген. Бұқар жырау, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау сияқты тұлғалар өз жырларында осы мәселелерге терең мән беріп, ханның билігін халықтың мүддесіне сай жүргізуге шақырған. Бұл тақырыпта Бұқар жыраудың Абылай ханға қатысты арнаулары көп.

Мәселен,

Абылай ханның асында,

Бұқарекен жырлайды.

Жырлағанда не дейді,

Соғыспа деп жырлайды! – деп басталатын жырында Абылай ханға қара халықтың да қамын ойлауды батыра айтып жеткізеді. Абылайдың кім болғанын есіне түсіре отырып, халықтың қамы үшін әзірге соғысты доғара тұруға кеңес береді:

Менің жасым тоқсан үш,

Мұнан былай сөйлеуім

Маған болар әлі күш.

Өліп қалатын тай үшін,

Иен қалатын сай үшін,

Қылмандар жанжал, ерегес [3].

Табиғат пен адам арасындағы байланыс: Жыраулар поэзиясында табиғаттың адам өміріндегі орны, оның әсері маңызды орын алған. Табиғаттың әсемдігі мен оның құдіретін жыраулар өз шығармаларында ерекше бейнелеген. Олар табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік пен өзара байланысты терең түсініп, осыны жырлаған.

Мәселен,

Құбылып тұрған бәйшешек

Қурай болар солған соң.

Ақиық бүркіт төмендер,

Екі қанат талғанда, - деген Бұқар жырау өз басындағы жағдайды: жасы келіп, бойынан қайрат азайғанын Абылай ханға табиғаттағы жағдайлармен салыстыра отырып суреттеп жеткізеді [3].

Адамгершілік және мораль: Жыраулар өз өлеңдерінде адамгершілік, адалдық, әділдік, надандық пен зұлымдық мәселелерін көтерген. Олардың шығармашылығының басты мақсаты — адамды жақсы қасиеттерге баулу, ұлттық құндылықтарды насихаттау болған. Бұқар жырау мен басқа да жыраулар өз өлеңдерінде адамды әрқашан ізгілік пен әділдікке шақырып, өмірдің мәнін терең ұғынуға тырысқан.

Жаман сайға су түссе,

Өткел бермес өтуге.

Қайырымсызға мал бітсе,

Сусын бермес ешкімге, деген жолдар арқылы жырау тыңдаушысын мейірімге, жомарттыққа шақырады [3].

Бұқар жырау өз шығармашылығында адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалаған. Оның толғаулары мен жырларында «адалдық», «шынайылық», «білім», «еңбек» сияқты адамгершілік қасиеттер басты орын алады. Бұқар жыраудың поэзиясы адамның ішкі дүниесін терең зерттеп, оның тұлғалық өсуі мен моральдық дамуына бағытталған.

Жыраулар поэзиясы философиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Олар өз шығармаларында өмір мен өлім, тағдыр мен адамның еркі, адамзаттың ұлы мұраттары сияқты күрделі мәселелерді көтерген. Бұл шығармаларда әртүрлі өмір жағдайларындағы адам тағдыры, оның қоғаммен қарым-қатынасы, ұлттық сана мен болмыс көрініс тапқан. Жыраулар өз өлеңдерінде халықтың рухани байлығын, моральдық құндылықтарын жоғары бағалаған, оны келер ұрпаққа қалдырған.

Жыраулар поэзиясы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Ол тек поэзия ғана емес, сонымен қатар халықтың бүкіл рухани әлемінің айнасы болып табылады. Жыраулардың шығармалары қазақ халқының әлеуметтік, саяси, мәдени өмірін, оның рухани тұрмысын танытуда маңызды рөл атқарады. Жыраулар поэзиясы ауыз әдебиетін дамыта түсіп, оны тақырыптық, сюжеттік жағынан байытып, қазақ әдебиетінде философиялық, моральдық-этикалық бағытты нығайтуға ықпал етті. Жыраулардың шығармашылық мұрасы бүгінде әдебиеттанушылар мен мәдениеттанушылар тарапынан үлкен зерттеу нысаны болып табылады. Олар қазақ поэзиясының ұлы жетістіктерінің бірі болып саналады, себебі олардың өлеңдері мен толғаулары қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, ойлау жүйесін, құндылықтарын айқындаған.

Бұқар жыраудың шығармашылығы қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған баға жетпес мұра болып табылады. Оның жырлары мен толғаулары тек өнер туындылары ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық санасының, оның тарихи тәжірибесінің айнасы ретінде қызмет атқарады. Бұқар жыраудың мұрасы бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай, жас ұрпаққа рухани азық болып қала береді. Ақынның шығармашылығы қоғамның

рухани өміріне үлкен әсер етіп, оның өнегелі өлеңдері халқымыздың ертеңгі болашағы үшін құнды сабақ болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік сарындары. Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының баспасы, 2012. - 406 б.
2. Ошақбаева Ж.Б. Жыраулар даналығы. Философиялық пайымдаулар. Алматы: 2011. - 164 б.
3. Қалқаманұлы Б. Шығармалары. Қарағанды: 2008. - 95 б.

ИСАКОВА ШОЛПАН САБЫРОВНА

Астана қаласы

№106 орта мектебінің

орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ В ПОЭЗИИ БУХАР ЖЫРАУ

Бухар жырау Калқаманұлы (1693–1787) — один из самых значительных казахских жырау, чей вклад в развитие устной литературы Центральной Азии трудно переоценить. Его творчество, наполненное философскими размышлениями, патриотическими мотивами и моральными наставлениями, отражало стремление укрепить национальную идентичность и сохранить единство казахского народа.

В произведениях Бухар жырау прослеживаются мотивы героизма, любви к родной земле и важности коллективной памяти. Бухар жырау известен своими философскими раздумьями о месте человека в мире, о судьбе и моральных принципах. У Бухара жырау присутствует идея гармонии с природой и ответственности перед будущими поколениями.

Воспитательное значение творчества акына велико! Поэзия Бухар жырау - это воспитание настоящего гражданина. Творчество Бухар жырау появилось в сложный для Казахского ханства период, когда народ нуждался в единстве и стойкости перед лицом внешних угроз. Его стихи проникнуты идеями защиты Родины, любви к своему народу и земле. Настоящий гражданин, по мнению поэта, — это человек, готовый отдать всё ради процветания своей страны. В его строках звучит призыв к сплочению и борьбе за независимость: “В единстве сила, в раздорах — гибель”. Образ настоящего гражданина мыслитель передавал через свои произведения. Стихи Бухар жырау формировал образ идеального гражданина, который должен быть верен своим традициям, уважать предков, любить свою Родину и быть готовым защищать её. Такой человек отличается не только физической силой, но и моральной стойкостью, умением принимать мудрые решения и заботиться о будущем своего народа. Творчество Бухар жырау

часто имеют дидактический характер, в них звучат наставления молодёжи. Поэт обращался к подрастающему поколению, стремясь передать им духовные и культурные ценности, которые помогли бы сохранить целостность нации.

Поэзия Бухар жырау остаётся актуальной и в современном мире. Его призывы к единству, моральным принципам и ответственности перед обществом перекликаются с вызовами нашего времени. Сегодня, когда многие страны сталкиваются с проблемами глобализации, утратой национальных традиций и моральных ориентиров, его творчество становится источником вдохновения для тех, кто стремится сохранить свою идентичность и стать настоящим гражданином. Бухар жырау – не просто поэт своего времени, но и воспитатель, чьи идеи выходят за пределы эпохи. Его поэзия учит нас тому, что сила нации – в её людях, в их нравственности, единстве и готовности служить своей Родине. В этом смысле творчество Бухар жырау по-прежнему звучит как напоминание о том, что настоящий гражданин – это человек с высоким чувством долга и ответственности перед своим народом.

Поэзия Бухар жырау – это не только историческое наследие, но и мощный инструмент воспитания гражданских и моральных качеств, которые важны в любой эпохе. Один из ключевых мотивов его поэзии – важность единства и воспитание настоящего гражданина. Бухар жырау предупреждал о разрушительных последствиях раздоров и взаимной ненависти, которые ослабляют народ и делают его уязвимым для врагов. Он учил своих современников, что только сплочённость может привести к процветанию и сохранению независимости. Через свои жырау акын формировал образ идеального гражданина, который должен быть верен своим традициям, уважать предков, любить свою Родину и быть готовым защищать её. Такой человек отличается не только физической силой, но и моральной стойкостью, умением принимать мудрые решения и заботиться о будущем своего народа. Сочинения Бухар жырау часто имеют дидактический характер, в них звучат наставления молодёжи. Поэт обращался к подрастающему поколению, стремясь передать им духовные ценности, которые помогли бы сохранить целостность нации. В этом смысле творчество Бухар жырау по-прежнему звучит как напоминание о том, что настоящий гражданин – это человек с высоким чувством долга и ответственности перед своим народом. Таким образом, поэзия Бухар жырау – это не только историческое наследие, но и мощный инструмент воспитания гражданских и моральных качеств, которые важны в любой эпохе.

Творчество Бухар жырау Калкаманулы, выдающегося казахского жырау XVIII века, – это не просто литературное наследие, но и мощное средство формирования личности. Его стихи воспитывают в человеке патриотизм, ответственность и нравственные качества, что позволяет говорить о поэзии Бухар жырау как о школе воспитания настоящего гражданина. Эти слова остаются главными и сегодня, когда страны

сталкиваются с новыми вызовами. Сочинения Бухар жырау воспитывает моральные качества личности. Одной из главных тем его творчества была идея справедливости, честности и уважения к традициям. В своих наставлениях он учил молодёжь почитать старших, уважать предков и сохранять нравственные устои. Например, в его произведениях подчеркивается, что настоящий гражданин должен быть добросовестным и готовым поставить общественные интересы выше личных. Эти идеи универсальны: только нравственные люди способны строить сильное и гармоничное общество.

Стихи Бухар жырау учат единству и взаимопониманию. Настоящий гражданин, по мнению жырау, – это человек, который понимает важность коллективной работы и согласия в обществе. В его произведениях звучат предупреждения о последствиях раздоров, которые могут привести к краху нации. Этот урок особенно ценен в современном мире, где люди нередко забывают о том, что только сотрудничество и взаимная поддержка ведут к успеху. Он обращается к читателям с призывами быть образованными. Настоящий гражданин, по его мнению, – это не просто житель своей страны, но и активный участник её судьбы, который думает о будущем и стремится к совершенствованию. Эти мысли особенно важны для молодёжи, которая является будущим нации. Поэзия Бухар жырау – это руководство к формированию гражданских качеств. Она учит патриотизму, нравственности, ответственности и единству – тем качествам, которые определяют настоящего гражданина. В этом заключается её воспитательное значение для современного и будущего общества. Сочинения Бухар жырау формирует чувство долга перед Родиной. В своих наставлениях он учил молодёжь почитать старших, уважать предков и сохранять нравственные устои. Бухар жырау является выдающимся представителем казахской поэзии, чье творчество пропитано глубокими философскими, моральными и воспитательными смыслами. Его произведения служат источником нравственного наставления, национальной идентичности и исторической памяти. Роль в воспитании молодежи это -стихи и наставления Бухар жырау остаются актуальными в современном обществе, помогая формировать у молодого поколения такие качества, как патриотизм, уважение к старшим, любовь к Родине и стремление к справедливости. Для сохранения и использования наследия Бухар жырау важно продолжать изучать его творчество, включать его произведения в образовательные программы, а также создавать современные интерпретации, чтобы передавать его идеи будущим поколениям.

Воспитательное значение Бухар жырау заключается в его способности вдохновлять и наставлять, соединяя прошлое с настоящим и создавая основу для гармоничного развития общества. Его творчество — это вечный источник мудрости, который сохраняет моральные ценности народа. Таким образом, поэзия Бухар жырау – это не только художественное наследие, но и руководство к формированию гражданских качеств. Она учит патриотизму,

нравственности, ответственности и единству – тем качествам, которые определяют настоящего гражданина. В этом заключается её воспитательное значение для современного и будущего общества.

Список использованных источников

1. Зиманов С. Казахский суд биев – уникальная судебная система. [Электронный ресурс]. 2008. URL [http: //https://lektsii.org/1-71928.html](http://https://lektsii.org/1-71928.html).
2. Кодар А. Сокровенное сказание монголов и поэзия казахских жырау позднего Средневековья // Тамыр. – № 2(7). –2002. – С. 3-9.
3. Алматы: «Жеті Жарғы», 2004. – 613 б. Жанайдаров О. Поэты пяти веков. Казахская поэзия XV- начала XX веков. – Алматы, «Жазушы», 1992. – 330 с.
4. Кобыз и копье. Повествование о казахских акынах и жырау XV-XVIII веков [Текст] / М. Магауин ; [пер. В. Косенко]. – 5-е изд. ., перераб.. – Алматы : Мектеп, 2003. - 173, [3] с.– (Слово седьмое. / оформл. сер. А. Таловикова . – Библиогр.: с. 170-173 . – 2000 экз. – ISBN 9965-16-507-6 (в пер.)

МАЗМҰНЫ

БҰЛДЫБАЙ АНАРБАЙ САҒИҰЛЫ АЛҒЫ СӨЗ	3
ҚАЛИАСҚАР ШЫНЫБЕКТЕГІ БҰҚАР ЖЫРЫ-ИМАН ЖОЛЫ.....	9
ИСКАКОВА ПЕРИЗАТ КӘРІҒҰЛҚЫЗЫ «БҰҚАР ЖЫРАУ – БҰҚАРА ЖҮРЕГІНДЕ»	13
НУРЫШОВА ФАРИДА СУЛЕЙМЕНОВНА БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ АБЫЛАЙ ХАНҒА АРНАЛҒАН ТОЛҒАУЛАРЫ	16
ҚЫЛЫШБАЕВА КҮЛЗИПА ӘУЕСҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК КЕҢІСТІГІ	19
АМАНКЕЛДІ ГҮЛБАРШЫН НҰРЛАНҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЗАМАН БЕЙНЕСІ: ЖАҢАШАЛДЫҚ СИПАТЫ, ӨЗЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ ӘДЕБИ-ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	25
ЖАҢАБЕК ДАНА ӘКІМЖАНҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ	28
БЕРДАЛИЕВА АЙГУЛЬ ДУИСЕНОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ	31
АЙТЖАНОВА САУЛЕ АШИМХАНОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	33
ТЕРЕКБАЕВА ЛАЗЗАТ СӘКЕНҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РУХЫ	38
СМАГУЛОВА ГУЛЬНАР КАБДОЛЛАЕВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІ	41

ТЕМИРБЕКОВА КУЛАШ АХМЕТОВНА «БҰҚАР ЖЫРАУ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ	45
АШИРАЛИЕВА ПЕРНЕГУЛ КАРЖАУБАЕВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ.....	48
АЛЬКЕЙ АЙБОТА БҰҚАР ЖЫРАУ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ	51
АРЕНОВА ЖӘМИЛА САБИТОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІ	53
ЖУКУБАЕВА ГУЛЬМИРА ШЕГЕЕВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ БІРЛІК ТАҚЫРЫБЫ	57
ЖУСИПОВА ЛАУРА МАХМУТЖАНОВНА БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ ЖЫР ТОЛҒАУЛАРЫ.....	60
АБДРАСИЛОВА МАҚПАЛ АНУАРБЕКҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ	63
МҮРСӘЛІМ МАҒЖАН ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ	66
БАИШЕВА ГАУҒАР МАКСУТХАНОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	69
ІЗЕЙ АЙГҮЛ ШАМШЫРАҚҚЫЗЫ БҰҚАР- ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ	72
ҚЫРЫҚБАЕВА ҚҰРАЛАЙ САЙЛАУҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ	80
ТАЖИБАЕВА МӨЛДИР ҚУАТБЕКОВНА КӨСЕМ СӨЗДІ ШЕШЕН ЖЫРАУ	84
БОКУШЕВА ГУЛЬМИРА ЖУМАҒАЛИЕВНА БУХАР ЖЫРАУ - ПОЭТ СВОЕГО ВРЕМЕНИ	87

ЖАМАНКРАЕВА ГУЛСАН КЕНШИЛИКОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ЖЫР-ТОЛҒАУЛАРЫ.....	90
ХАБАЙ ОРАЛСЫН БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ.....	93
ИВАНОВА НАТАЛЬЯ ЕВГЕНЬЕВНА МУДРОСТЬ БУХАР ЖЫРАУ: УРОКИ ДЛЯ СОВРЕМЕННОСТИ	96
УМАРКАНОВА МАЙРА УРАЗКАНОВНА ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ БУХАР ЖЫРАУ	99
ҚАСЫМХАН АЙДАНА АРЫНҒАЗЫҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ	102
БАКТИЯРОВА САМАЛ БАКТИЯРОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ	106
КӘМПИТ ЕЛДАНА СӘНІМҚЫЗЫ БҰХАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ	109
БИКЕНОВА АЛМАГУЛЬ ФАЗЫЛОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ	111
ДОСЖАН БЕЙСЕНКҮЛ ҚЫЗЫҚБАЙҚЫЗЫ БҰҚАР-ЗАМАН СЫНШЫСЫ	114
ШАЙМАРДАНОВА ЖАНАР ГИЗАТОВНА БҰХАР - ЕЛ БІРЛІГІН ЖЫРЛАУШЫ	117
КУСАИНОВА ИНКАР МУРАТОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ: ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ РУХАНИ КӨШБАСШЫСЫ	120
ӘСІЛБЕК МАЙРА КЕМЕЛБЕКҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІ	123
КОРГАНБАЕВА АСЕЛЬ ЖАНАБЕРГЕНОВНА БҰҚАР – ЗАМАН СЫНШЫСЫ.....	126

БАХАЕВА АЙГУЛЬ ТЕМЕРЖАНОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	129
ДОСПАНОВА ЖАЗИРА АЛИМЖАНОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	132
НУРЛАН АЙТОЛХЫН БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ	135
НУРАЛИНА САГЫНЫШ АШИРОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ	138
РУСТЕМОВА КАМИЛА СЕЙТХАНОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІ.....	141
СУРАМБАЕВА ШОЛПАН АМАНХАЛИЕВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ЖЫРЛАРЫ - ҰРПАҚҚА ТАҒЫЛЫМ.....	143
ШЕРАЛЫ ДАНА УСЕНҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ	146
НУРЖАНОВА ГУЛЬЖАЗИРА СЕЙДУАЛИЕВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА СІңІРУ ЖОЛДАРЫ	150
БОТАЕВА АЯНГУЛЬ БОЗТАЕВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ	153
ЖУНУСОВА АЙНАГУЛЬ КУАНЫШБАЕВНА БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	156
АТОШЕВА ЖАЗИРА БЕИБИТОВНА БҰҚАР ЖЫРАУ СТИЛІНДЕ ОҚУШЫЛАРМЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ОРЫНДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	159
ТОҚТАМЫШОВА РАУШАН ДОСАНҚЫЗЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАР	162

НУРАХМЕТОВА ГУЛЬШАТ КАМКЕНОВНА	
БУҒАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	165
КУСАИНОВА АСЕМГУЛЬ КЕНЖЕБЕКОВНА	
БУҒАР ЖЫРАУ ЖЫР, ТОЛҒАУЛАРЫ.....	169
ИСАКОВА ШОЛПАН САБЫРОВНА	
ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ В ПОЭЗИИ БУХАР ЖЫРАУ	172

